

**А.М. Иватова, Ә.С. Қайдарова
Ә.Т. Мухитденова**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТЕОРИЯСЫ



Оқу құралы

Л.М. Иватова, Ә.С. Қайдарова, Ә.Т. Мухитденова

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТЕОРИЯСЫ

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2014

ӘОЖ 327 (075.8)

ББК 66.4я73

И 19

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінің Ғылыми кеңесі;
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы ҚР БжҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық және жасаратылыстану ғылымдары мамандықтары Секция мәжлісі және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№2 хаттама 23 мамыр 2014 жыл)*

Пікір жазғандар:

саяси ғылымдарының докторы, профессор **А.С. Балапанова**
саяси ғылымдарының докторы, профессор **Г.Р. Нұрымбетова**
саяси ғылымдарының кандидаты, доцент **А.С. Жусупова**

Иватова Л.М. және т.б.

И 19 Халықаралық қатынастар теориясы: оқу құралы /
Л.М. Иватова, Ә.С. Қайдарова, Ә.Т. Мухитденова. – Алматы:
Қазақ университеті, 2014. – 292 б.

ISBN 978-601-04-0684-1

«Халықаралық қатынастар теориясы» атты оқу құралы халықаралық қатынастардың теориясы мен практикасына арналған. Аталған оқу құралында халықаралық қатынастар теориясының басқа салалармен байланысы және өзара ерекшеліктері анықталған. Халықаралық қатынастардағы негізгі мектептер, халықаралық тәртіп, халықаралық қауіпсіздік мәселелері жазылған.

«Халықаралық қатынастар теориясы» атты оқу құралы ЖОО мен колледж студенттері мен оқытушыларына, халықаралық қатынастар мен әлемдік саясат және жаһандану мәселелеріне қызығушылық танытатын мамандар мен оқырмандарға арналған.

ӘОЖ 327 (075.8)

ББК 66.4я73

ISBN 978-601-04-0684-1

© Иватова Л.М және т.б. 2014
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

КІРІСПЕ

«Халықаралық қатынастар теориясы» пәнін оқу барысында күндізгі бөлім студенті осы ғылымға байланысты көптеген маңызды мәселелерді түсінеді.

Қазіргі халықаралық қатынастардың табиғаты мен мәнін, негізгі мәселелерін, мемлекеттің сыртқы саяси байланыстарын, жаһанданудың саяси аспектілерін, халықаралық қатынастардағы мемлекеттің рөлін, халықаралық қатынастар үшін экономиканың мәнін ашудан тұрады:

– қазіргі халықаралық қатынастардағы негізгі жағдайды танып білу, зерттеу;

– қазіргі әлемдік саяси процестерге сараптама бере білу;

– жаһандық процестерге саяси баға беру;

– студенттерге қазіргі халықаралық қатынастар туралы түсінік алуға және пәннің аясында теориялық ойды негізгі бағыттарымен таныстыруға көмек береді;

– студентке қазіргі халықаралық қатынастардың дамуы туралы кешенді білім береді;

– қазіргі халықаралық қатынастардың негізгі бағыттарын сараптау;

– қарулануды бақылау мен қауіпсіздік мәселелерін ашу;

– қазіргі әлемдегі әлемдік процестерді реттеу процестерін үйрету;

– қазіргі халықаралық қатынастардың мәселесін талдауды қалыптастыру қабілеті мен оған шынайы баға беру;

– қазіргі халықаралық қатынастардың басты басымдықтарын;

– қарулануды бақылау мен қауіпсіздік мәселелерін;

– қазіргі әлемдегі әлемдік процестерді реттеу;

– қазіргі халықаралық қатынастардың мәселесін талдауды қалыптастыру қабілеті мен оған шынайы баға беру;

- зерттеуге қажетті деректер мен ғылыми әдебиеттерді табу;
- ғылыми материалдарды логикалы түрде ауызша және жазбаша жеткізу;
- ғылыми жұмыстарды (аннотация, рецензия, шолу, реферат, ғылыми баяндама және т.б.) орындау;
- халықаралық қатынастардағы сараптамалық жұмыстар дайындау;
- халықаралық қатынастардағы ерекшеліктерді өзіндік бағалау;
- халықаралық қатынастардағы кейбір мәселелерді ғылыми зерттеу.

Пререквизиттер: «Халықаралық қатынастар теориясы» курсы халықаралық қатынастардың теориясы мен практикасын, халықаралық қатынастардың дамуы мен қалыптасу заңдылықтарын, сондай-ақ Қазақстанның сыртқы саяси қызметін өзінің зерттеу объектісі етіп ала отырып, әлемнің түрлі елдері және аймақтарымен қарым-қатынасын оқып үйренуге мүмкіндік береді. «Геосаясат» «Қазақстанның ішкі және сыртқы саясаты», «Саяси тарих» сияқты пәндермен тығыз байланысты.

Постреквизиттер: «Халықаралық қатынастар теориясы» курсы келесі курстарды оқып үйренуге мүмкіндік береді: «Қазіргі халықаралық қатынастар және жаһандану», «Әлемдік саясат және халықаралық қатынастар».

Курстың мақсаты:

Мемлекеттің саясатындағы халықаралық қатынастардың табиғаты мен мәнін, негізгі мәселелерін, мемлекеттің сыртқы саяси байланыстарын, ішкі саясаттың көптеген сыртқы саяси аспектілерімен байланысын, халықаралық қатынастардағы мемлекеттің рөлін, халықаралық қатынастар үшін экономиканың мәнін ашудан тұрады.

Курстың міндеті:

Ашады:

- студенттерге халықаралық қатынастар ғылымы туралы алғашқы қадам жасауға және пәннің аясында теориялық ойда негізгі бағыттарымен таныстыруға көмек береді;

- студентке қазіргі халықаралық қатынастардың құрылымы, мәні, ұғымы туралы кешенді білім береді;
- қазіргі халықаралық қатынастардың негізгі бағыттарын анықтау;
- қарулануды бақылау мен қауіпсіздік мәселелерін ашу;
- қазіргі әлемдегі әлемдік процестерді реттеу процестерін үйрету;
- қазіргі халықаралық қатынастардың мәселесін талдауды қалыптастыру қабілеті мен оған шынайы баға беру.

1-дәріс

ХҚТ: ОБЪЕКТИ, ПӘНІ, ҚЫЗМЕТІ, ӘДІСНАМАСЫ

Халықаралық қатынастар теориясы (ХҚТ) өзара мемлекеттік шекаралармен бөлінген қауымдастық мүшелері арасындағы түрлі қызмет алмасудың нәтижесінде жүзеге асатын, аса күрделі әлеуметтік саяси жағдайларды көрсететін ғылым ретінде түсіндіріледі.

Теорияның рөлі мыналардан тұрады:

а) халықаралық қатынастардың эмпирикалық материалдарын талдаудан, таңдаудан, жүйелеуден (реттеуден);

ә) халықаралық акторлардың мінез-құлқын талдауға мүмкіндік беретін ортақ түсініктер категориялар жасаудан;

б) себеп-салдарлық байланыстарды анықтаудан, олардың халықаралық құбылыстардың хаотистік көптүрлілігінде тұрақтылығын, қайталануын іздеуден.

Теория басты екі қызметті орындайды: біріншіден, өзінің объектісінің ерекшеліктерін, оны құраушы элементтердің құрылымының көптүрлілігін (ең алдымен, себеп-салдарлық байланыстар) түсіндіру екіншіден, оның болашақ эволюциясын болжау.

Бұл қызметтерді жүзеге асыруда танымның 2 әдісі қолданылады:

а) түсіндіру, яғни осындай жағдайға немесе іс-әрекет қалпына себеп болған ерекше себептерді анықтау;

ә) түсіну тек қана жағдайдың себебін іздеу ғана емес, сонымен қоса оның мәнін анықтау да болып табылады. «Түсінуге» ұмтылушы ғалымдар оқиғалар жиынынан көрі, тек бір жағдайды зерттеуге басымдық береді. Түсіну жағдайдың шешімдерін түсіндіруге қажетті қатал бағалауларсыз анықтауға мүмкіндік береді. Түсінуге тарихи тәсіл, ал түсіндіруге ғылыми тәсіл тән.

Халықаралық қатынастардың теориясының объектісі – халықаралық қатынастардың бүкіл көптүрлі және кереғар әлемі. Оның негізгі мынандай ерекшеліктері бар:

– анархиялық элементтер, себебі онда билігі жалпы мойындалған жоғарғы инстанция жоқ, «суверенитеттер плюрализмі» яғни, әрбір актор өзінің қалаулары мен өзіндегі ресурстарына сүйене отырып шешім шығарады;

– халықаралық акторлардың мінез-құлқына халықаралық қатынастардың, онда белгіленген норма және ережелердің институционализациясының ықпалы;

– сипаттамалардың кереғарлығы: тұтастық және фрагменттілік, серіктестік және жанжалдасу, интеграция және әлеуметтік қауымдастықтың идентификациясы;

– әлемдік нарықтың жаһандануының ықпалы, оның салдарлары жекелеген мемлекеттер мен халықтардың жақындасуы мен алыстауына, ұлттық суверенитет пен саяси ұйымның аумақтық принциптерінің жоғалуы мен оларды күшейтуге ұмтылуына әсер етеді;

– дәстүрлі халықаралық акторлар – мемлекеттер мен үкіметтік емес ұйымдармен қатар, жаңа әрекет етуші тұлғалар: үкіметтік емес ұйымдар, трансұлттық компаниялар, банктер мен кәсіпорындар, ірі медиатоптар, қылмыстық синдикаттар, халықаралық терроризм, этникалық диаспоралардың т.б. қатысуы;

– мемлекеттің өзінің басты азаматтардың индивидтік және әлеуметтік қауіпсіздігінің кепілі, рөлі қызметін жоғалтуы. Жаһандану шарттарында мемлекеттік форма адамның құқықтары мен бостандықтарына, барлық халықтар мен әрбір адам мүддесіне сай келетін бірегей әлемдік қауымдастық құруға кедергі келтіруде. Алайда «кіші мемлекет», «мемлекет түнгі сақшы», «әлсіз мемлекет» идеясы адамның құқықтары мен бостандықтары, қауіпсіздігінің автоматты түрде ұлғайғандығын білдірмейді. Жекелеген ұлттар мен жалпы адамзаттың «ортақ мақсаттарына» жетуіне көмектеспейді.

Халықаралық қатынастар теориясының пәні – зерттелетін объектісінің өмір сүруіне қажетті, мәнді, қайталанатын байланыстар, заңдылықтар, заңдарды ғылыми іздеу. Халықаралық қатынастар теориясының жалпы түрде заңдылықтары ретінде мыналар саналады:

– халықаралық қатынастарда негізгі әрекет етуші тұлға мемлекет, ал оның халықаралық қызметінің формалары дипломатия және стратегия;

– мемлекеттік саясат екі сыртқы және ішкі түрде жүзеге асады. Олардың арасында өзара байланыс болғанымен, айтарлықтай айырмашылықтар да бар, сонымен байланысты халықаралық саясат айтарлықтай автономияға ие;

– мемлекеттердің халықаралық іс-әрекеттерінің негізі ұлттық мүддеде жатыр, оны құраушы элементтер қауіпсіздік, суверенитет, өмір сүру. Сондықтан халықаралық қатынастар түрлі мемлекеттердің ұлттық мүдделерінің қақтығысу, жанжалдасу, табыс сферасы;

– халықаралық қатынастар бұл мемлекеттердің өзара күштік әрекеттесуі және күш балансы, онда күшті державалардың ұлттық мүдделерінің жүзеге асу мүмкіндігі зор;

– сверхдержавалар арасындағы күштің орналасуына қарай күш балансы: биполярлы, үшполюсті, көпполярлы т.б. түрлі формалар мен конфигурациялар болуы мүмкін.

Әдіснама – бұл әдіс-тәсілдер, амалдар, жолдар басқаша айтқанда таным әдістерінің жиынтығы. Халықаралық қатынастар теориясы нақты білімдерге әкелетін түрлі әдістерді қолданады. Р. Аронның айтуынша, халықаралық қатынастарды зерттеуде әдістердің сәйкестігі қажет, олар мынаған негізделеді:

– қоғамдық қатынастың өзіндік ерекше түрінің мәнін, спецификасын, негізгі қозғаушы күштерін зерттеудегі теорияға;

– ХҚ-дың эволюциясы мен өзгерістерін анықтайтын детерминант және заңдылықтарды іздеуде әлеуметтану ғылымына;

– халықаралық қатынастардың іс жүзінде дамуындағы аналогтар мен ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік беретін кезеңдер мен ұрпақтар алмасуы үрдісіндегі тарихқа;

– халықаралық саяси шешімді дайындау, қабылдау, жүзеге асыру үрдісін талдауда тәжірибеге.

Нақты қолданбалы ретте:

а) фактілерді зерттеу;

ә) халықаралық қатынастардағы қалыптасқан жағдайды түсіндіру;

б) оқиғаның одан әрі даму эволюциясын болжау;

в) шешімді дайындау және қабылдау жайлы айтылады.

Халықаралық қатынастар теориясының әдіснамасының маңыздылығын ескере отырып, халықаралық саяси ғылымда «үлкен пікірталас» туындатқан таным әдістері болды. Оның нәтижесі болып халықаралық қатынастарды зерттеуде жүйелік тәсілдер, бірінші ретте анализ деңгейлер әдісі болып табылады.

Ең алғаш рет «анализ деңгейлері» ұғымын К. Уолц «Адам, мемлекет және соғыс» атты еңбегінде (1965) қолданды. Саяси жанжалдарды талдай отырып, олардың себебін саясаттың негізгі үш саласынан немесе үш деңгейінен іздеу керектігін көрсетті:

- а) шешім қабылдаушы индивид немесе тұлға деңгейінде;
- ә) мемлекет немесе ішкі саяси факторлар деңгейінде;
- б) мемлекетаралық жүйе деңгейінде.

Мұндай тәсіл саясаттың облыстарын бөлуге мүмкіндік береді, оның әрқайсысы халықаралық аренадағы мемлекеттің іс-әрекетіне түрлі ықпал етеді және зерттеушіге саясаттың бір саласына бағытталуына, қалғандарынан уақытша абстракциялануға мүмкіндік береді. Сонымен, индивид деңгейінде шешім қабылдаушы тұлғалардың жеке қасиеттері: мінез-құлқының ерекшеліктері, психологиясы, идеологиялық ұстанымы, моральді ұстанымы, т.б. зерттеледі. Мемлекет деңгейінде қабылданатын шешімге ықпал етуші топтар және мүдделер коалициялар талданады. Жүйе деңгейінде биліктің мемлекеттер арасында бөлінуі мен оның ішкі режимі мен халықаралық тәртіпке ықпалы бағаланады.

Оқиғаны талдау әдістері:

– **Бақылау.** Оның элементтері бақылау субъектісі, объект және бақылау құралдары болып табылады. Егер бақылаушы осы немесе өзге халықаралық оқиғаның тікелей қатысушысы болса, тікелей және жанама, сыртқы және қосылған бақылау болады тікелей бақылау интервью, сауалнама нәтижесінде алынатын ақпаратқа негізделетін жанама бақылаудан айтарлықтай ерекшеленеді. Халықаралық қатынастар теориясында негізінен жанама және инструменталды бақылау мүмкіндігі мол. Әдістің негізгі кемшілігі субъектінің белсенділігімен байланысты субъективті факторлардың рөлі зор, оның идеологиялық ұстанымдарымен, бақылау құралдарының жетілмегендігімен байланысты.

– **Құжаттарды зерттеу.** Халықаралық қатынастарға қатысты «бейресми» зерттеушілерде объективті ақпаратқа тікелей қолжетімділіктің болмауымен ерекшеленеді. Объективті ақпарат көп жағдайда құпияланады және мемлекеттік құпияға айналады. Құжаттардың ішінде салыстырмалы түрде қолжетімділері мыналар:

а) дипломатиялық және әскери мекемелер, баспасөз қызметтерінің хабарламалары;

ә) мемлекеттік қызметкерлердің сапарлары жайлы ақпарат;

б) аса ықпалды үкіметаралық ұйымдардың жарғылық құжаттары және арыздары;

в) биліктік құрылымдар, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдардың декларациялары және хабарламалары;

г) иконографиялық құжаттар – картина, фотография, кинофильмдер, көрмелер, плакаттар және лозунгтер, бұларда қызықтырушы ақпараттар бар.

– **Салыстыру.** Халықаралық қатынастар теориясында ХХ ғасырдың 60-жылдарында халықаралық қатынаста мемлекеттер мен өзге де акторлардың санының күрт артуымен қажеттілігі арта түсті. Аталған әдістің басты артықшылығы халықаралық қатынаста жалпы, қайталанатын нәрсені іздеуге ұмтылуы. Сонымен қатар салыстырмалы талдау оқиғалардың ұқсас болмауы және қайталанбауы негізінде айтарлықтай маңызды нәтижелер алуға мүмкіндік береді.

Экспликативті әдістер:

– **Контент-анализ.** Саяси ғылымда алғаш рет Г. Лассуэлли қолданып, 1949 жылы сипаттады. Жалпылаған сипатта жазбаша немесе ауызша мәтінде жиі кездесетін сөз тіркестері немесе сюжеттер фиксациясының мәнін жүйелік зерттеу. Одан әрі қабылданған мәліметтерді бейтараптығымен белгілі хабарламаларымен салыстырылады, осының негізінде зерттелетін мәтіннің саяси бағытталғаны жайлы шешім шығаруға мүмкіндік береді.

Контент анализді қолданудың келесідей кезеңдері анықталады:

а) ақпараттық материалды бірінші ретгі өндеудің формасы ретінде мәтіннің құрылымын қалыптастыру;

ә) ақпараттық материалды матрицалық кестелер көмегімен өндеу;

б) материалды квантификациялау, электронды есептеуіш техника көмегімен осыны талдауды жалғастыру:

– әдістің тиімділігі көбіне төменде көрсетілген нәрселерді дұрыс бөлуге тікелей тәуелді;

– талдаудың бірінші ретті бірліктері (терминдер, сөз тіркестері, тақырыптар); өлшем бірліктері (сөздер, тіркестер, бөлімдер, беттер).

– **Ивент-анализ.** Оқиғадағы мәліметтерді талдау әдісі бұқаралық ақпаратты өңдеуге бағытталған, мұндай ақпараттар кім айтады немесе жасайды, не айтады немесе не жасайды, кімге немесе неге қатысты жасайды, қашан айтады немесе жасайды деген сияқты көрсеткіштерге ие.

Лайықты мәліметтерді өңдеу және жүйелеу келесідей көрсеткіштермен жүзеге асады:

- 1) субъект-инициатор (кім);
- 2) сюжет, тақырып (не);
- 3) субъект-нысана (біреуге қатысты);
- 4) оқиға датасы (қашан).

Осындай негізде өңделген оқиғалар матрицалық кестелерге енгізіледі, бөлінеді, ЭВМ-нің көмегімен өлшенеді. Аталған әдістің тиімділігі мәліметтердің бай банкісінің болуына тәуелді.

– **Когнитивті карталау.** Бұл әдістің көмегімен осы немесе өзге саяси қайраткер белгілі бір саяси проблеманы қалай қабылдайтындығын анықтауға болады. Ол саясаткер қолданатын негізгі ұғымдарды анықтайды, олардың арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды. Нәтижесінде зерттеуші карта схема жасайды, ол бойынша саясаткердің осы немесе өзге де жағдайдағы эвентуалды реакциясын байқауға болады. Б. Корани саяси қайраткердің мінез-құлқының 4 индикаторын ұсынды:

- а) дипломатиялық өкілдік ету тәсілі;
- ә) экономикалық келісімдер;
- б) мемлекетаралық сапарлар;
- в) келісімдер (шарттар).

Алынатын мәліметтер негізінде халықаралық акторлардың кеңістік пен уақыттағы іс-әрекет, мінез-құлқына яғни: ол кіммен интенсивті қарым-қатынас ұстанады, қандай кезеңде және қандай салада олар жүзеге асады т.б. қатысты шешімдер шығарылады.

Когнитивті карталау, контент-анализ және ивент-анализ сияқты көбіне не болып жатқанын көрсетеді, бірақ себебін анықтамайды. Бұл барлық экспликативті әдістердің кемшілігі өзге де әдістердің мәліметтерінің бай жиынтығын құрауға мүмкіндігі бола отырып, олармен қатар пайдаланғанда айтарлықтай нақты білім алуға мүмкін болуымен азая түседі.

Тәжірибе. Элеуметтік ғылымдарда тәжірибе екі типтің имитациялық ойын түріне ие болды: ЭВМ-ді қолданбау және электронды есептеуіш техниканы қолдану. Бірінші жағдайда алдын ала дайындалған сценарийге сай белгілі бір рөл орындаумен байланысты (мемлекеттер, үкіметтер, саяси қайраткерлер) индивидуалды және топтық іс-әрекеттер жайлы айтылады. ЭВМ-ді қолданумен байланысты имитационды ойындар кең ауқымды зерттеулік перспективаларды, жекелей алғанда халықаралық жағдайлардың болашақтағы мүмкін болар дамуы жайлы негізделген гипотезаларды ұсыну сияқты көрсетіледі.

Болжамдық әдістер:

– **Дельфийлік әдіс.** Бұл мәселені бірнеше эксперттердің бақылау мүмкіндігінің барлығы, талқылауы және жүйелеуі жайлы айтылады. Олар кез келген халықаралық оқиға, құбылыс, үрдіс жайлы бағалауларын орталық органға көрсетеді, ол бағаларды жалпылайды және жүйелейді, содан соң эксперттерге қайтарады. Мұндай операцияны бірнеше рет қайталаған соң, көрсетілген бағалауларда айтарлықтай айырмашылықтар, сәйкессіздіктер бар екенін анықтайды. Жасалған жалпылау негізінде эксперттер бастапқы бағалауларына өзгерістер енгізуі мүмкін немесе өз ойын бекем ұстап, айтқан ойында тұруы мүмкін. Эксперттердің бағалауларындағы айтарлықтай айырмашылықтар себептерін зерттеу мәселенің бұрын белгісіз болған аспектілерін анықтауға мүмкіндік береді, зерттеліп, талданып отырған оқиғалардың мүмкін болар даму салдарына назар аудартады. Осыған сәйкес нақты бағалар мен ұсыныстар шығарылады.

– **Сценарийлер құрастыру.** Бұл әдіс бойынша оқиғаның дамуының мүмкін идеалды ойша моделі құрастырылады. Алдымен оқиғаның түрлі сипат алу мүмкіндігін қарастыратын, өз алдына қарапайым сөйлем түрінде болатын гипотезалар

шығарылады. Сонан соң оқиғалар желісін анықтайтын негізгі факторларды талдау және таңдауы жүзеге асады. Мұндай факторлардың саны шектен тыс көп болмауы керек (6 элементтен көп емес). Екінші кезеңде, таңдалған факторлардың 10, 15, 20 көлеміндегі эволюцияларының мүмкін фазалары жайлы «дұрыс ойлауға» негізделген гипотезалары шығарылады. Үшінші кезеңде ерекшеленген факторларды салыстыру жүзеге асады, соның негізінде әрқайсысына сай сценарийлер тізбегі сипатталады және ұсынылады. Сонымен, төртінші кезеңде жоғарыда сипатталған сценарийлерге қатысты мүмкіндігінің көрсеткіштерін жасауға ұмтылады.

Модельдеу. Аталған әдіс шынайы әрі нақты халықаралық феномендер мен үрдістерге сай келетін жасанды, идеалды, ойдан шығарылған объекттердің жүйесін жасаумен байланысты. Оның мәні модельдеуді жүзеге асыру кезеңдерінің сипаттарынан көрінеді:

– біріншіден, модельдің типін бөлу жайлы (концептуалды, теориялық, нақты, оның формасы, вербалды, мәнді, формальді, квантты). Анықталған модель модельдеудің теориялық моделі болып табылатын матрица түрінде болады;

– екіншіден, зерттеудің жалпы тапсырмасының бастапқы нүктесі ретінде мазмұнды концептуалды модель – *«әмбебап танымдық конструкция – конфигуратор»* құрылады;

– үшіншіден, халықаралық қатынастардың ішкі құрылымының құрамына детальді талдау жасалады, яғни оның да моделі жасалады. Онда халықаралық қатынастар жүйесіндегі элементтер, байланыстар, үрдістер, мүдделер, күштер қатынасы ерекшеленеді.

Жүйелік талдау және модельдеу зерттеушілік тәсіл, процедуралар, техникалардың жиынтығын көрсететін ортақ аналитикалық әдістер болып табылады. Болжамды әдістердің рөлін түсіндіру аса маңызды, соңында анализ де, фактілерді түсіндіру де өзінен-өзі жекелей қажет емес, оқиғаның одан әрі дамуына болжам жасау үшін қажет.

2-дәріс

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ПАРАДИГМАЛАР

Парадигма – бұл жалпы теориялық бағыттардың, жағдайлардың жиынтығы, бұлар өзінің объектісін ғылыми зерттеуге негіз болады. ХҚТ-да мәселе келесідей негізгі сұрақтар бойынша ерекшеленетін халықаралық қатынастардың концептуалдық тәсілі жайында болмақ:

- халықаралық қатынастардың табиғаты, мәні қандай;
- бұл табиғат уақыт өте өзгере ме әлде өзгеріссіз қалады ма;
- халықаралық қатынастардағы басымдыққа ие үрдістердің сипаттары қандай;
- ХҚ-дың қандай қатысушыларын негізгі қызмет етушілер деуге болады;
- халықаралық қатынастарда оның негізгі акторларының басты мақсаттары қандай;
- ХҚ-дың негізгі акторлары өз мақсаттарына жету үшін қандай құралдарды иелену керек.

Әрбір парадигма осы сұрақтарға өзіндік жауаптар береді, оларды негіздеуге аргументтер ұсынады, өзіндік категориялар мен әдіснамалық құралдарды жасайды. ХҚТ-да реализм, либерализм (идеализм), жүйелік, геосаяси тәсілдер, марксизм (радикализм) сияқты парадигмалар маңызды орын алады. Бұлар бірін-бірі өзара бәсекелесе, толықтыра, жоққа шығара отырып, бұның барлығы ХҚТ-ның корпусын құрады, сондықтан ол метатеория ретінде саналмайды.

Саяси реализм парадигмасының (Фукидид, Макиавелли, Гоббс, де Ваттель, Клаузевиц, Рейнхольм Нибур, Фредерик Шуман, Джордж Кеннан, Джордж Шварценбергер, Генри Киссин-

жер, Эдвард Карр, Арнольд Уолферс, Раймон Арон, Ганс Моргентау және т.б.) классикалық ережелері мынадай:

1) Халықаралық қатынастар өзіндік мәні ретінде біртекті сипатқа ие, унитарлы қатысушылар болып табылатын мемлекеттердің өзара қарым-қатынасы.

2) Мемлекеттердің өзара қарым-қатынасы хаосты түрде болады, өйткені «мемлекеттен жоғары биліктік орталық» жоқ. Нәтижесінде халықаралық қатынастар «анархиялық» болып табылады.

3) Олардың қызметтерінің негізгі мотиві үстемдікке, әсіресе мемлекеттің қауіпсіздігінің кепілі әскери үстемдікке ұмтылады.

4) Мемлекеттер ең алдымен өз мүдделерін көздейді. Сонымен қатар олар моральді ескеруі мүмкін, алайда олардың ешқайсысы да «ненің жақсы, ненің жаман» екендігін анықтауға құқылы емес.

5) Саяси шынайылық экономикалық шынайылықтан айтарлықтай ерекшеленеді, саясат үшін билік маңызды, ал экономика үшін байлық маңызды.

6) Әрқашан да күштік фактор басым болатын халықаралық қатынастар әлемінде мемлекетте әр уақыт шабуыл жасауға және қорғануға дайын болуы керек.

АҚШ-тағы саяси шынайылықтың негізін салушы әрі көрнекті өкілі Ганс Моргентау (1904-1980). Тумысынан американдық емес (туған жері Германия) Г. Моргентау АҚШ-тың мүддесін халықаралық аренада қызу қорғады. Оның көзқарасы бойынша, халықаралық саясат өзге саясат сияқты билік үшін күрес болып табылады. Билікті ол адамдардың ақылы мен іс-әрекеттерін бақылау мүмкіндігі, ал саяси билік бұл билікті иеленушілер мен жалпы халық арасындағы бақылаудың өзара қатынасы ретінде қарастырды. Халықаралық қатынастарда Г. Моргентау билік үшін күресті мемлекеттердің өзінің күштік үстемдігін және ықпалын әлемде орнату деп түсіндіреді.

Саяси реализм позициясынан халықаралық қатынастар бұл ең алдымен мемлекетаралық қатынастар, онда жалғыз акторлар суверенді мемлекеттер. Соңғысы, әрине, өзіндегі барлық потенциалдарын қолдана отырып, өзінің мүдделерін орындауға ұмтылады. Соғыстар және жанжалдар халықаралық қатынастардың табиғатының салдары, ал жалпы әлемдік бейбітшілік орнату идеясы иллюзия болып табылады.

Ганс Моргентау саяси реализмде белгілі негізгі тезисті қалыптастырды, «сыртқы саясаттың мақсаттары ұлттық мүдде терминдерінде анықталуы керек және соған лайық күшпен қолдау табу керек» мұндай тәсіл негізінде «ұлттық мүдде» және «ұлттық күш» анализі мәселесі Г. Моргентау және өзге де американдық мектептің өкілдері Дж. Кеннан, К. Томпсон, Ч. Маршалл, Л. Халле, Ф. Шуман, Ч. мен Ю. Ростоулар, Р. Страуса-Хюпе еңбектерінде негізгі тақырып болды. Ағылшын тіліндегі әдебиетте «ұлт» ұғымы мемлекет ұғымымен тең, бұл ұлттық мемлекет және азаматтық қоғам орнаған батыстық қоғам дәстүрлеріне тән. Сондықтан да ұлттық мемлекеттік мүдделер жайлы айтылмақ. Саяси реализм мектебінің өкілдері оны тұрақты (негізгі) және өтпелі (аралық) мүдделерге жіктейді.

Тұрақтыларға:

1) «ұлттық қауіпсіздік мүддесі», бұлар территорияны, халықты, мемлекеттік институттарды сыртқы қауіптерден қорғау;

2) «ұлттық экономикалық мүдделер», ал нақты сыртқы сауданың дамуы және инвестицияның өсуі, шекарадан тыс жердегі жеке капиталды қорғау;

3) «әлемдік тәртіпті қолдау мүдделері», серіктестермен өзара қарым-қатынасты орнату, сыртқы саяси курсты таңдау.

Өтпелі мүдделерді маңыздылық деңгейлері бойынша келесідей ретпен қоюға болады:

1) «аман қалу мүдделері», яғни мемлекеттің өзінің өмір сүруіне төнген қауіптерді жою;

2) «өмірлік мүдделер» – бүкіл ұлттың өмір сүруі мен қауіпсіздігіне айтарлықтай қауіп төндіретін әрекеттерге жол бермеу;

3) «маңызды мүдделер» – мемлекет үшін «потенциалды күрделі зақым» келтірудің алдын алу;

4) «перифериялық немесе кіші мүдделер», локальды сипаттағы мәселелермен байланысты.

Әлемдік саясатта қалыптасып отыратын нақты жағдайларға байланысты бірінші орынға негізгі немесе өтпелі мүдделер өзара байланыса отырып, араласып шығып отырады.

«Ұлттық күш» (куат) термині көбіне «мемлекеттік күш», «мемлекеттің сыртқы саяси потенциалы» ұғымдарына жақын келеді. Бұл жерде мәселе мемлекеттің сыртқы саясатындағы

мақсаттарына жетуі үшін қолданатын ресурстар жайлы болмақ. АҚШ-тың соғыстан кейінгі саяси реалистер толқыны «ұлттық күш» ұғымында болуы керек компоненттерді анықтай отырып, геосаяси концепциялардың зор ықпалында болды.

Г. Моргентхау бойынша «ұлттық күш» құрамына келесідей элементтер кіреді:

- 1) география;
- 2) табиғи ресурстар;
- 3) өндірістік (индустриалды) күш қуат;
- 4) әскери потенциал;
- 5) халық саны;
- 6) ұлттық мінез-құлық;
- 7) ұлттың моральдық рухы;
- 8) дипломатия сапасы.

Саяси реализм сыртқы саясаттың үш моделінің болуын көрсетеді:

1) статус-кво саясаты мемлекеттің халықаралық қатынастарда өз үстемдігін және ықпалын сақтауға ұмтылуы үшін жүргізетін саясаты;

2) империалистік саясат, бұл өзінің ықпал ету аймағын ұлғайтуға ұмтылушы, күш балансын өз пайдасына өзгерткісі келетін мемлекеттер жүргізетін саясат;

3) престиж саясаты, халықаралық қатынастар жүйесінде өз орнын сақтау үшін өз күшін көрсететін мемлекеттерге тән.

Батыс Еуропадағы саяси реализм. Соғыстан кейінгі жылдары американдық саясаттану батысеуропалық мемлекеттердің саяси ғылымдарының дамуына айтарлықтай зор ықпал етті. Американдық саясаттанушылар еңбектерінде көрініс тапқан теориялық және әдіснамалық тәсілдер саяси ғылымдарда оның ішінде халықаралық қатынастар теориясында түрлі бағыттар тауып жатқан еуропалықтардың арасында да кең танымалдыққа ие болды. Саяси реализм мектебі АҚШ-та жетекші болғандықтан, Батыс Еуропада да бұл мектептің тұжырымдары кең таралды. Батыс еуропалық саясаттанушылар Г. Моргентхау және өзге де американдық реалистердің концепцияларын халықаралық саясаттағы оқиғаларды түсіндіру үшін ғана қолданғандықтан, олардың еңбектері теориялық қатынаста шынайы болмады.

Тек әлемдік саясат пен халықаралық қатынастарды зерттеген француздық мектепті ерекшелеуге болады. Оның 1960 жылдардағы көрнекті өкілі француздық әлеуметтанушы, саясаттанушы, философ Раймон Арон болды. Р. Арон мемлекеттер арасындағы қатынастың Гоббстан келе жатқан дәстүрлі «табиғи» сипатын қолдады. Р. Арон бойынша мемлекеттің сыртқы саясатына екі символикалық фигура дипломат және солдаттың фигурасы тән, себебі мемлекеттер арасындағы қатынастар «соғыс пен бейбітшіліктің алмасуынан тұрады» әрбір мемлекет өзге мемлекеттермен қатынаста тек өз күшіне ғана сенуі керек, ол әрқашан өзінің күшін ұлғайтып отыруы керек. Р. Арон халықаралық қатынастардың ерекшелігі ретінде күштеу мен қорқытуға негізделген бірегей орталықтың болмауымен көрсетеді. Сондықтан да мемлекеттер арасындағы күш қолданумен болатын жанжалдарды жоққа шығармады. Ол ең алдымен соғыс себептерін емес, бейбітшілік себептерін түсіндіру керек екендігі туралы айтты.

XX ғасырдың 70-80 жылдары саяси неореализм бағытының пайда болуы К. Уоллстің «халықаралық қатынастар теориясы» кітабымен тығыз байланысты, Роберт Гилпин, Джозеф Грико, Джон Миршаймер және басқалардың еңбектерінде одан әрі дамытылған.

1) Мемлекеттерді жүйенің бірегей функционалды элементтері ретінде қарастыру, бұл жүйе бойынша реттестіру принциптерінің тұрақтылығы және мемлекеттердің қызмет етуіне талаптардың өзгермейтіндігімен сипатталады.

2) Анархиялық халықаралық қатынастар жүйесіндегі кез келген өзгерістер өмір сүріп отырған күш балансына ықпал ететін биліктің бөлінуімен байланысты.

3) Билік үшін күрес және лидерлік халықаралық қатынастардың мәнін анықтаушы фактор ретінде сақталуда.

4) Халықаралық қатынастардың жүйелік анархиялық сипаты мемлекеттердің іс әрекетіне айтарлықтай сипат етеді, яғни оның сыртқы күштеулері мен шектеулер жиынтығы мемлекетке әсер етеді.

5) Халықаралық қатынастардың басты мәселесі «қорқыту» балансы, әскери дайындық, тепе-теңдік, рационалды таңдау.

6) Мемлекеттердің басты мақсаты ядролық қаруды ұстап тұру арқылы күшке ие болу, үкіметтік ұйымдардан жоғары ұйым құра отырып, беделі мен мәртебесін ұлғайту, өзге мемлекеттерге қарағанда экономикалық және өзге де үстемдікке ұмтылады.

Мысалы, егер халықаралық қатынастар жүйесі екі сверхдержавалардың күресімен сипатталса, онда ол биполярлы деп аталады. Кіші, орта керек десеңіз сверхдержавалардың өзі де осы логикаға бағынады. Мұндай логика негізінде қарулану жарысы, ықпал ету сферасы үшін талас, серіктестерге қатаң талап қою, қарсыласты қорқыту және ұстау т.б. жатуы мүмкін. Көпполярлы жүйеде мемлекеттердің іс-әрекеттерінің логикасы мен ережелері де өзгеше болады.

Қырғи қабақ соғысы кезінде ХҚТ-дағы неореализм позициясының беделі әлемдік аренадағы дәстүрлі акторлардың іс-әрекетін анықтайтын биполярлы құрылым кезінде күшейе түсті. Алайда КСРО ыдыраған соң және екі сверхдержаваның күресі аяқталған соң әлемдік аренада бұл позициялар аяқталды.

Әлемдік саясат саласына дәстүрлі емес көптеген акторлардың енуі байқалды, жанжалдардың жаңа толқыны пайда болды, халықаралық қауіпсіздік халықаралық жүйенің конфигурациясына ғана тәуелді болмай қалды. Байланыстың, коммуникацияның, ақпараттың жаңа құралдарының таралуына байланысты мемлекетаралық шекаралар өтімді болды. Әлемдік саясатта өркениеттік, мәдени, діни факторлар және жаңа акторлардың өзін-өзі идентификациялауы маңызды рөлге ие бола бастады. Классикалық және неоклассикалық реализмге тән рационализм өзінің шектеулілігін сезіне бастады.

Либералды-идеалистік парадигма (Гуго Гроций, Иммануил Кант, Вудро Вильсон және т.б.) оның негізгі ережелері келесідей:

1. Адам табиғатынан агрессивті емес, ол әрқашан серіктестікке ұмтылады.

2. Соғыс тек ортақ күшті біріктірген жағдайда ғана шешуге болатын мәселе.

3. Халықаралық қауымдастық халықаралық институттар әскери жанжалдардың алдын алуға қабілетті екені белгілі.

4. Мемлекеттер өзінің саяси жүйесін реформалау керек, мемлекеттің ішінде демократиялық басқару бейбітшіліктің қалыптасуы мен планетада серіктестікті дамытуға ықпалын тигізуі керек.

5. Халықаралық қатынастар аренасында тек күштік факторлар ғана емес, экономика және мораль да маңызды.

Либералды идеалистік парадигма негізінде екі идея жатыр, адам, жалпы адами құндылықтар, идеалдар бірлігі, екіншісі халықаралық қатынастар сипатын гуманизм және адам құқықтары шегінде өзгерту мүмкіндігі және қажеттілігі. Бұл парадигма жақтастары халықаралық қатынастар табиғатынан анархиялық екендігін жоққа шығармайды. Бірақ, анархиялық сипат уақытша және әрқашан азаюда. Халықаралық қатынастар қоғамдық ой шегінде басқаруы оңай бола бастады, халықаралық қатынастардың қатысушылары кеңі түсті.

Мемлекеттермен қатар, мемлекеттік емес және жеке халықаралық акторлар: үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдар, трансұлттық корпорациялар, фирмалар, кәсіпорын, банктер т.б. маңызға ие бола бастады.

Халықаралық қатынастардағы басымдыққа ие үрдіс ретінде соғыс, жанжалдар, ұлттық мүдделер қақтығысы емес, адамдардың бірлікке ұмтылуы және бейбітшілікке ұмтылушылығына негізделген серіктестік пен интеграция болуы керек.

Әлем бірте-бірте жақсы және қауіпсіз бола бастады, оның қатысушылары оны тұрақтандыруға және реттеуге байланысты біріккен әрекеттерге баруы керек. Негізгі реттеуші ретінде құқықтық және моральдық нормалар болады.

Аталған либералды идеалды парадигмадағы ережелер де бір-бірімен сай келмейтін концептуалдық формаларға ие. Бұл парадигма құрамы жағынан реализм және неореализм сияқты бірегей сипатқа ие.

Біріншіден, оның құрамында ежелгі идеалистік дәстүр бар. Жекелей алғанда, реалистер оның ішінде «утопизм», «легализм» және «морализм» сияқты түрлерін бөліп қарастырады. Утопистерді олар әмбебап үкіметаралық ұйым (Ұлттар Лигасы, БҰҰ) негізінде жаңа әлемдік тәртіп құру мүмкіндігіне сенгендігі үшін сынға алады. Легалистердің (реалистер бойынша тағы да қате) ойынша халықаралық ұйымдар саны мен ықпалы өскен

сайын халықаралық қатынастар жаңа сипатқа ие болады. Моралистер халықаралық саясатты адами құндылықтар жағынан қарастыра отырып, соғысқа қарсы, қиыншылықтар мен әлеуметтік қайшылықтар адамдардың қарсылығы туралы қоғамдық ойдың мемлекеттің халықаралық әрекетіне әсерін көрсетті. Екіншіден, либералды парадигманың неоклассикалық және постклассикалық либерализм деген варианттарын анықтайды. Классикалық емес либерализмге (неолиберализм) экономикалық өзара тәуелділік концепциясына негізделген бағытты жатқызады. Оның жақтастарының көзқарасы бойынша (Р. Кохейн, Р. Купер, Дж. Най), мемлекеттің халықаралық қатынастағы саясаты ішкі экономикалық мүдделерімен анықталады, ал өзара тәуелділіктің өсуімен барлық мемлекеттердің ортақ экономикалық мүдделері туындады, нәтижесінде олардың серіктестікке деген ұмтылысын күшейтеді. Мемлекеттер бір-бірімен өзінің потенциалды экономикалық пайдасын күшейтуге және шығындарды азайту мақсатында бірігеді. Мемлекеттердің саясаты рационалды мүдделерді көздейді. Экономикалық өзара тәуелділіктің күшеюі мемлекеттердің халықаралық аренадағы міндеттері мен іс-әрекеттерін өзгертіп қоймай, мемлекеттердің әскери күші мен әскери потенциалдың рөлін азайтады.

Саяси неолиберализм (неоидеализм) ХХ ғасырдың 80-жылдарының басында пайда болып, дамыған (неолиберализмнің бірінші теоретиктері ретінде Роберт Кохэн, Адам Ротфельд, Мортон Каплан т.б. саналады) және мынадан шығады:

а) Халықаралық қатынастардың негізгі акторлары индивидтер, «жанарған» мемлекеттер және үкіметтік емес, трансұлттық субъектілер.

ә) Халықаралық қатынастардың дамуының басым бағыттары саяси және экономикалық саладағы трансұлттық құбылыс, нарықтық қатынастардың жаһандануы, өзара тәуелділік, интеграция, адам құқықтары.

б) Халықаралық қатынастар мәні мемлекетаралық және трансұлттық серіктестік, бұл өз кезегінде бейбітшілікке шақырды, халықаралық құқықтың ықпалының өсуі.

в) Халықаралық қатынастардың негізгі мәселесі: ХҚ субъектілерінің кешенді өзара тәуелділігі, халықаралық режимдер, қоршаған ортаның сақталуы.

д) Халықаралық қатынастар субъектілерінің мотивациясы: жаһандық мүдделер (жалпы ортақ пайда), әділдік, бейбітшілік және даму, еркіндік, мораль.

ж) Халықаралық қатынастар қатысушыларының мақсаттары: халықаралық саяси режимдерді дамыту, жаһандық мәселелерді шешу үшін ұжымдық күш біріктіру, яғни халықаралық институттарды және демократияны дамыту.

Либералды идеалистік парадигма шегіндегі постклассикалық ағымның идеялық негізі жаһандану ықпалымен саяси биліктің мәнінің радикалды өзгерісті концепциясы. Жаһанданудың аса маңызды нәтижелерінің бірі мемлекетаралық шекаралардың «өтімділігінің» өсуі және мемлекеттің дәстүрлі қызметінің нашарлауы (әсіресе, қауіпсіздік және халықты әлеуметтік қорғау саласында) нәтижесінде ұлттық мемлекеттік суверенитеттің эрозиясы. Мемлекет әлеуметтік институт, қоғамның саяси ұйымының формасы ретінде ескіріп келеді, тарихи аренадан бірегей еркін нарық, жалпы моральдық құндылықтар, адамның табиғи құқықтары мен еркіндіктерін сақтауға және дамытуға негізделген әмбебап құқықтық нормалар принциптеріне негізделген кең халықаралық бірлестіктерге жол бере отырып, бірте-бірте кету үстінде.

Осылай адамдардың жаһанды өзін-өзі басқару қауымдастығы – бірегей ережелер мен бірегей заңдармен реттелетін әлемдік азаматтық қоғам қалыптасады.

Либерализмнің постклассикалық ағымының жақтаушылары (Дж. Розенау, Э.О. Шемпель, Дж. Мэтьюз, Д. Месснер) Халықаралық Валюталық Қор, Әлемдік Банк, Әлемдік сауда ұйымы, сияқты ұйымдардың мемлекеттік және мемлекеттік емес, қоғамдық және жеке акторлар, үкіметтік, үкіметтік емес ұйымдар мен кәсіпкерлік құрылымдардың өзара әрекеттесулерін дамытудағы кеңейіп және дамып келе жатқан рөліне баса назар аударады. Олардың айтуы бойынша, саясат тығыз горизонтальді және вертикальді желімен байланысқан, олардың жүйешіктері мемлекеттерден бөлек, барлық деңгейде локальді және жаһандық деңгейде әрекет ететін трансшекаралық сызықтармен байланысқан. Қоғамдардың ішіндегі және араларындағы желілік құрылымдар маңызы арта түсуде, ал ұлттық мемлекеттік суверенитет жойылуда. Бүкіл әлемдік «үкіметсіз басқару» (Розенау

мен Шемпъел) global governance қалыптасуда, ол «төменнен» қалыптасатындықтан, демократиялық сипатқа ие, әмбебап құндылықтарды көрсетеді. Бұл биліктің өзінің мәнінің power shift өзгергендігін көрсетеді, мемлекеттер қауымдастығынан трансұлттық сипатқа ие және жалпы планеталық көлемде қызмет етуші азаматтық қоғамға өтуді білдіреді.

Сонымен, соңғы онжылдықта қарқынды таратылған демократиялық әлем теориясы, гуманитарлы интервенция, адамның қауіпсіздігі неоклассикалық либерализмге жатады. Оның басты ерекшелігі әдіснамалық жоспарда жалпы демократияның жеңісімен кепілденетін «Қантқа қайта оралу», оның «мәңгілік бейбітшілік» идеясына оралу идеясын көтереді.

Қорыта айтқанда, либерализмнің классикалық, классикалық емес, постклассикалық, неоклассикалық бағыттары реалистік парадигма сияқты халықаралық қатынастар сипаттарын, негізгі үрдістерді, акторларды, олардың мақсаттары мен құралдарын, сонымен қоса жекелеген адам мен жалпы адамзат мүддесіндегі халықаралық саясаттың өзгерісіне ұмтылуын біріктіреді.

Марксистік канондық парадигма (Карл Маркс, Фридрих Энгельс, В.И. Ленин) қазіргі халықаралық қатынастар теориясында маргиналды позиция ұстанады. Бірақ, оның ізбасарлары сақталуда, оның негізінде ХҚ-дағы неомарксистік тәсіл қалыптасты, сондықтан классикалық марксизмнің халықаралық қатынастарға тиесілі негізгі идеяларын білу маңызды:

1) Халықаралық қатынастардың негізгі субъектілері әлеуметтік таптар болып отыр, яғни әлемдік буржуазия және халықаралық жұмысшы табы. Халықаралық қатынастардың қатысушысы ретінде мемлекеттер ХҚ саласында өзінің рөлі бойынша екінші ретті, яғни ұлттық мемлекеттерді таптық үстемдік пен бағынудың құралы ретінде буржуазия туындатты, пролетариаттың отаны жоқ, олар пролетарлық интернационализм сезімімен біріккен.

2) Халықаралық қатынастар қоғамның ішкі қатынастарынан көлемімен ерекшеленеді, империалистік буржуазия мен пролетариат бастаған еңбек етушілердің өткір күресін көрсетеді.

3) Негізгі халықаралық үрдістер таптық жанжалдардан, дағдарыстардан, соғыстардан және социалды революциялардан көрініс табады.

4) Халықаралық қатынастардың негізгі акторларының мақсаттары бір-біріне кереғар. Егер әлемдік буржуазия табысты максималдауды және капиталды жинау болса, ал жұмысшы табы басқарушы тапты құлату мен барлық еңбек етушілерді эксплуататорлардан арылтып, тарихи міндеттерін жүзеге асыру.

5) Бұл мақсаттарға қол жеткізудің құралдары да әртүрлі. Бір жағынан, эксплуатацияны күшейту, екіншісінен әлемдік социалды революция.

6) Халықаралық қатынастардың болашағы коммунизмнің жеңісінен кейінгі барлық мемлекеттердің жойылуымен, халықтар арасындағы моральдық және әділдік нормалардың орнауымен байланыстырылды.

Неомарксизм (Рауль Пребиш, Иммануил Валлерстайн, Самир Амин) XX ғасырдың 50-60 жылдарында пайда болды, бұл кезде батыста «шынайы социализм» тәжірибесіне деген сенімсіздікпен байланысты болды. ХҚТ-да бұл ХҚ-ды екінші және үшінші ретті ретінде қабылдаудан бас тартумен байланысты. Неомарксизм негізінде Оңтүстік пен Солтүстік, бай мен кедейлердің мүдделерінің араласуы жатыр. Сонымен қатар, бірнеше теориялар ұсынылды:

а) тәуелділік теориясы (Р. Пребиш), онда экономикалық дамыған мемлекеттердің әл ауқаты бай және кедей елдер арасындағы эквивалентті емес айырбаспен түсіндірілді;

ә) құрылымдық теңсіздік теориясы (Й. Галтунг), халықаралық жанжалдардың себебін бір мемлекеттің халықаралық қатынастардың түрлі құрылымдары экономикалық, әскери, т.б. салада қалпының, қал жағдайының бірдей болмауы, әртүрлі болуымен түсіндіріледі;

б) әлемдік жүйелік теория (И. Валлерстайн), қазіргі әлемдік экономикалық дамудың салдары әлемдік капиталдың орталық пен периферия арасындағы әлеуметтік теңсіздіктің тереңдеу тенденциясы.

Неомарксизмді дәстүрлі марксизммен келесідей сипаттарды біріктіреді:

а) екі парадигма да халықаралық қатынастарды талдағанда экономикалық құрылымдарға және олардың қоғамдық дамудағы рөліне баса назар аударады;

ә) екі ағым да ХҚ-ды таптық күрес, басқару мен бағындыру қатысында қарастырды;

б) халықаралық орта сипаты жанжалды етіп сипатталады, ал оның басты проблемасы қорлық көрген таптың басқарушы таптың билігін жоюы ретінде белгілі;

в) неомарксистер және марксистер міндетті түрде бұқара халықтың ықпал етуімен халықаралық қатынастардың позитивті эволюциясына сенеді;

г) екі парадигма да қазіргі өмір сүріп отырған жағдайды сынағанда сенімді, бірақ одан шығудың ұтымды жолдарын жасамаған, осы халықаралық тәртіптің орнын басатын жүйені сипаттай алмаған.

Неомарксизмдегі жаңа ережелер келесідей болып табылады:

1) Халықаралық қатынастардың негізгі акторлары: «әлемдік жүйенің» орталық, периферия, жартылай периферия; «мемлекеттер класстар», «аймақтар класстар».

2) Халықаралық қатынастар табиғаты орталықтың жартылай периферия мен периферияны империалистік эксплуатациясымен анықталады.

3) Халықаралық қатынастардың негізгі мақсаттары жүйелік аралықтан өту, жаһанданудың поляризациялық логикасын бейтараптарандыру болып табылады.

4) Халықаралық қатынастарда қолданылатын құралдар «позиционды соғыс», жартылай периферия мен периферияның аймақтық интеграциясы.

5) Халықаралық қатынастардағы алдыңғы үрдістердің мәні орталық пен периферияның дамуы арасындағы айырмашылықты, АҚШ-тың пайдасына симметриялық емес өзара тәуелділіктің артуын анықтады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІ

Жүйелік теориясы. Жүйелік теориясының негізін қалаушы ретінде батыстық зерттеушілер АҚШ-қа эмиграциямен келген, жұмыстары осы салада кең ғылыми қолдауларға ие болған Австриялық ғалым Людвиг фон Бергаланфиді атайды. Әлеуметтік саяси ғылымдарда қолданылуы бойынша жүйелік теория американдық ғалымдар Т. Парсонс пен Д. Истонның еңбектерінде жемісті нәтижелерін берді. Әсіресе, саяси әлеуметтануда Д. Истонның «саяси өмірдің жүйелік талдауы» кітабындағы идеялар кең танымалдыққа ие болды. Онда саяси жүйе кибернетиканың базалық идеяларымен негізделген өзара сыртқы ортамен «кіріс» және «шығыс» механизмдерімен байланысқан қатынастардың жиынтығы ретінде қарастырылады. «Кірісте» жүйе оның тұтастығына қатер төндіретін қауіптерден, сырттан белгілер, ресурстар, импульстар алады. Д. Истон оларды екі категорияға бөледі: қауіпсіздікпен, индивидуалды бостандықпен, қатысумен, тұтынушылық ерікпен, т.б. байланысты «талаптар» және кейбір талаптарды қанағаттандыруға мүмкіндік беретін, олармен байланысты жанжалдарды реттеуге мүмкіндік беретін «қолдаулар». «Талаптардың» қайнар көзі бір жағынан, оның ішкі социеталды ортасы: экологиялық жүйе, биологиялық жүйе, әлеуметтік жүйе болса, екінші жағынан экстро социеталды орта компоненттері: халықаралық саяси жүйе, халықаралық экологиялық жүйе, халықаралық әлеуметтік жүйе болады. Жаһанды қоршаған ортадан аталған барлық ағындар «кірістерге» түседі, саяси жүйе ішінде оның барлық элементтерінің қатысуымен өңделеді, нәтижесінде жүйенің жауап беру реакциясына әкеледі, сол арқылы ортаға бейімделеді. «Шығыста» мұндай реакция саяси әрекеттер, үкіметтік актілер, іс-шаралар

формасына енеді. Өз кезегінде, жүйенің бұл кері байланысы оның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуінің жаңа циклінің бастамасы болып табылады және жаңа «талаптар» мен «қолдауларды» туындататын қоршаған ортада белгілі бір өзгерістерге әсер етеді.

Сонымен, Д. Истонның концепциясының басты жетістігі саяси жүйені қоршаған ортамен тұрақты түрде қатынаста болатын және өз «жауаптарын» өзіндегі элементтердің реакцияларымен үздіксіз «салыстырып» отыратын динамикадағы тұтас организм ретінде қарастырды.

Сонымен қатар, Д. Истон ұсынған жүйелік анализдің саяси жүйенің қызмет етуінің, оның өзге жүйелермен қатынастарының заңдылықтарының, тұрақтылықты сақтау шарттарын, т.б. ережелерін іздеуде және анықтауда орны ерекше екенін білу маңызды.

Жүйелік теорияның негізгі түсініктерінің мәні келесідей болуы мүмкін:

– оның негізгі бастамасы ретінде Л. Бергаланфи «өзара қатысты, байланыста болатын элементтер жиынтығы» деп түсіндірген «жүйе» түсінігі болады;

– «элементтер» – бұл жүйенің құрамдас қарапайым субъектері, олардың арасындағы қатынас жүйені сыртқы ортадан ажыратып отырады;

– «орта» бұл жүйеге әсер ететін және онымен өзара қарым-қатынаста болатын нәрсе; оның екі түрі ажыратылады: сыртқы орта (жүйенің айналасы environment) және ішкі орта – контекст;

– «құрылым» ұғым ретінде бірнеше аспектіге ие, сол арқылы бүкіл жүйенің күрделігін көрсетеді:

а) жүйе элементтерінің қарым-қатынасы, олардың байланыстарының жиынтығы;

ә) элементтерді жүйеге ұйымдастыру тәсілі;

б) жүйе және оның элементтерінің өмір сүруінен туындайтын күштеулер мен шектеулер жиынтығы;

– жүйе «қызметтері» – бұл оның ортаның әсеріне реакциясы, жүйенің тұрақтылығын сақтауға бағытталған, оның өмір сүруі.

Жүйелік тәсілдің халықаралық қатынастарды талдаудағы негізгі бағыттары мен ерекшеліктері. Халықаралық қатынастардың ортақ ерекшеліктерінің қатарына оның өзінің

сипаты бойынша әлеуметтік қатынастар болғандықтан, оны әлеуметтік жүйелерге жатқызуға болатындығын айтуға болады.

Халықаралық қатынастардың оны зерттеуге жүйелік талдаудың қолданылуына әсер ететін тағы бір ортақ ерекшелігі оның негізгі элементтері әлеуметтік қауымдастықтармен, топтармен, жекелеген индивидтермен байланысты. Осыдан халықаралық жүйелер дегеніміз адамдардың өзара әсер етулерінің жүйелері, бұнда адамдар өз әрекеттерінде еркіне, санасына, құндылықты бағыттарына т.б. сенеді және сүйенеді. Бұл өз кезегінде С. Фридендер және Р. Коэн көрсеткендей, халықаралық жүйені анықтаушы факторларды таңдау, мотивация, қабылдау т.б. феномендермен байланысты.

Халықаралық қатынастардың үшінші ортақ ерекшелігі оны жүйелік тәсілмен зерттеуде міндетті түрде ескерілуі керек. Ол бойынша халықаралық қатынастар басым жағдайда саяси қатынастар, оның негізгі саласы мемлекеттердің өзара қарым-қатынасы болып табылады. Сондықтан, мысалы жаһанды халықаралық жүйенің ядросы болып мемлекетаралық қатынастар жүйесі болып табылады.

Халықаралық қатынастардың ерекшелігі жайлы айтқанда, оның негізі мынада: ол жоғары биліктің болмауымен және «суверенитеттер плюрализмімен» сипатталады. Басқаша айтқанда, халықаралық жүйелер ерекше типтегі әлеуметтік жүйе, ол тұтастай алғанда элементтерінің нашар интеграциясымен ерекшеленеді, сонымен қатар бұл элементтер айтарлықтай автономды болып табылады.

Халықаралық қатынастардың ерекшелігін түсінудегі айырмашылық, яғни халықаралық жүйенің ерекшелігі оларды зерттеуде түрлі тәсілдерге әкелді. Мұндай тәсілдердің бірнеше түрлері бар: дәстүрлі тарихи, тарихи әлеуметтік, эвристикалық, аралас, эмпирикалық.

Сонымен, дәстүрлі тарихи тәсіл негізінде «халықаралық жүйе» ұғымын мемлекеттік арасындағы белгілі бір тарихи кезеңдегі дипломатикалық қатынастарды білдіру үшін қолданылу жатыр. Мысалы, 1648 жылғы Вестфаль келісіміне негізделген еуропалық жүйе; еуропалық мемлекеттердің XIX ғасырдағы саяси тепе-теңдік жүйесі («ұлттың еуропалық концерті»); 1945-

1990 жылдардағы жаһанды биполярлы мемлекетаралық жүйесі. Бұл «панорамды» тәсілдің басты кемшілігі ол халықаралық (нақтырақ айтқанда мемлекетаралық) жүйелердің қызмет етуінің заңдылықтарын іздеуге ұмтылмайды, тек басты акторлары сверхдержавалардың өзара әрекеттесулерін сипаттаумен шектеледі.

Осылай, мысалы халықаралық қатынастарды зерттеуде тарихи әлеуметтік тәсілдің негізін қалаушылардың бірі Р. Арон өзінің халықаралық жүйе туралы ойларының негізгі идеясы басты тарих тәжірибесінің маңызын арттырады, өз кезегінде абстракты модельдерді құрастырудың кез келген әрекеттерін жоққа шығарады. Грекиялық полистерді, XVII ғасырдағы еуропалық монархияларды, XIX ғасырдағы Еуропа мемлекеттерімен және оларға Батыс пен Шығыстың өзара қарым-қатынастарын салыстыра отырып, олардан қайталанушылықтарды іздеді сол арқылы тарихи өткеннің сабақтарын бүгінгіні зерттеуде қолдана отырып, ортақ заңдылықтарды іздеуге ұмтылды.

Р. Аронға қарағанда американдық зерттеуші М. Каплан әрбір жүйеге тән бес өтпелі белгілерін анықтайды: жүйенің негізгі ережелері; жүйенің трансформациясының ережелері; акторларды классификациялау ережесі; олардың мүмкіндіктері мен ақпараттар.

Олардың бастылары болып өтпелілердің алғашқы үш тобы болады. Осылай, «негізгі ережелер» акторлар арасындағы қатынастарды сипаттайды, олардың мінез-құлықтары тек олардың әрқайсысының жекелей еркі мен ерекше мақсаттарына ғана емес, олар компоненті болып табылатын жүйенің сипатына да тікелей тәуелді. «Трансформация ережесі» жүйелердің өзгерісінің заңдарын білдіреді. Сонымен, жүйелердің жалпы теориясы жүйелердің гомеостатикалық сипатына, яғни олардың ортаның өзгерістеріне бейімделуін сол арқылы, өзін-өзі сақтауына басты назар аударады. Сонымен қатар, әрбір жүйенің бейімделу және трансформацияның өзіндік ережелері болады. Соңында, «классификациялау ережесі» жүйелік тәсілдегі ең маңыздысы, яғни нақты халықаралық жүйелер сипаты мен оның негізгі элементтері халықаралық акторлардың мінез-құлқы арасындағы заңдылықты байланыстардың болуына сену болып табылады.

Е. Луард халықаралық қатынастар элеуметтануында жемісті жұмыс жасап, халықаралық жүйелердің жеті тарихи түрін анықтады: ежелгі қытайлық жүйе (б.з.д 771-721), ежелгі грекиялық мемлекеттер жүйесі (б.з.д 510-338), еуропалық династиялар дәуірі (1300-1559 ж.), діни үстемдік дәуірі (1559-1648 ж.), мемлекеттік суверенитеттілік режимінің пайда болу және гүлдену кезеңі (1648-1789 ж.), национализм кезеңі (1789-1914 ж.), идеологияның үстемдік кезеңі (1914-1974 ж.).

Е. Луард аталған тарихи жүйелерді көрсете отырып, оларды идеология, элита, мотивация, акторлар қолданатын құралдар, стратификация, ережелер, рөлдер, институттар сияқты концептуалды құралдар арқылы талдайды. Көрсетілген өтпелілерге сүйене отырып, автор олардың әрқайсысының халықаралық жүйелердің құрылымы мен қызмет етуіне, олардың кеңістік пен уақыттағы өзгерістеріне ықпалдарын анықтайды.

Б. Коранидің ойы бойынша, суреттеліп отырған кешенді тәсілдің бірнеше басымдықтары бар: ол М. Капланның тәсіліне қарағанда нақтырақ және түсінікті; ол тарихшы мамандармен жинақталған қомақты эмпирикалық материалдарға, саясаттану және өзге де элеуметтік пәндердің жетістіктеріне негізделеді; соңында, оның шешімдерін тексеру тұсынан да, халықаралық жүйелерді зерттеудегі жекелеген әдіс ретінде де ыңғайлылығы және қарапайымдылығымен сипатталады.

Сонымен қатар, халықаралық қатынастарды жүйелік зерттеуде эмпирикалық тәсіл деп аталатын тәсіл де бар. Ол халықаралық қатынастар тәжірибесінде шынайы бар белгілі бір географиялық аймақтар шеңберінде өзара әрекеттесулеріне сүйенеді. Дәстүрлі тарихта тәсілден айырмашылығы ол ғаламшардың кез келген аймағындағы халықаралық саяси жағдайдың ерекшелігін сол жерде қалыптасқан жүйелік байланыстармен, актордың мінез-құлқы мен іс-әрекетіне мынадай факторлардың: күштің жалпы аймақтық қатынасы, элеуметтік мәдени реалийлері, аймақтық халықаралық ұйымдар, т.б. әсер ету деңгейін анықтауында болып тұр. Басқаша айтқанда, халықаралық акторлардың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін түсіндіретін заңдылықтарды іздеуі және мұндай заңдардың мәні мен болуына қатысты шешімдердің дедуктивтілігі осы тәсілдің басты ерекшелігі болып отыр.

Халықаралық қатынастарды жүйелік зерттеудің өзге тәсілдері бар, оларда түрлі теориялық мектептер мен бағыттардың өкілдерінің позицияларының сәйкессіздіктері байқалады. Бәрібір де олардың арасында айтарлықтай айырмашылықтар аз, ал бір қарағанда байқала бермейтін принципалды келісімдер көп. Шынында, дәстүрлі тарихи тәсілден басқасы, олардың барлығы да халықаралық жүйелердің қызмет етуінің заңдылықтарының болуына тоқталады (алайда жүйелердің өздері де, олардың қызмет етуінің заңдылықтары да әртүрлі түсінілуі де мүмкін).

Түрлі тәсілдердің сәйкестігі және өзара толықтырулары өзге де маңызды сұрақтарда көрініс табады. Мысалы, мемлекеттердің іс-әрекеттерінде олардың ең ірілері мен беделділері сверждер-жавалары арасындағы қатынастардың сипатына тәуелділігі мойындалады. Барлық халықаралық жүйелердің ортақ сипаты ретінде оларда ең мықты мемлекеттер және олардың арасындағы қатынастар типі басымдыққа ие болатынын айтуға болады. Сонымен, халықаралық жүйелердің түрлі типтері мен оларды классификациялау критерийлерінің болу мүмкіндігіне жол беріледі.

Мемлекетаралық қатынастар жүйесінің құрылымы. «Құрылым» ұғымы оның күрделілігінің түрлі деңгейлерін білдіретін бірнеше аспектілері бар:

- а) жүйе элементтерінің арақатынасы;
- ә) жүйеге элементтерді ұйымдастыру тәсілі;
- б) өзінің элементтерінің өмір сүруінен шығатын күштеулер мен шектеулері.

Кейде осы немесе өзге аспектілерге зерттеу мақсаттарына қарай өзіндік мағына беріледі. Француздық зерттеуші Жак Эрман көрсетеді: «жүйе құрылымы дегеніміз жүйенің элементтерінің жай синхронды қосылысы; жүйенің ұйымдастырылуы бұл құрылымның диахроникалық принциптері мен құрылымның уақытта өзіндік идентификациясын қамтамасыз ететін синхронды қосылыстары» мемлекетаралық қатынастардың құрылымы бұл барлық жүйелердегілер секілді жүйенің даму үрдісінде пайда болатын жүйе элементтерінің байланысының ерекше түрі.

Стэнли Хоффман өз кезегінде құрылымды жүйедегі «күштің жіктелуі және иерархиясы» ретінде түсінеді. Ал К. Уолтц «жүйені мен осыған сәйкес күш жіктелетін ерекше схема ретін-

де түсінемін» дейді. Мемлекетаралық қатынастар жүйесінің құрылымының «күштік» түсінігін ашық түрде М. Бречер тұжырымдады, яғни ол бойынша кез келген жүйенің маңызды құрылымдық сипаты ол «күш конфигурациясы» (жіктелуі және деңгейі). Мемлекетаралық қатынастар жүйесінің мұндай күштік құрылымын сынап отырып, Ч. Маклелланд оның қайнар көзі ретінде мемлекеттер мұндай жағдайда оның элементтері ретінде қабылданатындығын айтады. Осы ретте автор «халықаралық жүйе байланыстардан және байланыстар құрылымынан тұрады» дейді.

Халықаралық қатынастар жүйесі құрылымы өзінің элементтерінің қатынастарының анықталған иерархиясына ие. Бұл иерархия шарттылық және схематизм шарттарын ескере отырып, қатынастардың бірнеше шынайы және аналитикалық деңгейлері, нақтырақ айтсақ жаһандық, аймақтық, субаймақтық, халықаралық жағдайлық, топтық, екі жақты ретінде көрініс табуы мүмкін. Егер де аталғандардың алғашқы үшеуі вертикалды сипатта болса, соңғы үшеуі аталған деңгейлердің кез келгенінде пайда болады. Мысалы, АҚШ және оның өзге елдермен қарым-қатынасы (Қытаймен, Ресеймен, Жапониямен, Батыс Еуропамен) жаһандық деңгейде, аймақтық деңгейде (Таяу Шығыс, Жерорта теңіздік, Оңтүстік Шығыс Азия), субаймақтық деңгейде (Шығыс Жерорта теңізі, «корейлік» аймақ, Парсы шығанағы, Оңтүстік Еуропа), топтық деңгейде (НАТО, ЕО, АСЕАН, НАФТА, ОПЕК), екі жақты жоспарда (АҚШ, Ресей жаһандық деңгейде, АҚШ және Сауд Арабиясы аймақтық деңгейде, АҚШ және Таиланд субаймақтық деңгейде, АҚШ және Куба халықаралық ситуативті деңгейде, АҚШ және Бельгия топтық деңгейде, АҚШ және Швеция екі жақты деңгейде) маңызға ие.

Кейбір зерттеушілер (Э.А. Поздняков, К. Кайзер, Д. Сингер, О. Янг т.б.) бойынша, көрсетілген қатынастар деңгейін халықаралық қатынастар құрылымы шеңберіндегі жүйешік ретінде де қарастыруға болады дейді, бұл өз кезегінде зерттеушілік немесе танымдық міндеттерді шешуде жемісті болуы мүмкін.

М. Бречер бойынша, жүйешік концепциясы келесідей алты принципке сай келуі керек:

1) қатынастар жүйешігінің көлемі географиялық аймақпен шектелуі керек;

2) қатынастар жүйешігі кем дегенде үш халықаралық акторлардың қатынасын біріктіруі керек;

3) өз кезегінде бұл акторлар мен қатынастар жиынтығы өзге де халықаралық субъектілер тарапынан төл қауымдастық, жаһандық жүйенің аймағы немесе бөлігі ретінде мойындалуы керек;

4) жүйешік мүшелері өздерін осылар ретінде санау керек;

5) жүйешіктің күш субъектілері жаһандық жүйенің күш субъектілерінен кем болуы керек;

6) жүйешіктегі өзгерістер жаһандық жүйеге емес, керісінше жаһандық жүйедегі өзгерістер жүйешікке әсер етуі керек.

Халықаралық қатынастар жүйесінің ортасы. Өзіміз байқағандай, құрылым дегеніміз жүйенің элементтеріне жасайтын әсерлерінің жиынтығы. Алайда, көптеген әсер етулер немесе күштеулер жүйенің осылай өмір сүруінен емес, жүйе мен оның ортасының арасындағы қатынастардан туындайды. Орта түсінігі жүйелік анализдің фундаменталды ұғымдарының бірі. Ол маңызды әдіснамалық мәнге ие, жүйенің қызмет етуі мен эволюциясына көмектеседі.

Жалпы мағынада жүйе ортасы ретінде оны қоршаған нәрселер түсініледі. Бірақ мұндай тым жалпы түсінікті одан әрі нақтыламаса мағынасы болмайды. Мұндай нақтылау барысында қоғамдық және табиғи жүйелерге де қолданылатын, сыртқы және ішкі ортадан басқа орта түсінігі бары анықталды. Сонымен қатар, әлеуметтік орта (пайда болуы адамзаттың өмір сүруі мен қоғамдық қатынастармен байланысты іс-әрекеттер жиынтығы) және әлеуметтік емес орта (табиғи қоршаған орта, географиялық ерекшеліктер, табиғи ресурстардың, табиғи шекаралардың орналасуы, т.б.). Аралық түр ретінде кейде қоғамның техникалық негіздерінің өзгерістері барысынан туындағын әсер етулер мен күштеулер, өзге жағдайларда техникалық (экономикалық, әскери саяси, дипломатиялық, т.б.) орта әлеуметтік (қоғамдық) ортаның элементі ретінде түсініледі.

Сыртқы орта (энвайромент) – бұл, оған белгілі бір күштеулер мен шектеулерді көрсететін жүйенің айналасы: ауа райы, жергілікті жер ландшафты, шекаралар конфигурациясы, пайдалы қазбалар, т.б. мемлекеттер мен халықаралық қатынастардың өзге де акторларының өзара әрекеттеріне айтарлықтай әсер етеді. Кейде мұндай ықпал етулер шектен тыс болуы да мүмкін,

бұл қоғамның дамуының ерте кезеңдеріне де, экологиялық мәселелердің тым ушығып тұрған қазіргі кезеңіне де тән.

Ішкі орта (контекст) – бұл жүйе элементтерінің жүйеге жаппай отырған күштеулер жиынтығы: кез келген бір мүшедегі ауру тұтас организмде ауру тудыруы мүмкін; ал заң шығарушы немесе атқарушы биліктің деградациясы саяси жүйенің тепе-теңдігінің бұзылуына және дағдарысына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, құрылымға қарағанда орта бұл жүйеден тыс сипаттағы күштеулер жиынтығы. Бұл сыртқы сонымен қатар, ішкі (орынмен қоса әлеуметтік және әлеуметтік емес) ортаға да қатысты. Бұл көзқарас тұсынан қарағанда аймақтық күш қатынасының екі немесе бірнеше мемлекеттердің өзара қарым-қатынасына әсері (Латын Америкасы) бұл жағдайда ортаның әсері емес, халықаралық қатынастардағы аталған жүйешіктің сипатымен анықталатын күштеу ретінде түсіндіріледі. Керісінше, мемлекеттер арасындағы қатынастардың сипатындағы өзгерістер мысалы табиғи факторлар (балықтың белгілі бір түрлерімен байланысты табиғи ареалдардың азаюымен байланысты Исландия және Норвегия арасындағы «треск соғыстары») әсерімен туындаса, бұл жағдайда олар табиғи ортаның өзгерістерімен анықталатын ситуативті ретінде қарастырылуы мүмкін.

Көрсетілген ұғымдар әлеуметтік қатынастарда жүретін үрдістерді түсіну және түсіндіруді жеңілдетеді. Сонымен қатар, олар шынайылықты айқын көрсетеді, осының салдарынан, шартты сипатқа ие болады, немесе олар суреттейтін шынайылық өте күрделі. Бұл халықаралық қатынастар жайлы айтқанда да маңыздылыққа ие.

Халықаралық қатынастар ортасының ерекшеліктері. Шынында, мемлекетаралық, мысалы аймақтық қатынастардың жүйесін, құрылымын, ортасын көзге елестету оңай. Осылай Еуропалық Одақтың құрылымын оған мүше елдердің экономикалық, дипломатиялық, әскери саяси, мәдени және өзге де өзара қарым-қатынастарының ұйымдастыру тәсілі ретінде көрсетілуі мүмкін. Бұған қатысты орта есебінде өзге мемлекеттердің, сонымен қоса түрлі халықаралық ұйымдар мен өзге де акторлардың аймақтық географиялық деңгейдегі (еуропалық), саяси деңгейдегі (БҰҰ және оның институттары, Американдық мемлекеттер Ұйымы,

Африкандық бірлік Ұйымы, Араб мемлекеттерінің Лигасы, ОС-НАА, т.б.), экономикалық (ОЭСР, ОПЕК; ЕАСТ, ЛАЭС т.б.) және т.б. деңгейдегі жиынтығы бола алады. Бұл ортаның әрбір элементі ЕО жүйесінің қызмет етуі мен дамуына әсер етеді, оның нәтижесі ретінде жүйеде орын алып отырған кез келген өзгерістер және осы өзгерістерге Еуропалық Одақ тарапынан реакцияны («жауаптар») айтуға болады.

Қазіргі әлемге тән дихотомиялық бірлік пен мәдениет пен өркениет плюрализімімен байланысты көп түрлі процесстер әлеуметтік («интрасоциеталды») ортаны құрайды, бұл өз кезегінде халықаралық қатынастардың эволюциясы мен сипатына айтарлықтай әсер етеді. Сонымен қатар халықаралық жүйеге өзінің шектеулері мен күштеулерін көрсететін әлеуметтік емес, яғни «экстросоциеталды» орта да маңызды. Халықаралық қатынастардың орталарының осы аспектісін зерттеу көбіне «геосаясат» ұғымымен байланысты.

Әлеуметтік емес орта. Халықаралық қатынастар туралы ғылымдағы геосаясаттың рөлі. Геосаясатты, әдетте халықаралық қатынастарды мемлекеттер арасындағы күштік қатынастар ретінде көрсететін саяси реализмнің тармақтарының бірі ретінде көрсетеді.

«Геосаясат» терминінің пайда болуы шведтік профессор және парламентарий Рудольф Челленнің (1846-1922) атымен байланысты, ол мықты мемлекет құру мақсатында басқару жүйесін зерттей отырып, саясаттың өзара әсер етуші, тығыз байланысты бес элементі: экономсаясат, демосаясат, социосаясат, кратосаясат, геосаясаттың үйлесімде болуы керек деген шешімге (1916 жылы) келді.

Геосаясаттың негізін қалаушылар ретінде Геродот пен Аристотель, Н. Макиавелли мен Ш. Монтескье, Ж. Боден мен Ф. Бродель саналады. Алайда геосаясат тек еуропалық өркениеттің туындысы саналмайды. Қытайлық ойшыл Сун Ци б.з.д. VI ғасырда ұтымды әскери саясат жүргізу үшін стратег білуі керек жергілікті жердің алты типінің және кеңістіктің тоғыз типінің сипаттамасын жасаған. Ибн Халдун XIV ғасырда адамзаттық бірлестіктердің (қазіргі терминологияда әлеуметтік қауымдастық) рухани күшін, оның бірігуге, қуатты империяны жаулап алу және сақтап қалу

қабілеті мен қабілетсіздігін табиғи ортадан туындайтын импульспен байланыстырды. Бірақ, геосаясат XIX ғасырдың аяғында неміс географы Фридрих Ратцель (1844-1904) және оның оқушылары мемлекеттердің қалпына, ол алып жатқан кеңістік пен оның шекараларына негізделетін география мен саясаттың арасындағы өзара қарым-қатынасты зерттеуге бағытталған дисциплинаны жасаған кезде пайда болды. Ф. Ратцель бойынша, кеңістік сезімін меңгерген халықтар ғана ұлы бола алады. Нәтижесінде, қарастырылып отырған халықтың динамизміне қатысты шекаралар азаюы және кеңеюі мүмкін. «Үшінші Рейх» кезеңінде осындай идеялар Ф. Ратцельдің отандасы К. Хаусхофердің (1869-1946) қауіпті теориясы «өмірлік кеңістіктің» туындауына әкелді. Бұны өз кезегінде ұлтшылдар өздерінің жаулап алу саясатын түсіндіруге пайдаланды.

Геосаяси идеялардың дамуына салмақты үлес қосқан ағылшындық географ және саяси қайраткер Х.Д. Макиндер (1861-1947), американдықтар – адмирал А.Т. Мэхэн (1840-1914) және Йельск университетінің профессоры Н. Спайкмен (1893-1943). Адмирал Мэхэн 1900 жылдан бастап теңіздік және құрлықтық мемлекеттердің антогонизмі идеясын және Еуразиялық континенттің айналасындағы тіреуіш пункттердің бірқатарына бақылау жасау жолымен мүмкін болатын теңіздік мемлекеттердің әлемдік басымдыққа ие екендігі туралы идеяны ұсынады.

Өзінің негізгі идеяларын Хэлфорд Джон Макиндер «Тарихтың Географиялық осі» (1904), «Демократиялық идеалдар мен шынайылық» (1919) пен «Әлемдік шеңбер мен әлемді жаулап алу» (1943) сынды белгілі кітаптарында көрсетті. Онда ол «Әлемдік арал» және «Орталық жер» («Хартленд») ұғымдарын қалыптастырды. «Әлемдік арал» Еуропа, Азия, Африка сынды үш континенттің бірігуін білдіреді. Ал «Орталық Жер» ұғымы Солтүстік Мұзды Мұхитынан азиялық далаларға дейінгі, Германия және Солтүстік Еуропаға шыға отырып, оның орталығы Ресей болып табылады. Адриатикадан (Венециядан шығысқа қарай) Солтүстік теңізге дейін (Нидерландтан шығысқа қарай) тік сызық жүргізе отырып, ол Еуропаны өзара бірікпес екі бөлікке – Хартленд және Коустленд (Жағалаулық жер) бөледі. Осы ретте Шығыс Еуропа екі бөліктің де тартылу зонасы, яғни тұрақсыздық

зонасы болып табылады. Германия славяндарға билік жүргізуге таласады (Вена және Берлин орта ғасырда славяндық болды, ал Эльба славяндық және славяндық емес халықтар арасындағы табиғи шекара ретінде белгілі).

Х. Макиндер осылайша қазіргі біздің әдебиетімізде кең қолданылатын «геосаяси императив» ұғымын енгізді, ол бойынша: кім Шығыс Еуропаны билесе, ол Орталық Жерге билік жүргізеді, кім Орталық Жерге билік жүргізсе, ол Әлемдік Аралды билейді, ал кімде кім Әлемдік Аралды билесе, ол бүкіл әлемге үстемдік етеді. Алайда аталған «императивті» қолданатындар геосаясаттағы беделді тұлға, Макиндердің замандасы К. Хаусхофер де осы императивке сыни тұрғыда қарағанын ескере бермейді. Ал бұл сынды қазіргі геосаясаттағы мамандар арасында оның ішінде Ив Лякост жоғары болып табылады.

Николас Дж. Спайкмен «Әлемдік саясаттағы Американдық стратегия. Құрама штаттар мен күш балансы» (1942) атты өз еңбегінде стратегиялық ауыртпалықты «Римленд» ұғымына негіздейді. Бұл ұғымда территориялық аймақтардың кең түрі түсініледі, мысалы КСРО мен әлемдік аралды біріктіруші, Батыс Еуропа арқылы өтегін Балтикадан Орталық және Оңтүстік және Шығыс Азия аймағы, Жерорта теңізі және Таяу Шығыс. Спайкменнің ойы бойынша, римленд Орталық Жердің перифериясы санала отырып, кеңестік экспансиямен күресу және оны ұстап тұратын платформа қызметін атқару керек. Өз мағынасы бойынша «Римленд» ұғымы Макиндер атаған «ішкі маргиналды дуга» ұғымына сай келеді. Спайкменнің дәлелдеуі бойынша, географиялық Хартленд болуы мүмкін біріншіден, оның әлжуаздығы стратегиялық авиация мен өзге де жаңа қару жарақ түрінің дамуымен бұзылған. Ал екіншіден, Макиндер болжамдарына қарамастан, ол әлемнің ең бір жетекші аймағы бола алатындай экономикалық дамудың деңгейіне жете алған жоқ. Спайкменнің айтуы бойынша, бірінші және екінші дүниежүзілік соғыста да шешуші күрес Хартленд аймағында және соны иелену үшін болған жоқ, керісінше Римлендтің жағалаулары мен жерлерінде болды. Әлемдік үстемдік Шығыс Еуропаны билеуге байланысты емес, сондықтан Макиндер афоризмінен бас тарту керек, «әлемнің тағдырын Римлендті бақылауында ұстаған адам бақылайды».

Германиядағы билікке ұлтшылдар келгеннен кейін геосаясат «нәсілдік үстемдік», «өмірлік кеңістікті жаулап алу», Германияның өзге әлемге үстемдік етуінің ұлы тарихи миссиясын» түсіндіруде белсенді түрде қолданыла бастады. Сонымен қатар, Еуропалық және американдық зерттеушілер ұғымның өзінің ғылыми негізделгендігі жайлы күмәндана бастады.

Сонымен қатар, ғалымдардың бір бөлігі оны еуропалық тәртіпті өзгертуге ұмтылушы әрекеттерді ақтауға бағытталған, билік үшін күресте үгіт насихаттық құрал ретіндегі псевдо ғылыми неологизм ретінде қарастыра бастады. Өзгелер, тұтасымен ұғымды жоққа шығармай, оның құралдық мүмкіндіктеріне қатысты сенімсіздік білдіреді. Ал үшінші топтың айтуынша, геосаясат нақты ғылыми нәтижелер беруге қабілетті, бірақ саясат пен мемлекеттердің немесе олардың одақтарының географиялық және кеңістік сипаттарының өзара әрекеттесулерін көрсететін тар салада жүзеге асыруға қабілетті деп айтады. Ал төртіншілердің ойы бойынша, геосаясатты ғылым немесе пән ретінде емес, географиялық орта мен мемлекеттердің халықаралық іс-әрекеттерінің өзара байланыстарын ескеретін социологиялық тәсілдің әдісі ретінде ғана қарастыру керек.

Соңғы уақытта, геосаясатты халықаралық аренада өз мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін потенциалдың негізін мемлекеттің физикалық және әлеуметтік, материалдық және моральдық ресурстарының жиынтығы деп түсіндіреді. Мұндай көзқарастың өкілі Пьер Галлуа.

П. Галлуаның көзқарасы бойынша, геосаясаттың дәстүрлі элементтеріне: мемлекеттің кеңістікті территориялық сипаттамалары (оның географиялық орналасуы, аумағы, шекаралар конфигурациясы), оның ландшафтысы, ауа райы, халқының көлемі мен құрылымына, бүгінде халықаралық саясатқа әсер етуші факторлардың басымдықтарының өзгерісін ескеретін жаңа элементтер қосылуда. Бұл жерде мәселе ең алдымен жаппай қырып жою қаруларының, оның ішінде ракеталы ядролық қарудың пайда болып таралуы мемлекеттердің алыстығына, климатына, халқының санына қарамастан мемлекеттердің күш қуатын теңестіреді.

Сонымен қатар, дәстүрлі геосаясат адамдардың массалық мінез-құлқын ескермеді. Оған қарағанда қазіргі заманғы геосаясат ақпарат құралдары мен байланыстың дамуы, мемлекеттік саясатқа халықтың араласу феноменінің таралуы және оның салдары адамзатқа ядролық катаклизм салдарымен теңесе түсуде. Сонымен, дәстүрлі геосаясаттың зерттеу алаңы Жерлік кеңістік, теңіз және құрлықпен шектелді. Қазіргі заманғы геосаяси анализ ғарыштық кеңістікті игерудің бүгінгі мен болашағының күштің орналасуына әсерін, әлемдік саясатқа ықпалын ескеру керек.

«Классикалық» геосаясат бойынша, мемлекеттердің халықаралық саяси іс-әрекетіне тұрақты және үздіксіз әсер ететін фактор ол географиялық орта.

Геосаясат әлі де халықаралық қатынастарды зерттеуде және мемлекеттердің және үкіметтердің халықаралық стратегияларын зерттеуге әсер етеді. АҚШ-тың саяси тарихын зерттей отырып, П. Галлуа бұл елдің күш қуатының негізі кеңістік болды деген идеяны негіздеді. Біріншіден, Ескі Әлемнен алыстығы американдықтар үшін оның заңдарынан, институттарынан, моралінен бас тартып, қашықтық және мұхитпен қорғалған жаңа қоғам құруға мүмкіндік берді. Ал екіншіден, американдық континенттің ауқымының үлкен болуы эмигранттар үшін алғашқы да қауіпті болса, олардың ұрпақтарының авантюралық және кәсіпкерлік рухта болуына және ұлттың ұлылығының негізіне айналды.

Аталған мысалдар арқылы Х. Макиндер, Р. Челлен, К. Хаусхофер, Ф. Ратцел, А. Мэхэн, Н. Спайкмен және т.б. геосаясаттың «классиктері» мен теориялық негізін қалаушылардың негізгі идеялары, теңіздік және құрлықтық мемлекеттер арасындағы қатынастарды түсіндіру мысалдары сверхдержавалардың генералды штабтары мен саяси орталарында көрініс тауып, олардың жаһандық амбицияларының «ғылыми» негізін құрады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, геосаяси құндылықтар американдық «кеңестік экспансияны тоқтату» стратегиясында, КСРО-лық басшылардың оның мемлекеттік шекараларынан батысқа қарай «санитарлық кардон» құру және сақтап қалуында, «Брежнев доктринасында» көрініс тапқан. Бүгінгі күндері геосаяси идеология элементтері сверхдержавалар және

олардың әлемдік аренадағы іс-әрекетінен ғана емес, аймақтық квазисверхдержавалардың (мысалы, Ирак және Түркия) экспансиялық саясатынан, мемлекеттердің ұлттық шекараларынан алыста орналасқан территорияларға стратегиялық немесе экономикалық үстемдік орнатудағы бәсекелестіктерінен көрінеді.

Аталғандардың бәрін мойындай отырып, әлемдік реалийлерді түсіндірудегі (болжауды айтпағанда) геосаяси түсіндірмелердің шектеулілігін білу керек. Халықаралық жүйелердің анализінің геосаяси шеңберіне қарамастан, бұл шеңберлер оларды түсіндіруде тым тар.

Геосаясат өз шешімдерін аргументтеуде орталық негізгі тәсіл ретінде Ив Лякост өз дәрістерінде айтқан ойлау мағынасында, сонымен қатар театрда ойнайтын актердің өз персонажын елестету мағынасында да «елестету» тәсілі қолданылады. Көрсетілген эпистемологиялық тәсіл әлеуметтік ғылымдар да кең қолданылады, сонымен қатар, олардың дамуында маңызды орын алады. Геосаясаттың ерекшелігі, оның ерекшелігі мынада: бұл жерде «елестету» өзіндік сипатқа ие болады, көбіне фантастикалық және мистикалық талдамалар мен болжамдармен толықтырылады.

Байланыс құралдары мен транспорттағы революция, ақпараттың дамуы мен қаруланудың жаңаша түрлерінің пайда болуы адам мен орта қатынастарын, «үлкен кеңістіктер» мен олардың рөлі туралы түсініктерді радикалды түрде өзгертеді, кеңістікті географиялық, демографиялық, экономикалық факторларының жиынтығы мемлекеттің күш қуатының құраушы деген түсінікті ескірген және толық емес екендігін көрсетеді. «Геосаяси сөздік» ғылыми қаталдыққа ие болуға әлі де лайықты емес. «Солтүстік және Оңтүстік», «Батыс және Шығыс», «Теллурократия және Талассократия» баламалары «бай» және «кедей», «дамыған, өркениетті», «дамымаған, өркениетсіз», «құрлықтық», «теңіздік» (аралдық) мемлекеттер мен олардың одақтарының поляризациялануы жайлы жалған елестетуден кепілдендіруде тым метафоралы сипатта.

«Рим» мен «Карфагеннің» тарихи қарсыласуының қалпы, авторитаризм мен демократизм жайлы, құрлықтық және теңіздік державалардың күресі тым категориялық сипатта және өткендегі, қазіргі, болашақтағы мемлекеттер мен халықтардың

өзара әрекеттесулерінің барлық қиыншылықтарын түсінуде әдіснамалық бағыт ретінде қызмет етуде лайықты емес екендігін байқауға болады. Геосаясаттың классиктерінің және қазіргі заманғы жақтаушыларының концептуалды құрылымдары көбіне фантастикалық сипатта, олардың аргументтері контраргументтерге қарағанда сенімсіз.

Айтылғандар мемлекеттерді трансшекаралық қатынастардың негізгі акторы рөлінен шектететін, көбіне мұндай қатынастардың бағыттарын өзгертетін халықаралық қатынастардың әлеуметтенуімен байланысты жаңа тенденцияларға ерекше қатысты.

Жоғарыда айтылғандармен байланысты қазіргі халықаралық жүйеге оның ортасының ықпалы анық емес екенін байқауға болады. Мұндай ықпал етудің нәтижелерінің бірі ретінде адамзаттық қатынастың барлық жақтарының, қоғам ішілік және халықаралық қатынастардың, объективті және жалпы әлемдік интеграциялық үрдістердің өзара интернационализациясы, әрекеттесуінің бірден өсуі, жалпы әлеуметтік тенденциялардың өсуін көрсетеді. Алайда, халықаралық қатынастардың әлеуметтенуіне әкелетін бұл жүйелік факторлар жаһандық азаматтық қоғам құруға көмектеседі, ғылыми техникалық, экономикалық, әлеуметтік, саяси дамудың түрлі деңгейінде тұрған түрлі мемлекеттердің өндірушілік күштерінің біркелкі емес өсуімен қатар жүреді. Ұлттық мемлекеттік ерекшелік, саяси кереғарлық, түрлі мемлекеттердің экономикалық мүдделерінің қақтығысы, жаһандық халықаралық жүйеде қысымның күшеюі, оның тұрақсыздығын күшейтіп, жанжалды потенциалы сақталып, кей жерлерде өсе түсуде. Бір уақытта интеграциялық үрдістер бір бөлігі болып табылатын халықаралық серіктестіктің көптүрлілік формалары қалыптасуда.

1. Жүйелік теориясы. Жүйелік теориясының негізін қалаушы ретінде батыстық зерттеушілер жұмысы осы салада кең ғылыми мойындалған АҚШ-қа эмиграцияланған австриялық ғалым Людвиг фон Бертоланфиді көрсетеді. XX ғ. 30-жылдары ол ашық биологиялық жүйелер туралы теориясын ұсынса, 40-жылдары қағидалары мен заңдылықтарын қосатын жүйенің жалпы теориясын ұсынды. Алайда, бұл жүйелік тәсіл бұрын қолданылмады дегенді білдірмейді. Мысалы, Томас Гоббстың «Левиафан» атты белгілі жұмысының бір тарауы «Жүйелер туралы...» деп

аталған (XVII ғ.), ал XX ғ. 20-жылдары орыс ғалымы А.А. Богданов «жүйе», «элемент», «байланыс», «құрылым», «орта», «тұрақтылық» сияқты жүйелік тәсілдің барлық негізгі түсініктері талданған «Жалпы ұйымдық ғылым» атты екі томдық еңбегін жариялады.

Жүйелік тәсіл – халықаралық қатынастар туралы ғылымның басты игілігі ретінде XX ғ. 50-жылдарының ортасында қалыптаса бастады деп есептеуге болады. Оның ХҚТ қолданылуы осы саладағы зерттеулерге ғылыми қатаңдық, негізделгендік пен эмпирикалық верификацияланғандықтың болуына үміт тудырады. «Мысалы, С. Хоффман жазғандай, жүйелер идеясы күмәнсіз, жемісті концептуалдық негіз береді. Ол халықаралық қатынастар теориясы мен сыртқы саясат теориясы арасындағы айқын айырмашылық жүргізуге мүмкіндік береді, сонымен қатар, екеуінің де сәтті дамуына септігін тигізеді». Р. Либер «Теория және әлемдік саясат» (1972) кітабында көрсетеді: «халықаралық қатынастарды кең теориялық зерттеулерде соңғы онжылдықта жүйелік тәсілдің басым болғандығын айту артық емес. Ол халықаралық қатынастарды «жаһандық өзара тәуелділік» жүйесінің тарапынан қарастыра отырып, күмәнсіз артықшылықтар қатарын береді, ХҚ-ды зерттеуді құбылыстардың үлкен байланысы мен зор болашақтар бағытына қарай бағыттың өзгеруіне мүмкіндік береді. Ол сонымен қатар, пәннің жаңа және бұрын ескерілмеген аспектілерін зерттеуге мүмкіндік береді және көп жағдайда әсерлер мен интуицияға негізделген немесе жекелеген оқиғалар мен үрдістердің тарихи ерекшеліктері мен қайталанбайтындығына ерекше көңіл аударуға негізделетін жұмыстар дәстүрлі басымдыққа ие болатын нақты зерттелетін салаға жалпы және ғылыми тәсілдің негізін көрсетеді. Дж. Розенау, ХҚ ірі теоретиктерінің бірі, «халықаралық қатынастарды зерттеулердің жетістіктерінің ішіндегі ең маңыздысы – әлемді халықаралық жүйе ретінде қарастырудың өсіп келе жатқан тенденциясы» деп жазған. Бұл саладағы Ресейлік алғашқы жұмыс ретінде Э.А. Позднякованың бүгінгі күнде де өз құндылығын жоғалтпаған “Жүйелік тәсіл және халықаралық қатынастар» (1976) атты монографиясын атауға болады.

2. Жүйелік теориясы. Жүйелік теориядағы негізгі түсініктердің қысқаша мазмұны келесідей түрде келтірілген:

– Л. Берталанфи «бір-бірімен өзара қатынаста болатын элементтер жиынтығы» деп анықталған «жүйе» түсінігі ол үшін бастама болады;

– “элементтер” – бұл жүйенің ең қарапайым құрауыш бөліктері, олардың арасындағы қатынастардың белгілі бір типтері жүйені сыртқы ортадан ажырататын оның субъектілері;

– “орта” жүйеге ықпал ететін және ол өзара әрекеттесетін нәрсе, ортаның екі түрі анықталады, сыртқы орта (жүйенің қоршаған ортасы – environment) және ішкі орта – контекст;

– “құрылым” жүйенің өзінің қиындығының түрлі дәрежесінің бірнеше аспектілерін көрсететін түсінік:

а) жүйе элементтерінің арақатынасы, олардың байланыстарының жиынтығы;

ә) элементтерді жүйеге ұйымдастыру тәсілі;

б) жүйе мен оның элементтерінің өмір сүруінен шығатын шектеулер мен мәжбүрлеулер жиынтығы:

– жүйелер «қызметтері» – бұл оның жүйенің тұрақтылығын сақтауға, аман қалуына бағытталған ортаға ықпал етуге жауабы.

Халықаралық қатынастарға қолданылатын жүйелік тәсілдің қағидалық ережесі олардың біртұтастығын, өзіндік құрылымға, жүйеге ие екендігін мойындауды білдіреді. Онда жүйенің элементтерімен (субжүйелермен), жүйе мен сыртқы орта арасындағы әрекеттесу жүзеге асатын гомеостазис заңы (жүйенің сыртқы ортаның ашуландыратын ықпалдарына қарамастан, ішкі тепе-теңдікті сақтау және қолдау қабілеті) әрекет етеді. Ресейлік автор Г.И. Тункин халықаралық қатынастар жүйесіне элемент ретінде келесілерді қосты:

– мемлекеттер, тәуелсіздік үшін күресетін мемлекет алдыңғы бірлестіктер, мемлекетаралық ұйымдар мен мемлекеттің өзге де одақтары;

– акторлар арасындағы қатынас;

– халықаралық құқық және өзге әлеуметтік нормалар.

Оның ойынша, бұл үш функционалдық жүйелер ХҚЖ-дегі бір «морфологиялық денеде» өзіндік өмір сүреді, яғни олар халықаралық қатынастардың полижүйесінің (супер-жүйенің) жүйешіктері болып табылады. Мұндай жағдайда, мемлекетаралық қатынастар жүйесі өзіне өзге де көптеген жүйешіктерді

біріктіретін халықаралық қатынастар жүйесімен бірдей нәрсе емес. Оның сыртқы ортасы әлемдік әлеуметтік-саяси үрдіс болып табылады. Ал ол жалпы мағынада әлемдік қауымдастықты екі өлшемде: вертикал бойынша (технико-экономикалық, рухани салалар) және горизонтал бойынша (өздерінің географиялық, аймақтық ортасымен бірге халықтар, елдер, мемлекеттер) сипаттайды.

3. Мемлекетаралық қатынастар жүйесінің құрылымы өз элементтерінің белгілі бір иерархиясына ие. Бұл иерархия қатынастардың бірнеше шынайы деңгейлерімен сипатталуы мүмкін: жаһанды, аймақтық, субаймақтық, халықаралық-жағдайлық, топтық, екі жақты. Егер де, олардың соңғы үшеуі аталған барлық деңгейлердің кез келгенінде пайда болуы мүмкін. Мысалы, АҚШ және олардың өзге мемлекеттермен қатынасы (Қытай, Ресей, Жапония, Батыс Еуропа) жаһанды деңгей үшін, аймақтық деңгей үшін (Таяу Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия), субаймақтық деңгей үшін (Шығыс Жерорта теңізі, «корейлік түйін»), топтық деңгей үшін (НАТО, ЕО, АСЕАН, НАФТА, ОПЕК), жаһанды деңгейдегі екі жақты жағдайдағы АҚШ-Ресей, субаймақтық деңгейде АҚШ-Таиланд, топтық деңгейде АҚШ-Бельгия, екі жақты деңгейде АҚШ-Швеция.

Кейбір зерттеушілер (Э.А. Поздняков, К. Кайзер, Д. Сингер және т.б.) қатынастардың көрсетілген деңгейлерін мемлекетаралық қатынастар жүйесінің құрылымының шеңберінде жүйешік ретінде қарастыруға болады деп қарастырады. М. Бречер мұндай жүйешіктер концепциясы келесідей алты шарттарға сай болуы керек деп санайды:

– жүйешіктер көлемі көбіне географиялық аймақтармен шектелуі керек;

– қатынастар жүйешігі кем дегенде үш халықаралық акторлардың қатынасын біріктіру керек;

– бұл акторлар мен олардың арасындағы қатынастар жиынтығы аймақтың ерекшелік тұтастығы немесе жаһанды жүйенің бөлігі ретінде өзге халықаралық субъектілермен мойындалуы керек;

– жүйешік мүшелері өздерін солай сезінуі керек;

– жүйешіктің күштік субъектілері жаһанды жүйе субъектілерімен салыстырғанда төмен болуы керек;

– жаһанды жүйедегі өзгерістер жүйешікке көбірек ықпал етуі керек. Керісінше болмауы керек.

4. ХҚЖ қызмет етуінің негізгі заңы. Мемлекетаралық қатынастар жүйесінде, өзге де жүйелердегідей, динамикалық тепе-теңдікті сақтау заңы тіршілік етуінің негізгі мақсаты болып табылады. Тепе-теңдік немесе «күш балансы» концепциясы санада ХҚЖ қызмет етуінің объективті заңының көрінісі болып табылады және екі формада: «күш балансы» практикалық саясаты түрінде және түрлі теориялық концепциялар түрінде көрініс таба алады. «Күш балансы» саясаты, ең алдымен, қатаң анықталған «күш» бірліктерінің бір-біріне деген арақатынасы ретінде де, өзара қатынасы ретінде де түсіндірілетін «күш арақатынасы» түсінігімен байланысты. Мұндай тәсіл батыс елдерінің ғылыми әдебиеттерінде өзінің қарапайымдылығы және айқындығының салдарынан мықтап орнықты. АҚШ-та екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған шынайы саясат мектебінің «визиткалық карточкасы» болды. Бұл мектептің негізін қалаушылардың бірі Г. Моргентау бұл ретте былай жазды: “Мемлекеттік қызметтер мен халықтар, ақырғы шотта, еркіндікті, қауіпсіздікті, гүлдену мен биліктің өзіне қол жеткізуге мүмкіндігі бар. Олар өз мақсаттарын діни, философиялық, экономикалық немесе әлеуметтік идеалдар түрінде анықтай алады. Бірақ олар өз мақсаттарының жүзеге асырылуында сыртқы саясат көмегімен ұмтылуды жүзеге асырғанның өзінде де, олар әрқашан күшке күресе отырып бұны жүзеге асырады. Әлемдік саясатта күш қауіп немесе потенциал ретінде бола отырып, ол мемлекеттің саяси күшін құраушы ең маңызды материалдық фактор болып табылады. Күш үшін күрес уақыт пен кеңістікте әмбебап».

Бұл ғалым халықаралық қатынастардың 6 қағидасын тұжырымдады:

– саясат бастауын адамның өзгермейтін және жетілмеген табиғатынан іздеу керек объективті заңдармен басқарылады;

– саяси реализм ортасында күш түсінігінде көрініс тапқан ұлттық мүдде болады;

– ұлттық мүдде объективті түсінік болып табылады. Алайда, оның нақтылығы саяси және мәдени контекстпен анықталады;

– саяси әрекеттің маңыздылығын адамгершілік тарапынан ескеру керек. Бұл ретте саяси әрекеттің адамгершілікті

ұйғарымдары мен талаптары арасында қашып құтыла алмайтын кереғарлықтың бар екендігін түсіну керек;

– ұлттық мүдде концепциясы адамгершілік көзқарас тарапынан ненің жақсы, ненің жаман екендігін анықтауда теріс пайдаланушылықтың алдын алады. Нәтижесінде, бірде-бір мемлекет рақымшылдыққа монополиялы құқыққа ие емес;

– саяси реализм адам табиғаты туралы көптеген түсініктерден бастау алады, ал ол өзіне экономикалық, саяси, адамгершілікті құрауыштарды қосады. Саясаткердің ұлттық мүддені «күдіреттілік» түсінігі арқылы анықтау экономист үшін мүддені байлық ретінде анықтаумен бірдей.

5. Күш. Моргентау бойынша, «күш» түсінігі кең мағынасында (ұлттық күш-қуаттың көрінісі ретінде) өзіне келесідей негізгі құрауыштарды біріктіреді:

- елдің географиялық жай-күйі;
- табиғи ресурстар;
- өндірістік потенциал;
- әскери дайындық (оның ішінде әскери техниканың даму деңгейі, қарулы күштердің көлемі мен сапасы);
- халық саны;
- ұлттық мінез-құлық (халықтың соғысқа қатынасы);
- ұлттық мораль (халықтың мемлекеттік саясатқа қатынасы);
- елдің күшін анықтайтын ең басты фактор ретінде көрініс табатын дипломатия сапасы.

Күштік «шынайы саясатты» жақтаушылардың айқын оппоненттері бар, олар мұндай тәсіл халықаралық өмірдің көптеген құбылыстарын түсіндіруге қабілетсіз деп санайды. Дж. Розенау «күш концепциясының» өзін анық емес және екі жақты деп санайды. Ол «күштің көптеген құрауыштары сезілмейтін, есеп пен зерттеуге қиын нәрселерден тұрады, мысалы, адамгершілік. Сезілетін және сезілмейтін құрауыштарды «мемлекеттің күші» деп аталатын біртұтас дүниеге біріктіру ең қиыны, жалпы мүмкін де емес міндет болып табылады. Шамамен осындай ойды Ч. Маклелланд ұстанады: «Күш элементтері бір-біріне әсер ететіндіктен, элементтердің қатынастарының түрлі комбинацияларының нәтижелерін бағалау қиын. Табиғи ресурстарға шектелгендік алдыңғы ғылым мен техника арқылы жабылып кетуі мүмкін.

Басшылық идеологиямен әлсізденуі мүмкін. Барлық элементтер өзара байланысқаны соншалық, бұдан туындайтын есептеу қиындықтары аса көлемді болғандықтан, кейбір зерттеушілер күшті қандай да бір ақылға қонымды нақтылықпен бағалаудан үміттерін үзеді».

Гарольд және Маргарет Спрут «егер де «күш» термині әлемдік саясаттың сөздігінен сызылып тасталынса, бұл мемлекеттер арасындағы қатынастарды одан да анығырақ түсінуге септігін тигізер еді» деп есептейді.

Мемлекетаралық қатынастардағы күш мәселесін жүйелік тәсіл тарапынан зерттей отырып, Ч. Маклелланд «күш мемлекеттердің өзара ықпалдастықтары мен өзара қатынастарымен байланысты абстрактілі атрибут ғана... Күш халықаралық саясаттың барлық саласын қамтитын ауқымды қасиет және мемлекеттерді басқару өнері емес, ол халықаралық байланыстардағы белгілі бір қатынастар түрі» деген қорытындыға келді. Бұл ғалым «шынайы саясат» мектебінің түсінігіндегі күш пен мүддеге емес, «оқиғалар ағынындағы туындайтын байланыстар мен қатынастарға» баса назар аударады. Оның түсінігінде күш арақатынасы да әрбір нақты уақыт кезеңдеріне тән мемлекеттер арасындағы байланыстардың сипаты ретінде, уақыттың әрбір дәл осы сәтіндегі мемлекеттер арасындағы байланыстардың негізгі түрлерінің арақатынасы ретінде көрініс табатындай жаңа сипатқа ие болады.

6. Жүйелік дағдарыс. Жүйедегі күш арақатынасының өзгеруі көлемдері мен ауқымдары ХҚЖ түрлі «қабаттарындағы» өзгерістер тереңдігіне тәуелді түрлі дағдарыс формаларымен, құрылымдық өзгерістермен қатар жүреді. Осы дағдарыстар арқылы жүйе жаңа күш арақатынастарына, өзінің салыстырмалы тепе-теңдігінің, балансының жаңа жай-күйіне келеді. Әлемдік ғылыми әдебиетте халықаралық қатынастар жүйесінің тіршілік әрекетінің аса маңызды құбылысы ретінде халықаралық дағдарыстардың түрлі аспектілеріне баса назар аударылады. Американдық ғалымдар арасында О. Янгтың халықаралық дағдарысты «жүйедегі күштік әрекеттер мүмкіндігін арттыратын және халықаралық жүйенің жалпы немесе оның кез келген жүйешіктеріндегі тұрақсыздандыратын күштердің ықпалын «жақсыдан» (немесе орташадан) айтарлықтай жоғары артты-

ратын жылдам дамып жатқан оқиғалардың жиынтығы» деген анықтамасын ең толық және кең ауқымды болып есептеледі.

ХҚЖ дағдарысты үрдістер олардың қайтарымысыздығымен ерекшеленеді. Егер дағдарыс әлеуметтік-экономикалық сипаттамалардың терең себептерінен туындаса, бұрынғы тепе-теңдік жай-күйін немесе бұрынғы күш арақатынасын қайта қалпына келтірумен аяқталуы мүмкін емес. Мұндай әрбір дағдарыстың мәні қандай да бір ескі қатынастарды бұзу мен оларды жаңаларымен ауыстыруда. Кейде сапалы өзгерістер құбылыстың бұрынғы мәнін сақталған елесін тудыратын ескі формаларда жүруі ол өз алдына басқа шаруа. Сондықтан да Ф. Герман халықаралық дағдарысты «жүйені немесе оның кейбір бөлігін (жүйешік, одақ немесе жеке әрекет ететін актор) бұзатын жағдай. Анығырақ айтсақ, дағдарыс негізгі жүйелік ауыспалыларда күтпеген өзгерістер тудыратын жағдай.

Халықаралық қатынастар жүйесіндегі аса маңызды дағдарыс біздің көз алдымызда екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі оның үстем етіп отырған биполярлықтың құлауы және жаңа конфигурацияның, әлемдегі жаңа күш арақатынасының қалыптасуы түрінде көрініс табуда. Теориялық көзқарас тарапынан жаңа ХҚЖ жалпы және халықаралық қатынастар жүйесі жекелей алғанда, үш нұсқада қалыптасып, жүзеге асырылуы мүмкін. Біріншіден, КСРО-ның орнын Қытай басатын биполярлы-антогонистік модель. Екіншіден, АҚШ өзі біліп істеуі мен және тек қана өз мүдделерінің тарапынан «әлемді құрумен» еркімен немесе еркінен тыс айналысуға мәжбүр болған бір полюсті – авторитарлы модель. Үшіншіден, «тарихтың қатерлері» көз алдында халықтардың көбірек бірігуі мен өзара тәуелділігі тенденциясының айқындалуымен байланысты конфронтациялық емес демократиялық жүйе. Дегенмен де, соңғы модель ең қолайлы болуы мүмкін, өмірде халықаралық қатынастардың жаңа жүйесі жоғарыда аталған барлық нұсқалардың белгілі бір формада және пропорцияда, ұзақ мерзімді өтпелі кезең жағдайында да көрініс ретінде қалыптасады.

7. Халықаралық қатынастардың сыртқы ортасының ерекшеліктері. Жалпы мағынасында барлық жүйенің ортасы – ол оны қоршайтын нәрсе. Әлеуметтік ортаны (шығу тегі

адам мен қоғамдық қатынастардың тіршілік етуімен байланысты ықпалдардың жиынтығы) және әлеуметтік емес ортаны (табиғи қоршаған ортаның, географиялық ерекшеліктер, табиғи ресурстардың таралуы, табиғи шекаралардың көптүрлілігі және т.б.) жекелей қарастырады. Сыртқы орта – жүйеге мәжбүрлеу мен шектеулерді нұсқайтын, яғни, адамзаттық өркениет, сонымен қатар, ауа райы, ландшафт, шекаралар, пайдалы қазбалардың орналасуы, т.б. жүйенің қоршаған ортасы.

8. «Өркениет» түсінігі XVIII ғ. (А. Фергюссон) пайда болды, ал XIX ғ. басында өркениеттер плюрализмі концепциясы пайда болды. «Өркениет» түсінігінде әлемдік тарихтың негізгі құбылыстар, адамзаттық қоғамның материалдық және рухани мәдениетінің бірлігі мен көптүрлілігі, оның құндылықтары, өмір сүруі мен еңбек етуінің салты уақыт өте келе шоғырлана бастайды. Бүгінде ол өзара байланысты аспектіні біріктіреді: а) әрбір кезең, әрбір қоғам, әрбір ұлт өзіндік қайталанбас өркениетке ие; ә) әрбір кезеңде, әрбір қоғамда, әрбір ұлтта жалпы адамзатқа тән элементтер бар. Адамзаттың болашаққа алға басу барысында ортақ элементтер көлемі артуда, осылайша, өркениет түсінігі жалпы планетарлық сипатқа ие бола отырып, адамзат тегінің бірегейлігін көрсетеді.

Бүгінгі жаһанды өркениет әдеттегі қоғамдық прогрестің бұлжымайтындығы және үдемелілігі туралы алғашқы пікірді күмәнға келтіретіндей кереғарлықтың ерекше жоғары дәрежесіне ие. Оның халықаралық қатынастарға ықпалын анықтауда жауаптың үш нұсқасы назарға алынуы мүмкін:

– біріншісі, өркениет пен мәдениетті осы қауымдастықтың өзгелерімен өзара әрекеттесуімен байланысты әлеуметтік тәртіптегі осы немесе өзге өзгерістерді рұқсат ететін (немесе рұқсат етпейді) бақылаушы және реттеуші инстанция ретінде түсініктен туындайды (Ресейдегі реформалаудың сәтсіздігі өзіне тән емес өзгерулердің тәсілдері мен формулаларынан бас тарта-тын ресейлік мәдениеттің ерекшелігімен түсіндіріледі);

– екіншісі, кеңірек рационалды және қазіргі заманғы болып жатқан, шын мәнінде әмбебап мәдени құндылықтарға жылжып келе жатқан мәдениет пен өркениет арасындағы айырмашылықтың тұрлаусыз, уақытша сипатын көрсететін эво-

люциялық (дәлірек айтсақ, «девелопменталистік») гипотезамен (Э. Дюркгейм, М. Вебер) байланысты;

– үшінші нұсқа, мәдениеттің ерекшелігі мен конвергенциясы туралы ережелерді біріктіретін мәдени ағындар теориясына (П. Сорокин, Т. Парсонс) негізделеді. Бұл теорияға сәйкес, салыстырмалы түрде көбірек рационалды мәдениеттер өзгелерге таралу тенденциясына ие, осының нәтижесінде халықаралық жүйе өзін-өзі реттеуші болып қалыптасады. Р. Арон дипломатияның түрлері мен әдістерінің, индустриалды қоғамның әмбебаптылығының таралуы, халықаралық құқықтық тәртіптің американдық концепциясының триумфы түрлі өркениеттердің гетерогенділігін (бірегейлігін) жоққа шығарды және қатысушылары байлық пен құдіреттіліктің бірдей құралдарын игеруге ұмтылатын бірдей халықаралық жүйеге конвергенциялануына септігін тигізді. Бұл теорияның жақтастары барлық жағдайда да жүйені құрушы еуроатлантикалық өркениет екендігінен шығады. Оның адамзат өркениетінің жетістіктерінде рөлі расында да ауқымды. Алайда батыстық модельдің құндылықтарын алудың да белгілі-бір шегі бар екендігін көрмеуге тағы болмайды. Түрлі өркениеттердің кездесуінің нәтижесі ешқашан олардың біреуінің орын басыуы немесе ығыстырылуы болмайды. Әрқашан өзара әрекеттесудің күрделі үрдісі, әрқашан өзге мәдениеттің элементтерін игеру импортер-мәдениеттің сақталуымен, ал кейде күшеюімен қатар жүреді. Батыстық өркениеттік құндылықтарды ойсыз көшіру және ұлттық дәстүрлерін жаратпау әрекеттері де, өз ерекшеліктерін оқшаулану және әлемдік өркениеттің табыстарын жоққа шығару жолымен сақтау әрекеттері де келешексіз.

9. Халықаралық ортаның жаһандануы. Халықаралық – саяси ғылымда жаһанданудың түрлі түсіндірмелері бар:

– реалсаяси парадигманың жақтастары оны «өркениеттер қақтығысы» (С. Хантингтон) рухында, Батыстың КСРО-ға қарсы қырғи-қабақ соғыста жеңісінің нәтижесі және АҚШ-тың бүкіл әлемге гегемониясының таралуының заңды үрдісі (Г. Киссинджер) ретінде, одақтардың саясатын қоса қарастыратын геосаяси қайта құру (Ф. Сашвальд) ретінде түсінеді;

– неолибералдар жаһандануды «тарихтың ақыры» (Ф. Фукуяма) ретінде қарастырады – батыстық құндылықтардың (нарықтық

қатынастар, плюралистiк демократия, адамның индивидуалды құқықтары мен еркіндіктері) бүкіл әлемге таралуындағы түбегейлі жеңісі, мемлекеттердің өзара әрекеттесуінде халықаралық құқық нормаларының кеңірек таралуы ретінде (М. Закер);

– мемлекеттердің біртіндеп өздерінің тар эгоистік ұлттық мүдделерін өткеруі мен «өркениетті елдер қауымдастығының» орнауының үрдісі ретінде, яғни, ұлттық экономикалардың өзара енуінің, қаржылардың интернационализациясының, әлемдік экономикада ТНК және ТНБ рөлінің күшеюі, ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан, кәсіпорындар мен фирмалардың тікелей бәсекелестігінің өсуінің нәтижелері ретінде қарастырылады (Р. Липшук);

– неомарксистер «жаһандану» термині мақсаты әлемде экономикалық теңсіздікті түбегейлі орнататын және орталықтың ірі монополияларының перифериялық және жартылай перифериялық аймақтарын эксплуатациялау болып табылатын монополистік капитал мен американдық империализмнің мақсатты стратегиясын білдіреді (Р. Кокс). С. Амин жаһандануды «империализм» терминінің орнын басатын түсінік ретінде қарайды, яғни оның мазмұны әлемді өзінің жекелей даму қажеттіліктеріне бағындыруға бағытталған әлемдік капиталдың саясаты деп қарастырады.

10. Дж. Розенау жаһандану жайлы. Бұл американдық ғалым «жаһандану» түсінігі мен оған мағынасы жағынан жақын «глобализм», «универсализм» және «күрделі өзара тәуелділік» сынды терминдер арасында айырмашылықтарын анықтайды. Соңғыларымен салыстырғанда «жаһандану» кең мағынаға және спецификалық мәнге ие. Ол құндылықтар мен құрылымдарға емес, адамдардың ақылдары мен мінез-құлықтарында туындайтын үрдістер мен қосылыстарға, индивидтер мен ұйымдар өзінің күнделікті істерімен айналысатын және алдарына қойған мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылатын кезде туындайтын өзара қарым-қатынастарға бағытталған. Жаһандану үрдістері ешқандай да территориялық немесе заңдық кедергілерді білмейді. Дж. Розенаудың көзқарасы бойынша, шектеусіз таралуға және ұлттық юрисдикцияны оңай өте алатын потенциалға ие өзара әрекеттер жиынтығы жаһандану үрдісі ретінде қаралуы ке-

рек. Жаһандану үрдісінің әртүрлі бағыттағы үрдістерінің бөлінбейтіндігін айқындай отырып, Розенау “фрагмеграция” (фрагментация + интеграция) терминін қолданады. Ол сонымен қатар, фрагмеграцияның экономикалық және әлеуметтік аспектілерін жаһандану мен аймақтану арасында, ал саяси аспектісі орталықтану мен орталықсыздану арасында ауытқитын үрдіс ретінде сипаттайды.

11. Д. Коляр жаһандану және оған мағынасы жақын түсініктер туралы. Франктілді әдебиеттерде «жаһандану» түсінігіне «мондиализация» термині жақын. Көптеген зерттеушілер олар бірдей мәндес үрдістерді көрсетеді деп есептейді. Алайда халықаралық қатынастанушы – ғалымдардың көпшілігі «жаһандану» термині бүгінде әлемде орын алып отырған өзгерістердің мәнін толық және адекватты түрде ашады деп есептейді. Даниель Коляр халықаралық қатынастардағы өзгерістердің көлемін сипаттайтын 5 негізгі концептілерді атайды:

– тәуелсіздікті Д. Коляр саяси шешімдер еркіндігі мен тәуелсіздіктің көрсеткіші ретінде түсіндірілетін егемендікпен тығыз қатынаста қарастырады. Алайда, жаһанданумен байланысты ешқандай да мемлекет шынайы егемендікке немесе тәуелсіздікке ие емес екендігі анық факті болып отыр;

– өзара тәуелділік Коляр түсінігінде мемлекеттердің бір-біріне тәуелділігінің байланысында көрініс табады. Ол мемлекетті аймақтану формасында немесе мондиализация формасында көрініс табуы мүмкін туындаған өзара тәуелділікті басқару мақсатында серіктесуге күштейді;

– **транснационализм** халықаралық кеңістікте ынтымақтастықтың дамуын көрсетеді, бірақ егер, «өзара тәуелділікте» мемлекет бұл байланыстарды бақыласа, ал трансұлттық құбылыстар көптеген мемлекеттердің шекараларын кесіп өтеді де, олардың бақылауынан бұлтып өтеді немесе егемендікпен келіспейді;

– **мондиализм** Колярдың түсіндіруінде халықаралық қатынастар енді мемлекетаралық жүйемен немесе мемлекетаралық қатынастармен теңдестірілмейді, ал әлем «үлкен планетарлық ауыл», «Жер – Отан», «әмбебап полис» сияқты концепциялары түрінде шекарасыз түрде көрініс табады;

– жаһандану Д. Колярда «мондиализацияның жоғарғы және соңғы сатысы» ретінде көрсетіледі.

12. А.Д. Богатуров жаһандану жайлы. Бұл ресейлік ғалым жаһандануды «үштен екісі виртуалды факті», себебі «бұл тенденцияның жиі көрініс табатын, назар аудартатын ірі құбылыстары жергілікті сипатқа ие және көбіне постиндустриалды елдер аймағында және олардан әлемнің өзге бөліктеріне интернет-электронды байланыстары арқылы көрініс табатын құбылыс ретінде санайды. Оның ойынша, жаһандану әлемнің анклавті – конгломеративті моделіне қарсы тұрады. Мұндай модель тарапынан Батыс елдерімен бір мезгілде (өз алдына «гетто-таңдаулылар» және қалған әлемге өз ықпалын таратуға ұмтылатын елдер) және олармен бірге салыстырмалы қашықтықта қоғамдардың өзге түрлері өмір сүреді. Архаикалық және модернизацияланған бастамалар бір-бірімен өзара жойып жіберу қаупінсіз қатар өмір сүретін жекелеген анклавтар құрайтын конгломераттық құрылымдарды көрсетуі олардың ерекшелігі болып табылады. Қоғамның мұндай түрлеріне Богатуров Ресейді, Қытайды, Үндістанды, Жапонияны т.б. өзге батыстық мемлекеттер қатарын жатқызады. Әлемнің бұл бөлігі, автордың ойынша, Батыстан шығатын жаһандық импульстердің ықпалын шектеуге қабілетті.

13. Жаһанданудың негізгі құрауыштары. Қазіргі халықаралық-саяси ғылымның жаһандануының талдауын бағалай отырып, оның мәнін анықтайтын факторлардың алты тобын бөлуге болады:

– ең күшті державалар оларды ескермеуге қабілетсіз болатын, бүкіл ғаламшар көлемінде бірегей ережелер бойынша қызмет атқаратын экономикалық жүйенің қалыптасу тенденциясы;

– мемлекеттік реттеу мен бақылауға бағынышты емес, қаржылық және ақпараттық трансшекаралық ағындардың өсуі;

– мемлекетаралық шекаралардың өткізгіштігінің өсуі мен мемлекеттердің дәстүрлі қызметтерінің нашарлауы нәтижесінде ұлттық-мемлекеттік егеменділігінің эрозиясы;

– «ішкі» және «сыртқы» саяси, экономикалық және өзге сипаттағы үрдістер арасындағы шекаралардың жойылуы;

– мінез-құлықтың, өмір сүру салтының, тұтыну, бос уақыттың батыстық (ең алдымен американдық) стандарттардың бүкіл әлемге таралуы;

– болып жатқан өзгерістердің болмай қалмаушылығын, олардың позитивті сипатын негіздеуге, сонымен қатар, қоғамдық келісімді және аса кең әлеуметтік және саяси күштердің батыстың және АҚШ-тың лидерлік ролінде басқарылатын әлемдік тәртіпті жасауда қамтамасыз етуге үндейтін «жаһанданудың» идеологиясын жасау.

14. Жаһанданудың салдары туралы таластар. Жаһанданудың салдарлары мәселелері бойынша зерттеушілер ұстанымдарын үш топқа бөлуге болады – жалпы алғанда, оптимистік, көбіне пессимистік және көбіне скептикалық аралық:

– Оптимистер жаһанданумен қатар жүретін басымдықтарға сүйенеді. “Financial Times” газетінің халықаралық редакциясының бас редакторы П. Мартин жаһандану нәтижесінде таралатын либералды экономика және нарықтық қатынастар қағидалары адамның өзінің табиғатына сай келеді. Одан бөлек, жаһандану мемлекеттердің айрықша құзіреттерінің тарылуы мен адамның демократиялық құқықтары мен индивидуалдық еркіндіктерінің кеңеюіне септігін тигізеді. Ю. Федоров жаһанданудың жағымды жақтарын оның саяси қатынастардағы авторитарлықты жеңіп шығуына және «тоталитарлық сананың» жойылуына септігін тигізетін ұлттар мен мемлекеттердің жаңа, аса күрделі халықаралық құрылымдарына сіңіп кетуіне әкелуінен көреді. Ол жаһанданудың басты қызметін оның жалпы «демократиялық қауымдастықтың» кеңеюіне және қоғамдық дамудың демократизациялануына, құқыққа бағытталу жанжалдарды шешудің жалғыз дұрыс жолы деп қарауынан көреді. Оптимистер адамзат адамдар өмірінің түрлі жақтарын жаһанды басқаруды қолдай отырып, жаһандану үрдісінің нәтижесінде болатын жалғыз «қайық» концепциясын жасайды. Алайда, олар тек қана оның «жолаушыларының» тең емес жағдайын ескермейді емес және жаһанды мәселелерді реттеудің жолындағы шынайы қиыншылықтарды елеспейді.

– Пессимисттер жаһандану ғаламшар көлеміндегі еркін нарық пен адал бәсекелестікті жасауға ықпал тигізбегенімен қатар,

қайта керісінше, әлемдік экономикада басымдыққа ие АҚШ, Жапония, ГФР, Ұлыбритания, т.б. дамыған елдерде капиталдардың шоғырлануының өсуіне әкеледі деп есептейді. Осы елдер мен нашар дамыған елдер арасындағы алшақтық қысқармақ түтілі жылдам өсе түсуде. Қазіргі уақытта жүзеге асырылып отырған жаһанданудың моделінің аспектілерінің көбі адамзаттың әлемдік қоғамдық қатынастардың демократизациясына деген, «әлемдік азаматтықтың» пайда болуына деген, «әлемдік қауымдастық» шеңберіндегі өзін-өзі басқаруға деген үміттерін үзеді.

– Скептиктер жаһанданудың салдарларын бағалауда шеткері ұстанымдарды қолдамайды, яғни, оның қайырлы қызметі туралы шешімдерге де, сонымен қатар, оның адамзат өркениетіне опатты ықпал етуі туралы бағалауларға да күмәнмен қарайды. Скептиктердің негізгі ойы «жаһандану» терминімен түсіндірілетін үрдістер объективті және қашып құтылмайтын үрдістер деген ойға саяды. Олар елдер мен халықтар алдында шынында жаңа мүмкіндіктер ашады, сонымен қатар, олардың алдында жаңа қауіптер туындатады, ал жаңа қауіптер жаңа кезең талаптарына саналы түрде бейімделудің стратегиясын жасау мен бай мемлекеттердің «жаһанданудың» идеологиясын қарсы тұра алуға қабілетті күшті әрі эффективті мемлекеттің болуын талап етеді. Скептиктер бүгіндегі жағдайында белгілі бір қоғамға бейтарап ықпал етуін кепілдендіруге қабілетсіздік танытып отырған жаһандық желі Интернеттің қабілетіне де күмәнмен қарайды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНІҢ ТИПОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУЛЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

1. Халықаралық қатынастарды зерттеудің түрлі тәсілдері халықаралық жүйелердің сан түрлі типологиясының болуын негіздейді. Кеңістікті географиялық сипаттарына қарай мысалы, ғаламдық халықаралық жүйе және оның аймақтық жүйешіктері, компоненттері ерекшеленеді. Ф. Брайар және М.Р. Джалили бойынша жаһандық халықаралық жүйелердің болуы барлық халықаралық өмірде өз белгісін қалдырады, бұл КСРО мен АҚШ күресінің ең басында ақ саяси шынайлыққа айналды, сонымен қатар әлемнің саяси картасында жаңа жеке халықаралық акторлардың пайда болуымен жаңаша сипат алды. Нәтижесінде әлемнің 1990 жылдарға дейінгі халықаралық жүйесі екі негізгі жанжалдасушы тізбектермен («ось»), бір жағынан Батыс пен Шығыс (идеологиялық, саяси, әскери стратегиялық күрес), екінші жағынан солтүстік пен оңтүстік (экономикалық дамыған және артта қалған) арақатынасымен сипатталады.

2. Ғылыми әдебиетте жеке функционалды жүйе ретінде халықаралық қатынастардың экономикалық, саяси, әскери стратегиялық және өзге де жүйелері қызмет етеді.

Зерттеу объектісі ретінде халықаралық қатынастардың тұрақты және тұрақсыз, жанжалды және кооперативті, ашық және жабық жүйелері көрініс табады. Мысалы, ашық жүйе – бұл өзгерістерге гомеостатикалық қарсыласу механизмі арқылы өз шекараларын сақтайтын шынайы құрылым. Жабық жүйе – бұл абстракция, өйткені ол осы элементтер жиынтығының қоршаған ортамен байланыстарының жоқ екендігін білдіреді, нәтижесінде

жабық қоғамның өмір сүру идеясын жоққа шығарады, өйткені қоршаған ортамен тұрақты қатынас оның тікелей шарты болып табылады. Жабық жүйеге шынайылықта өмір сүретін автономиялық жүйе жақын, ол бойынша қоршаған ортамен байланыс пен айырбасты сақтай отырып, оның құрылымы индивидуалдылығын сақтайды. Ерекше жағдай хаустық жүйе, ол өзінің параметрлеріндегі кішкене ғана өзгерістерге де сезімтал болады. Оның эволюциясы шарттардың аз ғана өзгерістеріне байланысты. Нәтижесінде ондағы себеп салдарлық байланыс көбіне кездейсоқ сипатқа ие болады.

3. Британдық ғалым М. Николсон жүйенің кейбір түрлерінің типологиясының өлшемі ретінде элеуметтік (халықаралық) жүйелердің ерекшелігін көрсете отырып кездейсоқтық пен анықталғандықты (детерминділікті) бөліп көрсетеді. Оның көзқарасы бойынша, кездейсоқ жүйе толығымен – оның қызмет етуіне қандай да бір элементтің ықпал ету мүмкіндігін жоққа шығарады, яғни, ол абсолютті болжауға келмейді. Керісінше, толығымен детерминантталған жүйенің мінез-құлқын болжау қиындық туғызбайды, оның қызмет етуінің себеп-салдарлық байланыстарын анықтау жеткілікті, ал олардың симметриялығы мен қайталанылуы қандай да бір ірі қателіктерден қорғайды. Алайда, егер де кездейсоқ (нақтырақ айтсақ, толық емес немесе ішінара кездейсоқ) жүйе халықаралық саясатқа толық анықталған қатысы бар, ал детерминантталған жүйеге қатысты айтар болсақ, мұндай жағдай мүмкін емес.

Үшінші түріне, құрылымдалған жүйе жатады. Оны алдын ала болжау оңай, себебі, оның алыс емес өткені мен қазіргі жағдайы оның болашағы туралы дәл, тура шешімдер жасауға мүмкіндік береді. Бірақ, белгілі бір уақытта мұндай жүйелер өзінің өмір сүру кезіндегі мардымсыз өзгерістер ықпалымен маңызды трансформацияға ұшырауы мүмкін. Алайда, белгісіздік сәттері аса көп емес, сондықтан да, құрылымдалған жүйенің алдын ала болжалу мүмкіндігінің жоғары екендігін айтуға болады. Мұндай жүйе саяси қатысушыға идеалды жағдай жасайды: тұрақсыздық нүктелері жүйенің қызмет етуіне араласу мүмкін болатын сәттерге айналады. Дәл осындай сәттерде әйтеуір бір саяси әрекет

жағдайдың жүру барысын шынайы өзгертуі мүмкін. Тұрақсыздық нүктесін өткерген соң, жүйе қайтадан болжауға мүмкін болатынын ескермек, қатысушы өз әрекеттерінің нәтижелерін болжауға және детерминистік жүйенің саяси жәрдемсіздік жағдайынан, сонымен қатар, толығымен кездейсоқ жүйенің абсолютті болжауға келмейтін қасиеттерінен құтылуға мүмкіндік береді. Жүйедегі тұрақсыздық нүктелерінің санының көбеюімен оның қызмет етуіне қатысушылардың араласу мүмкіндігі де артады. Алайда, мұндай нүктелер көбейіп кетсе, араласу көбіне пайдасыз бола бастайды, себебі оның салдары тұрақсыздық нүктелері арқылы өте отырып, жүйедегі минималды өзгерістерге де тәуелді бола бастайды. М. Никольсон әлеуметтік жүйелерді жергілікті құрылымдалған ретінде қарастыру керек деп санайды. “Кез келген жағдайда да біз әрекет етуші құбылмалылардың саны көп емес, қысқа мерзімді болжамдаудың белгілі бір деңгейі қамтамасыз етілуде, шешуші таңдаумен байланысты тұрақсыздық нүктелерінің жиілігі біркелкілігінен қарастыруға ұмтыламыз.

4. Халықаралық қатынастар типологиясының алуан түрлілігі адасушылыққа әкелмеуі керек, оның көбінде саяси реализм теориясының белгісі бар, осының негізінде сверхдержавалар санын анықтау (сверхдержавалар), күшті бөлу, жанжалдардың пайда болуы сияқтылар жатады. Мұнымен биполярлы, мультиполярлы, тепе-теңдік және империялық халықаралық жүйелер ұғымдары байланысты.

Биполярлы жүйеде екі ірі күшті мемлекет үстемдік етеді. Егер де олардың қуатымен сай келетін тағы бірнеше мемлекеттер пайда болса, онда жүйе мультиполярлығы айналады. Тепе-теңдік жүйеде немесе күш балансы жүйесінде оқиғалар барысына бірнеше мемлекеттердің шамамен бірдей ықпалын сақтауы. Империялық халықаралық жүйеде өзіндік қуатымен өзге мемлекеттерді басып озатын жалғыз сверхдержаваның үстемдігі.

Саяси реализм негізінде М. Каплан көбісі гипотикалық, априорлы сипатталатын алты халықаралық жүйеден тұратын атақты типологиясын ұсынды.

Бірінші тип – күш балансы жүйесі, – кем дегенде 5 сверхдержава болатын көпполярлылықпен сипатталады, егер де

сверхдержавалардың саны одан төмендеп кетсе жүйе міндетті түрде биполярлы жүйеге ауысады.

Екінші тип – жұмсақ биполярлы жүйе, онда актор ретінде мемлекеттер, акторлардың жаңа түрі мемлекеттердің одақтары мен блоктары, сонымен қоса әмбебап акторлар халықаралық ұйымдар қатар өмір сүретін жүйе. Екі блоктың ішкі ұйымдасуына қарай жұмсақ биполярлықтың бірнеше түрін анықтайды, ол күшті иерархияланған және авторитарлы немесе иерархиялық емес болуы мүмкін.

Үшінші тип – қатаң биполярлы жүйе. Оған жұмсақ биполярлықтағыдай конфигурациялар тән, бірақ екі блок та қатаң иерархиялық тәсілмен ұйымдасқан. Жұмсақ биполярлық жүйеде болған қосылмаған немесе бейтарап елдер қатаң биполярлы жүйеде жоқ. Әмбебап акторлар жүйелердің үшінші типінде шектелген рөл ойнайды. Ол кез келген блокқа қысым көрсетуге қабілетсіз. Екі полюсте де жанжалдарды тиімді реттеу, дипломатиялық мінез-құлық бағыттарын қалыптастыру, ортақ күш қолдану жүргізіледі.

Әмбебап жүйе немесе жүйенің төртінші типі ұлттық және әмбебап акторлар әзіреттілігіне негізделетін және халықаралық ортада саяси бірегейліктің үлкен деңгейін, әмбебап актордың үстем рөлін білдіретін федерацияға толығымен сай келеді. Мысалы, мемлекеттік суверенитеттерге зиян келтіре отырып, БҰҰ-ның рөлі анағұрлым кеңейтілген жағдай әмбебап жүйеге сай келеді. Мұндай шарттарда БҰҰ жанжалдарды шешу мен бейбітшілікті қолдауда ерекше компетенцияға ие болар еді.

Бесінші тип немесе иерархиялық жүйе, мәні бойынша ұлттық мемлекет ұғымы өз мәнін жоғалтатын, тек қарапайым территориялық бірлік болып қалатын әлемдік мемлекетті білдіреді.

Халықаралық жүйенің алтыншы типі – бірліктік вето жүйесі, онда әрбір актор жүйені құлату мүмкіндігіне ие, онда ол бопсалаудың белгілі бір құралдарын пайдаланады. Сонымен қоса, ол қаншалықты күшті болмасын өзге мемлекет тарапынан болатын бопсалауға қарсы тұруға қабілетті болуы керек.

Құрылым халықаралық қатынастардың сипаттамасында біркелкі емес күшке ие мемлекеттердің халықаралық аренада мінез-құлық тізбегін түсіну және болжауға мүмкіндік береді.

Экономикадағы нарық жағдайын бірнеше ірі фирмалар анықтаса, халықаралық саяси құрылым сверхдержавалардың әрекеттерімен, олардың күштерінің арақатынас конфигурациясымен анықталады, ал арақатынастағы өзгерістер халықаралық жүйенің құрылымын трансформациялайды. Құрылымның жағдайы халықаралық жүйенің шыдамдылығы мен өзгерістерінің, тұрақтылығының, оның шеңберіндегі революциялықтың, серіктестіктің, жанжалдылықтың көрсеткіші бола алады. Нақты құрылымда жүйенің қызмет атқаруы мен трансформациясының заңдылықтары көрініс тапқан. Сондықтан да, халықаралық жүйелерді зерттеуге бағытталған жұмыстарда құрылым жағдайын талдауға аса назар аударылады.

Мысалы, Р. Арон халықаралық жүйенің үш құрылымдық өлшемін ұсынды: күш қатынастарының конфигурациясы; акторлар иерархиясы; құрамының гомогенді және гетерогенді болуы. Ол негізгі өлшем ретінде халықаралық жүйеде «билік орталықтарының» болуын білдіретін, оның негізгі элементтері суверенді мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасқа ықпал ететін күш қатынастарының конфигурациясын санады. Күш қатынастар конфигурациясы сонымен қатар, негізгі акторлар саны мен олардың арасындағы қатынастар сипатына да тәуелді. Мұндай конфигурацияның екі негізгі типі биполярлы, көпполярлы. Акторлар иерархиясы олардың халықаралық жүйеге әскери, саяси, экономикалық, ресурстық, әлеуметтік мәдени, идеологиялық және өзге де ықпал ету мүмкіндіктері тарапынан теңсіздігін білдіреді. Халықаралық жүйенің гомогенді немесе гетерогенді сипаты акторлардың кез келген принциптерге, (мысалы саяси легитимділік принципі), құндылықтарға (мысалы, нарықтық экономика, плюралистік демократия) қатысты келісімге келу деңгейін білдіреді. Неғұрлым келісім деңгейі жоғары болған сайын, жүйе гомогенді болады. Өз кезегінде жүйе гомогенді болған сайын, онда тұрақтылық және жайлылық басым. Гомогенді жүйеде мемлекеттер қарсылас болғанымен, жау болмайды. Керісінше, құндылықты және идеологиялық антогонизмге толы гетерогенді жүйе хаосты, тұрақсыз және жанжалды болып келеді.

5. Француз зерттеушісі Жак Эрман бойынша, «формальді көзқарас тарапынан жүйе оның элементтерінің құрамының болуын, олардың арасындағы ерекше өзара байланыстың, құрылым мен ортаның болуын білдіреді». Егер де, жүйелік теорияда жүйенің қарапайым құрауыш бөліктері элементтер ретінде түсіндірілсе, ал «құрылым» түсінігі оның күрделілік деңгейін көрсететін бірнеше аспектілеріне ие:

- а) жүйе элементтерінің арақатынасы;
- ә) элементтерді жүйеге ұйымдастыру тәсілі;

б) жүйенің элементтері үшін бар болуынан онда туындайтын күштеу мен шектеулер жиынтығы.

6. Кейде зерттеу мақсаттарына қарай, осы аспектілердің біріне жеке дара мән беріледі. Эрман бұл мәселе бойынша былай дейді: «Жүйе құрылымы – жүйе элементтерінің қарапайым синхронды қосылыстары; жүйе ұйымы – уақыттағы құрылымның өзіндік бірегейлігін қамтамасыз ететін осындай синхронды қосылыстардың, принциптердің пайда болуының және өзгеруінің диахроникалық қағидаларының жиынтығы. Кез келген жүйедегідей де мемлекетаралық қатынастардың құрылымы бұл жүйенің даму үрдісінде заңды түрде пайда болатын жүйе элементтер байланыстарының ерекше тәсілі. Маклелланд бұл жайлы «құрылымға сілтеме – ол құрылымдалған және қайталанып отыратын байланыстарға сілтеме. Егер де бізге олардың мақсаттарын бағалау үшін элементтерді анықтау қажет болса, онда бастысы байланыстардан іздеу керек».

Стэнли Хоффманн, өз кезегінде, құрылым ретінде жүйедегі «күштердің бөлінісі мен иерархиясын» түсінеді. Ал К. Уолтц: «Мен құрылымды күштер осыған байланысты бөлінетін белгілі бір сызба ретінде түсінемін» деген. Халықаралық қатынастардағы жүйе құрылымының ашық «күштік» түсіндірілуін М. Бречер береді. Оған сай «кез келген жүйенің негізгі құрылымдық сипаты күш конфигурациясы (бөлінісі және деңгейі)». Халықаралық қатынастар жүйесінің құрылымының мұндай күштік тәсілін сынай отырып, Ч. Маклелланд оның қайнар көзін мұндай жағдайда мемлекет оның элементтерінің бірі ретінде танылатынынан көреді. Бұл автор «Халықаралық жүйе байланыстардан және құрылымдық байланыстардан тұрады» дейді.

7. Қазіргі заманғы зерттеушілердің көбісі М. Капланның ойын қолдайды, ол бойынша өз мүдделерін басшылыққа алатын егеменді мемлекеттердің үйлестірілмеген қызметі аса күшті мемлекеттердің шектеулі санының басымдығы басты белгісі болып табылатын халықаралық жүйені құраса, ал оның құрылымы барлық халықаралық акторлардың мінез-құлқын анықтайды. К. Уолтц барлық мемлекеттер әскери шығындар өтеуі керек, алайда бұл ресурстардың жөнсіз жұмсалуды. Халықаралық жүйенің құрылымы барлық елдерге экономика саласында (немесе экология саласында) олардың өздерінің мүдделерін кереғар тәртіп, мінез-құлық желісін мәжбүрлеп тануы мүмкін. Құрылым халықаралық қатынастар сипаттамалар жүйесіндегі әртүрлі салмаққа ие мемлекеттердің әлемдік алаңдағы тәртібінің желісін түсінуге және болжауға мүмкіндік береді.

Экономикада нарық жағдайы бірнеше ірі фирмалардың әрекетімен анықталатыны сияқты, халықаралық-саяси құрылым сверхдержавалар әрекеттерімен, олардың күш арақатынасының конфигурациясымен анықталады. Ал олардың арақатынасындағы өзгерістер халықаралық жүйенің құрылымын өзгертуі мүмкін. Алайда, сайкелебермейтін мүдделері бар сверхдержавалардың шектелген санының болуы негізінде жатқан халықаралық жүйе табиғаты өзгеріссіз қалып отыр. Құрылым жай-күйі халықаралық жүйенің орнықтылығы мен өзгерістерінің, тұрақтылығы мен оның шеңберіндегі революциялықтың, серіктестіктің және жанжалдықтың көрсеткіші болып табылады; дәл осы құрылымда жүйенің қызмет етуінің және өзгеруінің заңдылықтары көрініс тапқан. Сондықтан да, халықаралық жүйелерді зерттеуге арналған жұмыстарда құрылымды талдауға баса назар аударылады.

8. Халықаралық жүйенің құрылымдық сипаты болып оның «режимі» саналады, яғни халықаралық қатынастарды реттейтін формальді, формальді емес принциптер, нормалар, келісімдер, шешім қабылдау процедураларының жиынтығы. Бұл мысалы халықаралық экономикалық айырбаста басшылыққа алынатын ережелер, оның негізі 1945 жылдан кейін мынадай халықаралық Дүниежүзілік Банк, ХВҚ, ГАТТ/ДСҰ т.б. институттарды өмірге әкелген либералды концепцияда жатыр.

Ж.П. Дерриеник халықаралық жүйелердің күштеулерінің (яғни, құрылымдық сипаттары) алты типін көрсетеді:

- акторлар саны;
- олардың арасындағы күшті орналастыру;
- жанжал мен серіктестік арасындағы қатынас;
- осы жүйе шеңберіндегі белгілі бір құралдарды (күш, айыр-бас, сенім) қолдану мүмкіндігі;
- акторлардың сыртқы орталықтану деңгейі, яғни осы жүйе сипатының олардың мінез-құлқына әсері;
- акторлардың өздерінің арасындағы статустар айырмашылығы.

Көрсетілген құрылымдық сипаттамалар халықаралық құрылымдардың барлық болжамды түрлерін анықтауға мүмкіндік бермесе де, бірақ кез келген халықаралық жүйенің құрылымын сипаттауға мүмкіндік береді, бұл түрлі құрылымдардың өмір сүруі мен өзгерістері тұрғысынан заңдылықтар шығаруда аса маңызды.

9. ХҚЖ-нің қызмет етуінің негізгі заңы. Халықаралық қатынастар жүйесінде өзге де жүйелер сияқты өмір сүрудің негізгі мақсаты болып динамикалық тепе-теңдікті сақтау заңы болып табылады. Тепе-теңдік немесе күш балансы концепциясы ХҚЖ-нің қызмет етуінің объективті заңдылығының көрінісі болып табылады және екі формада көрініс таба алады: «күш балансы» саяси тәжірибе түрінде, түрлі теориялық концепциялар түрінде.

«Күш балансы» саясаты өз кезегінде, қатаң реттестірілген «күш» бірліктерінің өзара арақатынасы мен өзара әрекеттері ретінде қабылданатын «күш қатынасы» категориясымен байланысты. Мұндай тәсіл батыс мемлекеттерінің ғылыми әдебиетінде мықтап тұрақталды. Нақты осы АҚШ-та Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған шынайы саясаттың «визит картасына» айналды. Бұл мектептің негізін қалаушылардың бірі Г. Моргантау халықаралық саясаттың алты принципін жасады:

– саясат объективті заңдармен басқарылады, ондай заңдар негізін адамның өзгермейтін және жетілмеген табиғатынан іздеу керек;

– саяси реализм орталығында күш түсінігінде көрсетілген ұлттық мүдде болады;

– ұлттық мүдде объективті түсінік болып табылады. Алайда оның нақтылығы саяси және мәдени контекстінде анықталады.

– саяси әрекет маңыздылығын мораль тарапынан ескеру қажеттілігін ұмытпау керек. Сонымен қатар, моральді ережелер мен саяси әрекет талаптары арасындағы қарама-қайшылық ба-рын түсіну керек.

– ұлттық мүдде концепциясы мораль тарапынан ненің жақ-сы, ненің жаман екендігін анықтауда нақтылыққа жеткізеді. Нәтижесінде, ешқандай да мемлекет рақымшылыққа монопо-лиялық құқыққа ие емес;

– саяси реализм адам табиғаты туралы түрлі, оның ішінде экономикалық, саяси, моральді құраушылардан тұратын ұсыныс-тардан шығады. Саясаткер үшін ұлттық мүддені «қуат» түсінігі арқылы анықтау экономист үшін мүддені байлық ретінде анық-таумен тең.

Моргентауға сай «күш» ұғымы кең мағынасында (ұлттық қуат) өзіне келесідей негізгі компоненттерді қосады:

- мемлекеттің географиялық орналасуы;
- табиғат ресурстары;
- өнеркәсіптік потенциал;
- әскери дайындық (оның ішінде әскери техниканың даму деңгейі, әскери басшылық квалификациясы, қарулы күштердің сапасы және саны);

- халық саны;
- ұлттық сипат, мінез-құлық (халықтың соғысқа көзқарасы);
- ұлттық мораль (халықтың ұлттық саясатқа көзқарасы);
- «мемлекеттің күш қаутын анықтайтын ең негізгі фактор» ретінде көрініс табатын дипломатия сапасы.

Халықаралық жүйелердің ортақ заңдылығы ретінде акторлар-дың мінез-құлқының жүйенің құрылымдық сипатына тәуелділігін айтуға болады. Бұл заңдылық мұндай сипаттамалардың әрбір деңгейінде нақтыланады, бірақ зерттеушілер арасында олардың саны туралы нақты келісім жоқ.

Тағы бір ортақ заң – халықаралық жүйелердің тепе-теңдік заңы немесе күш балансы заңы (халықаралық жүйенің салыстырмалы тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік беретін баланс). Халықаралық

жүйелердің қызмет атқаруы мен өзгеруі туралы заңдылықтар мәні туралы сұрақтар да даулы болып келеді. Мұндай даулардың пәні биполярлы және мультиполярлы жүйелердің салыстырмалы артықшылықтарына қатысты. Р. Арон бойынша, биполярлы жүйеде өзара күресуші топтардың бір-біріне қатысты қатандыққа итермелейді, ол өзара ортақ қорқыныш пен мүдделер қарама-қайшылығына негізделген, сондықтан да онда тұрақсыздыққа бейім тенденциялар бар. Осыған ұқсас ұсыныстар М. Капланда да кездеседі. Ол мультиполярлы жүйеде белгілі бір тәуекелдер бар дейді:

- ядролық қарудың таралуы;
- ұсақ акторлар арасында жанжалдың туындауы;
- сверхдержавалар арасындағы одақтардағы өзгерістер әкелуі мүмкін салдарлар, т.б.

Алайда оның ойынша мультиполярлы жүйенің тәуекелдерін, биполярлы жүйенің қауіптерімен салыстыруға келмейді. Соңғысы екі жақтың да әлемдік экспансияға ұмтылуы мен екі блок арасындағы біресе, өз позициясын сақтау үшін, біресе әлемді бөлісу үшін тұрақты күрестің болуымен аса қауіпті болып отыр. Бұл жағдайда М. Каплан биполярлы және мультиполярлы жүйелердің тұрақтылық «ережелерін» де қарастырды. Оның ойынша, мультиполярлы жүйе тұрақтылығы үшін алты ереже бар:

- өз мүмкіндіктерін соғыс арқылы емес, келіссөздер арқылы кеңейту;

- өз мүмкіндігін кеңейтуге қабілетсіз болғаннан гөрі соғысқан жөн;

- сверхдержаваны жойғанша, соғысты тоқтатқан дұрыс;

- жүйеде үстемдікті иеленуге ұмтылған кез келген коалиция немесе жеке ұлтпен күресу;

- кез келген «ұлттықтан да жоғары ұйымдастырушылық халықаралық қағидаттарға қосылуға» ұмтылған мемлекеттердің кез келген әрекеттеріне қарсы тұру, яғни мемлекеттің қандай да бір жоғары күшке бағыну идеясына қарсы тұрды;

- барлық сверхдержаваларға қолайлы серіктес ретінде қарау, жеңілген мемлекетке жүйеге қолайлы серіктес ретінде кіру немесе бұрын әлсіз болған өзгені, мемлекетті күшейту арқылы ауыстыру жолымен рұқсат беру;

М. Каплан биполярлы жүйенің кез келген блогына қолданылатын жалпы ортақ төрт ереже ойлап тапты:

– өзге блокпен мүмкіндіктерімен салыстырғанда өз мүмкіндіктерін кеңейтуге тырысуда;

– қарама-қарсы блоктың үстемдік жағдайына рұқсат бергенше, кез келген жағдайда да күресу дұрыс;

– әмбебап акторлардың (ҰАҰ) мақсаттарын өзінің мақсаттарына бағындыруға ұмтылады, ал қарама-қарсы блок мақсаттарын әмбебап акторлар мақсаттарына бағындыруға тырысады;

– өз блогын кеңейтуге тырысады, бірақ егер де қосылмаған мемлекеттердің қарама-қарсы блокқа тікелей немесе жанама түрде тартылуына әкелсе қосылмаған мемлекеттерге қатысты шыдамдылық танытады.

Егер де мәселе жүйе трансформациясы туралы болса, онда оның негізгі заңы жүйенің полярлылығы мен тұрақтылығы арасындағы корреляция заңы есептелінеді. Д. Сингер және К. Дойч, халықаралық жүйелердің полярлылығы мен тұрақтылығы арасындағы корреляция мәселесін зерттей келе, формальді теориялық жоспарда мынадай шешімдерге келді:

– біріншіден, биполярлы да, мультиполярлы да жүйе өзін-өзі жою тенденциясына ие;

– екіншіден, қатаң биполярлы жүйе тұрақсыздығы мультиполярлы жүйе тұрақсыздығынан күштірек.

К. Уолтцтың көзқарасы бойынша, биполярлы мен мультиполярлы жүйе арасында ешқандай да сапалық айырмашылық жоқ, сонымен қатар, біріншісі екіншісіне қарағанда әрқашан тұрақтырақ. Р. Роузкранс биполярлы, мультиполярлы жүйе артықшылықтарын біріктірген, сонымен қатар, оның кемшіліктерін қайталамайтын релевантты утопияның теориялық моделін ұсынды. Мұндай бірігудің нәтижесі, оның ойынша, онда екі «негізгі» актор өз блоктарының шегінде туындайтын жанжалдарды реттеуші рөлге ие болуы керек, ал жүйенің мультиполярлы конфигурациясын көрсететін мемлекеттер екі полюс арасындағы жанжалда делдал рөлін ойнайтын «бимультиполярлы жүйе» болуы керек еді.

10. Халықаралық жүйелердің қызмет етуі мен өзгеруінің заңдылықтары мәселелерін зерттеу осы мәселенің өзінің

қойылуының өзі нәтижелі болғандығын көрсетеді, яғни ол әлемдік алаңда мемлекеттердің тәртіптерінің өздері қалпытастырған халықаралық жүйеге тәуелділігін; мемлекетаралық жанжалдардың оның құрылымдық сипаттамаларымен байланысының жиілігі мен сипатын; дипломатиядағы жүйелік факторларды ескерудің қажеттілігін көрсетуге мүмкіндік берді. Халықаралық қатынастарда жүйелік заңдылықтардың болу идеясының өзі халықаралық жүйелерді бірнеше мемлекеттердің халықаралық алаңда, бірақ, жалпы ғаламшарлық, аймақтық және субаймақтық деңгейде белгілі бір саяси, экономикалық және идеологиялық кво-статусты қабылдауының нәтижесі ретінде қарауға мүмкіндік береді. Мұндай көзқарас тарапынан әрбір халықаралық жүйе сол кезге сай кеңістікті – уақыттық контекстіндегі мемлекеттер аралығындағы күш арақатынасының ресми емес институтталуы болып табылады.

Мемлекетаралық қатынастар жүйесінің құрылымы өз элементтері байланыстарының иерархиясына ие. Бұл иерархия шарттылық пен сызбалық тарапынан бірнеше шынайы және аналитикалық деңгейлермен, атап айтсақ, жаһанды, аймақтық, субаймақтық, халықаралық – жағдайлық, топтық, екі жақты, көрінуі мүмкін. Олардың алғашқы үшеуі «вертикалды» сипатта болса, ал соңғы үшеуі жалпы алғанда аталған деңгейлердің барлығында да пайда болуы мүмкін. Мысалы, АҚШ және оның өзге мемлекеттермен қатынастары (Қытай, Ресей, Жапония, Батыс Еуропа) жаһандық деңгейге, аймақтық деңгейге (Таяу Шығыс, Жерорта теңізі, Оңтүстік – Шығыс Азия), субаймақтық деңгейге (Шығыс Жерорта теңізі, «Корей торабы», Парсы шығанағы, Оңтүстік Еуропа), топтық деңгейге (НАТО, ЕО, АСЕАН, НАФТА, ОПЕК), екі жақты жағдайда (АҚШ – Ресей жаһандық деңгейде, АҚШ – Сауд Арабиясы аймақтық деңгейде, АҚШ – Таиланд субаймақтық деңгейде, АҚШ – Куба халықаралық – жағдайлық деңгейде, АҚШ – Бельгия топтық деңгейде, АҚШ – Швеция екі жақты деңгейде).

11. Кейбір зерттеушілер (Э.А. Поздняков, К. Кайзер, Д. Сингер, О. Янг және т.б.) қатынастардың көрсетілген деңгейлерін мемлекетаралық қатынастар құрылымы шеңберіндегі жүйешіктер

ретінде қарастыруға болады деп санайды, ол бұл белгілі бір жағдайларда кез келген зерттеулік немесе танымдық міндеттерді шешуде аса нәтижелі болуы да мүмкін. М. Бречер жүйешіктер концепциясы келесідей алты шарттарға сай болу керек деп санайды:

1) қатынастар жүйешігінің көлемі көбіне географиялық аймақтармен шектелуі керек;

2) қатынастар жүйешігі кем дегенде үш халықаралық актордың қатынастарынан тұруы керек;

3) бұл акторлар өз жиынтығында және олардың арасындағы қатынастарда өзге халықаралық субъектілермен ерекше қауымдастық, аймақ немесе жаһанды жүйенің бөліктері ретінде мойындалуы керек;

4) жүйешік мүшелері өздерін осылар есебінде мойындауы да керек;

5) жүйешіктің күштік субъектілері жаһандық жүйенің күштік субъектілерінен салыстырмалы түрде төменірек болуы керек;

6) жүйешіктегі өзгерістер жаһандық жүйеге емес, қайта керісінше, жаһанды жүйедегі өзгерістер жүйешікке үлкен ықпал етулері керек.

12. Динамикалық тепе-теңдік заңы мемлекетаралық қатынастар жүйесінің, өзге де күрделі жүйелердегідей, қызмет етуінің басты заңдылығы болып табылады. Тепе-теңдік концепциясы немесе «күш балансы» деп аталатын бұл концепция дипломатия тарихында орталық орын алатынын байқау қиын емес. «Күш балансы» концепциясы мемлекетаралық қатынастар жүйесінің қызмет етуінің объективті заңының санадағы көрінісі болып табылады және екі формада көрініс табуы мүмкін: «күш балансы» практикалық саясаты түрінде және түрлі теориялық концепциялар түрінде. Күш балансы оны мемлекетаралық қатынастар жүйесінің жалпыға ортақ тепе-теңдік қағидасы ретінде қарастыратын болсақ, бүгінгі жай-күйін қоса алғанда, оның тарихи жағдайына қарамастан барлығына тән. Ал күштің қатаң бекітілген, физикалық бірліктерінің бір-біріне деген өзара әрекеттестігі ретінде де, өзара қатынасы ретінде де түсіндірілетін «күш арақатынасы» категориясымен байланысты «күш балансы»

саясатының мәселесі басқа. Мұндай тәсіл батыс елдерінің ғылыми әдебиеттерінде өзінің қарапайымдылығымен айқын сияқты көрінетіндігі салдарынан мықтап негізделді. Ол АҚШ-та Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған, бірақ, өзіне халықарлық, мемлекетаралық қатынастарға күштік тәсілдің барлық әлемдік тәжірибесін жинақтаған «шынайы саясат» мектебінің «визиттік карточкасына» айналды. Бұл мектептің негізін салушы Г. Моргентау бұған байланысты былай деп жазады: «мемлекеттік қайраткерлер және халықтар ең соңында бостандыққа да, қауіпсіздікке де немесе биліктің өзіне де қол жеткізуі мүмкін. Олар өз мақсаттарын діни, философиялық, экономикалық немесе әлеуметтік идеалдар түрінде анықтауы мүмкін. Алайда олар сыртқы саясат көмегімен өз мақсаттарын жүзеге асыруға ұмтылғанда олардың барлығы да күш үшін күресе отырып бұны пайдаланады... Әлемдік саясатта күш қауіп немесе потенциал ретінде мемлекеттің саяси күшін қалыптастыратын маңызды материалдық фактор болып табылады... Күш үшін күрес уақыт пен кеңістікте әмбебап».

Г. Моргентау ядролық дәуірдегі күштің өзгеріске түскен рөлін саралай келе, қазіргі мемлекеттердің ядролық стратегиясындағы төрт парадоксты атады:

– халықаралық қатынастарда ядролық немесе өзге де күшті қолдануға ұмтылушылық және жалпы ядролық апат алдында оны қолдану қорқынышы;

– ядролық соғыс салдарына әкелмейтіндей ядролық саясат жасап шығаруға ұмтылу;

– оны тоқтатумен қатар, ядролық қарулану жарысының жалғасуы;

– ядролық қарудың болуы осы саясатты ескірген деп танытатын шарттардағы одақтарға сүйеніп жасалатын саясат. Көрсетілген барлық төрт парадокс талдауының негізінде жалпы мынадай шешімге келеді: «мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен әдістерімен қатар ядролық күшті нығайтуға бағытталған, өзінің шеберлігі мен көрегендігіне қарамастан кез келген әрекет ядролық қарудың жойқын күшімен жоққа шығарылады» бұнымен байланысты, оның ойынша, ядролық күшті мемлекеттік саясаттың

мақсаты мен әдістеріне ыңғайламау керек, ал осы мақсаттар мен әдістерді ядролық күш мүмкіндіктеріне лайықтау керек.

Халықаралық қатынастардың жаңа жүйесі өз құрылымын, вертикалдықтан көрі горизонтальді құрылымды полицентризмді нығайту бағытына қарай, бұрынғы тарихи модельдердің иерархиялық құрылымы бағытына қарай өзгеріске бейімделе түседі. Халықаралық өмірдегі полицентризм әлемдік дамудың көп орталықтығына негізделеді, оның көріністері бүгінде жаһандық сәттердің сырттай басымдыққа ие уақытында байқалуда.

13. Қазіргі мемлекетаралық қатынастар жүйесінің құрылымындағы бақыланып жатқан жылжулар – оның қайта құрылуының бастамасы ғана болып отыр, ол ұзақ мерзімге созылуы мүмкін. Теориялық тұрғыда жалпы жаңа халықаралық қатынастар жүйесі және дербес жағдайдағы мемлекетаралық қатынастар жүйесі үш жолмен қалыптаса алады, яғни шынайы өмірге үш нұсқада ене алады. Біріншіден, биполярлы-антогонистік модель ретінде, онда КСРО-ның орнын социалистік Қытай басып алады. Алайда, қазіргі әлемдік дамудың барлық жағдайларын ескере отыра, бұндай нұсқадағы жаңа халықаралық қатынастар жүйесінің орнығуын мүмкін емес немесе мүлдем мойындамауға болады. Екіншіден, бірполюсті-авторитарлы модель ретінде, онда АҚШ өзінің еркімен немесе мәжбүрлі түрде өзінің мүддесін және жеке ақылын ескере отырып әлемнің «орналастырылуымен» айналысады. Үшіншіден, конфронтациялық емес демократиялық жүйе ретінде, ол нақты түрде одан әрі бірігудің тенденциясымен және «тарихтың қауіп-қатерлері» алдындағы өзара тәуелді халықтарға байланысты. Соңғы модель тым ұтымды болып саналғанымен, шынайы өмірде мемлекетаралық қатынастардың жаңа жүйесі жоғары айтылған барлық нұсқалардың, кем дегенде өтпелі кезеңде, жиынтығы ретінде көрініс табады.

14. Халықаралық қатынастардың жаңа жүйесі өзінің құрылымын вертикалдыға, яғни бұрынғы тарихи модельдердің иерархиялық құрылуына қарағанда, горизонтальді құрылатын полицентризмнің негізделуіне өзгерте бастайды. Халықаралық өмірде бұл полицентризм әлемдік дамудың көпцентризиясына негізделеді, ал оның белгілері қазіргі таңда жаһандану кезіндегі сыртқы басымдылықтары ретінде нақты көрініс тауып жүр.

15. Халықаралық қатынастардың орналасып жатқан жүйесі өзінің басқа да өзгешелігін көрсетіп жатыр – ол осы қатынастардың ақырын-ақырын дегегеионизациясын. Көрініс тауып отырғандай, биполярлы әлемнің құлауы – тарихи феномен ретінде гегемонистік мақсаты бар сверхдержаваның құлауына алып келді. Әрқашан да конфронтацияның белгілері ретінде шығатын, полицентристік әлемдік тәртіптің болашақ моделіне интеграцияланған державалардың гегемонизміне және белгілі бір топтардың өздеріліктеріне немесе мемлекеттердің одақтарын алмастыруға халықтарды дамытатын басқа тәртіптер мен әдістемелер келе жатыр;

16. Қазіргі халықаралық қатынастарда «күш» құқығының халықаралық құқық күшімен алмастырылатын тенденция нақты бақыланып отыр. Көптеген публицистер мен саяси қызметкерлер оны нақтылау үшін халықаралық істерде «күш балансынан» «мүдде балансына» өту басталғаны туралы ой қозғайды. Баспасөзде, дипломатияда бұндай қарама-қайшылық (бұл мемлекеттердің сыртқы саясаты ұстамды болып жатқанына, яғни өзара пайдалы шешімдерді іздеуге бейімді екеніне сілтеме сияқты) орынды және құқылы деп мойындай алады. Алайда теориялық тұрғыда бұндай қарама-қайшылық екіжақты, егер де мүдде «балансы» («дисбалансы») әр кезде және әр жерде саясаттың терең негізі болды, ал «күш» бұл жағдайда тек саясаттың құралы ретінде болды. Шындығында, халықаралық қатынастар жүйесінде «күш балансы» және «мүдде балансы» формулаларының ауысуы емес, ал осы формулалардың өздері өзгеріп жатыр. Бұл қосбірлікті әлемдік процестің әсерімен болып жатыр: бір жағынан, күш түсінігінің өзі және халықаралық істерде оның рөлі өзгеріп жатыр; екінші жағынан, «мүдде» («фүлттық мүдде») категориясының түсінігінде де салмақты жылжулар байқалып жатыр. Қалай болса да, алайда әлемнің даму перспективасы – күшпен ұсталып отырған әлем емес, әлемдік құқықтық тәртіп, ол халықаралық салада күштеуге қарсы күшті бақылау жүйесін құра алады, адамдардың мүддесін қорғау үшін күштеуді одан әрі өркениеттелген, рационалды, әлеуметтік адамгершілік формаларға алып келуді көздейді. Н.А Косолаповтың жазуы

бойынша «Басқаша сөзбен айтқанда күштеудің «құтқарылуы» өмір сүрудің бір тәсілі ретінде, сондай-ақ көптеген қоғамдық процестерді, құбылыстарды, қарым-қатынастарды реттейтін бірден-бір құрал ретінде қолданылады. Алайда ұлттық және халықаралық көлемде күштеудің төтенше шараларынан бас тартуды талап етеді».

17. Орнатылып жатқан халықаралық қатынастар жүйесінде ұлттық және халықаралық қауіпсіздіктің проблемалары жаңаша көрініс тауып отыр. Қазіргі кезде халықаралық қауіпсіздік – мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардың соғыс күйі емес, ақырындап адамзаттың ішкі қауіпсіздігіне трансформацияланып жатыр. Бұрын егер де ішкі тұрақтылыққа ие болған мемлекет сыртта да өзін-өзі қорғай алатынына сенімді болса, қазіргі кезде халықаралық орта кез келген мемлекетті бұза алады немесе, керісінше, белгілі себептерге байланысты басқа құралдар арқылы қол жеткізе алмай отырған оның ішкі қауіпсіздігін сақтайтын фактор бола алады. Жеке мемлекеттің ішкі және халықаралық қауіпсіздігінің арасында шекаралардың жырмалануы болып жатыр, ал халықаралық қауіпсіздік барлық адамзат қамқорлығының объектісіне және пәніне айналып отыр, ал ол жаһандық жүйеде белгілі бір мерзімге және белгілі бір дәрежеге қол жеткізуі мүмкін;

18. Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде олардың негізгі субъектісі – мемлекеттің рөлі өзгеруінің белгілері көрініс табады. Кейбір халықаралық қатынастарды зерттеуші ғалымдар халықаралық қатынастардың үмітсіз ескірген «державалық» концепциясын ұсынады, себебі мемлекеттік егемендікке негізделген әлемдік тәртіп одан әрі адамзат дамуына «еріксіз көндіру» сияқты болуы мүмкін. Шынымен де, постиндустриализм басталғаннан бастап үлкен тарихи цикл аяқталып жатыр, ондағы мемлекет пен өркениет «қоян-қолтық» жүрді, ал мемлекеттің дәрежесі жоғарылауы өркениет көтерілуінің көрсеткіші болды. Ұлт-мемлекет жаңа жағдайда тарихты жасай алмайды, ал тарих оны қажет етсе де, тек өзінің бір құралы, механизмі ретінде ғана қажетсінеді. Алайда, бұл халықаралық қатынастар жүйесі жақын арада өзінің «державалық» өлшемін жоғалтатынын, ал ұлттық

мемлекет тарихи аренадан кететінін білдірмейді. Тек оның рөлі мен қызметі өзгеріп жатқан сияқты, ол әлемдік өркениеттердің бірегей жүйесіндегі көптеген субъектілердің біріне айналады, сондай-ақ әртүрлі этностар мен ұлттар тірі болғанша, адамзат өзінің өлмейтіндігін түрлі адамдардың тектеріне негіздеп отырғанша жойылуы мүмкін емес.

Қазіргі кезде адамзат тарихи кеңістікте өзінің бастапқы қадамдарын ғана жасауда, ондағы әрбір халық, әрбір ел өзін-өзі сәйкестендіруге лайықты орын тауып, жалпы адамзаттың болашағына өзінің жеке жолын таңдап және оны жүзеге асыра алады. Бұл жаңа әлем ұлттық-мемлекеттік, рассалық-этникалық, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, діни, саяси және қоғамдық плюрализмнің басқа да барлық формаларымен болжанады. Осындай дамудың сан-алуан процесіне «қызмет көрсететін» халықаралық қатынастардың жаңа жүйесі тиісті, оның тұрпаты мен бірінші элементтері біздің қазіргі әлемде пайда болып және «жаттығып» жатыр.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТЕОРИЯСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТТАР

Модернизм 1950 жылдардың ортасында пайда болды және халықаралық қатынастарды зерттеуде басымдыққа ие болған саяси реализмге ерекше қарама-қайшылық тудырды. Жаңа бағыттың пайда болуына әртүрлі себептер әсер етті.

Біріншіден, халықаралық қатынастарды эмпирикалық және теориялық зерттеудегі жаңа мүмкіндіктер мен құралдардың пайда болуындағы технологиялық және ғылыми прогрестердің әсері.

Екіншіден, 1950 жылдардың аяғында қырғи-қабақ соғыстың бәсеңдеуіне байланысты әлемдік саясат өзгерді. Үшіншіден, американдық саяси ғылымға ғалымдардың жаңа буынының келуі. Куинси Райт, Мортон Каплан, Карл Фридрих және Карл Дойч – осы есімдермен модернизмнің дүниеге келуін байланыстырады. Олар халықаралық қатынастар теориясына жаңа идеялар мен әдістерді енгізуге тырысты, көп жағдайда оларды қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарымен байланыстыруға тырысты. Басты назар сәнді кибернетикаға, жүйелердің жалпы теорияларына, әлеуметтік және саяси зерттеулердің математикалық әдістеріне аударылды. Саяси реализм мектебін сынға ала отырып, модернистер оны халықаралық өмірдегі жаңа құбылыстарды ескермейді деп, зерттеулерінде кең теориялық база жоқ деп, категориалдық аппарат пісіп-жетілмеген деп айыптады. Модернистер реалистердің басты тезисі бір мемлекеттің екінші бір мемлекетке әсер ете алу, өз еркіндігін көрсету үшін күш маңызды фактор болып табылады. Бұл фактордың халықаралық қатынастардағы рөлін толықтай жоққа шығармағанын атап өткен жөн. Саяси реализм классиктері ұсынған ұлттық мүдде категориялары түсінігі сынға түсті, алайда модернистердің өздері де бұл

категорияны қолданудан бас тартпады, бірақ оның объективті сипатын жоққа шығарды.

Модернистердің бар күш-жігері саяси реализмге балама ретіндегі халықаралық қатынастардың жалпы теориясын жасап шығаруға жұмсалды. Осыған сай теорияны жасауға деген ұмтылыс әлемдік саясат пен халықаралық қатынастарды зерттеудегі жүйенің жалпы теориясымен байланысты. Ең бірінші бұл амалды 1955 жылы халықаралық қатынастарды өзара байланысты бөлшектерден тұратын жүйе ретінде қарастыру туралы ұсыныс жасаған Ч. Макклеланд қолданды. Бұл концепция кейіннен М. Капланның, Дж. Розенаудың, Р. Розенкранцтың, Д. Сингердің және басқа да американдық саясаттанушылардың еңбектерінде жалғасын тапты. Олар әрбір халықаралық жүйенің мақсаты ішкі тұрақтылықты сақтау деп есептеді.

Халықаралық жүйе құрылымдық қатынаста өзін қоршаған ортамен қатынаста біртұтас ретінде көрсететін жүйешіктер мен элементтерге бөлінеді. Халықаралық жүйенің жалпы жағдайы тәуелді және тәуелсіз айнымалымен анықталады.

«тәуелсіз айнымалылар» термині мынаны білдіреді:

– халықаралық қатынастардың негізгі акторлары (мемлекет, халықаралық ұйымдар);

– халықаралық жүйенің құрылымы (саяси және басқа да одақтар мен топтардың әртүрлі типтері);

– жүйенің негізгі элементтерінің өзара әрекетінің формалары мен түрлері (экономикалық, әскери, конфликтілік немесе ынтымақтастық жағдайындағы жағдайындағы өзара әрекеттің дипломатиялық каналы). Тәуелді айнымалыларға мыналар жатады:

– мемлекеттің құдіреті (басқа акторлардың іс-әрекетіне әсер ете алу қасиеті);

– күшпен басқару (бір мемлекеттің басқа бір мемлекетке күш қолдануы);

– халықаралық жүйедегі процестер мен құрылымдардың тұрақтылығы және олардың өзгеруі.

Сандық талдау негізінде саналған айнымалылар халықаралық қатынастардың математикалық моделін құруда қолданылды.

Модернистердің назарын халықаралық жүйенің ішкі саяси жүйемен байланысты мәселе аудартты. Басқаша айтқанда,

жүйе мен қоршаған ортаның өзара байланыс мәселесі ішкі саяси жағдайдың халықаралық қатынасқа әсер ету мәселесі ретінде қарастырылды немесе керісінше.

Жоғарыда аталған мәселе 1960 жылдардағы модернизмнің ең көрнекті өкілінің бірі Джеймс Розенаудың назарын аударды. Бұл американдық саясаттанушы ұласудың арнайы концепциясын ұсынды. Бұл термин арқылы Дж. Розенау бір ішкі жүйе шеңберіндегі актордың іс-әрекеті басқаларына, сондай-ақ халықаралық қатынастарға да әсер етуді атап көрсетті. Технологиялық прогресс, массалық коммуникацияның дамуы ұласуға деген тенденцияны арттырады және саяси жүйелерді сыртқы әсерлерді өткізгіш ете түсті деп атап көрсетті. Ұласу концепциясында Дж. Розенау әрбір мемлекеттің сыртқы саясаты сыртқы және ішкі факторлармен анықталады деген тезисті қорғады. Алайда, бір уақытта ішкі саясат та басқа мемлекеттердің және тұтастай жүйенің ықпалына ұшырауға бейім. Бұдан шығатын қорытынды ішкі саясат сыртқы саясатқа қарағанда басымдыққа ие. Дж. Розенау бұл тұжырымды айтқанда мына сілтемеге сүйенген болатын, біріншіден, сыртқы саясат «пайда болуы үйден басталды», ал екіншіден оның тиімділігі оған өз елінің қандай қатынаста болуымен анықталады.

Дж. Розенау бойынша, сыртқы саясатқа әсер етуші бес негізгі фактор:

1) индивидуалды факторлар, сыртқы саяси шешім қабылдау ерекшеліктерін анықтайтын саяси қайраткерлердің өткен тәжірибелері, таланты, жеке қасиеттері жатады;

2) рөлдік факторлар немесе жеке қасиеттері мен мінездемесімен байланысты емес, ие болып отырған ресми жағдайына байланысты мемлекеттік қайраткерлердің сырттағы іс-әрекетіне жататын факторлар;

3) үкіметтік факторлар Дж. Розенаудың ойынша, саяси лидерлерге сыртқы саяси таңдау шегін анықтайтын үкіметтік құрылымның аспектітері тән;

4) «қоғамдық айнымалылар» – қоғамның негізгі құндылықтары, оның ұлттық бірлік сатысы, экономикалық даму деңгейі және т.б.;

5) «жүйелік айнымалылар» демек, сыртқы орта мен халықаралық жүйенің мемлекеттік лидерлерді сыртқы саяси таңдауына

әсер етуімен анықталатын факторлар (географиялық шынайылықтар, басқа мемлекеттер тарапынан идеологиялық шақырулар, елдердегі үкіметтердің тұрақтылығы арқылы мемлекет халықаралық қатынастар жүйесіне әсер етеді, және т.б.).

Сыртқы саясаттың мәнін түсіну мен оларды анықтаушы факторлардың мұндай тәсілі модернистердің назарын халықаралық қатынастардың субъективті жағына, жеке тұлғалардың рөлін зерттеуге және сыртқы саяси шешім қабылдаудағы топтарға аударды.

Ричард Снайдердің концепциясы кең таралған. Оның ойынша, сыртқы саяси шешім қабылдау механизмін үш айнымалы шаманың өзара әрекет етуімен түсіндіруге болады: әртүрлі органдардың өзара қарым-қатынасы мен рөлі, оларға ақпарат ағымының келіп түсуі және жеке тұлғалардың іс-әрекеті. Р. Снайдер мотивацияны зерттеуге көп мән берді. Оның концепциясына сәйкес мемлекеттік шенеуніктер сыртқы саяси шешім қабылдауда басқаратын мотивтерді екі негізгі түрге бөлуге болады. Бірінші түрге шенеуніктің өткен уақытта жинаған кәсіби тәжірибесінің әсер етуі арқылы жасалған мотивтер жатады. Мотивтердің екінші түрі мемлекеттік шенеуніктің жеке тұлға ретінде барлық өмірлік тәжірибесі арқылы анықталады. Р. Снайдер мотивтердің бірінші түрін ескеру керек дейді. Саяси лидерлер мен мемлекеттік шенеуніктердің индивидуалдық ерекшеліктері сыртқы саясат мәселелері бойынша шешім қабылдауға әсер етуі мүмкін болатын жағдайлар да кездеседі. Шешім қабылдау механизмін зерттеуші мамандар сыртқы саяси курстың қалыптасуына әсер етуге ұмтылатын қысым топтарының бар екенін ескеру керек дейді. Мұндай қысым топтарының арасында көп аталатындары: экономикалық, саяси және үкіметтік; бұқаралық ақпарат құралдары; қоғамдық пікір қалыптастырушы лидерлер; халықтың саяси белсенді бөлігі.

1970 жылдардың басында ағылшын саясаттанушысы Нейджел Форвард ұсынған шешім қабылдау моделі мүддесін көрсетеді. Н. Форвард мемлекеттік лидер сыртқы саяси шешім қабылдауда сүйенетін алты негізгі белгіні бөліп көрсетті:

1) ұлттық бірлікті сақтау белгісі, немесе белгілі бір мемлекеттің тәуелсіздігін сақтап қалуды қамтамсыз ететін факторларды ескеру;

2) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету белгісі, бәрінен бұрын ескери қатынасты;

3) ұлттық рөлді сақтау белгісі, демек мемлекеттің халықаралық қатынастар жүйесінде өз орнын сақтап қалуға мүмкіндік беретін факторларды ескеру;

4) өнегелерді жасау белгісі;

5) абыройды сақтау белгісі, оның мәні мынада өздерінің уәделері мен қауіптерін орындап жүрген мемлекет өзінің халықаралық беделін көтереді, ал керісінше жасап жүрген мемлекет өз беделін жоғалтады;

6) халықаралық стандартты сақтау белгісі, немесе мораль мен халықаралық құқық нормаларын қолдану.

Макс Вебер методологиясына сүйене отырып, Н. Форвард сыртқы саяси шешім қабылдайтын адамдардың үш идеалды түрін атап көрсетті. Бұл бөлініс негізінде сұрыптау мен есепке алу принциптеріндегі айырмашылық жатыр. Бірінші типті Н. Форвард «асығыстар» деп атады. Оларға барлық әрекетке жылдам керісінше жауап қайтаратын, ұлттық мүддеге қауіп төндіретін, қабылданған шешімнің ұзақ уақытты салдарын ескермейтін саяси лидерлер жатады. Бұл типке жататын тұлғалар жоғарыда аталған үш белгіге назар аударады да, соңғы үшеуін жоққа шығарады. Екінші идеалды тип – «мазасыздар». Бұл саяси қайраткерлер қабылданған шешімнің ұзақ мерзімдік салдарына бағытталған және 5-ші және 6-шы белгілерді ескереді. Үшінші типті саясаттанушы «арманшылдар» деп атады. Бұл адамдар тек халықаралық стандарттарға сүйенушілер және сыртқы саяси шешім қабылдау халықаралық құқық пен мораль нормалары арқылы басқарылуы керек деп есептейді.

Модернистік бағыттың теориялық мектептерінің арасында ойын теориясы танымалдыққа ие болды. Теорияның мақсаты – әртүрлі моделденген халықаралық саяси және экономикалық жағдайдың әрекет ету сызығын өңдеу. Осы теорияға сәйкес, алғаш рет Дж. фон Нейман мен О. Моргенштерннің «Ойын теориясы және экономикалық беталыс» кітабында, әрбір мемлекет сыртқы саяси әрекеттерді пайдаланады немесе қарама-қарсы жаққа жеңіліс тілей отырып өзіне жеңіс тілейді («нөлдік сум-

мамен ойнау» – біреудің суммалық жеңісі басқаның жеңілісіне тең), немесе керісінше, басқа елмен ынтымақтасуға тырысады («нәлдік емес суммамен ойнау» – ешкім жеңілмеді де, жеңбейді де). Мемлекеттің сыртқы саясатын анықтайтын адамдар кез келген жағдайда қалуы мүмкін, бірақ оларда үнемі төрт шешімнің бірін тандау мүмкіндігі бар: ең жақсысын; кейбір жағдайда жаманынан гөрі жақсысын; кейбір жағдайда жақсысына қарағанда жаманы; ең жаманын. Оның авторларының ойынша, ойын теориясының міндеті көп жағдайлардың математикалық және жүйелік талдауының көмегімен саяси лидерлерге оптималды жағдайды ойға салу. Бұл стратегия бір жағынан мұрагерлікті сақтауы керек, бірақ барлық уақыттағы жағдайға қолданыла бермейді.

Уақыт өте модернизм мен реализм арасындағы айырмашылық жойыла бастады, теоретикалық дискуссияның қатысушылары мойындағандай бұл айырмашылықтардың кейбіреуі ойдан табылған. Модернистер ұсынған көптеген идеялар жалпы мойындалды. Ақырындап, саяси реализмнің орнына жаңа концепциялар келе бастады. Мысалы, неореализм мен неолиберализм, модернистік бағыт тұтас бір құбылыс ретінде бұрынғыдай маңыздылығын жоғалтты. Бірақ бұл бағыттың көптеген өкілдері өздерінің ғылымдағы орнын сақтап қалды, мысалы, Дж. Розенау, Дж. Модельски және т.б. халықаралық қатынастар теориясының жалпы мойындалған беделділері.

Постмодернизмнің бөлек ғылыми мектебі де, халықаралық қатынастарға деген ерекше тәсілі де жоқ. Оның жолын қуушылар (Дж. Дер Дериан, М. Уолцер, Р. Шапиро, Р. Эшли және басқалар) қазіргі ғылымның құрылуына негіз болған рационализм халықаралық қатынастарды ұғыну үшін ең дұрыс тәсіл деп есептемейді. Олардың ойынша, Халықаралық қатынастар – саяси және басқа да әрекеттер процесі мен нәтижесі, сонымен қатар, біздің танымымыздың азығы. Постмодернистер әртүрлі концептуалдық теориялық құрылымдардың өмір сүру құқын шектейді, кез келген категориалдық аппараттың пайда болуын реализмге қайта оралудың бірден-бір жолы дейді. Олардың басты сенімі, халықаралық қатынастар да басқа әлеуметтік шынайылық

сияқты – бұл біздің өзіміздің ойлауымыз бен әрекетіміздің нәтижесі. Олар біздің таным мен қолданылып жатқан әдістерімізсіз өз бетінше өмір сүре алмайды. Сондықтан да, парадигмалар, теориялар, түсініктер, әдістемелер таным құралдары емес, халықаралық шынайылық құралы. Олар халықаралық факторларды, оқиғаларды, нормалар мен процестерді өмірге әкеледі.

Постмодернизм өмірге либерализмнің, реализмнің, марксизмнің постклассикалық нұсқасын алып келді, халықаралық қатынастар теориясына әсер етті, олар мынадан бас тартты:

а) эмпирикалық және нормативтік зерттеулер арасындағы қатаң шекарадан;

ә) ХҚ-ды өзгермейтін және белгіленген объект ретінде талдаудан;

б) өмір сүріп жатқан институттар мен нормаларды өзгермейтін шындық ретінде қарастырудан;

в) халықаралық қатынастар теориясындағы себептілік пен рационалды түсіндіруді іздеуден.

Көптеген постклассикалық теорияларға ортақ ретінде:

– мемлекетті ХҚ-дың орталық түйіні ретінде қабылдамау (постмодернистер үшін мемлекет пен ұлттық мүдделер – бұл жай ғана метафоралар);

– «суверенитет», «территория», «шекаралар» түсінігіне деген сыни қатынастар;

– қауіпті уайымдау мен жекелік сезінудегі «қауіпсіздік» түсінігін терең түсіну;

– халықаралық қатынастарды түсіндірудегі ауыртпалық орталығын мәдени-өркениеттік аспектілер, бірегейлік талдауына ауыстыру.

Әлемдік саясат пен халықаралық қатынастарда неолибералды көзқарастардың қалыптасуы 20 ғасырдың 2 жартысында әлемде болып өткен маңызды өзгерістердің көрінісі болып табылады. Әлемдік саясат пен халықаралық қатынастар туралы дәстүрлі түсініктерге 1970 жылдан бастап транснационализм ұғымы негізгі қарама-қарсылық позициясын ұстанды. Американдық автор Г. Алмондтың жұмыстарына сілтеме жасаған авторлар бойынша бұл концепцияның теориялық алғышарттары анағұрлым ертерек

пайда болған. 1950 жылы жарық көрген «Американ халқы және сыртқы саясат» атты еңбегінде Г. Алмонд жекелеген мемлекеттік құрылымдар мен топтардың сыртқы саяси қызметке ықпалын талдады. Бұл идеяларды дамыта отырып, К. Дойч және Дж. Розенау әрбір мемлекетте халықаралық қатынастардың жекелеген субъектісі ретінде көрініс табатын топтардың болатындығын және олар үкіметтік құрылым тарапынан қандай да бір шынайы қатысуынсыз өзге мемлекеттердегі осындай топтармен тікелей байланыс ұстап отыруға қабілетті екендігін көрсетті.

Әлемдік саясат пен халықаралық қатынастарды зерттеудегі жаңа бағыт 1971 жылы Роберт Кеохейн және Джозеф Найдың «Трансұлттық қатынастар және әлемдік саясат» атты кітабының жарық көруімен біржола қалыптасты. Бұл жұмыста 1970 жылдардың басында болған әлемдік қоғамдық дамудағы болған алға жылжуларды талдай отырып, Дж. Най және Р. Кеохейн жекелеген мемлекеттердің экономикалық, саяси, әлеуметтік салалардағы өзара тәуелділік деңгейінің жедел артуын айтты. Мемлекет енді бұл салаларда туындайтын өзара қатынастарды толығымен бақылай алмайды, ол бұрынғы халықаралық қатынастардағы негізгі монополиялы рөлін жоғалтуда. Транснационализм жақтастарының көзқарасы бойынша, халықаралық қатынастардың тең құқылы субъектілері болып енді трансұлттық компаниялар, үкіметтік емес ұйымдар, жекелеген қалалар немесе өзге де территориялық қауымдастықтар, түрлі өнеркәсіптік, сауда, өзге де кәсіпорындар, ең бастысы индивидтер бола алады.

Мемлекеттер арасындағы дәстүрлі саяси, экономикалық, әскери қатынастарға осы мемлекеттердің діни, кәсіби, кәсіп-одақтық, спорттық, іскер топтары арасындағы түрлі қатынастар қосылады, кейде олардың рөлдері тең болуы мүмкін. Сонымен қатар, мемлекеттердің халықаралық қатынастардағы бұрынғы рөлі мен орнын жоғалтуы терминологияда да көрініс тапты, яғни «интернационалды» (ұлт пен мемлекет бірлігін батыстық түсінуден шығатын мемлекетаралық) термині «транснационалды» (яғни, мемлекеттен бөлек, мемлекеттің тікелей қатысуынсыз) терминіне ауыстырылды.

Транснационализмнің өкілдері бойынша, дәстүрлі халықаралық (мемлекетаралық) қатынастардың орнына сапалық

жаңарған халықаралық қауымдастықтың демократиялық өзіндік ұйымдасу механизмі ретінде жаңа әлемдік саясат келуі керек. Бұл саясаттың негізгі тенденциялары жекелеген мемлекеттердің индивидуалды әрекеттерімен ғана емес, халықаралық саяси институттардың (жаһандық және аймақтық халықаралық ұйымдар, ресми келісімдер мен бейресми шарттар жүйесі, халықаралық құқық пен әлемдік қоғамдық ой институттары) дамуымен анықталады.

Транснационализм халықаралық саясаттың бұрындары идеалистік деп шеттетілген кейбір либералды тәсілдерін қайта жандандыруға ұмтылады. Жекелей алғанда, бұл И. Канттың «Мәңгілік бейбітшілікке» атты трактатында негізделген идеяларға қатысты. Сонымен қатар транснационализм жақтастары әлемдік саясат пен халықаралық қатынастарға дәстүрлі (реалистік) және либералды (идеалистік) көзқарастарды өзара жақындастыруды мүмкін деп санайды, олардың ойынша мұндай көзқарастар бірінбірі толықтырады.

Халықаралық қатынастардағы өзара тәуелділіктің өсуі мен күштік фактордың рөлінің төмендеуі сверхдержавалар мүмкіндіктерімен салыстырғанда үлкен емес мемлекеттер мен жекелеген субъектілердің мүмкіндіктерін кеңейтуге әкелетін әлемдік қоғамдық дамудағы объективті тенденциялармен түсіндіріледі. Бірінші тенденция көлік қатынасы мен бұқаралық коммуникацияның дамуымен байланысты. Бұл өз кезегінде трансұлттық корпорациялардың пайда болып және жылдам дамуына әкелді, бір мезгілде олардың әрекеттеріне үкіметтік бақылау әлсірейді. Әлемдік сауда әлемдік экономика құрылымынан әлемдік өндірісті ығыстыра бастады, бұл трансұлттық субъектілердің рөлін одан сайын көтере түсті, мемлекеттердің өзара тәуелділігін одан әрі күрделі әрі мықты ете түсті.

Екінші тенденция үшінші әлем елдеріндегі модернизация үрдістерімен, урбанизациямен, коммуникацияның дамуымен байланысты. Бұл мемлекеттердегі национализмнің өсуі мен әлеуметтік алға жылжулар мұндай үрдістердің салдарларының бірі болды, бірақ бұл дамыған мемлекеттер тарапынан үстемдікті қамтамасыз етудің өзге дәстүрлі құралдары мен әскери интервенцияның жүзеге асуына кедергі келтіреді.

Үшінші тенденция да жеке субъектілер пайдасына емес, үлкен емес және нашар мемлекеттер пайдасына қарай билікті қайта бөлуге әкеледі. Жаңа технологиялардың оның ішінде әскери технологиялардың кең таратылуы нәтижесінде кейін қалған мемлекеттер өзінің әскери потенциалын экономикалық және әлеуметтік прогрессіз де нығайтуға қабілетті.

Сондықтан да сверхдержавалардың аймақтық деңгейіндегі әскери араласуы «рентабелді» болмады, ал олардың үшінші әлемдегі жағдайға әсер ету мүмкіндігі азаюда.

Төртінші тенденция әлемдегі алдыңғы мемлекеттердің қоршаған орта жағдайын бақылау мүмкіндігінің шектелуін білдіреді. Экологиялық және өзге де жаһанды мәселелердің ушығуы ірі әрі қуатты мемлекеттердің өздерінің осы мәселелерді шешуге қабілетсіздігін көрсетеді. Бұл мәселелер өз құрамына ішкі саяси және сыртқы саяси компоненттерді қосатындықтан табиғатынан трансұлттық болып табылады. Жаһандық мәселелерді шешу тек барлық мемлекеттердің коллективті әрекеттері мен серіктестігінің шеңберінде ғана мүмкін. Осыдан транснационализмнің көптеген жақтаушыларының бүкіл әлемді наднационалды ұйымдардан әлемдік үкімет құруға қажетті негіздерге теориялық алғышарт болған дәстүрлі либералды ережелерден туындайтын жаһанды азаматтық қоғам ретінде қарауға ұмтылыс бар.

Жоғарыда айтылған және өзге де классикалық либералды доктринадан туындаған трансұлттық қатынастар концепциясындағы модификация көптеген зерттеушілерге оны өзге де кіші бағыттар (Эрнст Хаастың функционалды тәсілі) мысалы, неолиберализм сияқты бағыттармен бірегейлендіруге негіз береді. Мұндай өзгерістер ХҚТ-дағы либералды бағыттың басты оппоненті саяси реализм мектебінің де өз концепцияларына өзгерістер енгізуіне мәжбүр етті. 1970 жылдары дәстүрлі реализм неореализмге ауысты.

Радикализм парадигмаларының негізгі ережелері мен түрлері. ХҚТ-дағы радикализм парадигмасы өзге парадигмаларға қарағанда кейінгі дәстүрлермен байланысты. Ол өз бастауын К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Коммунистік манифесінен» алып, ортақ ережелерге тән классикалық марксизм, ленинизм, неомарк-

сизм, постклассикалық марксизмнің нұсқаларын қосады. Радикализм жақтаушыларының көзқарасы бойынша, халықаралық қатынастар табиғаты тек анархиялық сипатта емес, сонымен қоса империалистік және эксплуататорлық сипатқа ие. Халықаралық қатынастардың негізгі тұлғалары немесе акторлары мемлекеттер, трансұлттық топтар немесе ұйымдар емес, әлеуметтік кластар болып табылады. Бір жағынан бұлар бір-бірімен өткір бәсекелестікке түсетін, әлемдік экономикада өндірістің басқарушылық құралдарын монополиялы иеленетін және басқаратын өндірістік капиталдың жеке иелері болса, екінші жағынан әлемдік империалистермен эксплуатацияланатын және зардап шегетін пролетариат. Сондықтан да халықаралық аренада империя аралық дағдарыстар, аталған негізгі кластар арасындағы, байлар мен кедейлер арасындағы күрес және қарама-қайшылықтар басымдық етеді. Халықаралық қатынастардың бірмезгілде және негізгі реттеушілері болып табылатын класстық күрес және революциялар ерте ме, кеш пе жеңіспен аяқталады, сол кезде Маркс сөзімен айтқанда «адамгершілік пен әділеттіліктің қарапайым нормалары» халықаралық қатынастарда үстемдік етеді, сондықтан да халықаралық қатынастар табиғаты мәңгілік емес.

Радикализм жақтастарының экономикалық қатынастарға басымдық беретін басымдығы оларды экономикалық өзара тәуелділіктің неолибералды концепциясының жақтастарымен жақындастырады. Халықаралық актор ретінде мемлекеттердің рөлін кішірейту неолиберализмнің өзге түрі глобализмге тән. Ал радикалистердің ойынша халықаралық қатынастардың табиғатының негізін қарама-қайшылықтар, үнемі болатын дағдарыстар мен үздіксіз жанжалдар құрайды деген сенімі кейбір деңгейде реалистердің түсінігімен сай келеді. Сонымен қатар, радикалистер халықаралық қатынастардың өзгеше картинасын, өзге қалпын қалыптастырды. Радикализм парадигмасы да жоғарыда айтылып өтілген парадигмалар сияқты өз алдына біркелкі монолитті көрсетпейді, оның шеңберінде түрлі тәсілдер мен концептуалдық құрылымдар болады.

Әлемдік соғыстар арасындағы кезеңдегі радикализмнің негізгі ережелері В.И. Ленин мен оның жақтастарының әлем-

дік империализм теориясында көрсетілді. Олар 1914-1918 жылдардағы бірінші дүниежүзілік соғыс себептерін империалистер арасындағы кереғарлықтан, аса бай мемлекеттердің монополистік буржуазиясының әлемнің экономикалық және саяси бөлуге ұмтылуынан, колониялар мен қаржылық капиталдардың ықпал ету аймағын бөлуден іздеді. Бұл соғысты олар екі жақтан да тонаушы, жыртқыш, империалистік, жаулап алушы ретінде сипатталды. Сондықтан да өзара күресуші мемлекеттердің эксплуатацияланған кластары өз үкіметтерінің жеңілісіне мүдделі болды, империалистік соғыстардың келесі кезекте жалпы әлемдік антиимпериалистік, антибуржуазиялық, социалистік революцияға айналатын азаматтық соғыстар тізбегіне айналуына мүдделі болды.

Соғыстардың, империализмнің, пролетарлы интернационализмнің және социалистік революциялардың Лениндік теориясы марксизмнің ревизияларының алғашқыларының бірі болды, бірақ өзінің негізгі ережелерінде халықаралық қатынастардың маркстік көрінісіне сүйенді, яғни базистен тәуелді болғандықтан (экономикалық қатынастар) екінші ретті, әлемдік аренада өзара әрекет етуші мемлекеттердің ішкі саяси реалийлерінен шығатындықтан үшінші ретті болады.

Радикализмнің осы нұсқасын марксистік лениндік деп атайды.

1950-1960 жылдары Батыс елдерінде жеткілікті көлемде таралған «шынайы социализм» тәжірибесінен көңілі қалған ықпалмен радикализм неомарксизмнің формасын қабылдады. ХҚТ-да бұл халықаралық қатынастарды екінші, үшінші ретті түсінуден бас тартудан ғана көрініс тапқан жоқ. Неомарксизмнің негізінде әлемдік капитализмнің даму деңгейіне сай жетілетін әлемнің бай және кедей Солтүстік және Оңтүстік мемлекеттерінің мүдделерінің шайқалуына сенім жатыр. Сонымен қоса, әлемдік капиталистік даму мен империалистік аралық кереғарлықты лениндік түсіндіруден алшақ бірнеше теориялар ұсынылды: тәуелділік теориясы (Р. Пребиш), бұның позициясы бойынша экономикалық дамыған мемлекеттердің игілігі артта қалған мемлекеттердің ресурстарын эксплуатациялауға және бай мен кедей мемлекеттер арасындағы эквивалентті емес айырбасқа

негізделеді; құрылымдық теңсіздік теориясы (Й. Галтунг), халықаралық жанжалдардың себептерін бір мемлекеттің халықаралық құрылымының (экономикалық, саяси, әскери, т.б.) түрлі типтерінде тең емес жағдаймен түсіндіреді; әлемдік-жүйелік теория (И. Валлерстайн), қазіргі әлемдік экономикалық дамудың салдары ретінде әлемдік капитализмнің орталығы мен перифериясы арасындағы әлеуметтік теңсіздіктің терендеу тенденциясын көрсетеді.

Сонымен, классикалық емес радикализм әлеуметтік әділеттілік пен байлықты қайта бөлісу үшін орталықтың ірі монополияларына қарсы периферияның артта қалған мемлекеттердің халқының күресіне негізделген қазіргі әлемдік даму логикасын, халықаралық қатынастардың негізгі акторларының қалаулары мен стратегияларының түбегейлі өзгерістеріне сүйенеді. Радикализмнің постклассикалық нұсқасы жалпы алғанда мұндай дәстүрлерден бас тартпайды. Сонымен қатар, ол әлемдік дамудың жаһандандудың әлеуметтік салдарлары мен саяси мәнінің өзіндік түсіндірмелерінен шығады.

Халықаралық қатынастардың социологиясы – жақтастары өздерін қандай да бір парадигмамен байланыстырмайтын зерттеушілік бағыт. ХҚС өз алдына ХҚ зерттеудің кең таралған әлеуметтік тәсілдерінің жиынтығын білдіреді. Халықаралық қатынастарда акторлардың мүдделеріне емес, құндылықтар, нормалар, мәдени ерекшеліктер, дәстүрлер мен идеяларға баса назар аударғаны олардың ерекшелігі болып табылады. ХҚС-да конструктивизм мен француздық мектеп ең ықпалдысы болып есептелінеді. Конструктивизм екі нұсқада қарастырылуы мүмкін:

а) неоклассикалық (Дж. Рагги, Ф. Крадохвил, И. Адлер және т.б.), оған неоидеализм (А. Вендт, Д. Дреслер), әлеуметтік институционализм (М. Финнемор, Л. Мейер), коммунитаризм (К. Бранун, Р. Джексон), сыни теория кіреді (Р. Кокс, Н. Герас);

ә) феминистік теориядан және А. Вендттің неоидеализмнен құралатын постмодернистік (Ж. Эльстайн, А. Тикнер) (Р. Эшли, Дж. Дер Дериан, Р. Уокер).

Конструктивизм өзінің ішкі кереғарлықтарына қарамастан ортақ сипаттарға ие:

– ХҚ-дың талдауындағы негізгі объектілер мемлекеттер болады;

– мемлекетаралық жүйедегі маңызды басты құрылымдар тек материалды ғана емес, интерсубъектілі сипатта қарастырылады;

– мемлекеттің бірегейлігі мен мүдделері адамзаттық табиғат немесе мемлекеттің ішкі саясатымен емес, белгілі бір деңгейде осы құрылымдармен құрастырылады. Конструктивистер ұсынады:

а) әлемдік қауымдастық пен оның құраушы бөліктерін (ең алдымен мемлекет) өзара бірлесе отырып жасау;

ә) революциялық өзгерістерді де бастан өткізуге шыдамды халықаралық жүйелердің эволюциясының мирасқорлығы;

б) халықаралық қатынастар бейнесінің тек осында болып жатқан үрдістер мен өзара әрекеттерден ғана емес, сонымен қатар осы бейненің концептуализациясына, одан көзқарасқа байланысты тәуелділігін көрсетеді.

Француздық мектеп (Б. Бади, Д. Биго, М.К. Смутс, Ф. Шарийон) халықаралық қатынастардағы олардың акторларының санының артуымен, қазіргі әлемнің өзара тәуелділігінің күшеюі мен оның жаһандану үрдісіне өсіп келе жатқан ықпалымен байланысты алға жылжулардың анализінің маңыздылығын көрсетеді. Олардың арасында ең негізгілері бөлінеді:

– үш салыстырмалы еркін салалар: мемлекет, трансұлттық және әлеуметтік мәдени желілер арасындағы индивид лоялдылығының ажырауымен мемлекеттік суверенитеттің жойылуы;

– халықаралық қатынастардың жаңа акторларының оның құрылымына, қатысушыларына, олар арасындағы жанжалдарға ықпалы;

– ішкі және сыртқы саясат арасындағы, халықаралық және қоғам ішілік қатынастар арасындағы шекаралардың жойылуы;

– мемлекеттердің оның легитимділігін құрушы негізгі принциптерді – суверенитетті, территориясын, саяси өкілдікті бұзуға қатысуы, нәтижесінде ХҚ-дың барлық жүйесі маңызды сынаулар мен тұрақсыздыққа ұшырайды.

Халықаралық саяси экономияның негізгі мәні. Оның қалыптасуында басты рөлді 1975 жылы «Әлемдік саясат пен халықаралық экономика» мақаласында жарық көрген «International

Organization» журналы ойнады. ХСЭ саласындағы белгілі маман Р. Гилпин бойынша оның зерттеу пәні үш негізгі маңызды сұрақтармен байланысты:

– жаһандық экономиканың пайда болуының себептері мен салдарлары туралы: нарықтың қызмет етуі өзінің ішкі логикасына бағынады ма, әлде ол мемлекеттік реттеуге тәуелді ме?;

– экономикалық және саяси өзгерістер диалектикасы туралы: қандай мөлшерде экономикалық тұрақсыздық өз артынан саяси толқуларға әкеледі? Мемлекеттердің өз суверенитетін қорғауға ұмтылысы мен экономикалық реттеу тәсілдерінің жаһандануы өзара қалай арақатысты болады?;

– мемлекеттердің жаһандану процесіне қосылуының саяси жолдары туралы: мемлекет нарықты бақылау үшін қандай құралдарға ие және нарық мемлекеттік шектеулерден өту және жеңу үшін қандай құралдарға ие (дұрысырақ оның атынан шығатын күштер)?

С. Стрендж ХҚС-ның негізгі сұрағы мемлекет пен нарықтың арақатынасын билікті құрылымдық түсіну арқылы қарастырды. Билікті төртбұрыштыға теңестіреді, оның жақтары ретінде өндіріс, қауіпсіздік, білім және финанс құрылымын көрсетеді. Әрбір жақ өзгелерімен жанаса отырып, билік пен нарық қатынастарына әсер ететін тығыз өзара тәуелділік жағдайында болады. Қазіргі уақытта, Стрэндж және өзге де зерттеушілердің ойы бойынша билік және қоғамның билігі мемлекеттен трансұлттық корпорацияларға, фирмалар мен банктерге өтуде. Трансұлттық кәсіпорындар мен ұйымдар мемлекеттің әлеуметтік басқару қызметін, жұмыспен қамту, еңбек шарттары мен оны төлеу қызметтерін иеленді және мемлекеттің қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі мен жалпы оның күш монополиясын жойды. Алайда, олар бойынша, бұл мемлекеттердің жойылуын немесе олардың трансұлттық құрылымдарға тәуелділігін болжауға болатындығын білдірмейді, институционалды саяси және экономикалық билік арасындағы күш арақатынасы жағдайы ауыспалы, бүтінде қалыптасып отырған жағдай мемлекет пайдасына емес, оның қашанға дейін созылары белгісіз.

І. Көптеген парадигмалардың пайда болуына алып келген халықаралық қатынастарды зерттейтін түрлі әдіс-тәсілдер

теориялық талас-тартыстарға алып келді. Халықаралық-саяси ғылымда осындай пікірталастың үшеуін ажыратуға болады. Бірінші пікірталас 1939 жылы пайда болды, ол ағылшын ғалымы Эдвард Каррдың «Жиырма жылдық дағдарыс» атты кітабының жарыққа шығуымен байланысты. Онда саяси шынайылық тұрғысынан идеалистік парадигманың негізгі ережелері сынға алынды. Реалист Ганс Моргентау (Morgenthau H. Politics among Nation. The Struggle for Power and Peace. N. Y., 1948) және оның жақтастары екінші дүниежүзілік соғыстан кейін осы пікірталастың бастамашылары болып шықты. Жаңа тарихи жағдайда реалисттердің идеалисттерді жеңуі даусыз болып көрінетін.

Екінші «үлкен пікірталас» ХХ ғасырдың 50-жылдары басталып, ал 60-жылдары аса қызу болды, себебі халықаралық қатынастарды зерттейтін жаңа әдістердің және тәсілдердің жақтас-тары – модернистер, саяси реализмнің постулаттарын кенеттен сынға алды. Жаңа буынның ғалымдары (Куинси Райт, Мортон Каплан, Карл Дойч, Дэвид Сингер, Калеви Холсти, Эрнс Хаас және т.б.) халықаралық қатынастарды зерттеуде нақты ғылымдардан алынған ғылыми жабдықтарды, әдістер мен әдістемелерді қолдануды жөн көрді. «Модернистер» негізінде өздерінің оппоненттерінің теориялық ұстанымдарында күмәнданған жоқ, олар ғылымның методологиялық жағына көңіл аударды. Сондықтан да сыртқы татуланбас реңге қарамастан, пікірталас қатысушылары соңында өзара келісімге келді, онда халықаралық проблемаларды зерттеуде «дәстүрлі» және «ғылыми» әдістерді үйлестіру қажеттігі көзделді.

1970 жылдың соңында және 1980 жылдың басында басталған және әлі күнге дейін бітпеген үшінші «үлкен пікірталастың» негізінде халықаралық қатынастардың қатысушысы мемлекеттің рөлі және әлемдік сахнада болып жатқанның мағынасын түсіну үшін ұлттық мүдденің және күштің мәні болды. Транснационалистер деп атауға болатын түрлі теориялық ағымдардың жақтастары (Роберт Кохэн, Джозеф Най, Йел Фергюсон және т.б.) интеграция теориясының дәстүрін (Дэвид Митрани) және өзара тәуелділікті Эрнст Хаас, Дэвид Моурс)

жалғастыра отырып мынадай идеяны алға тартты: саяси реализм және оған тән этатистік тәртіп халықаралық қатынастардың негізгі тенденциялары мен сипатына сәйкес келмейді, сондықтан олар алып тасталуы тиіс. Олардың ойынша, қатысушылардың, өзара әрекет ету түрлерінің және каналдарының көптігі мемлекетті халықаралық байланыс орталығынан ығыстыра отырып, халықаралық қатынастарды мемлекетаралықтан трансұлттыққа трансформациялап жатыр. Транснационалистердің ықпалымен халықаралық-саяси ғылымда бірқатар жаңа теориялар пайда болып жатыр, мысалы, жаһандану, аймақтану және т.б. концепциялар. Сонымен қоса, негізгі парадигмалар бөлініп жатқан өзгешеліктер сақталып жатыр. Зерттеушілердің көпшілігі халықаралық қатынастарда негізгі қатысушылары ретінде тек мемлекеттер екенін тұжырымдап отыр.

II. Халықаралық қатынастар теориясына парадигмаларға тән кемшіліктердің, сондай-ақ парадигмааралық таластардың жағымсыз әсерінің негізінде жаңа зерттеу бағыттарының пайда болуына себеп болды – постмодернизм, халықаралық экономикалық саясат, халықаралық қатынастардың әлеуметтануы, халықаралық қатынастардың француздық мектебі.

Постмодернизм жекеше түрде жеке бір ғылыми мектепті немесе халықаралық қатынастарға бірегей тәсілді білдірмейді. Оның жақтастары (Дж. Дер Дериан, М. Уолцер, Р. Шапиро, Р. Эшли және т.б.) қазіргі ғылым сүйенген рационализм халықаралық қатынастарды түсіну үшін ең тиімді тәсіл емес екенінде тоқталып отыр. Олардың ойынша, Халықаралық қатынастар – саяси және тағы басқа іс-әрекеттердің нәтижесі, сонымен қатар ол біздің танымның жемісі, оған қолданылып отырған тілдің зерттеу құралдары тән және олар оған сәйкес мәтіндердің талдамасына тәуелді. Постмодернистер түрлі концептуалды теориялық құрылымдардың өмір сүру құқығынан бас тартады, кез-келегін категориялық аппараттың құрылуын, яғни рационализмге қайта оралуды заңсыз деп санайды. Олардың негізгі ойлары мынадай: халықаралық қатынастар, барлық әлеуметтік шынайылық сияқты – бұл біздің жеке ойымыз бен іс-әрекеттердің нәтижесі, себебі олар біздің санамыздан және қолданып отырған әдістерден

тәуелсіз өзімен-өзі өмір сүрмейді. Сондықтан, парадигмалар, теориялар, түсініктер, әдістемелер танымның құралдары ғана болып қоймай, негізінен халықаралық шынайылықты құрастыру құралдары болып табылады, ал олар халықаралық факторларды, оқиғаларды, нормалар мен процестерді білдіріп қана қоймай, оларды құрастырады деп айтуға болады.

Постмодернизм халықаралық қатынастар теориясына әсер етті, ол өмірге либерализмнің, реализмнің және марксизмнің постклассикалық нұсқасын енгізді, олар мыналардан бас тартады:

а) эмпирикалық және құқықтық зерттеулердің арасында қатал шекаралардан;

ә) өзгермейтін және белгіленген объект ретінде халықаралық қатынастар талдауынан;

б) өзгермейтін болмыс ретінде әрекеттегі институттар мен нормаларды қарастырудан;

в) халықаралық қатынастар теориясында себептіліктер мен рационалды түсіндірмелерді іздеуден.

Постклассикалық теориялардың көпшілігіне мыналар жалпы болып табылады:

– халықаралық қатынастардың орталық буыны ретінде мемлекетті қабылдамау (постмодернисттер үшін мемлекет пен ұлттық мүдделер – бұл тек метафоралар ғана);

– «егемендік», «территория», «шекаралар» түсініктеріне одан әрі сыни қатынас;

– «қауіпсіздік» түсінігін басқаша ойлап түсіну, жеке сезімдер мен қауіптерді жеке қайғыру;

– халықаралық қатынастар түсіндірмесінде ауыртпалық орталығының мәдени-өркениетті аспектілерге ауысуы, сәйкестілікті талдау және т.б.

Халықаралық қатынастардың әлеуметтануы – бұл зерттеу бағыты, оның жақтастары өзін белгілі бір парадигмамен байланыстырмайды. Халықаралық қатынастар әлеуметтануы халықаралық қатынастарды зерттеуге қажетті ең көп таралған әлеуметтік тәсілдердің жиынтығын білдіреді. Олар халықаралық қатынастардағы акторлардың мүддесіне ерекше мән бермейді, керісінше, құндылықтарға, нормаларға, мәдени ерекшеліктерге,

дәстүрлер мен идеяларға негізделеді. Халықаралық қатынастар әлеуметтануында конструктивизм мен француздық мектеп ең ықпалды болып саналады.

Конструктивизм екі нұсқада қарастырылуы мүмкін:

а) неоклассикалық (Дж. Рагги, Ф. Кратохвил, И. Адлер және т.б.) ол өзіне неоидеализмді (А. Вендт, Д. Дреслер), әлеуметтік институционализмді (М. Финнемор, Л. Мейер), коммунитаризмді (К. Браун, Р. Джексон), сыни теорияны (Р. Кокс, Н. Герас) жатқызады;

ә) постмодернистік (Р. Эшли, Дж. Дер Дериан, Р. Уокер), ол феминистік теориялардан (Ж. Эльстайн, А. Тикнер), неоидеализмнен (А. Вендта және т.б.) құралады.

Өзінің барлық ішкі түрлілігін ескере отырып, конструктивизмнің жалпы мазмұны да бар:

– халықаралық қатынастар талдауының негізгі объектілері мемлекеттер болып табылады;

– мемлекетаралық жүйеде негізгі құрылымдар материалды ретінде емес, көбінесе интерсубъекті ретінде қарастырылады;

– мемлекеттің бірегейлігі мен мүддесі адамның табиғаты немесе мемлекеттің ішкі саясаты ретінде емес, ол маңызды дәрежеде осы құрылымдардың ұйымдастыруымен сипатталады.

Конструктивисттер өз дегенінде тұр:

а) бір-бірімен өзара байланысты әлемдік қоғамды және оны құраушы бөліктерді (ең алдымен мемлекеттің) құру;

ә) революциялық өзгерістерді басынан өткере алатын халықаралық жүйе эволюциясының бірізділігінде;

б) халықаралық қатынастардың осында болып жатқан процестер мен өзара іс-әрекеттердің тәуелділігіне ғана емес, сондай-ақ бұл жағдайдың концептуализациясы мен оған деген көзқарасқа байланысты.

Француздық мектеп (Б. Бади, Д. Биго, М.К. Смутс, Ф. Шарийон) халықаралық қатынастардағы жылжулардың талдауының маңыздылығын көрсетеді, олар оның акторлары санының көбейуімен, қазіргі әлемнің өзара байланыстылығының күшеюімен және оған жаһандану процестерінің ықпалы өсуімен шартталған. Олардың ішінде негізгілері келесілер:

– мемлекеттік егемендіктің беделін түсіру, ол индивид адалдығының біршама жеке дербес орталардың – мемлекет, трансұлттық және әлеуметтік-мәдени желілердің арасында ажыраумен сипатталады;

– халықаралық қатынастар жаңа акторларының олардың құрылымына, қатысушыларына, олардың арасындағы жанжалдарға ықпал етеді;

– сыртқы және ішкі саясаттың, халықаралық және ішкі қоғамдық қатынастар арасында шекаралардың жойылуы;

– мемлекет легитимділігінің негізін құрайтын негізгі принциптердің – егемендік, территориалдылық пен саяси өкілеттіліктің жойылуында мемлекеттің қатысуы, соның нәтижесінде халықаралық қатынастардың барлық жүйесі қатерлі сынақтар мен тұрақсыздыққа ұшырайды.

Халықаралық политэкономияның негізгі мазмұны. Оның құрылуы кезінде маңызды рөлді ойнаған 1975 жылы жарық көрген “Internationak Organization” журналындағы «Әлемдік саясат және халықаралық экономика» атты мақаласы. Халықаралық политэкономика саласындағы белгілі маман Р. Гилпиннің ойынша, оны зерттеу пәні үш принципалды сұрақтармен байланысты:

– жаһанды нарықтық экономика пайда болуының себептері мен салдарлары туралы: нарықтың қызмет етуі өзінің ішкі логикасына бағынады ма немесе ол мемлекеттік реттеуге бағынышты ма?;

– экономикалық және саяси өзгерулер диалектикасы туралы: экономикалық тұрақсыздық саяси күйзеліске алып келуі мүмкін бе? Мемлекет өзінің егемендігін сақтауға тырысуы мен экономикалық реттеудің жаһандану тәсілдері қалай арақатынасады?;

– жаһандану процесіне мемлекеттер енуінің саяси жолдары туралы: нарықты бақылау үшін мемлекет қандай қаржыны қолда ұстап отыр және нарық мемлекеттік шектеулерден айналып өту немесе кедергілерді жеңу үшін қандай стратегиялары (яғни, оның атынан шығатын күш) бар?

С. Стрендж халықаралық политэкономиканың негізгі мәселелерін қарастырады – билікті құрылымдық түсіну арқылы мемлекет пен нарықтың арақатынасы. Билік төртжақты де-

неге ұқсайды, оның бұрыштары өндіріс құрылымдарын, қауіпсіздікті, білім мен қаржыны білдіреді. Әрбір бұрыш басқа жақтармен жанаса отырып, тығыз байланыс күйіне түседі, ал ол билік пен нарықтың қарым-қатынасына әсерін тигізеді. Қазіргі кезде Стрендж және тағы да басқа зерттеушілердің ойынша, қоғамдар мен экономикаларға билік жүргізу мемлекеттерден трансұлттық корпорацияларға, фирмаларға және банктерге өтіп жатыр. Трансұлттық өнеркәсіптер мен ұйымдардың әлеуметтік басқару қызметін, жұмыспен қамтуды, еңбек жағдайларын жасау және оның ақысын төлеуді қамтамасыз етуі мемлекеттің қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және оның күштеуге жалпы монополиясындағы рөлін төмендетті. Алайда, олардың айтуы бойынша, бұл мемлекеттердің жойылуын немесе олардың толықтай трансұлттық құрылымдарға бағынуын болжауға болады деген сөз емес, сонымен қатар институционалды-саяси және экономикалық биліктің арасындағы күш арақатынасы – ауыспалы шама және мемлекеттің пайдасына емес орнап отырған бүгінгі жағдай ұзаққа созылмайтыны анық.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕЛЕГЕН ТЕОРИЯЛАРЫ

ХҚТ-дағы «жалпы» теориялардың ерекшеліктері.

Халықаралық саяси ғылымда ең жалпы немесе «үлкен» теория ретінде тұтастай ХҚТ-сын санау қалыптасқан. Парадигмалар көбіне өзара бәсекелесуші түрлі теорияларды біріктіреді. Бұндай теорияларға қарағанда (мысалы, қауіптер балансы, халықаралық режимдер мен құрылымдар теориялары) халықаралық қатынастардың мәні мен спецификасын тұтастай қарастыратын парадигмалар жалпы теориялар рөліне лайықты.

Жалпы теориялар рөліне парадигмалар өз зерттеулеріне халықаралық қатынастардың барлық кешенін қарастыратындықтан лайықты саналады. Алайда шын мәнінде олардың әрқайсысы өзіне тән терминдерді пайдалана отырып, тек осы кешеннің бір немесе бірнеше жақтарын ғана сипаттайды: реализмде ХҚ жалпы алғанда күштік саясат пен жанжалдардан тұрса, либерализмде ХҚ түрлі субъектілердің өзара тәуелділігі деп түсіндіріледі, ал радикализмде әлемдік капитализмнің кереғарлығы ретінде қабылданады. Осы немесе өзге де себептермен жалпы теория рөліне мыналар ұсынылуы мүмкін:

1. Жаһандық халықаралық жүйе теориясы. Бұл жүйенің акторлары болып мемлекеттер табылады. Олар:

а) өзара әрекеттеседі, оның құрылымын қалыптастырады;
ә) көрсетілген өзара әрекеттесулер жанжалдар, соғыстар, дипломатиялық маневр, тауар, идеялар, технологиялар айналымы түрінде болады.

б) жүйенің мемлекеттер іс әрекетіне ықпалы халықаралық саясаттың сипаты мен жай күйіне салмақты әсер ететін көлемі аз сверхдержавалармен анықталады.

в) шағын және орта мемлекеттердің, ХҚ-дың мемлекеттік емес қатысушыларының халықаралық өзара әрекеттесулерде рөлі аз ғана болғандықтан, ескерілмеуі де мүмкін.

2. «Суверенитеттен тыс акторларға» аса назар аудармайтын халықаралық қауымдастық теориясы (Дж. Розенау ХҚ-дың мемлекеттік емес акторларын осылай атаған). Халықаралық қауымдастық мемлекетаралық қатынастардың барлық жүйесін қамтымайды, оның құрамына тек біріккен мемлекеттердің барлығына ортақ ережелер мен олар қалыптастырған институттардың сақталуы мен дамуын көздейтін мемлекеттер ғана кіреді. Осы ортақ ережелер мен институттар негізінде бірегей нормалар, құндылықтар, ортақ бірегейлік қалыптасады. Бұл теорияның шарттарына қазіргі әлемде тек ЕУ мемлекеттері, кем дегенде жалпы батыс мемлекеттері ғана сай келеді.

3. Әлемдік (жаһандық) қауымдастық теориясы. Мұнда барлық нәрсенің бастауы болып мемлекет емес, жекелеген акторлар, үкіметтік емес ұйымдар, жалпы ғаламшардың халқы болады. Бұл теорияға сай, әлемдік қауымдастық өз артынан ортақ мүдделер мен ортақ бірегейлікті сезінуді туындататын әлеуметтік экономикалық, саяси, экологиялық жаһандық дағдарыстармен теңеседі. Мұндай оптикаға сай мемлекет, өркениет, мәдениеттер қоғамдық қатынастардың кешенінің, жалпы әлемдік, тұтастықтың бөлігі ретінде қарастырылуы қажет. Осы теорияның жақтаушыларының айтуынша, мұндай кешен көбіне ғаламдық өзін-өзі басқаратын азаматтық қоғам сипатын иеленуде.

Халықаралық қатынастардың жекелеген теориялары парадигмааралық және парадигмалық болады. Біріншісіне, қауіпсіздікті, жанжалдарды, серіктестікті зерттеудегі көзқарастар реализмдер, либерализмдер, радикализмдердің де мүдделері бірдей деңгейде болатын сұрақтардан тұратын теориялар жатады. Екіншілері, осы немесе өзге парадигмаларға «тығыз» байланысты болады. Оларға мысалы мыналар жатады:

а) күш балансы, қауіп балансы, қарт анархия, өркениеттер жанжалының реалистік теориялары;

ә) өзара тәуелділіктің, демократиялық әлемнің, гуманитарлық интервенцияның, халықаралық режимдердің либералды теориялары;

б) тәуелділіктің, симметриялық емес тәуелділіктің, антигегемонистік блоктың радикалистік теориялары.

1. Қауіп балансы теориясы XX ғ. 80-жылдары С. Уолт күш балансы теориясын дамыту және жетілдіруге ұмтылған кезде пайда болған. Күш балансы теориясы жалпы сипатында сонау Фукидид дәуірінен белгілі болған, ол мемлекеттің біреуі немесе бірнешеуінің коалициясы өзгелерден күшінен артық күшке ие болған сәттегі іс-әрекетін көрсетеді. Күш дисбалансы жүйедегі күшті мемлекет немесе коалиция осы жүйедегі өзге мемлекет немесе коалициядан артық күшке ие болған кезде пайда болады. Бұлай қалыптасқан оқиғаға жауап ретінде жүйенің қалған мемлекеттері күшейген мемлекетке (коалицияға) қарсы өз күштерін арттыруға ұмтылады немесе бір-бірімен одақ құрады, яғни оның күшін коалицияның жиынтық күшімен теңестіруге ұмтылады. Басқаша айтқанда, олар әскери және экономикалық мүмкіндіктер, табиғи ресурстар, халық сияқты компоненттерді қосатын күш факторына жауап береді.

Қауіп балансы теориясы мемлекеттің қауіп балансы болмаған жағдайда яғни бір мемлекет немесе коалиция ерекше қауіпті болған жағдайда қалай жауап беретінін көрсетеді. Мұндай жағдайларда мемлекеттер өзінің әлсіздігін жою мақсатында одақтар құрады немесе өзінің ішкі күштеулерін күшейте түседі. Қауіп балансы теориясына сай, Орталық Шығыстағы мемлекеттер одақтарды жаһандық күш балансының өзгерістеріне жауап ретінде емес, ең алдымен өзінің көршілерінен келетін қауіптерге қарсы тұру үшін құрады, олар мұндай әрекеттерге кез келген сверхдержаваларға қарағанда кем дегенде географиялық жақындығы қауіп туғызатындықтан көршілері қауіпті саналғандықтан барады.

Егер де мемлекеттің потенциалды одақтастары күштері жағынан шамамен жақын болса, қауіп балансы теориясына сай мұндай жағдайда мемлекет оның ойынша аса қауіпті емес жақпен одақ құрады. Мысалы, Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ КСРО-ға қарағанда аса қуатты мемлекет болды. Егер де күш балансы теориясының логикасына сүйенсек, көптеген мемлекеттер Құрама штаттар одағы мен Кеңес Үкіметінің коалициясын қалаған еді. Алайда бұлай болған жоқ. Уолттың ойын-

ша, бұны түсіндірудің себептерін АҚШ айтарлық қуатты мемлекет болғанымен, КСРО өзге елдер тарапынан аса қауіптірек саналуынан іздеу керек. Қауіп балансы теориясы көрсеткендей, бір мемлекет (немесе мемлекеттер коалициясы) өзгелеріне географиялық жақындығы, шабуыл жасау деңгейі, мүдделерінің агрессивтілігімен қауіп төндіреді. Бұл жерде мемлекеттің немесе оның одақтастарының өзге мемлекеттер тарапынан мүдделеріне қауіпті саналатын декларациялары немесе шынайы мүдделері маңызды емес, керісінше олардың іс-әректтерінің осындай сипатта қабылдануы маңызды.

Уолт өз теориясын жекелей алғанда КСРО мысалында келтіреді, оның ойынша:

– Кеңес Одағын онымен көршілес мемлекеттердің көпшілігінің тарапынан қауіп көзі ретінде қаралуының басты себебі ол Еуразия континентіндегі ең үлкен және аса қуаттысы болды;

– кеңестік әскери доктрина көбіне баса назарды шабуылдың артықшылықтары мен құндылықтарына аударды, бұл көбіне КСРО-ның қолайсыз географиялық орналасуымен түсіндірілді. Алайда мотив қандай болмаса да, бұл КСРО-ның оқшаулануын күшейте түсті, Кеңестер мемлекетін өзге мемлекеттер әлі де қауіп ретінде қабылдады, оған қарсы құрылған одақтың күшеюіне әкелді;

– И.В. Сталин және Н.С. Хрущев тарапынан жасалған белгілі Батысты қорқыту әрекеттерін Батыстың өзінде қауіп бар, саналы түрде жасалған мүдделер агрессивтілігі ретінде қабылданды. Нәтижесінде, бәріне белгілі аяқталған КСРО-ны тежеу және изоляциялауға бағытталған Батыстың ынтымағы зор стратегиясына жалғасты.

2. Шабуылдаушы реализм теориясының негізгі ережелері. XX ғасыр соңында шабуылдаушы реализм теориясы пайда болды, оның негізін салған Дж. Миршаймер болды.

Шабуылдаушы реализм теория өз алдына классикалық реализмге қайта оралуды білдіреді, себебі оның негізгі ережелері Г. Моргентау тұжырымдарымен сай келеді. Бұл ұқсастықтар халықаралық қатынастар табиғатының өзгермеуіне, оның анархиялылығына, оның салдары ретінде «барлығының барлығына қарсы соғысы», әлемдік саясаттың белгілі, ірі ойыншыла-

ры ретінде сверхдержавалардың болуына, «билік терминдерінде көрініс тапқан мүдделерге», мемлекеттердің халықаралық қызметіндегі негізгі стимул ретінде өзгермейтін мотивтер мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуі, соңында қуаттылықтың басты көрсеткіші және халықаралық аренада мақсатқа жетудің сұрағы ретінде әскери күш саласына қатысты.

Сонымен қатар, Д. Миршаймер өз теориясының К. Уолтцтың неореализм теориясымен ұқсастығын көрсетеді, яғни мемлекеттердің тәртібі халықаралық жүйенің конфигурациясымен (полярилылығымен) және құрылымдық факторларымен (анархия және билікті жіктеу) анықталады және басқарылады.

Көрсетілген теорияларды Д. Миршаймер өзгелерден жоғары қоюның себебі, олардың авторлары саяси реализмнің жалпы ережелерін қарастырумен қатар, халықаралық саясаттың өрбуінің өзіндік жобасын ұсынуымен ерекшеленеді. Барлық реалистер сияқты, Г. Моргентау және К. Уолтцтың талқылауларының бастауы ретінде халықаралық саясаттың негізгі түсіндіруші факторы болып сверхдержавалардың билік пен күшке ұмтылуы деген тұжырымдаманы айтуға болады. Экономикада ақша қандай рөл ойнаса, халықаралық саясатта билік сондай рөл атқарады. Билік бұл сверхдержавалық саясаттың валютасы, оны иеленуге ұмтылу мемлекеттерді өзара өткір әрі тұрақты бәсекелестікке әкеледі. Халықаралық саясат нөлдік мөлшермен ойынға тең: ойыншылардың біреуінде билік қаншалықты көп болса, екіншілерінде ол соншалықты аз болады. Мұндай жағдайлардан шыға отырып, Г. Моргентау да, К. Уолтц та неліктен мемлекеттер билікке ұмтылады және олар қанша көлемдегі билікті иеленуі керек екендігін әрқайсысы әртүрлі тұжырымдағанымен, ортақ осыларды түсіндіреді.

Саяси реализмді жалпылай, оның көрсетілген ерекшеліктеріне ерекше тоқтала отырып, Д. Миршаймер сонымен қатар, қазіргі халықаралық реалийлерді түсіндірудегі олардың шектеулілігін көрсетуге ұмтылады. Мысалы, Моргентау мемлекеттердің билікке ұмтылуы оларға тән сипат екендігін және дәл осымен сверхдержавалардың агрессивті әрекетін түсіндіреді. *Мультиполярилы жүйелер*, Г. Моргентау бойынша, өзгелерге қарағанда тұрақтырақ, себебі ең алдымен оларда көрсетілген ұмтылыс са-

лыстырмалы түрде үлкен «легитимділік» алады. Сөйтіп, «адамзат табиғатының реализмі» тарапынан сверхдержавалардың басты мақсаты халықаралық саясаттағы басымдыққа ие позицияларды жаулап алуға дейін баратын билікті максималды ұлғайту болып табылады.

К. Уолц сверхдержавалардың тума агрессивтілігі туралы тезисті қолдамайды. Ол сверхдержавалардың халықаралық саясаттағы басты мақсаты жеке қауіпсіздікті ұлғайтуға ұмтылуында екендігін көрсетеді. Алайда халықаралық жүйе құрылымы қауіпсіздікке ұмтылушы мемлекеттерді билікті иеленуде өзара бәсекелесуге ұмтылдырады, себебі ол анархия жағдайында аман қалуға көмектеседі. Өз бәсекелестерін әлсірету стратегиясы өз қауіпсіздігіне келер қауіп болмағанда немесе деңгейі минималды болған жағдайда әбден мүмкін. Сондықтан да, мемлекеттер көбіне жүйеде қалыптасқан күш теңдігін бұзғаннан көрі, соны қолдауға бейім келеді. Олар балансты бұзу әрекеттерінде агрессияның потенциалды құрбандары бұзушыға қарсы бірігеді де оның жеке билігін күшейту мақсатын болдырмайды. Д. Миршаймер терминологиясы бойынша, К. Уолц теориясы – бұл «қорғанышты реализм», бұның позициясынан сверхдержава үшін қауіпсіздікті сақтау және аса көп билікке ұмтылмау маңызды болып табылады. Бұлай болмаған жағдайда, ол өзіне қарсы өзге держава бастаған одаққа жолығуы мүмкін. Басқаша айтқанда, ол билікті ұлғайту жағдайында иеленетіннен де көп шығынға ұшырауы мүмкін. Билікті сақтауға ұмтылу нәтижесінде оны ұлғайтуға деген ұмтылыс күшейе түседі. Бұның барлығы да сверхдержаваларға күш теңдегін сақтауға мәжбүрлейді.

Д. Миршаймер қорғанысты реализмді ұнатпайды. Біріншіден, ол қауіпсіздікті сақтауға, нәтижесінде статус квоның сақталуына ұмтылады деген тұжырыммен келіспейді. Халықаралық жүйе сверхдержавалар өз бәсекелестер есебінен өзіндік күшті ұлғайту мүмкіндіктерін іздеу үшін күшті стимулдар туындатады. Мемлекеттер әрқашан өмір сүріп отырған күш қатынасын өз пайдасына қарай өзгерту мақсатында пайда шығындардан артық болған жағдайлардың артықшылықтарын пайдаланып қалуға ұмтылады. Сонымен қатар, олар билік тепе-теңдігін бұзуға бейім болуымен қатар, өз бәсекелестерінің максималды әлсіретуді көздейді. Сверх-

держава әрине, осы өмір сүріп отырған күш балансын сақтауға ұмтылады, егер де ол оның бұзылуы бұл державаның күшінің әлсіреуіне және өзге сверхдержаваның билігінің ұлғаюына әкелсе мүдделі болмақ. Алайда, егер де ол осы өмір сүріп отырған тепе-теңдіктің бұзылуы оған пайда әкелсе сонымен қатар, мұндай бұзылудың мүмкіндіктерін иеленетін болса, бұндай мемлекеттер статус қвоның және қауіпсіздіктің сақталуына емес, өз пайдасына орай күш қатынасының өзгеруіне ұмтылатынына сенімді болуға болады.

Екіншіден, Д. Миршаймер мемлекеттер өздері ұмтылатын билік көлеміне қатысты жан-жақты ойластыруға ұмтылады дегенмен де келіспейді. Белгілі афоризмді қайта қарастыра отырып, шабуылдаушы реализм тарапынан «билік көп болмайды» деп айтуға болады. Сверхдержавалар халықаралық жүйе ерекшеліктеріне орай, әрқашан өз билігін ұлғайтуға ұмтылады. Осы жүйедегі жалғыз гегемон болу олардың соңғы мақсаттары болып табылады.

Үшіншіден, қорғанысты реализмдегі мемлекеттер арасындағы қарулы қақтығыстар мен соғыстар себептерімен де Д. Миршаймер келіспейді. Неореализм теориясы, оның ойынша бұл себептерді түсіндіретін терең мағыналы түсіндермелерді ұсынбайды, керек десе сверхдержаваларға соғыстардың әкелуі мүмкін пайдалары туралы сөз де қозғалмайды. Ол соғыс мемлекеттер стратегиясындағы қателесулер мен сенімсіздіктің нәтижесі деген тұжырымдармен ғана шектеледі. Шын мәнінде, шабуылдаушы реализм тарапынан соғыстардың басты себебі мемлекеттердің өз билігін барынша ұлғайтуға ұмтылуында жатыр және бұл сверхдержавалардың басты қасіреті болып табылады.

Сонымен, неореализм сияқты құрылымдық теория болып табылатын шабуылдаушы реализм сонымен қатар, классикалық реализмге оралу болып табылады. Миршаймер Моргентаудың мемлекеттің өз билігін ұлғайтуға және максимализациялауға деген тума ұмтылысы және сверхдержавалардың халықаралық саясатта гегемонияға ұмтылысы туралы тезистерін қолдайды. Сонымен қатар, «адам табиғатының реализміне» қарағанда шабуылдаушы реализмде сверхдержавалардың іс-әрекеті ең ал-

дымен халықаралық жүйенің құрылымымен шарттасады. Ол сонымен қатар, классикалық реализмнің екіполярлы жүйеге қарағанда мультиполярлы жүйе тұрақтырақ деген тұжырыммен келіспейді. Бұл жерде шабуылдаушы реализм К. Уолтцтің көпполярлылық жанжалдардың көптігімен сипатталады деген тұжырымын қолдауға бейім. Алайда, егер неореализм биполярлы әлем құрылымын көпполярлы әлем құрылымына қарсы қойса, Д. Миршаймердің түсіндіруінше оған қарама-қарсы орнына оған қарағанда тұрақтылықты кепілдендіретін жүйе ретінде жалғыз сверхдержава басқаша айтқанда бірполярлы әлемді көрсетеді. Осылай, саяси реализмнің жаңаша нұсқасы қазіргі американдық әкімшілік жүргізіп отырған АҚШ-тың әлемнің өзге елдеріне жүргізіп отырған басымдық стратегиясын ақтайды.

3. Гуманитарлық қол сұғу теориясы суверенді мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау принципі мен БҰҰ-ның мүшелерінің адам құқықтарын қорғау принциптерін қорғау сияқты принциптерінің кереғарлығынан туындайды. Бұл теорияны қолдаушылардың көзқарасы бойынша (Л. Эксуорси, В. Зартман, Л. Риннер, т.б.), әлемдік дамудың жаһандануы мен қарулы қақтығыстардың өзгеріп отырған сипаты халықаралық қатынастар ортасына адам құқықтарын шығарды. Жаңа азаматтық жанжалдар, адам құқықтарының жаппай тапталуы, зорлық қылмыстардың өсуі, есірткінің, терроризмнің таралуы, қоршаған ортаның дегредациясы, аталғандардың барлығы Л. Эксуорсидің ойынша, индивидтердің қауіпсіздігі мемлекеттің қауіпсіздігінен шығады деген гипотезаны жоққа шығаруды және жаңа стратегияны жасап шығаруды талап етеді және осы стратегияның алты құрауышын көрсетеді:

– адам қауіпсіздігін қорғау үшін күштік шараларды қолдануға болады, мысалы, Босния мен Косоводағыдай;

– мемлекеттің қауіпсіздік және халықаралық қауіпсіздік стратегиясын оның адамзаттық факторларын ескере отырып, дамыту керек;

– қауіпсіздік саясаты адам құқықтарын қолдау стратегиясымен, демократиямен және дамумен жақынырақ интеграцияға түсуі керек;

– адам қауіпсіздігіне қауіп төндіретін мәселелер трансұлттық сипатта болғандықтан, халықаралық акторлардың тек көпжақты

серіктестіктері ғана бұл салада тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік береді;

– шешімдердің тиімділігі түрлі акторлардың, оның ішінде саяси келіссөзшілер, «көгілдір каскалар», жеке тұлғаның құқықтарына жауап берушілер мен гуманитарлық көмекке жауап берушілердің іс-әрекеттерінің оперативті координациясына тәуелді;

– адам қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі өсіп келе жатқан рөлді азаматтық қоғамның ұйымдары үкіметтік емес ұйымдар ойнауы керек.

Гуманитарлық қол сұғу теориясын жақтаушылардың ойы бойынша, ұлттық қауіпсіздікке қарағанда адам қауіпсіздігінің басымдығы БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі суверенді мемлекеттердің ішкі істеріне араласу құқықтарының шекарасы мен кеңістігін анықтайтын нормаларды жасауы керек. Бұл нормалар жасалмайынша, егер ҚК белгілі бір себептермен гуманитарлық қол сұғуға бел бумаса, бұл үшін жауапкершілікті саяси ерік пен қажетті механизмдерді иеленген батыстық мемлекеттер алуы мүмкін. *Гуманитарлық қол сұғу теориясы, егер оның негізіндегі іс-әрекеттер БҰҰ-ның ҚК мен лигимизацияланбаса, халықаралық құқықтың көптеген ережелерімен кереғарлыққа түседі.*

4. Демократиялық әлем теориясының негізгі ережелері. Демократиялық әлем теориясына сай (ДӘТ) демократиялар бір-бірімен жауласпайды. Олардың арасындағы келіспеушіліктер тек бейбіт жолмен шешіледі. Демократияның ережелері мен принциптері әмбебап, және діни, ұлттық, тарихи және т.б. нәрселерге тәуелді болмайды. Сондықтан да тек демократиялық мемлекеттерден тұратын әлем соғыссыз әлем болатын еді. Демократиялық әлем теориясының идеялық негізін, негізгі ережелерін сонау 1983 ж. М. Дойл негіздеген, жалпы негізгі ережелері идеалды мемлекеттік құрылымды іздеген батыстық либералды идеяларға және халықтар арасындағы мәңгілік бейбітшілік идеясына негізіледі. Жалпы моральдық ережелер негізінде халықаралық қатынастарды қайта қарауға күмәнмен қарайтын, өзіндік ұлттық мүдделеріне басымдық беретін мемлекеттердің бәсекелестігінен құтылуға сенімсіздікпен қарайтын реалистерге либералдар оптимистер болып келеді. Марксистер сияқты олар өз ілімдеріне сеніп қана қоймай,

әлемді осының негізінде өзгертуге ұмтылуда. Академиялық теория ретінде туындаған ДӘТ-сы XXI ғасырдағы халықаралық саясаттың ғылыми негізгі рөліне өзінің де мүдделі екендігін білдірді.

Экономикалық өзара тәуелділік теориясына сай, мемлекеттер арасындағы еркін экономикалық айырбас әскери күрестің негізгі себептерін жояды және либералы экономикалық тәртіп орната отырып, халықаралық қатынастардағы тұрақтылық пен бейбітшіліктің негізіне айналады. Еркін айырбас барысында мемлекеттер бай әрі сәтті даму жолына түседі сондықтан да мұндай мемлекеттер бейбітшілікті қалайды. Көптеген соғыстардың себептері ретінде байлықты иеленуге және сақтауға ұмтылу болса, соның өзінде бай мемлекеттерде соғыс бастаудың төменірек себептері болады. Сонымен қатар, егер мемлекеттер бай әрі экономикалық өзара тәуелді болса, конфликтілерге түсе отырып, олар тәуекелге бел байлайды. Сондықтан да мемлекеттер кең көлемде экономикалық байланыстар орнатқан сәттен бастап, байлық жинауға баса назар аудара отырып, қарулы қақтығыстар мен соғыстардан қашады.

Мәдени нормативті тәсілге негізделген либералды теорияны жақтаушылар уақыт өте келе демократиялар өзара байланысты қатынастарда шешім қабылдау процесін анықтайтын өзара сенім мен өзара құрмет нормаларын қалыптастырады. Мұндай жолмен қалыптасқан нормалар мемлекеттердің жол бергісіз әрекеттеріне тыйым сала отырып, қажетті әрекеттерді қолдап отырады. Қарулы қақтығыстар мен соғыстармен қатар жүретін агрессивті, конфликтілі, провакациялық күштік акциялар девиантты мінез-құлықтың түрі ретінде танылады. Бұлар мемлекеттердің халықаралық іс-әрекеттерінің жалғыз легитимді негіздері ретінде демократиялық нормаларды танитын қоғамдық ой жағынан да қолдау таппайды. Олар ашықтық, қабілеттілік, өзіндік позициясын қорғауға құқығы, өзгенің пікірін құрметтеу мен компромиске ұмтылумен сипатталатын демократиялық қоғамда сыртқы саяси шешім қабылдау процедурасымен де қабылданбайды. Бұның барлығы да демократиялық мемлекеттер арасындағы болуы мүмкін соғыс қаупін төмендетеді.

Сонымен, либералды институционализм жақтаушылары да ДӘТ-сын қолдайды. Оларға сай, әлемдік саяси практика-

дан соғыстар мен әскери қақтығыстардың шеттетілуі өз алдына демократиялық институттардың дамуымен байланысты. Институттар бұл ұйымдар, сонымен қатар осы ұйымдар жасап шығаратын ережелер жиынтығы және мемлекеттердің серіктестігіне апаратын жолды қалыптастырады. Мемлекеттердің өздері жасаған, өзара келісімдер нәтижесінде еркін қабылданған, бұл ережелер (осылайша олардың мүдделерін білдіреді) мемлекеттердің халықаралық аренадағы іс-әрекеттерін айтарлықтай өзгертеді. Мемлекеттердің серіктестіктерінің перспективасын ұлғайта отырып, осылайша олардың арасындағы соғыстар мүмкіндігін азайта отырып, халықаралық институттар ең соңында мәңгілік бейбітшілікке жол салады.

5. Халықаралық режимдер теориясындағы ортақ мәселе халықаралық серіктестік болып табылады. ХҚ-дың жаңа акторларының пайда болуы мен олардың өзара әрекеттері өмір сүріп отырған халықаралық институттармен байланысты емес және халықаралық құқықпен реттелмейді. Сондықтан да ХҚ-да мемлекеттердің де, сонымен қатар әлемдік сауда, экология, адам құқығы, т.б. салаларындағы мемлекеттік емес субъектілердің де өзара әрекеттерін реттейтін ережелер пайда болады.

Халықаралық режимдер осындай жекелеген салаларда қабылданатын шешімдердің ережелері, нормалары, принциптері, процедураларының жиынтығын білдіреді.

Халықаралық режимдер:

а) мемлекеттер үшін халықаралық анархияның салдарларын жұмсартады, келісімдерді орталықтанған емес түрде жүзеге асыруға итермелейді;

ә) режимнің өзге қатысушыларының әрекеттері туралы неғұрлым толық ақпарат алудың сенімді құралы болып табылады;

б) серіктестіктің кемшіліктерін төмендетуге және оның жолындағы кереғарлықты азайтуға қолдау көрсетеді.

Көбіне мемлекеттер халықаралық режимдерді шешімін табуы қиын мәселерге қатысты шешім шығаруда ұстанатын принциптер, нормалар, ережелерді жасау барысында жасайды. Мемлекеттер режимдерді қалыптастыру немесе сол режимдерге кіру барысында белгілі бір шектеулерді сақтауға келіседі, ол шектеулер негізінде өзінің суверенді құқықтарын қолдануда шектеледі.

Оның орнына өзге де мемлекеттер де дәл солай жасауы керек. Жалпы алғанда халықаралық режимдер теориясы нақты аймақтар шеңберіндегі мемлекеттер мен мемлекеттік емес акторлардың серіктестігінің анализін байыта түсті, халықаралық шешімі қиын мәселелерді шешудің өзара келісім негізінде шешу сияқты жаңа жолын ашты.

6. Антигегемонистік блок теориясы И. Валлерстайнның әлемдік жүйелік анализіне және өз уақытында А. Грамши негіздеген күш қатынасының деңгейлері теориясына негізделеді. Антигегемонистік блок теориясына сай, қазіргі әлемде жаһандану мен еңбекті ұйымдастыруда фордизм мен посфордизмге өтудегі жемісін жеп отырған және әлемдік экономикадан шеттетілгенінің себебінен осы процестердің жағымсыз салдарын сезініп отырған мемлекеттер мен халықтар арасындағы теңсіздіктің терендеуі байқалуда. Күш қатынасының саяси деңгейі жаһанданудың қазіргі орталарының қатарына сананы енгізу мәселесін қарастырып жатыр. Антигегемондық блокты қалыптастырумен байланысты бұл міндеттерді шешу мәселесі жаһанданудың нәтижелерімен қарсы тұра алатындай «органикалық интеллектуалдарға» (А. Грамши) тиесілі, альтернативті болашақ стратегиясы айналасына түрлі еңбек етушілер топтарын біріктіруге қабілетті болады. Сонымен, тағы бір деңгей бұл әскери күштердің моральды солидарлық немесе адамдардың әртүрлілігі тарапынан арақатынасы. Антигегемондық блок теориясы бұқараның жоғары моралы болмайынша, ұлттық деңгейде, әлемдік масштабта доминантты билікпен күрес мүмкін емес.

Антигегемондық блок стратегиясы қазіргі жаһанданудың моделіне қарсы күреске бағытталған, оның жойылуы жер ғаламшарының халықтарының көпшілігі мүддесінде реттеуге мүмкіндік беретін және бұл салада туындағын конфликтілерді күшпен жоятын альтернативалы жаһанды экономиканы жасау мүмкіндігін ашады.

7-дәріс

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

Халықаралық саяси ғылымда онда әрекет ететін тұлғаларды білдіретін бірнеше терминдер қалыптасты:

Субъект – белгілі бір объектінің көмегімен немесе себебімен өзара әрекет ететін индивид, топ, класс, адамдар бірлігі.

Актор – халықаралық қатынастар саласында ықпал ете алатын, белгілі бір рөл атқаруға қабілетті кез келген авторитет, кез келген ұйым, кез келген топ немесе кез келген индивид (Ф. Брайар, М.П. Джалили).

Б. Рассет және Х. Старр көрсетеді: а) “актор” термині өзара әрекет етуші қауымдастықтардың кең көлемді спектрін көрсетеді және өз алдына кең ауқымды болып табылады; ә) осы терминді қолданатындардың бәрі қауымдастықтардың халықаралық істердегі мінез-құлқына баса назар аударады.

Әлеуметтік қауымдастық егер де халықаралық қатынастарға белгілі бір ықпал етсе, мемлекеттер және олардың үкіметтері тарапынан мойындалса, оларды сыртқы саясат жасауда ескерсе, сонымен қатар өзіндік шешім қабылдағанда белгілі бір автономияға ие болса, халықаралық актор ретінде қарастырылады. Бұдан түсінетініміз, барлық акторлар халықаралық қатынастардың қатысушылары бола алса, ал әрбір қатысушы актор бола алмайды. Шетелдік ұйымдармен, кәсіпорындармен, азаматтармен қандай да бір байланысы бар ұйым, кәсіпорын немесе топ кез келген жағдайда халықаралық қатынастардың акторлары есебінде саналмайды. Керісінше, ондай рөлді жеке адам, саяси лидер ойнауы мүмкін.

Көптеген теориялық бағыттар мен мектептердің өкілдерінің айтуынша мемлекеттер, халықаралық ұйымдар мен жүйелер

халықаралық акторлар ретінде саналады. Мысалы, *Мортон Каплан* халықаралық акторлардың үш типін анықтайды: ұлттық (суверенді мемлекеттер), трансұлттық (аймақтық халықаралық ұйымдар, НАТО), әмбебап (әлемдік ұйым БҰҰ). М. Мерль қалыпты халықаралық актор ретінде мемлекеттер, халықаралық ұйымдар мен трансұлттық күштерді (мысалы, мультиұлттық фирмалар, әлемдік қоғамдық ой) көрсетеді. Брайар және М.Р. Джалили осы аталған үш типке тағы біреуін потенциалды акторларды (мысалы, ұлт азаттық қозғалыстар, аймақтық және локальді қауымдастықтар: Еуропалық коммунистер кеңесі, жергілікті билік органдарының Еуропалық конференциясы) қосады. Д. Розенау бойынша мемлекеттер, жүйешіктер (мысалы, халықаралық саладағы белгілі бір автономияға ие жергілікті әкімшілік органдары, трансұлттық ұйымдар, этникалық топтар, т.б.) негізгі халықаралық акторлар болып табылады.

Сонымен қатар, келтірілген мысалдардан халықаралық акторлардың негізгі типтері мемлекеттер мен мемлекетаралық (үкіметаралық) ұйымдарға қатысты екендігін көруге болады. Ал халықаралық қатынастардың өзге де қатысушылар туралы сұрақтар теориялық айырмашылықтарды пәні ретінде қалады. Алайда халықаралық қатынастар анализінде қандай актор типіне басымдық бері мәселесі жайлы маңызды дискуссиялар жүруде.

Саяси реализм өкілдері үшін мемлекет басты негізгі шешуші актор, керек десе халықаралық қатынастардың жалғыз акторы. Бұл саяси реализмнің барлық түрлеріне қатысты, алайда олардың біреуі өз аргументацияларында мемлекеттердің саяси мүмкіндіктеріне (Г. Моргентау) басымдық берсе, өзгелері оның әлеуметтік саласына (Р. Арон) назар аударады, үшіншілері экономикалық потенциалға үстемдік береді (Ж. Бертон).

Модернистік бағыт өкілдерінің көзқарастары жұмсағырақ көрінеді. Жүйелік тәсілге, модельдеуге, оларды зерттеуде сандық әдістерге сүйене отырып, халықаралық қатынастардың қызмет етуіне назар аудара отырып, модернизм өкілдері ғылыми айналымға халықаралық ұйымдардың қызмет етуімен, ТҰК-дың экономикалық экспансиясының халықаралық саяси салдарларымен байланысты мәселелерді қатыстыра отырып, мемлекеттердің іс-әрекеттерін зерттеумен шектелмейді. Соны-

мен қоса, біріншіден, олар үшін осы немесе өзге халықаралық актордың басымдылығы туралы сұрақтар олар үшін тұрлаусыз. Ал екіншіден, осы тым гетерогенді бағыт өкілдерінің көпшілігі саяси реализмге (М. Каплан, К. Райт) немесе өзге теориялық мектептер, мысалы транснационализм және глобализмге жақын.

Транснационализм немесе өзара тәуелділік теоретиктеріне сай, (Р. Коохейн, Д. Най, Э. Скотт, С. Креснер және өзгелер) халықаралық қатынастар эволюциясының қазіргі этапының сипаттық ерекшеліктерінің бірі ретінде мемлекеттер позициясына халықаралық үкіметтік емес ұйымдар, мультиұлттық фирмалар және корпорациялар, экологиялық қозғалыстар, т.б. тарапынан түскен дабылды айтуға болады. Мемлекеттер тарапынан жасалынған халықаралық келісімдер саны әлсірей түскен, керісінше халықаралық қатынастардың жеке субъектілерінің рөлі күшейе түсуде. «Глобалистер» (Д. Бартон, С. Митчел т.б.) одан да тереңірек қарастырады, олар бойынша әлем мемлекеттер мен мемлекеттік емес акторлардың барлығын біріктіретін өзара байланысты қатынастардың көпқабатты желісі, одан ешкім де шыға алмайды. Сонымен қатар, «транснационалистер» саяси реализмге қатысты, оның мемлекет халықаралық негізгі актор деген тұжырымына да лоялды түрде қалды. «Глобалистер» арасында халықаралық актор ұғымын жаһанды өзара тәуелділік тенденциясының пайдасына қарай төмендету тенденциясы байқалады.

Халықаралық қатынастар концепциясында неомарксистер (И. Валлерстайн, С. Амин, А. Франк) басты назарды «әлемдік жүйе» және «әлемдік экономика» ғылымдарына аударады, мемлекет оның әлемдік нарықта үстемдігін қамтамасыз етуге арналған халықаралық масштабтағы үстемдікке ие кластың ыңғайлы институционалды дәнекері ретінде қарастырылады. Көрсетілген теориялық мектептер мен бағыттар халықаралық қатынастардың осы немесе өзге де шынайылығын көрсетеді.

Мемлекет ХҚ негізгі қатысушысы ретінде. Осы тұжырым дәлелдемесі ретінде мыналарды айтуға болады:

– мемлекеттердің сыртқы саясаты халықаралық қатынастардың сипатын анықтайды;

– мемлекет халықаралық құқықтың негізгі субъектісі болып табылады;

– халықаралық ұйымдардың, халықаралық қатынастардың өзге де қатысушыларының қызметі керек болса өмір сүруінің өзі мемлекеттердің оларға қалай қарайтындығына байланысты;

– мемлекет қазіргі уақытта да адамзаттың саяси ұйымда-
суының әмбебап формасы болып табылады.

Мемлекет мәнін түсінуде шешуші ретінде екі формада сыртқы және ішкі формада көрініс табатын «ұлттық мемлекеттік суверенитет» категориясын айтуға болады. Бұл жерде бір жағынан мемлекеттің өзіндік даму жолын, саяси режимді, заңдылықтарды, т.б. еркін таңдауы туралы болса, екінші жағынан мемлекеттердің бір-бірінің ісіне араласпауы, олардың теңдігі мен тәуелсіздігі туралы сөз болады. Әлемдік саяси жүйенің XX ғасыр аяғы мен XXI ғасыр басында дамуы мемлекеттік суверенитетке қауіп төндірді, оның эрозиясы жүруде. Егер С. Краснер бойынша вестфаль типіндегі суверенитет сыртқы факторлар шын мәнінде ішкі саясатқа ықпал ете алмайтын немесе ықпал етсе де аз ықпал жасайтын саяси ұйым ретінде көрсетсе бұнымен келісуге болады. Сондықтан да суверенитеттің мүлдем жоғалуы туралы айту қате, тек оның құрамының және мәнінің өзгергендігін, яғни мемлекет функциясының кейбір бөліктерінің өзге акторларға өтумен түсіндіруге болады. Мемлекеттің функциялары оның неғұрлым жетілген түрінде шекарамен қоршалған территория шеңберінде тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау, қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуына жағдай жасау, игіліктер мен қызмет етулерді жіктеу, еңбекпен қамтуды қолдау мен халықтың негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруға келіп тіреледі.

Мемлекет қазіргі қоғамның саяси ұйымының негізгі формасы ретінде сақталып отыр, әлемдік аренадағы басты актор. Бірақ бір мезгілде ол өзгереді және дамиды, жаңа өзгерістерге бейімделеді және соларды өзіне бейімдейді. Ол жоғалмайды, тек түр сипаты өзгереді, «мемлекеттік суверенитет» ұғымына толықтырулар енгізіледі. Мұндағы негізгі мәселе бұл даму қандай жолмен жүреді, мемлекет әлемдік халықаралық жүйенің өзге қатысушыларымен қалай өзара әрекеттеседі дегенде жатыр.

Ұлттық мемлекеттердің суверенитет принципі. Ол халықаралық қатынастар саласында біркелкі емес салдарлар туындатты және қазірде сондай салдарларға әкелуде:

а) әрбір мемлекет өзінің сыртқы саясатында өзара кереғар функцияларды қатар тіркестіруге мәжбүр: ол территориялық экспансияға ұмтылуы мүмкін және, өзінің территориялық кеңістігін қорғауға мүдделі, өзге мемлекеттердің мүдделерін бұзуы мүмкін және өзінің мүдделерін ұқыпты да байыпты қорғауы мүмкін, бейбітшілікті қорғау және халықаралық қатынастарда ынтымақтастықты күшейтуді қолдап шығуы мүмкін және өзге мемлекетті өзінің территориясы санайтын аннексия дайындауы мүмкін;

ә) әрбір мемлекет өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ұмтылады. Алайда «суверенитеттер плюрализмі» жағдайында ең бір күрделі және маңызды мәселе қауіпсіздік дилеммасы пайда болады. Ол мемлекеттердің біреуінің қауіпсіздігінің ұлғаюы өзгелерге қауіпсіздік болмауы мүмкін, оның тарапынан лайықты реакция қарулану жарысы мен «превентивті соғысқа» апаруы мүмкін;

б) ХҚ-да формальді түрде барлық мемлекеттер тең, бірақ «олардың кейбіреулері өзгелеріне қарағанда көбірек тең» (Б. Рассет және Х. Старр). Оладың формальді-заңдық теңдігі олардың территориясы, табиғи ресурстары, экономикалық потенциалдары, әлеуметтік тұрақтылық, қарулануы бойынша ерекшеліктеріндегі айырмашылықтарын жоққа шығара алмайды.

Мемлекеттердің халықаралық стратификациясы. Әлеуметтік стратификация себептері мен олардың акторлардың іс-әрекеттерінде көрініс табуымен қызығатын халықаралық қатынастарда бұл құбылысты түсіндіруде екі негізгі бағыт бар.

Олардың біреуі – «консервативті» – стратификацияны функционалды специализацияның салдары ретінде қарастырады: қоғамның стратификацияланатын себебі үлкен құндылық әкелетін позициялар оған қосымша билік, артықшылық немесе абырой әкеледі. Бұл көзқарас тарапынан қоғамның интеграциясы және әлеуметтік тәртіп стратификация нәтижесі болып табылады, қоғамның тұрақтылық деңгейінде оның мүшелерінің құндылықты консенсусының деңгейі көрініс табады. Екінші «радикалды» бағыт өкілдері бойынша қоғамдық тәртіп әрқашан күштеуге негізделген, ал қоғамның стратификациясы әрқашан белгілі бір әлеуметтік қабаттың билігі, артықшылықтары мен

абыройы олардың өзге қабаттарды жүйелі эксплуатациялауымен қол жеткізіледі және қолдау табу процесімен қатар жүреді. Марксистердің мұндай тұжырымы тек марксистерге жақын ғана емес, оған қарама-қарсы өзге теориялық ағымдардың өкілдерінен де қолдау табады.

Халықаралық қатынастардағы стратификациямен байланысты көптеген идеялар радикалды бағыттардан алынған. Стратификация мәселесі бойынша сұрақтар халықаралық қатынастар туралы ғылым шеңберіндегі әдебиет екі бағытқа жіктеледі: «интеракционизм» және «структурализм». Біріншілер өзара әрекет етуші мемлекеттер халықаралық қатынастардың стратификациялық жүйесінің автономды элементтері ретінде қарастырады, олардың жағдайымен олардың тәртіптері анықталады. (М. Каплан, А. Органски, Р. Роузкранс, Д. Сингер, К. Дойч, К. Уолл және өзгелер).

Екіншілер бойынша ХХ ғасырда мемлекеттер енді автономды емес, жалпы әлемдік капиталистік жүйеде түрлі рөлдерді ойнайды, бұл рөл олардың осы жүйеде қандай орын (орталық немесе перифериялық) алатындығына тәуелді (Р. Пребич, Б. Браун, П. Баран, П. Суизи, А. Франк, И. Галтунг, С. Амин, И. Валлерстайн және т.б.).

Сонымен, интеракционистер үшін мемлекет халықаралық актор ретінде талдаудың басты пәні болса, барлығын әлемдік жүйеде центр мен периферия қатысында қарастыратын структуралистер көбіне оны анализ бірлігі ретінде қабылдамайды.

Жоғарыда айтылғандай, халықаралық стратификацияның ең бір көп таралған түрі ол мемлекеттердің ұлттық мемлекеттік күшінің теңсіздігінен туындайтын өз суверенитетін қорғаудағы тең емес мүмкіндіктер болып табылады. Бұл көзқарас жағынан сверхдержавалар, сверхдержавалар, орта державалар, кіші мемлекеттер және микро мемлекеттер.

Сверхдержавалар келесідей көрсеткіштер бойынша бөлінеді:

- а) ғаламдық деңгейдегі бұқаралық жоюға қабілеттілік;
- ә) барлық адамзаттың өміріне ықпал ете алу қабілеті;

б) кез келген өзге мемлекет немесе олардың коалициясынан жеңілмеу мүмкіндігі (егер мұндай коалицияға өзге сверхдержавалар кірмесе).

Сверхдержавалар әлемдік дамуға айтарлықтай ықпал етеді, бірақ халықаралық қатынастарда үстемдікке ие емес. Олар жиі халықаралық рөл ойнауға ұмтылады, бірақ олардың иеленіп отырған шынайы мүмкіндіктері олардың мүмкіндіктері мен ықпалын белгілі бір аймақ шегінде, немесе аймақтық деңгейдегі халықаралық қатынастардың белгілі бір жеке саласы шегінде шектейді.

Орта державалар өзінің жақын қоршаған ортасында мықты ықпалға ие. Бұл олардың ықпалы нашар кіші мемлекеттерден басты ерекшелігі.

Кіші мемлекеттер сонымен қатар, өз тәуелсіздігі мен территориялық тұтастығын сақтау үшін қажеттік құралдарға ие болуы керек.

Микро мемлекеттер өз суверенитетін өзіндік күштері арқылы өз суверенитетін қорғауға қабілетсіз. Мұндай мемлекеттерге халқы 1-2 миллион болатын мемлекеттер жатады.

Үкіметаралық ұйымдар (ҰАҰ) олар мемлекеттік келісімдер негізінде ортақ мақсаттарды жүзеге асыру үшін мемлекеттер тарапынан жасалады және жарғылық документтерге сай қызмет етеді. ҰҰ XIX ғасырда пайда болған, бірақ олардың гүлденуі XX ғасырдың екінші жартысына сай келеді.

ҰАҰ-лар әлемнің барлық мемлекеттері кіре алатын әмбебап (БҰҰ), белгіленген, бекітілген мүшелікпен болатын (Сегіздік тобы) әмбебап ұйымдар, мүшелік қатаң шектелетін аймақтық (Африкалық бірлік ұйымы, Американдық мемлекеттер Ұйымы) деңгейде бола алады. Кейбір ҰАҰ-ларды үкіметаралық ұйымдар деп атайды (БҰҰ-ның арнаулы мекемелері Халықаралық Еңбек ұйымы (ХЕҰ), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ВОЗ), атомдық энергия бойынша халықаралық агенттік (МАГАТЭ), т.б. ҰАҰ-ды көптеген зерттеушілер оларды жасаған мемлекет саясатының өзіндік «серіктері» ретінде қабылданды. Алайда осы ұйымдар өзіндік жеке рөл ойнай бастады, халықаралық қатынастарға маңызды әсер ете бастағаны айқындала бастады. Р. Кохэн және С. Хоффманн қазіргі үкіметаралық ұйымдар ойнауы мүмкін немесе ойнайтын негізгі алты қызметті көрсетеді:

– ҰАҰ-лар арқылы мемлекеттер халықаралық үрдістерге саяси ықпал ете алады;

– ҰАҰ түрлі мемлекеттердің келіссөздер арқылы мүдделерді келістіру орны қызметін атқарады;

– кейбір халықаралық ұйымдар өзгелерін немесе олардың өзара байланысын әлсірету үшін қолданылады (Франция мысалы, ЕО-тың қауіпсіздік саласындағы рөлін күшейтуге ұмтылады, бұл салада НАТО-ның рөлін кемітуге тырысады);

– ҰАҰ-ны мемлекеттер өзгелерді өз жоспары мен мақсаттары туралы ақпараттандыру үшін қолданады

– ҰАҰ-лар қабылдайтын құжаттар оның құрамына кіретін мемлекеттер үшін белгілі бір ориентир ретінде болуы мүмкін және өзіндік саясат жасау үшін қолданылады.

ҰАҰ-ның трансформациясының бағыттары туралы пікір-талас. «Қырғи-қабақ соғыстың» аяқталуы мен ХҚ-дың биполярлы жүйесінің күйреуі өзекті мәселе ретінде ҰАҰ-лардың қайта құрылуын көрсетті, өйткені, олар қызмет атқарған халықаралық орта өзгерді. Басталған дискуссияда келесідей маңызды тұстар ерекшеленді:

– әлемдік аренадағы КСРО мен шынайы социализм жүйесінің күйреуі сияқты өзгерістер, Германия мен Жапонияның экономикалық гиганттарға айналуы БҰҰ мен оның Қауіпсіздік Кеңесін қайта құру мәселесінің өзектілігі мәселесін көтерді;

– ҰАҰ-лардың дамуы көбіне шамадан тыс кадрлық өсу мен олардың аппаратының бюрократизациялануымен қатар жүрді, нәтижесінде үкіметаралық ұйымдардың тиімділігі төмендеді;

– ҰАҰ-лардың жалпы көлемінің ұлғаюы және әрбір ұйымның жекелей дамуы өзара ұқсас мәселелермен айналысатын көптеген ұқсас комитеттер мен комиссиялар қызметін келістіру мүмкіндігін ушықтыра түсті;

– халықаралық ұйым айналысатын сұрақтардың шешімін табу барлық мүдделі мемлекеттердің қатысу қажеттілігі мәселесі Ұлттар Лигасы мысалында келістірілуі мүмкін: осы немесе өзге мемлекеттер ұйымға қосылмағанда немесе одан шығарылса мәселе, сұрақтар шешімін таппайды;

– халықаралық ұйым мүшелерінің потенциалының біркелкі болмауы, яғни, бір мемлекет өзге мемлекетке қарағанда саяси немесе қаржылық мүмкіндіктерге ие болған жағдай. Бұл мәселе өз ықпалын күшейту мақсатында әрекеттерді келістіру үшін мемлекеттер коалициясын құру жолымен шешілуде;

– үкіметаралық ұйымдардың шешімдерінің орындалуы туралы сұрақтар да әрқашан да шешімін таба бермейді, сондықтан да ҰАҰ-ның қызмет етуінің тиімділігі туралы дискуссия туындатуы мүмкін.

ХҚ-дың үкіметтік емес ұйымдары. Халықаралық қатынастар жүйесіне көп ықпал тигізетін үкіметтік емес акторлар арасында әдетте, халықаралық үкіметтік емес ұйымдар, транснационалды корпорациялар, мемлекетішілік аймақтарды көрсетеді.

1. Халықаралық үкіметтік емес ұйымдар (ХҰҰ) қазіргі әлемде айтарлықтай белсенді және ықпалды. Оларға үкіметтік негізде құрылмаған және тек бір мемлекет шеңберінде жұмыс жасамайтын ұйымдарды жатқызады (сондықтан да оларды жиі трансұлттық деп атайды). Алғашқы ХҰҰ-дар ХІХ ғасырда пайда болған, алайда олардың ХҚ-ға шынайы ықпалының көрініс табуы мен сандық өсуі ХХ ғасырдың екінші жартысына сай келеді. 1900 жылы олардың саны 69 болса ХХ және ХХІ ғасырлар тоғысында олардың саны – 27 мың. Олардың қызметі (Гринпис, Пагуоштық қозғалыс және т.б.) жаңа халықаралық режимдерді жасауға, әлемді демократизацияландырудың жаһандық мәселелерінде жаңа күн тәртібін жасауға көмектесті. Көптеген МНПО-лар халықтың көп бөлігінің қолдауына ие, сондықтан да оларға белсенді қызмет етуге мүмкіндік береді. Француздық мәліметтерге сай, осы елде үкіметтік ұйымдарға қарағанда үкіметтік емес ұйымдарға сенетін адамдар саны 5 есе көп, БАҚ пен салыстарғанда 9 есе көп.

2. Трансұлттық корпорациялар (кейбір жағдайларда өзге мульти ұлттық немесе ұлтаралық ұйымдар МНК деген термин қолданылуы мүмкін) – халықаралық қатынастар жүйесінің аса маңызды қатысушысы. ТҰК өз алдына қызметі бірнеше мемлекеттерге таралатын бизнес құрылымды білдіреді. ТҰК бақылауындағы экономикалық үрдістер әлемдік сауданың, финанстық айырбас пен алдыңғы технологиялардың ауысымының көп бөлігін қамтиды. Көрсетілген үрдістер Еуропа, Америка, Азиядағы жылдам экономикалық интеграцияға, қазіргі әлемнің негізгі басты экономикалық аймақтары арасындағы бәсекелестіктің және өзара тәуелділіктің күшеюіне әкелді. Өсіп келе жатқан өзара тәуелділік функционалды және институционалды халықаралық серіктестіктің дамуына әкеледі, оның

қатысушылары ретінде түрлі кәсіпорындар, фирмалар, әкімшілік құрылымдар, көршілес мемлекеттердің шекаралас аймағындағы азаматтар, түрлі мемлекеттердің аймақтары мен жекелеген қалалары бола алады. Аталған контекстінде (функционалды трансшекаралық өзара әрекеттестік) мемлекеттер арасындағы өзара ресми келісімдерден өзге кейде стихиялы түрде орнатылатын, оның негізінде мүдделер мен қажеттіліктер ортақтығы жататын өзара жақын мемлекетер өкілдері арасындағы байланыстар мен айырбастар туралы сөз болуда. Үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдарға қарағанда, ТҰК пайда табу мақсатында жұмыс жасайды. БҰҰ-ның бағалауы бойынша, XX ғасыр соңында әлемде 53 мыңнан артық трансұлттық компаниялар тіркелген. Барлық ТҰК-лардың 90% солтүстік жарты шардың дамыған мемлекеттерінде негізделген. Трансұлттық компаниялар иелігіндегі финанстық рычагтар оларға халықаралық аренада да тиімді әрекет етуіне мүмкіндік береді. Бұл саладағы ТНК қызметінің жағымды (әлемдік сауданың дамуы, дамушы мемлекеттерде жұмыс орындарын салу, әлемді демократизациялау процесін дамыту, жанжалдарды шешудің бейбіт жолдарын енгізу, ұлттық кадрлар даярлау) және жағымсыз (нашар дамыған мемлекеттердің ұлттық суверенитетін бұзу, дамушы әлемдегі репрессивті режимдармен серіктестіктерге дайындығы, оларда арзан жұмыс күшінің сақталуына мүдделілігі, өз мәдени құндылықтарын енгізу жолымен ұлттық мәдениетті жою, бай және кедей мемлекеттер дамуы арасындағы айырмашылықтың күшеюі) жақтары да бар. ТҰК өз шешімдері мен қызметінде белгілі бір автономияға ие, халықаралық қатынастарға өзгерістер енгізуге қабілетті, мемлекеттердің сыртқы саясатын жүргізуде ескеріледі, яғни ықпалды халықаралық актордың барлық талаптарына сай.

3. Мемлекетішілік аймақтар (мемлекеттердің әкімшілік мемлекеттік құрылымы – кантондар, федералды жерлер, штаттар) халықаралық қатынастар жүйесіндегі аса белгілі қатысушыларға айналуға мүмкін. Мемлекетішілік аймақтар еуропалық құрылыстың маңызды факторына айналғандықтан, «аймақтар Еуропасы» деген ұғымның туындауына әкелді.

4. Халықаралық қатынастар жүйесінің қатысушыларының саны мен сапасының өзгерістері. Көрсетілген өзгерістер халықаралық өзара әрекеттестік саласында көптеген салдарға әкелді:

– біріншіден, халықаралық акторлардың әлемдік аренадағы әрекеттері үшін жауапкершілігінің өткір мәселесі туындауда. Олардың біреулері тек өздерінің мүдделеріне сүйене отырып, әсіресе алдарына қысқа мерзімді мақсаттар қояды және оған қол жеткізген соң халықаралық аренадан кетеді, нәтижесінде мүмкін болар қауіпті нәтижелер (экологиялық немесе әлеуметтік) жайлы аса бас қатырмайды. Өзге жағдайларда халықаралық қатысушылар өз алдына деструктивті мақсаттар қояды (мысалы, халықаралық террористік ұйымдар);

– екіншіден, ХҚЖ-нің қатысушыларының өзара байланыстарының күрделілігі, яғни оларды санау және бақылау белгісіздік тудырады;

– үшіншіден, ХҚЖ-нің қатысушыларының көптігі М. Никольсон негіздеген қатысу парадоксын жасады. Оның мәні мынада, халықаралық аренада қатысушылар неғұрлым аз болса, соғұрлым олар біркелкі және олардың әрекеттері мен салдары белгілі. Бұл факт қазіргі уақытта қауіпсіздік мәселесінде жағымсыз көрініс табуда;

– төртіншіден, мемлекет, бір актор шеңберіндегі әрекеттер қиындығы, шатасқандығы, келісілгені, бағынуы қазіргі әлемнің тағы бір құбылысы.

ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМІ

Егер де әлемдік саясаттағы сапалық өзгерістер болып жатқанымен келіссе, онда логикалық түрде өзімен радикалды өзгерістерді атауға және ережелердің бостандығын алып келеді, ол ондағы саяси іс-әрекеттестікті қатысушылардың мінез-құлқы реттейді олар қазіргі халықаралық қарым-қатынастың саяси-құқықтық режимінің негізін қалайды.

Халықаралық құқықтың негізін қалаушылар ретінде заңгер Гуго Гроциді атауға болады, Вестфаль шартының 350 жыл аралығынан бастап біздің уақытқа дейін халықаралық құқықтың эффективтілігі немесе өмір сүруі жайлы талқылау жүріп жатыр. Ондағы зерттеушілердің бір тобының айтуынша, халықаралық құқық мемлекеттердің халықаралық істерінде анықтаушы рөлін көрсетеді, басқалардың пайымдауынша, ол тек қана заңи аргументтердің жиынтығы және мемлекеттердің іс-әрекеттері ретінде қажеттіліктерді атауға болады.

Қазіргі халықаралық құқық бойынша кеңестік маман Е.Б. Пашуанксис құқықты сыртқы саясат түрі ретінде есептеді, «халықаралық құқық дәстүр және келісімдерде мемлекеттер арасында әртүрлі саяси және экономикалық қарым-қатынастар қалыптасады». Батыстық зерттеушілердің пікірінше, құқық ең алдымен экономикалық шарттар бойынша, мемлекетке, саясат бойынша анықталады». Осындай аталған пікірлер көптеген заңнамалық пікірлер бойынша бұрынғы және қазіргі-заңнамалық позитивизм, нормативизм, «таза» құқықтың теориясы бойынша анықталынады. Осылайша, позитивист-заңгерлер құқықты өзара анықталынған факт ретінде есептеді, ол түсіністікті ақтауда

маңызды болады. Заңи нормалар мемлекеттік қызметтілік салдары ретінде қарастырылады.

Халықаралық жариялы құқықтың негізгі құраушы ядросы қол қойылған келісімдер және мемлекеттер арасында қарулы күресті жоққа шығарады. Алайда, жүйелі әскери қақтығыстар және ірі масштабты соғыстар барлық өзінің созылған уақытында және әлемдік қарым-қатынастар аралығын айтады. Ол скептикалық немесе бағалаушы қарым-қатынасының халықаралық жариялы құқыққа қатынасын көрсетеді.

Халықаралық құқықты жол қозғалысының ережелерімен жиі салыстырады, себебі олар барлық қатысушылармен жалпы қауіпсіздік пен ынғайлылық үшін қабылданады. Мемлекеттік (ішкі) құқықта құқықтың белгіленген нормалары жалпы «жол қозғалысының инспекторы» – мемлекет болуының арқасында сақталынады. Халықаралық жеке құқықта ережелерге бағыну дәрежесі тым жоғары, ол трансұлттық қатынастардың мемлекеттік емес субъектілері арасында қатынастарды реттейді – жеке азаматтар, компаниялар, ұйымдар арасында, мысалы, сауда, байланыс, туризм сияқты салаларда. Бұл жерде эффективтілік халықаралық ережелерді бұзушының халықаралық қатынастан, одан шығатын барлық компаниялар, заңды және жеке тұлғалар үшін экономикалық және басқа да салдарлары негізінде шығып кетуінің жоғары ықтималдылығымен қамтамасыз етіледі. Ал мемлекетаралық құқық саласында қолданылатын халықаралық көпшілік құқықты қарастыратын болсақ, ол орындалудың төмен дәрежесімен сипатталады. Бұны көбіне мемлекеттерді басқаратын «жоғарғы сот пен оның орындаушысының» болмауымен түсіндіреді.

Шынымен де, халықаралық көпшілік құқықтың негізгі өзегін мемлекеттер арасындағы қарулы тартыстарды болдырмауға негізделген дәстүрлер мен шарттар жасаудан шығатын ережелер жинағы құрайды. Алайда, жүйелік әскери қақтығыстар мен кең көлемді соғыстар, олардың арасындағы ынтымақтастық кезеңдері де сияқты халықаралық қатынастар тарихының ерекше ажырамас бөлігі болды. Ол халықаралық көпшілік құқығына деген скептикалық және арсыз қарым-қатынастың пайда болуына әкелді. Мысалы, Израильдің шетел істері бойынша бұрынғы

министрі Абба Эбанның сөзі кең танымал: *«Халықаралық құқық – бұл жаман ниетті адамдар ұстанбайтын, ал әділ адамдар – оны орындауға мәжбүр етпейтін заң»*. Алайда, мемлекеттердің көп бөлігі халықаралық құқықтың шартталған және кәдімгі нормаларын көбіне ұстануға тырысады. Бірақ осы ережелерден ерекше шығатын соғыстар болып табылады, олар бейбіт уақытта халықаралық құқық тәжірибесінде жиналған барлық позитивті бір мезетте жойып жібереді.

Құқық пен саясаттың арақатынасы туралы екі полярлық көзқарас бар. Біріншісі -- кез келген мемлекеттік формалардың негізінде таным, ең алдымен құқықтық таным жатыр деп пайымдайды. Екіншісі – құқықта саясат оның мазмұны ретінде көрініс табатын форманы ғана көреді. И.А Ильин бойынша, нағыз саясат – бұл құқықты, әділдікті, адамдарды біріктіре алатын өнер. Кез келген мемлекеттік форма бұл, ең алдымен, құқық танымының «тумысы» немесе «одан әрі әрекеті». Сонымен, мемлекет, мемлекеттік форма, құқықтық тәртіп және халықтың барлық саяси өмірі – әрқашанғы көрініс, тірі қызмет, көптеген жеке құқық танымының тірі көрінісі. Бұл орыс ойшылының жазуы бойынша: **«Оның мақсаты ұлттық құқық танымын тәрбиелеу және ұйымдастыру, алайда соңғысы саясат пен мемлекетке деген қатынаста бастапқы болып табылады»**. Оның ойынша, «адамның құқық танымы иррационалды пайда болады» және гректер мен ағылшындардың «теңіз» құқық танымын орыстар мен қытайлықтардың «континенталдық» құқық танымынан ажырата алды. Философтың констатациясы бойынша: «халыққа олардың құқық танымына тән емес мемлекеттік форманы қабылдауға мәжбүрлеуден қауіпті және мағынасыз ештеңе жоқ (мысалы, Швейцарияға монархияны, Ресейге республиканы, Персияда референдумды, Америка Құрама Штаттарында аристократиялық диктатураны және т.б. орнату)».

Бұл тәсілдің шешуші оппоненттері бар. Осы мәселе бойынша халықаралық құқық пен жалпы құқық теориясы бойынша белгілі кеңестік маман Е.Б Пашуканистің позициясы И.А. Ильиннің көзқарасына қарама-қайшы болды. Кеңестік құқықтанушы құқықты саясат, әсіресе, сыртқы саясат формаларының бірі деп пайымдады. «Халықаралық құқық мемлекеттер арасындағы

түрлі саяси және экономикалық қарым-қатынастарды дәстүр мен келіссөздер негізінде рәсімдеу мен бекіту тәсілі болып табылады» – деп жазды ол. Бір сөзбен айтқанда, Пашуканис саясат пен құқықтың арақатынасы мәселесінде басымдықты біріншісіне берді, себебі ол саясатты бастапқы, ал құқық саясаттан «жоғары» бола алмайтынын негіздеді. Құқықтың мазмұны мен іс жүзінде жүзеге асуы, ақыр соңында, саяси қарым-қатынастардың жетілгендігімен анықталады. Оның ойынша, егер де олардың өмірге енуіне шынайы саяси жағдайлар туындамаса, сондай-ақ құқықтық шығармашылық нормалары саяси өмір темптерінен қалып отырған жағдайы орын алуы мүмкін болса «алдыңғы қатарлы» құқықтық нормалар тек қағаз жүзінде қалып қалуға тәуелді болады. Алайда, бірінші немесе екінші жағдайда да **құқыққа қатынасы бойынша саясат «бастапқы» болып қала береді.**

Теориялық әдебиетте бұл екі тәсіл, аталмыш екі көзқарас дәстүрлі түрде қатар өмір сүреді және бәсекелеседі. Бір ғалымдар құқықтың мемлекеттік билікпен байланысының маңыздылығын баса айтады. Ондағы нормалар жүйесі және құқық адамдардың мінез-құлқын мемлекеттік билік механизмі арқылы реттеп отырады, яғни құқық пен саяси биліктің байланысы терең және үздіксіз. Басқалары құқықты саясатпен емес, адамгершілікпен байланыстыруға бейім.

Қазіргі уақытта әдебиетте «этизация» құқығының күшеюі байқалады. Осы тенденция жаңа, оның тамырлары тереңде жатыр. Ресейлік ғылымда «этизация» құқығының және саясатының өкілі Ю.В. Ключников болды, ол 19 ғ. екінші жартысындағы аса ірі заңгер-теоретиктердің бірі.

Осы тезистен шыға отырып, «қоғамдық өмірдің динамикасы жалпылай алғанда адам рухының динамикасымен тығыз байланысты», Мәскеу университетінің профессоры мораль, құқық және саясатты бірегей «этикалық сала» деп есептеді. Ғалымның есептеуінше, мораль қоғамдық өмірдің барлық қажеттіліктерін, аталған мінез-құлық нормаларында ұзақ уақыт аралығында қолданылуға жақын.

Саясатқа қатысты айтатын болсақ, ол әділеттілікті индивидуалды түрде жағдайлардың сәйкес келген уақытында әділетті

болуға тырысады, оны белгілі бір ереже түрінде көрсету қиынға соғады. Ключников өзінің жұмыстарының бірінде соған қатысты жеке позициясын көрсетеді:

– мораль әділетті немесе міндетті, ол мәңгілік ретінде, уақытылы немесе абсолютті қабылдануы;

– құқық әділетті және міндетті белгілі уақыт аралығына және нақты жағдайлардағы белгілі болады;

– саясат болса, этикалық жағынан қажетті әділетті және сол уақытта және сол орында міндетті болып табылады.

Осылайша, И. Канттың құқықтық тұжырымдамасын талдай отырып Э.Ю. Соловьев неміс философының «этикалық образы және құқықтық мемлекет» жайлы айтады. Ол Кант үшін «азаматтық жағдай» екендігін атай отырып, құқықтық жағдайдың синонимі ретінде атап өтеді, ол «априорлы принциптердің» негізіне сүйене отырып қоғам алдында әрбір азаматтың бостандығы, оның басқалармен теңдігі және жекелігі. Неміс философы адамның құқықтары мен бостандықтарына «әлемдік тәртіп» ұғымын оның басты критерилері қатарына қосты. Канттың зерттеулерінде моральға деген құқық, мемлекет басшысының, билеушінің реттеуші қызметі ретінде қарастырылды. Әрине, жеке индивид құқық рухында іс-әрекет етуі қажет, алайда осындай ережеге қатынасында, тұлғааралық қарым-қатынасты бағалауға мүмкіндік береді. Қысқаша айтқанда, құқықты нормативті реттеуші, яғни билік етуші субъект ретінде түсіндіріледі. Осындай тәсіл негізінде пайда болу түрінде құқықтық мемлекет, яғни мемлекет өзінің белгілі нормаларымен шектеледі. Осы тенденцияларды бағалай отырып, Э.Ю. Соловьев аса мәнді қорытындыға келеді: «егер де біздің сөйлеген сөздерімізге атау берсек мен өзімдікің «Кантпен алға» деп атушы едім.

Қарастырылып отырған пікірталас қатысушылары жалпы барлық құқықтық мәселелерді бостандық идеясы арқылы түсінуге бейім болды. «Заң» және «құқық» түсініктерін нақты ажырата отырып, олар құқықты бостандық құралына айналдыруды ұсынды. Кейбір мәлімдемелерде Ю.В. Ключниковтың концепциясы толықтай жаңғыртылған. Солайша, заң ғылымдарының докторы, профессор В.Д. Зорькин өзінің мәлімдемесінде келесіге ерекше көңіл бөлді: *құқық пен адамгершіліктің өзара әрекеті*

мен бірегейлігі негізінде өнегелік ортасы, адамның өнегелі әлемі қалыптасады. Авторитаризм құқық пен адамгершілік бір-біріне қарама-қайшы және бөлек болуына тырысады. Алайда, бұндағы құқық биліктің құқықтық бұйрықтарына саяды және құқықтың спецификасы адамгершілікке қарағанда билік тарапынан тек сырттай ғана мәжбүрлеуге негізделеді. Құқықтың адамгершіліктен алыстауы құқық бұзушы заңнамаға, бассыздыққа және тиранияға жол ашады. Құқық тек өнегелікпен өзара байланыста, адамгершіліктің жалпы ортасында өзінің шыннайы мағынасына, жалпыадамдық мазмұнына ие болады. Бұл байланыстың бұзылуы құқықтың да, адамгершіліктің де жойылуына алып келеді. Иммануил Кант пен Ю.В. Ключников мәселенің осылай қойылумен толықтай келісер еді.

Халықаралық құқық пен халықаралық саясаттың арақатынасы мәселесі құқық пен саясаттың өзара әсер ету мен өзара байланыс туралы жалпы қойылуына негізделеді. Солайша, өткен жүзжылдық ортасының белгілі орыс заңгері Мәскеу университетінің профессоры М. Капустиннің пайымдауынша, саясаттың негізі құқық болып табылады. Ол саясатты «құқықты қолдану» туралы оқу ретінде қарастырып, 1868 жылы былай деп жазды: *«Саясат құқықтың бір жағы бола тұрып, онымен толықтай келісімде болуы тиіс. Қандай да болмасын қоғамдық мақсаттарға жету заң тәртібіне қарама-қайшы келмеуі тиіс».* Оның талқылауларының қисыны мынадай: «бәрі де адам үшін өмір сүреді, бәрі де оған қызмет етеді», «әділеттіліктің белгісі» болып табылатын құқық та, оған қоса саясат та, оның барлық өмірлік қызметінің негізі болуы тиіс. Өткен жүзжылдықтың 60 жылдарының ортасында жарық көрген басқа монографиясында М. Капустин құқықты қоғамдық өмірдегі қарсыласушы күштерді «татуластырушы» фактор ретінде талқылайды. Оның ойынша, құқық халықаралық және ішкі қоғамдық қатынастардың ішіне «тәртіпті» енгізеді.

Петербург университетінің профессоры Ф. Маргенс «әртүрлі құқықтың жоғарғы критерийі» ретінде «шындық пен әділеттілік идеясын» атады. Ол халықаралық-құқықтық нормаларды тәжірбие жүзінде мемлекетаралық қарым-қатынас «сана және ой арқылы» түсіндіруге тырысты. Сол уақыттағы құқықтық

түсіндірме бойынша Ф. Мартенс, халықаралық құқық (әрбір басқа құқық секілді) «адамның табиғаттылығынан келіп шығады», ол тек заң шығарушы қызметпен жасалмайтындығын атайды. Оның сөздері бойынша, «құқық пен заң шығарушы қызметтің негізінде бір дерек жатқанын айтады ол шындық және әділеттілік идеясы, ол адам табиғатына тән. Халықаралық құқық сол секілді дерекке ие, ол басқа құқық бөлімінен келіп шығады».

Берлин университетінің профессоры Ф. Листтың жазуы бойынша, «халықаралық-құқықтық қарым-қатынас ең алдымен әріптестік негізде болады, ал бағыну негізінде болмайтындығын айтады». Осыдан шығатын қорытынды «ең кішкентай мемлекеттің дауысы, ең ұлы мемлекеттің дауысы секілді салмағы бар» деп айтады.

«Әріптестік» негізінде неміс заңгерінің жазуы ойынша мемлекеттердің «мүдделерінің ортақтығы» жатыр деп айтып өткен. Халықаралық құқықтың теоретиктері «әрбір құқықтың мәнділігі оның нормаларды зорлық түрде қорғау емес, оның міндеткерлігін қоғамдық сананың ойлауында». Тура осындай істер халықаралық құқықта да екендігі атайды. «Оның нормаларының негізі ретінде, профессор М. Таубенің айтуы бойынша, сыртқы зорлық қорқынышында емес, ең алдымен халықтардың мәдени өзара байланыстылығында, жалпы пайданы сезінуінде, жалпы ыңғайлылық, жалпы өзара қарым-қатынаста белгілі әлемдік құрылысты ұстану мүддесін айтады».

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, ең алдыңғы экономикалық шарттарға қатынасына сәйкес, мемлекетке, саясатқа да бірдей болды. Аталған пікір заңи ойлардың өткен және қазіргі ағымдарының негізінде жатыр – заңнамалық позитивизм, нормативизм, «таза» құқық теориясы және т.б. Мәселен, заңи позитивистер құқықты оны түсіндіруде және ақтауда қажет емес екен деп түсіндірді. Ол логикалық форма, өз-өзіне негіздеме табады. Заңи нормалар мемлекет қызметінің салдары ретінде түсіндірілді. Формалды тәсіл мазмұн талдауынан бас тарту және құқықтың мәнділігін түсіндіру заңи позитивистерді «заң дегеніміз заң», «құқық дегеніміз құқық» деген секілді дефиницияларды түсіндірді. Т. Кельзенге сәйкес, нормативизм немесе «таза» құқық теориясының өкідері, заң ғылымдарынан барлық

құндылықтық және әлеуметтанулық аспектіні жоққа шығаруы қажет еді. Оның пікірінше, мемлекет, өзімен нормативті, адамдық қатынастардың билігі мен бағынуының күштеу тәртібі, құқыққа сәйкес келеді. Мемлекет ол орталықтанған құқықтық тәртіпке қатынасы тұрғысынан көрсетіледі. Осы бағыттың құқықтанушылары мемлекеттің құқық идеясына сәйкес келуі қажет екендігін айтады. Өзінің құқықтық заңдарында, олардың пікірінше, барлығының теңдігі болуы қажет ол ең жоғары құндылық.

Негізінен алғанда, осы тәсілде мемлекетті институт ретінде, «жалпы мүддені» «қоғамдық игілік» «жеке», «индивидуалды» мүддеден қол сұғуы дәстүрлі антикалық көзқарастар уақытынан бар екендігін айтады. Халықаралық құқық теорияларының негізін салушылардың бірі Г. Гроций мемлекет «тәуелсіз адамдардың одағы, жалпы құқықтар мен ортақ пайданы ескеру мақсатында жасалған». Қазіргі әдебиетте осы көзқарас өзінің позицияларын сақтауда. «Тәртіп құқықтың ең басты функциясы» деп аталады. Сонымен қатар халықаралық істерде мемлекеттер арасындағы өзара қарым-қатынастарының орнауы («халықаралық қауымдас-тықта») «олардың қарым-қатынасындағы үкіметтер үшін нормалардың саналы түрде орнауы». Осы аталған тәсілді қолдаушылар халықаралық қатынастардағы істер ұлттықтан жоғары саяси, заң шығарушы орган құру үшін, халықаралық құқықты ішкі саяси құқық түріне айналдыру үшін қажет деп айтады. Пенсильвания университетінің профессоры К.Б. Джойнт және Принстон университетінің профессоры П.И. Корбеттың пікірлерінше, осы процесс өз-өзімен халықаралық қатынастағы соғыс және бейбітшілік мәселесін позитивті түрде шешті, алайда ол мемлекеттің қажетті «бағасын» төлеуі міндет, ол егемендіктен бас тарту болып табылады.

Америкалық теоретиктер Ч.О. Лерч және А.А. Сайдтың айтуынша жалпы алғанда құқық, халықаралық, жекелей алғанда «толығымен келісімге негізделген». Осындай тәсілдің логикасы қорытындыға келгенде, халықаралық құқық мемлекетаралық қарым-қатынастар бойынша осындай тәсілге келуі мүмкін, осындай түрде ұйымдасады, осындайда дипломаттар және мемлекеттік қызметшілер келісімге келеді. Осындай көзқарасты қарастыра

отырып, халықаралық қатынастардың қайта құрылуына әртүрлі жоспарлардың теоретикалық базасы қызметін атқарады, ондағы мойындаулар болады. Жалпыға белгілі сансыз «жоспарлар» және «жобалар» бар олар жалпы және мәңгі әлемді құрайды, жүздеген жылдар аралығында баламалы соғыстарға және халықаралық жанжалдар сипатында болды. Көптеген ойлардың көбісі ондағы келісімге келу мүмкіндігіне қатысты болды мемлекет басшыларының арасында болған «кодекстер», «нормативті модельдер» халықаралық қатынастарда құқық нормаларының сақталуына алып келеді. И. Кант «барлық саясат құқық алдында бас июі керек» «халықаралық құқық, соғысты ақтамайды. Құқық – ол бейбітшілік. Бір жерден соғысқа деген құқықты табуға болады ма деп», – И.Г. Фихте айтады, ол И. Канттың «Мәңгілік бейбітшілікке» деп аталатын еңбегін көрсете отырып, осындай бағыттағы авторлар ағартушылық жұмысқа және саналы ойға өзінің үмітін көрсетті. Мысалы, Л. Гумплович бойынша, Жердегі бейбітшілікті орнату мәселесі «соғыс ескі және мақсатты емес, қабілетсіз шынайы қабілеттіліктерді құрал бола алмайды, екеуара халқының қажеттіліктерін қамтамасыз ете алмайды» Осы сөздер бірінші дүниежүзілік соғысқа бірнеше жылдар бұрын айтылған.

Гарвард университетінің профессоры Карл Фридрих, Кантты атай отырып, бейбітшілік идеясы құқық идеясынан келіп шығатынын айтады. Ол адамның «саналық қабілеттіліктерге» адамның соғыс қауіпі бойынша ескеретінін айтады. Қазіргі әдебиетте халықаралық құқықтың мемлекеттердің сыртқы саясатын шешудегі маңызды құралы ретінде есептейді. Осы көзқарастары бойынша мемлекеттік егемендік принципі маңызды деп есептейді. Онда халықаралық қатынастардың барлық жүйесінде тербеліс бар екендігін көрстеді. Осы қалыптасқан жағдайдан байқап отырғанымыз халықаралық-құқықтық принципті көрсетеді, халықаралық қатынастар бойынша ішкі мемлекеттік қатынастарды атайды. Осы бағыттағы теоретикалық ойлардың қатынастардың аналогияны байқаймыз. Осы жердегі қоғамдық ойдың теоретикалық және эмпирикалық материал бойынша және саяси практикамен байланысты. Сонымен бірге концепцияда қарастырылған аса әлсіз тұстары моральді-этикалық аспект бойынша шынайы назар аударылмайды, ондағы

нигилистiк қатынастар әлеуметтiк-экономикалық және саясы қырын атауға болады.

Жоғарыда аталған Питирим Сорокин 1917 жылы жазда «Причины войны и путь к миру» атты брошюрасын жарыққа шығарды, онда ол *соғысты қоғамдық өмiрден тек мемлекеттер арасындағы халықаралық-құқықтық реттеудi жетiлдiру ғана алып тастай алатынын дәлелдеп жазды*. Оның соғыстарды жою жоспарында келесi «жақын арадағы, нақты қадамдар» орталық орынды иелендi: «халықаралық құқық нормаларын орнату, олар қақтығыстарды соғыспен шешуге мүлдем тыйым салып, мемлекеттердiң халықаралық сотқа шағымдануын мiндеттi қылады», осындай сотты немесе «белгiлi бiр құзiретi бар мемлекетүстi орган» құру; «осы соттың үкiмдерiне бағынбайтын мемлекеттердi мәжбүрлi түрде бағындыра алатын» лайықты күштердi ұйымдастыру. Алайда бұл П. Сорокин идеяларының тек бiр бөлiгi болатын. Сонымен қатар, ол тұрақты әскерлердi жоюды ұсынды, ал үнемделген қаржыны соғыспен әкелiнген азаптарға бағыттауды жөн көрiп, халықаралық саясат мәселелерiн жүргiзудi кәсiпқой дипломаттардан халықтық өкiлеттiлiктердiң қолына бергiсi келдi. Жоғарыда аталған барлық шаралар – қара бастың мақсаты емес, олар – ақырғы, радикалды мақсатқа жету жолындағы кезеңдер – «ең алдымен Еуропада мемлекеттердiң федерациясы» мен «ұлы мемлекеттердi», содан кейiн бiрыңғай әлемдiк мемлекет құру. П. Сорокиннiң түйiнi үзiлдi-кесiлдi және бiр мағыналы. *Ол былай деп жазады: «Қалай болса да, бiзге тек мынау белгiлi: тек қана федерацияда – соғыстан қорғаныс бар»*.

Қазiргi кездегi әдебиеттерде мемлекеттердiң сыртқы саясатын құруда халықаралық құқықтың шешушi рөлi туралы тезис аса кең таралған. Осы көзқарастардың жүйесiнде ерекше көңiл мемлекеттiк егемендiк принципiне бөлiнедi. Онда барлық халықаралық қатынастар жүйесi тұрақсыздығының себебiн көредi. Қалыптасқан жағдайдан шығу жолында, iшкi мемлекеттiк қарым-қатынастармен ұқсас халықаралық қатынастардың жаңа жүйесiне өту барысында, бұл халықаралық-құқықтық принциптi бiртiндеп шектеу қажеттiгiн көрiп отыр. *Осы ойдың теориялық бағытына аса зор көңiл аудару*

қажет. Оның түпкілікті гуманистік мазмұны, демократиялық бағыты еш күмән келтірмейді. Бұл қоғамдық ой қарастырылып отырған ағымның көптеген ұрпақ жақтастары теориялық және эмпирикалық мәліметтерді тапты, олар қазіргі заңды оймен және саяси тәжірибемен қолданыла алады және қолданылуы керек. *Сонымен қоса, қарастырылып отырған концепцияның кейбір әлсіз жерлерін сырт айналып өтуге болмайды, олар мәселенің онегелі-этанатистік аспектісіне табиғи жолмен емес, әлеуметтік-экономикалық және оның саяси жағуына нигилистік қарым-қатынаспен туындайды.*

Осы қарастырылған тәсілге келесідей қайшылықтар қарастырылды: неліктен қоғамдық тәжірибие құқықтық кодекстер «күштік» құқықтық кодекстер бойына реттелмейді. Өз кезегінде «күштік» тәсілді қолдаушылар халықаралық құқық және халықаралық саясат мәселесі бойынша олардың қатынасында қарама-қайшы аргументтер жүйесін дамытты, олар үшін құқық рөлі бойынша мемлекетаралық істерге әсер етті және ондағы тәсіл антикалық дәстүрге келіп тіреледі. Платонның осындай ойлары бойынша, ол эгоисттік, адам табиғаты әділеттілік саясаты үшін жүзеге асырылады, жалпы игілік бойынша олар, оған қарма-қарсылық ретінде индивидтерге мүмкіндік береді «өзінің қалауларын» күштілер арқылы орындайды. Антикалық әдебиетте «күш құқықтың алдында» және сонымен қатар «аса мықты партияға деген мүдде» дегенді көрсетеді. Ежелгі гректік софист Гипий (б.з.д. 5 ғ.) заңның анықтамасын зорлық мүмкіндіктерінің шарты негізінде анықтайды. Құқықтың мемлекетке тигізетін пайдасы бойынша батыстық философияда және қоғамдық ойдың заңдық негіздерімен байланысты.

Гегель осы байланыстың болуын көрсетеді. Оның жазуы бойынша «мемлекетке құқық бойынша ол келісімдерімен және ондағы әртүрлі мемлекеттердің мүдделерін көрсетеді, әртүрлі мүдделер құқықтық мәнінен байқалады, олар бір-бірімен қайшылыққа келеді. Тек қана, ондағы қатынастар күші олардың саяси ойлары мүддеге байланысты және ол барлық мүмкін болған құралдарын атауға болады. Соған қатысты ол өзінің жеке құқығына байланысты болады, соған сәйкесінше ондағы құқық дәлелдемелі түрде болды. Сондықтан соғыс және ондағы

екі жауласушы жақтың, сондықтан осыған байлансты қақтығыс барысын көрсетеді. Ондағы моральдық күш құқығы орындалуы, және оның іс-әрекеттілігін сақтауға қажеттілігі орындалады. Құқықтардың анықталмаушылығы бойынша құқықтың қақтығысы тек қана күшке қатысты болады.

Ш. Монтескьенің есептеуі бойынша, «соғыс құқығы аса қатал қажеттілік және әділеттілік бойынша» қалыптасып шығады. Көптеген халықаралық қатынастарды зерттеудегі заңгерлердің атауы бойынша «халықаралық-құқықтық қарым-қатынас достық негізінде болады, басқарушылық негізінде пайда болады, халықаралық-құқықтық қатынасы бойынша анықталынады. Осыдан шығатын қорытынды, ондағы оптималды түрде «мемлекетаралық қарым-қатынас соғыс құқығы кодификация негізінде байқалады. Құқық ол бойынша, «зани байсалды» халықаралық жүйедегі, күш негізіне сүйенеді. Халықаралық құқықтағы нормаларды ұстану механизмінің жасалуын атауға болады. Нақты осындай механизм Еуропада 19 ғ. жасалынды, ол қатысты түрде халықаралық өмірде аталған жүз жылда құрлықта орындалады.

Бір мемлекеттің мүддесі басқалар тарапынан қауіпті болады, кейбір теоретиктердің ойлауынша, сыртқы саясаттағы әскери және стратегиялық маңыздылығы бар, бірақ та заңдық ойлардың болмауы да байқалады. Заңдық нормалар осындай жағдайда «дипломатия құралы» үкіметтер «өздерінің шешімдері және іс-әрекеттері, ішкі және сыртқы қолдауға жетеді». Қысқаша айтқанда, дағдарыстық жағдайларда зерттеушілердің айтуынша, халықаралық құқық басқа функция атқарады: «ең алдымен мемлекеттің ішіндегі және шетелдік мемлекеттегі мобилизация үшін қажет, не істелу немесе істеу қажет».

Құқық пен саясат арақатынасы құқыққа деген материалистік көзқарасты иемденетіндер арасында мәнді орынды алады. Осы тәсілдің негізінде құқықты (әртүрлі құқықты) нормативті жүйе ретінде, қоғамның экономикалық шарттары әсерінен қалыптасады, осы шарттары барысында қалыптасады. Қоғамдық шарттар құқықтың негізін қалайды, керісінше емес. Жеке меншік құқығының пайда болу себебі адамдардың өмір сүру шарттары меншіктің пайда болуына жағдай жасады, ол құқықтан тыс өмір сүреді. Нақты сол уақытта құқық экономикалық шарттарға

негізделеді, ол ешқашан да жоғары бола алмайды, экономикалық шарттар және қоғамның мәдени дамуы негізінде кіргізуге болады. Осы айтылғандардан кейін «жоғарыға көтерілудің» ашық мүмкіндік қоғамдық шарттар және сол уақыттың мәдениетінде келесідей халықаралық заңгерлердің барлық мемлекеттердің декларациясында келесідей көрініс табады «серіктестік», «әділеттілік», «мүдделердің жалпылығы». Энтузиастердің жазуынша «Жалпы соғыс халықаралық құқықтың «өркениеттік рөлі» мәнінен алшақтап, ең алдымен халықаралық өмірде; керісінше, мемлекет (барлығы емес) мәңгі соғысушыдан бір-біріне бөтен бола отырып бір мәдени отбасыға айналды. Осы мүшелері жалпы жиынтықтың бір-бірімен байланысты және өркениет бірегей болады; сондықтан кездейсоқ жасанды емес саяси одақ, ол өмірдің өзімен жасалған тарихпен мәдени ассоциация, мемлекеттердің мәдени қоғамы». Осылай деп, 19 ғ. 80 ж. беделді халықаралық құқық заңгерлері ойлаған. Мүдделердің жалпылығына «өркениеттік халықтарды» байланыстыратындығын халықаралық құқық және халықаралық қатынастың барлық жүйесінің негізі ретінде сол уақытта көптеген теоретиктер көрсеткен.

Қазіргі халықаралық құқық ұзақ тархи дамудың нәтижесі болды.

Алғашында халықаралық құқықтың принциптері халықаралық-құқықтың салттар түрінде болды, алайда БҰҰ-ның Жарғысы қабылданғаннан кейін келісімдік-құқықтық түрге ие болды.

Қазіргі уақытта халықаралық құқықтың деректері ретінде көрсетуге болады:

– Халықаралық конвенциялар, жалпы және арнайы, ережелерді бекітетін, таласты мемлекеттер арасында мойындалған.

– Халықаралық салттар жалпы тәжірбиенің дәлелдемесі ретінде, құқықтық норма ретінде мойындалған.

– Құқықтың жалпы принциптері өркениетті ұлттармен мойындалған.

Тек 59-бапта аталған, соттық шешімдер және жеке ұлттардың доктриналары, құқықтық нормаларды анықтайтын жанама құрал белгісі болып табылады.

Халықаралық жариялы құқық және халықаралық жеке құқық деп бөліп қарастырады.

Халықаралық жариялы құқық мемлекеттер арасындағы ең алдымен қатынастарды реттеуге арналған. Дипломатиялық сөздікте «ХҚ – заңдық принциптер мен нормалардың жүйесі, мемлекеттер арасында қатынастарды реттейтін және олардың өзара құқықтары мен міндеттерін анықтайды.

Халықаралық жеке құқыққа халықаралық сахнадағы жеке тұлғалардың, корпорациялардың, үкіметтік емес ұйымдардың және т.б. өзара іс-әрекеттестігімен байланысты сұрақтарды атауға болады. Ол халықаралық сауданы, халықаралық ақпаратпен алмасу, халықаралық туризм және басқа осы секілді қызмет салаларын реттейді.

Халықаралық құқық саясаттан төменгі деңгейдегілерді (сауда, әртүрлі саладағы экономика, технология, ақпарат салаларындағы ынтымақтастық) жақсы реттейді.

Суверенитет халықаралық құқықтағы негізгі түсініктердің бірі (мемлекеттік-центристік әлем моделі).

Суверенитет идеясынан келіп шығатын халықаралық құқықтың принципі мемлекеттердің теңділігінің суверенділігі принципі болып табылады. Оның мағынасы, мемлекеттер заңдық тұрғыдан тең олардың территория, халық саны, әскери, экономикалық қуатынан тәуелсіз. Осы принцип БҰҰ Жарғысының 2 бабының 1-тармағында бекітілген. «Ұйым оның мүшелерінің суверенді теңдігі негізінде құрылған».

Халықаралық құқықтың принциптеріне сонымен қатар, халықаралық таластардың бейбіт түрде шешілуі, күш қолданбау немесе күш қаупін қолданбау принципі, әріптестік принципі.

БҰҰ құрылуы қазіргі халықаралық құқықтың толығымен қалыпасуын аяқтады, оның орталық принциптерінің бірі адам құқықтарын орындалуы мен құрметтелуі жатады.

1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясын қабылдады.

Нақтылану халықаралық құқықтың екі аса маңызды құжаттарында орын алды:

- азаматтық және халықаралық құқық халықаралық пакті;

– экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқық туралы халықаралық пакт;

Адамның негізгі құқықтарына, халықаралық құқықпен қорғалған азаматтық және саяси құқықтары жатады:

- 1) теңділік және дискриминацияның болмауы;
- 2) өмірге деген құқығы;
- 3) мемлекеттік басқаруға қатысуға құқығы;
- 4) аса қатал, адамсыз немесе қорлаушылық қараудан қорғау құқығы;

- 5) еркін және жеке қол сұғылмаушылыққа құқықтың болуы;
- 6) орын ауыстыру және тұрғылықты орын таңдау еркіндігі құқығы;

- 7) ойлау, ар-ұят және дін еркіндігі құқығы;

- 8) еркін пікір және пікір айту құқығы;

- 9) бейбіт жиналыстар құқығы;

- 10) еркін ассоциациялар және т.б. құру құқығы.

Әлеуметтік-экономикалық құқықтарға жататыны:

- 1) еңбекке деген құқығы;

- 2) әділетті және жағымды еңбек жағдайларына құқығы;

- 3) кәсіподақ құру құқығы;

- 4) кәсіподақтарды еркін жұмыс істеуіне құқығы;

- 5) ереуілдерге құқығы;

- 6) әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы;

- 7) отбасы, ана, балаларды қорғау құқығы;

- 8) қажетті өмір сүру деңгейі құқығы;

- 9) денсаулық қорғау құқығы;

- 10) білім алу және мәдени өмірде қатысу құқығы.

Осылайша, адам құқықтарын қорғаудың барлық жүйесінде орталық орынды БҰҰ алады. Бас Ассамблея осы сұрақтар бойына арнайы сұрақтар резолюциялар қабылдайды. Резолюцияларды үшінші комитет (арнайы гуманитарлы және мәдени сұрақтар бойынша) дайындайды.

Халықаралық құқық ішкі заңдарды реттейтіндіктен, осындай сұрақтарға саяси және экономикалық әсер ету өлшемдерінде ғана қолданылады, БҰҰ қабылданған резолюцияны қоса отырып, саяси режимді қолдамайтын санкциялар, сол немесе басқа құқықтарды шектейді.

Экономикалық және әлеуметтік кеңес (ЭКОСОС) жұмысы барысында адам құқықтары жөніндегі Комиссия және Әйел құқықтары жөніндегі Комиссия құрылған.

БҰҰ Хатшылығы барысында адам құқықтары жөніндегі Орталық жұмыс атқарады.

Адам құқықтары жөніндегі Комитет, нәсілдік кемсітушілікті шектеу жөніндегі Комитет, қинауға қарсы Комитет, бала құқықтары Комитеті бар.

Халықаралық сахнадағы таластарды шешу келісімдер және делдалдық процедуралар немесе үшінші жақтың қатысуынсыз жүзеге асады, соттық процедуралар арқылы орындалады.

Халықаралық сот 1945 ж. БҰҰ-ның соттық органы ретінде құрылған мемлекеттер арасындағы таластар пайда болғанда шешуге арналған. Гаага (Нидерланды) орналасқан. Ол 15 сот мүшелерінен тұрады, олар БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі және Бас Ассамблеясымен абсолютті көпшілікпен 9 жылға сайланады.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі және Бас Ассамблеясы Халықаралық соттың шешімдерін сұрай алады, ол тек мемлекеттердің келісімі болған жағдайда ғана қарастыра алады.

Сонымен бірге аймақтық халықаралық соттар бар.

Адам құқықтары бойынша Еуропалық Сот Еуропа Кеңесі жанында Страсбург қаласында іс-әрекет етеді ол Еуропалық конвенцияның негізінде адам құқықтары және негізгі еркіндіктері бойынша қызмет атқарады, ол 1950 ж. қабылданған және қатысушы мемлекеттердің құқықтарының бұзылуын қарастырады.

Халықаралық әскери трибунал (1945) халықаралық соттық орган әскери қылмыскерлерді қудалау мен жазалаушы Фашистік Германия жағында соғысқан мемлекеттер қатарына жатады. Нюрнбергтік процесс Қиыр Шығыс үшін Халықаралық әскери трибунал. Токиялық процесс (1946-1948).

1993 ж. Халықаралық қылмыстық трибунал бұрынғы Югославияға қарсы (Гаага қаласында.)

1960 жылдары БҰҰ жарғысының принциптері негізінде оның кодификациясы 1970 ж. мемлекеттер арасындағы достық және әріптестікті қатынасты дамыту бойынша қабылданды. Бас Ассамблея халықаралық құқық принциптері Декларация қабылдады.

Хельсинки келісімінің қорытынды келісімінде Еуропадағы (1975) қауіпсіздіктің және ынтымақтастық жөніндегі келісіміне үш негізгі принцип қосылды: шекаралардың бұзылмастығы, территориалдық тұтастық және адам құқықтарын оның негізгі бостандықтарын құрметтейді.

Декларацияда жеті негізгі принциптер көрсетелген:

- 1) күш немесе күш қаупін қолданбау принципі;
- 2) таластарды бейбіт түрде шешу (территориалдық тұтастық және шекаралардың бұзылмастығы).
- 3) мемлекеттердің суверенді теңдігі,
- 4) араласпау принципі;
- 5) халықтардың өзін-өзі анықтауы;
- 6) әріптестік принципі;
- 7) халықаралық міндеткерліктерді адал түрде орындау.

Халықаралық құқық сонымен қатар дипломатиялық қызметті де орындайды. Ол дипломатиялық өкілдіктерді қызметін атқарады.

1815 ж. Вена конгресінде дипломатиялық құқықтың алғашқы кодификациясы ұсынылған.

1961 ж. Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясында, дипломатиялық қарым-қатынастарды орнату, дипломатиялық өкілдіктерді кластар анықталған, нормалар мазмұндалады, дипломатты персона нон грата деп жариялау, дипломатиялық өкілдіктер және иммунитет берілу айтылады.

Адам құқықтары мен бостандықтарының универсалды келісімдерінен басқа мемлекеттер арасында аймақтық келісімдер бар.

Адам құқықтары және оның негізгі бостандықтары туралы Еуропалық конвенция (1953); Адам құқықтары жайлы Америкалық конвенция (1978); Адам құқықтары мен халықтар құқығының Африкалық хартиясы (1988); Адам құқықтарының Араб хартиясы (1994); 1995 ж. ТМД-да адам құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы конвенция бар.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Робер сөздігіне сүйенсек, «қауіпсіздік» термині 1190 жылдан бастап қолданысқа енді және өзін кез келген қауіп-қатерден қорғалғанмын деп санайтын адамның рухының сабырлы қалпын білдірді. Әйтсе де дәл осы мағынасында Батыс Еуропа халықтарының сөздік қорына кеңінен ене қойған жоқ және XVII ғасырға дейін сирек қолданылды.

XVII-XVIII ғасырларда барлық елдерде «мемлекеттің басты мақсаты жалпыға ортақ молшылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету» деген көзқарас қалыптасты. Сондықтан да «қауіпсіздік» термині осы кезеңде жаңа анықтамаға ие болды: нақты қауіптің жоқтығы нәтижесінде пайда болатын тыныштық жағдайы және осы жайды қалыптастыруға мүмкіндік беретін экономикалық және саяси жағдайлар, тиісті органдар мен ұйымдар.

Қауіпсіздік тұжырымдамасының қазіргі заманғы ұғымдық-категориялық аппаратын қолдана отырып қауіпсіздікке мынадай анықтама беруге болады: «Қауіпсіздік» – қоғам мен оның құрылымдарының өмірлік маңызы бар мүдделерінің, ұлттық құндылықтарының ішкі және сыртқы қауіптерден қорғалған күйі және оның даму тенденциясы.

Өмірлік маңызы бар мүдделер дегеніміз – қажеттіліктердің жиынтығы. Бұл қажеттіліктерді қанағаттандыру азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің тіршілігі мен прогрессивті даму мүмкіндігін сенімді түрде қамтамасыз ете алады.

Ұлттық құндылықтар деп мемлекет иелігіндегі, оның тіршілігі мен дамуының негізі болып табылатын материалды, интеллектуалды және рухани меншікті айтамыз.

Қауіпсіздік – тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі бірлескен әрекеттің нәтижесі.

Жеке тұлға, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған әрекет – нақты қауіп-қатер мен саналы тіршілік иесінің, әлеуметтік тұлғаның, әлеуметтік топтар мен қауымдастықтың оның алдын алуға, оқшаулауға, салдарын жоюға деген қажеттілігі сияқты объективті нақтылықтар арасындағы қайшылықтарды шешу процесінде әлеуметтік-саяси феномен ретінде пайда болады. Қауіп-қатерлер – қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысындағы іс-әрекеттің объектісі. Әрекеттің негізгі нысанасы – қатерлердің нақты өзі (әскери, саяси, экономикалық, т.б.) және осы қатерлерді нақты материалдық тасымалдаушылар (табиғи, әлеуметтік-қоғамдық құбылыстар және т.б.) болып табылады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әрекетінің объектісін сараптау бұл әрекеттерді өзара байланысты және өзара шарттасқан:

- жеке тұлға қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Үш вертикалды деңгейден тұратын күрделі жүйе ретінде елестетуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әрекетінің нысанасын түсіну жүйенің көлбеу деңгейлерін анықтауға, яғни қауіпсіздіктің деңгейлерін нақтылауға мүмкіндік береді. Оларға, мысалы, саяси, әскери, ақпараттық, ғылыми-техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жатқызуға болады.

Жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі іс-әрекеттің нәтижесі ретіндегі қауіпсіздіктің нысанасы көп. Бір жағынан, қауіпсіздік дегеніміз – жүйенің жеке адам, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды негіздеріне тиетін зиянның алдын алу қабілеті болса, екінші жағынан – олардың қорғалу жағдайы, үшіншіден – дамыған қауіпсіздік шаралары жүйесінің ерекшеліктері болып табылады. Бұл мемлекет өмірінің нақты тарихи даму кезеңіне, оның биліктік, атқарушы және сот құрылымдарының әлеуеті мен әлсіз тұстарына, қоғамдық қатынастар мен өндіруші күштердің сипатына байланысты.

Осыдан келіп «ұлттық» сөзі жалпы мемлекетке туып отырған қауіппен байланыс таба бастады. Мәселен, американдықтар «қауіпсіздік» терминін олардың конституциялық құқықтары мен

бостандықтарына әсерін тигізбейтін қарапайым заңдар мен ережелер жиынтығы ретінде түсінеді. «Ұлттық» және «қауіпсіздік» ұғымдарын жекелей алғанда оңай түсіндіруге болғанымен, сараптамашылардың пікірінше, олардан туындайтын «ұлттық қауіпсіздік» терминіне түбегейлі анықтама беру қиын. Өйткені, мемлекеттік тұрғыдан келгенде терминнің мағынасының ауқымы өте кеңейіп кетеді: дипломатия, сауда-саттық, әскери сала, шпионаж, миграция, қоршаған орта мәселелері және осы тәрізді көптеген мәселелердің бәрі ұлттық қауіпсіздік мәселесінде үлкен орын алады.

Ұлттық қауіпсіздікті жүзеге асырудағы мемлекеттік биліктің алатын орнына келсек, бұл ұғым жоғары динамикалы және субъективті болғандықтан, оның мәнін дәл көрсету қиындау. Әйтсе де, Гарольд және Маргарет Спрут өздерінің «Ұлттық биліктің негіздері» (Foundations of National Power (Van Nostrand, New York, 1951)) кітабында мемлекеттік билік мына теңдеумен өлшене алады деп көрсеткен: мемлекеттік билік = адам ресурстары + өмір сүру ортасы + азық-түлік пен шикізаттар + құралдар мен дағдылар + қоғам + мораль мен саяси әрекет + сыртқы шарттар мен жағдайлар.

Ұлттық қауіпсіздік теориясын түсіну үшін мемлекеттің тарихына, саяси режиміне, идеологиясына назар аудару қажет, өйткені оның басымдықтары мемлекеттің ішкі себептері мен әлемдегі жалпы саяси жағдайларға сай ауысып тұрады. Мемлекет ең алдымен өзінің өміршендігінің тұрақтылығын ойлайды, сондықтан да мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің концепциясы оған бағытталған қатерлермен күресуге, тұрақты дамуды қамтамасыз етуге арналған.

Қауіпсіздік саяси және экономикалық дағдарыс жағдайында, қоғамның деструктивтілігі және өзге де қатерлер кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету әрекеттерінің шағын жүйелерінің мемлекеттік институттардың ұйымдастырушылық ықпалымен өз мақсаттарын салыстырмалы алғанда дербес шеше алатын қабілетін көрсетеді. Бұл тұрғыдан алғанда не Қазақстан азаматтарының өмірінде, не олардың қоғамы мен мемлекетінің тыныс-тіршілігінде орнықты тұрақтылық пен қорғалғандық сезімі байқалмайды. Ол табысты мемлекеттің қоғамдық

катынастарының дамыған жүйесінде ғана болуы мүмкін, тек осындай жағдайда қауіпсіздіктің ықтимал қатерлеріне лайықты жауап бере алатын ғана емес, өзінің жоғары сапа деңгейінің есебінен оларды басқара да алатын қауіпсіздікті қамтамасыз етудің біртұтас жүйесін жасауға болады.

Қатерлердің түріне сәйкес, ауқымдылығы, әлеуметтік ағзалардың кеңістіктік-географиялық өзара ықпалының белгісі бойынша қауіпсіздіктің мынадай геосаяси деңгейлері мен түрлерін ажыратуға болады: халықаралық ғаламдық қауіпсіздік, халықаралық аймақтық қауіпсіздік, ұлттық қауіпсіздік, жергілікті қауіпсіздік.

Ұлттық қауіпсіздік өз кезегінде: мемлекеттік қауіпсіздік, локальді (аймақтық) қауіпсіздік, жеке (фирмалар мен жеке тұлғалардың) қауіпсіздік деп бөлінеді. Ұлттық қауіпсіздіктің түрлі аспектілері: ұлттық-мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық қауіпсіздік, жеке тұлға қауіпсіздігі ұғымдарынан тұрады.

Бірқатар жағдайларда күрделі құбылыстарды сипаттағанда және бірнеше қауіп-қатерлерді бағамдауда қауіпсіздіктің құрама (комбинацияланған) немесе шартты атауын қолданады. Қауіпсіздіктің құрама атауының мысалы ретінде адамзаттың экологиялық қатерлерден қорғалу жағдайын сипаттайтын, кең қолданылып жүрген «ғаламдық экологиялық қауіпсіздік» ұғымын келтіруге болады. Қауіпсіздіктің шартты атауының мысалы ретінде, мемлекеттің қорғалғандығының дәрежесін көрсететін және экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, қаржылық, ресурстық, ядролық, ақпараттық қауіпсіздік тәрізді құрамдас бөлшектері бар «ұлттық қауіпсіздік» терминін алуға болады. Ұлттық қауіпсіздік ұғымы өзінің аясында бірқатар жеке келеген қауіпсіздіктерді біріктіре отырып, солардың негізінде мемлекеттік мүдделердің тек жекелеген қауіп-қатерлерден ғана емес, сонымен қатар осы қауіптердің біріккен әрекетінен қорғалу дәрежесінің күйін бағалауға толық мүмкіндік беретіні түсінікті. Ұлттық қауіпсіздік ұғымына балама ретінде қауіпсіздіктің жеке түрлерінің бірігуі мен қауіп-қатерлер пайда бола қалған жағдайда оған бірге қарсы тұру шараларын сипаттайтын «жаһандық қауіпсіздік» ұғымы да қолданысқа еніп отыр.

Қазіргі кезеңдегі қауіпсіздік саласындағы негізгі түсінік – геосаясат – салыстырмалы түрде алғанда жас ғылыми бағыт және оның қалыптасуы әлі де аяқталып болған жоқ.

Геосаясат дегеніміз – географиялық, саяси, экономикалық, әскери, экологиялық, этностық, демографиялық, діни және өзге де факторлардың жүйелі түрдегі ықпалын ескере отырып, мемлекеттердің, аймақтың және әлемнің даму процестері мен принциптерін зерттейтін ғылым. Мұндағы фактор – қандай да бір процестің немесе құбылыстың қозғаушы күші болып табылады және олардың сипаты мен жекелеген қырларын айқындайды. Кейбір мемлекеттер мен аймақтардың қауіпсіздік мәселесін зерттеу, оларға тән геосаяси факторларды бағамдау, жүйелеу және басқа мемлекеттер мен аймақтарға тән өзге факторлармен салыстыру арқылы жасалатын жүйелі сараптамасыз толық және лайықты болмас еді.

Геосаясат ғылымындағы басты түсініктерге «геостратегиялық және геосаяси аймақтар», «геосаяси жағдай» ұғымдары жатады. Геостратегиялық аймақ дегеніміз – ғаламдық деңгейдегі маңызды және ықпалды сипаты мен функциясы бар ірі географиялық кеңістік. Ол әлемнің белгілі бір бөлігінің аясындағы, оның орналасуы, жүріп жатқан процестер, сыртқы сауда бағыты, мәдени және идеологиялық байланыстары тұрғысынан алғандағы өзара байланыс пен өзара тәуелділікті айқындайды. Геосаяси аймақ геостратегиялық аймақтың бір бөлігі, ол географиялық ерекшеліктердің біркелкілігін сипаттайды.

Геостратегиялық аймақтың мысалы ретінде Шығыс Еуропа мемлекеттері мен посткеңестік республикалар аумағын, Шығыс Азия мемлекеттері аймағы мен өзге де бірқатар мемлекеттерді қамтитын еуразиялық құрлықтық әлемді келтіруге болады. Геосаяси жағдайды географиялық, саяси, әскери, экономикалық және өзге де жағдаяттарды ескере отырып қандай да бір аймақтағы немесе жалпы алғанда әлемдегі қалыптасқан нақты жағдай ретінде қарастыра аламыз.

Жалпы алғанда, геосаясат бүгіндері саяси зерттеулерде өз дамуының бастапқы сатысында тұрған қауіпсіздіктің жалпы теориясын біріктіріп, макроәлемнің даму процестерін зерттеумен байланысты экономика, география, әлеуметтану, әскери іс, эко-

логия және өзге де ғылыми пәндерді синтездеуші ғылым рөлін атқарып отыр.

Халықаралық қатынастардың мәселелерін зерттеуде «қауіпсіздік» ұғымы «ынтымақтастық» ұғымымен тоғысады. «Қауіпсіздік» және «ынтымақтастық» ұғымдары – саясаттану мен халықаралық қатынастардың теориясын байланыстырушы элемент. Халықаралық, аймақтық және ұлттық деңгейлердегі саяси процестерді зерттеуде операциялық категория.

Танымал американдық саясаттанушысы Г. Моргентау мемлекеттердің бәсекелестік тәртібі мен олардың бұл күресте өздерінің мүддесін қорғауға ұмтылысының алғашқы себептерін іздеді. Соған сәйкес ол әр мемлекеттің сыртқы саясаты әскери стратегия мен дипломатияның көмегімен, ұлттық мүдденің негізінде құрылады, осылайша оларға қауіп төндіретін басқа мемлекеттерге қарсы тұруға бағытталады деп есептеді [2].

Ұлттық қауіпсіздік концепциясын алғашқылардың бірі болып американдық зерттеушісі У. Лишман жасады. Ол «Ұлт соғыстан қашу үшін өзінің заңды мүдделерін құрбан етпеген кезде өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және бұл мүдделерге қауіп төнген кезде оларды соғыстың көмегімен қорғауға дайын» деді.

Саяси реализм мектебінің өкілі А. Уолферс «қауіпсіздік» пен «ынтымақтастық» ұғымының сәйкестілігін қарастыра отырып былай дейді: «Қауіпсіздік – мемлекет аз немесе көп мөлшерде иеленетін құндылық. Ол күш және байлықпен көп жағдайда ортақ. Күш пен байлық халықаралық істердегі екі басқа маңызды құндылық».

Қауіпсіздік пен ынтымақтастық категорияларының байланысын негіздей отырып А. Уолферс мемлекетаралық ынтымақтастықтың түрлерін ішке және сыртқа бағытталған ынтымақтастықтар деп екіге бөлді. Оның көзқарасынша ішке бағытталған ынтымақтастық белгілі бір әлеуметтік топтың ішіндегі қатынастарды жақсартуға мемлекеттің ұмтылысын білдіреді. Мемлекетке жалпы сыртқы қауіпке қарсы тұру үшін сыртқа бағытталған ынтымақтастық арқылы білдіреді.

Неореализмнің негізін салушы Кеннет Уолц қауіпсіздікті тұрғанын қауіпсіздігі, мемлекеттің қауіпсіздігі және әлемнің қауіпсіздігі деп бөледі. Уолц мемлекеттің барлық әрекеттері

қауіпсіздікке жетуге бағытталған, сондықтан олардың сыртқы саясаты күштердің арасалмағына бағытталып құрылады деп санады.

«Ұлттық мүдде» концепциясы базасында француз реалистері де өз теорияларын жасады. Олардың алғашқыларының бірі Р. Аронның пікірінше «қауіпсіздік» ұғымы – мемлекеттің өмір сүруінің негізі. Тағы бір француз зерттеушісі Ж.Б. Дюрозель мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі байлыққа жету, ал басты мақсаты – қауіпсіздікті қамтамасыз ету деп санады.

Ұлттық тәуелсіздіктің орталық сфералары – сыртқы саясат пен ұлттық қауіпсіздік – ұлттық деңгейден жоғары органдардың қарауына беріледі. Мұндай шектеу егер де оның маңызды элементпен толықтырылуы болмаса саяси интеграцияны сараптауға қолданылмас еді. Белаша бойынша, интеграцияны халықаралық экономикалық ынтымақтастықтың басқа түрлерінен саяси-құқықтық механизмдерінің белгілі рөлі ерекшелендіреді.

Бүгінгі күнге дейін екінші деңгейдегі сипатқа ие мәселелердің көбісі федералдық принцип бойынша шешіледі, ол Еуропа одағы мемлекеттерінің терең әлеуметтік және саяси интеграциясының нәтижесі болды.

Батыс Еуропалық және латынамерикандық интеграция тәжірибесі интеграцияның өзінің жолы сияқты, оның соңғы мақсаттарының да маңызды айырмашылықтары болатынын көрсетті.

Жаһандану процесін қарқындату мен ұлттық экономикалық және саяси жүйелерді соғыстан кейінгі жылдарда интернационализациялау халықаралық қатынастардағы пайда болған құбылыстарды концептуалды түсіну қажеттігін туғызды. Саясаткерлер мен ғалымдардың санасында пайда болған интеграция идеялары теориялық дайындығы мен ғылыми болжамын тапты.

Ынтымақтастықты дамытудың стратегиялық потенциалын бағалай отырып, оны құраушы негізгі бірнеше элементтерді көрсетуге болады: тұрақты құқықтық, институционалдық база, яғни қалыптасқан нарықтық институттар, экономикалық даму деңгейі, ресурстық потенциал (еңбек, энергетикалық ресурстар).

Қазіргі кезде, Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің шараларын, тетіктері мен құралдар жүйесін қамтитын, оның әскери, сыртқы саяси, экономикалық және ақпараттық, ғылыми-

техникалық және басқа салаларындағы стратегиясын дамытатын, ғылыми тұрғыдан негізделген өзін-өзі сақтаудың жұмылдырушы идеясына деген қажеттілік қатты сезіледі. Бұл мәселенің күрделі болуының субъективті және объективті себептері бар, олар: сәйкес теория мен әдістеменің жеткілікті деңгейде жасалмауы және лайықты ғылыми мектептерді дамытуға деген қажеттілік.

Алғаш рет «ұлттық қауіпсіздік» ұғымы саяси лексиконда 1904 ж. АҚШ президенті Теодор Рузвельттің АҚШ Конгресіне жолдауында қолданылды. Ол болашақ Панама арнасының аймағын қосып алудың әскери шараларын АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігінің мүдделерімен – ұлттық мүдделермен негіздеді. Кейінгі жылдары бұл мәселе американдық саясаттанушылардың зерттеулерінде орталық мәселеге айналды. Американдық авторлардың пайымдауынша, ұлттық қауіпсіздік ұғымының қайнар көзі ұлттық мүдделер теориясында жатыр. Американдық ғалымдардың бұл мәселедегі анықтамаларына тоқтала кетсек:

– «ұлттық қауіпсіздік дегеніміз – басқа қарсыластардың күшін өз мүддесіне пайдалана отырып, халықтың сенімінен шыға білу»;

– «мемлекеттің өзінің ішкі құндылықтарын сыртқы қатерлерден сақтау қабілеті»;

– «қауіпсіздік – объективті мағынасында, ұлттық құндылықтарға қатердің жоқтығымен, ал субъективті мағынасында, осы құндылықтардан айырылып қалу, күйреу қорқынышының жоқтығымен анықталады»;

– «АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздік стратегиясы американдық интернационализмге негізделетін болады, ол АҚШ-тың мақсаты мен ұлттық мүддесінің бірігуіне әсерін тигізеді. Аталмыш стратегияның мақсаты дүниені қауіпсіз әрі күшті қылу. АҚШ-тың прогреске жету жолындағы мақсаты анық – саяси және экономикалық еркіндік, өзге мемлекеттермен достық байланыс және адам құндылықтарын сақтау».

«Ұлттық қауіпсіздік» ұғымы заманауи қоғам мен мемлекеттің лексиконы мен өміріне берік орнықты. Ұлттық қауіпсіздік – тұлғаның (азаматтың), қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінің және де ұлттық құндылықтар мен өмір сүру салтының түрлі кең ауқымды сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерден

(саяси, әскери, экономикалық, ақпараттық, экологиялық және т.б.) қорғалу жағдайы.

Ұлттық қауіпсіздік – мемлекет деңгейінде елдің ұлттық мүдделерінің саяси, әлеуметтік, экономикалық, әскери, экологиялық аспектілерін қамтитын кең мағынада қорғалуы және сыртқы экономикалық қызмет, жаппай қырып-жою қаруының таралуына байланысты қатердің, сондай-ақ, халықтың рухани және интеллектуалды құндылықтарына деген қауіп-қатерлердің алдын алу күйі.

Заманауи әлемде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері ең өзекті ғаламдық мәселелердің қатарынан орын алады. АҚШ-та «ұлттық қауіпсіздік» ұғымының барынша дәл анықтамасы бар. Ол жағдаяттарға, тиісті жетекшілердің мүмкіндіктері мен жеке қасиеттеріне тәуелді және бірқатар иерархиялық түсініктерді қамтиды. Мәселен, АҚШ президентінің 1994 жылғы Конгреске жолдауында айқындалған «АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігінің стратегиясында»: «Ұлттық қауіпсіздікті, яғни, халықты, территорияны және өмір салтын қорғау – менің (президенттің – авт.) әкімшілігінің ең басты мақсаты және конституциялық міндеті болып табылады.

Оның басты мақсаты:

- қарулы күштерге сүйене отырып қауіпсіздікті сенімді қорғау;
- американдық экономиканың жандануына үлес қосу;
- шетелдердегі демократияның нығаюына көмектесу.

Мұнда ұлттық қауіпсіздіктің стратегиясы американдық мүдделер мен құндылықтар негізінде құрылып, саяси, әскери және экономикалық салаларды қамти отырып, – қауіпсіздікті нығайту, елдің дамуын қамтамасыз ету, демократияны дамыту сияқты басым мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған.

Бұған балама ретінде мына анықтаманы келтіруге болады: ұлттық қауіпсіздік – ұлттың қазіргі және болашақ ұрпағының негізгі құндылықтарына залал келмейтіндей қатерден өзін сақтау, өзін-өзі көбейту және өзін-өзі жетілдіруіне қажетті мұқтаждықтарды қанағаттандыра алу қабілеті.

Іс жүзінде қол жетпейтін «қауіпсіздік деңгейін» жариялау қауіпті, өйткені ол болуы ықтимал заңсыздықтарды ақтау үшін пайдаланылуы мүмкін. Бұл жай құндылықтар мен қажеттіліктерге

де байланысты. Белгілі бір адам үшін өмірлік маңызды мүдделерді қалған тұлғалардың (адамдардың) мүдделерінен бөліп қарастыру өте қиын, тіпті мүмкін емес.

«АҚШ-тың жаңа ғасырға арналған ұлттық қауіпсіздігінің стратегиясында» былай айтылған: «Біздің еліміздің негізі қаланғалы бері ұлттық қауіпсіздіктің стратегиясына деген кейбір талаптар өзгермей келеді. Біз өз еліміз бен шетелдерде американдықтардың өмірі мен жеке қауіпсіздігін қорғауымыз керек. Біз Құрама Штаттардың егемендігін, тәуелсіздігі мен саяси бостандығын сақтауға міндеттіміз. Біздің құндылықтарымызға, институттарымыз бен жерімізге қол сұғылмауы керек. Біз халықтың әл-ауқатының жақсаруына, өркендеуіне қол жеткізуге ұмтылуымыз керек».

КСРО ыдырағаннан кейін, халықаралық аренада екі теория қалыптасты. Бірінші теорияның мәні: КСРО ыдырағаннан кейін әлемде монополярлы әлемнің орнауы болса, екінші теория КСРО-ның тарауы қосполярлы әлемнен көпполярлы әлемге көшуге мүмкіндік берді деп есептейді. Осыған орай американдық көрнекті саясаттанушы Джозеф Най «көптарапты өзара тәуелділік» теориясын ұсынды. Бұл теория бойынша әлемдік билік құрылымын 3 қатпарлы тортпен салыстыра аламыз. Үстіңгі әскери қатпар – монополярлы әлем, ортаңғы қатпар – экономика саласындағы үшполярлы әлемді бейнелесе (АҚШ, Еуропа және Жапонияның қарқынды экономикалары), астыңғы қатпар – көптеген мемлекеттер арасындағы трансұлттық өзара тәуелділік болмақ. Осы өзара тәуелділікті дамыту тиімді, өйткені, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық оларға ұлттық қауіпсіздік саласындағы саясатты дамытуға қолайлы шарттар туғызады. Бұл орайда АҚШ «ұжымдық қауіпсіздік» идеясын ұстанады: ұжымдық қауіпсіздік – ықтимал қауіп-қатерлерге жауап беру мақсатында мемлекеттер тарапынан құрылған, ортақ мүдделерді бөлісетін блок немесе ұйым идеясы. Мұнда бір мемлекетке төнген қауіп-қатер – одақтағы барлық мемлекетке ортақ болып табылады (мысалы, НАТО).

Мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігінің арасалмағының қазіргі жайын сараптау мен болжау мәселелері әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрғыдан алғанда өте өзекті болып отыр. Әлі күнге

дейін халықаралық қатынастардың даму заңдылықтарындағы әлемдік және аймақтық жетекші мемлекеттердің ауысуына әкелетін өзгерістердің себептері мен алғышарттарының қарқыны мен иерархиясын бір ізге түсіретін зерттеулер жоқ және аймақтық дамудың кешендік бағамы да жасалмаған. Сондықтан, жапон ғалымдарының ұлттық қауіпсіздіктің сандық параметрлері шартты және субъективті болғанымен, жалпы алғанда бұл әдістемелік ізденіс пайдалы.

Қауіпсіздік мәселесі адамзатпен бірге пайда болды. Ежелгі грек ойшылдары мемлекеттің қауіпсіздігі мемлекеттің күштілігіне байланысты деп санады. Жаңа дәуір философтары мемлекеттің қауіпсіздігі мен Еуропаның қауіпсіздігін қатар қойды. Бұл идеялар кейіннен Еуропада қауіпсіздікті күш арқылы емес, өзара сенім негізінде сақтау жолдарын іздеуге ықпал етті.

«Қауіпсіздік» термині «қауіптің жоқ болуы» дегеннен бастап, «мүддені қорғау», «қауіпке қарсы тұра алу» ұғымына дейінгі толып жатқан түсініктерді қамтиды. Қауіпсіздік – қоғам мен оның құрылымдарының өмірлік маңызы бар мүдделерінің ішкі және сыртқы қауіптерден қорғалған күйі және оның даму тенденциясы. Қауіпсіздік саяси, экономикалық, экологиялық, ақпараттық, әскери сияқты түрлерге бөлінеді. Одан басқа әлеуметтік, техникалық және халықаралық, аймақтық, ұлттық қауіпсіздіктер бар. Ұлттық қауіпсіздіктің негізгі элементтері: жеке тұлға (бостандығын сақтау); қоғам (тұрақтылығы мен құндылықтарын сақтау); мемлекет (территориялық тұтастығын және егемендігін сақтау).

Қауіпсіздік саласы жаңа түсініктермен толығу үстінде. Солардың бірі – геосаясат өзінше ғылыми бағытқа айналды. Геосаясат мемлекеттердің, аймақтың және әлемнің дамуын географиялық, саяси, экономикалық, әскери, экологиялық, этностық, демографиялық және діни факторлар негізінде зерттейді.

Халықаралық қатынастарда қауіпсіздік «ынтымақтастық» ұғымымен тоғысады. X. Минлер мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың мынадай алғышарттарын көрсетті: ынтымақтастық қауіп-қатерден қашу үшін жасалады; көзқарастар сәйкестігі бар жерде болады; эксперттер оны халықаралық қатынастардың

үздік нұсқасы ретінде ұсынады; аймақтағы жетекші мемлекет көршілерін мәселені бірігіп шешуге, яғни ынтымақтастыққа тартады.

Халықаралық саясаттағы жаңа терминдердің бірі – «интеграция». Анықтамалардың бірі бойынша, интеграция – жеке-леген бөліктердің (мысалы, мемлекеттердің) біртұтасқа (одақ, достастық, блок, ұйым т.б.) байланысты жағдайы, сондай-ақ осы жағдайға әкелетін процесс. Б. Белашин «ынтымақтастық» пен «интеграцияның» айырмашылығын көрсетеді: ынтымақтасу әртүрлі дискриминацияны азайтуға, ал интеграция дискриминацияны жоюға бағытталады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МОРАЛЬДЫҢ МОРАЛЬДЫҚ-ЭТИКАЛЫҚ ӨЛШЕМДЕРІ

«Халықаралық моральдың» қазіргі түсінігі

Мораль (латынша mores – адамгершілік; ағыл. morals; нем. moral; франц. morale) нормалардың, бағалаудың, ұйғарымның, мінез-құлық үлгілерінің жүйесі, ол халықаралық қатынастар жүйесінде моральдық реттеу, әлем мәдениетінің құндылықтарын қалыптастырады, демократиялық және зорлықсыз әлем құрлысын қалыптастыру қызметін атқарады.

Халықаралық мораль жеке ғылыми категория мәртебесіне ие, өзінің жеке мазмұны, принципі, нормалары, атқаратын қызметі бар. Соған байланысты, «мемлекетаралық мораль», «халықаралық мораль», «жалпы мораль» секілді түсініктердің мазмұндық шекараларын анықтау қажет, сол уақытта сонымен қатар олар мәнді спецификалық ерекшеліктерге ие.

Мемлекетаралық моральдың халықаралық моральдан айырмашылығы оның моральдың құқықтық сипаты басым, онда мемлекеттер арасында ресми мәміле, келісімдер, декларациялардың күші басым. Осы жағдайдағы моральдық фактор бір жағынан мемлекетаралық қарым-қатынастардың құқықтық реттеуі басымырақ, басқа жағынан – өркениеттік және құрметтілік қарым-қатынастағы адамгершілік өмірдің ерекшеліктері, олар әртүрлі мемлекеттердің өз ішінде әртүрлі түсіндіріледі. Мемлекетаралық моральдың халықаралық моральдан айырмашылығы көп субъектілі, оның реттеу саласы тек қана мемлекеттер емес, мемлекеттік емес және аймақтық құрылымдар, бейбітшілік, экологиялық және гуманитарлық қозғалыстар, адам құқықтарының, бұрынғы мемлекет басшыларының және үкімет басшыларының «клуб-

тары» құрылымдары кіреді. Халықаралық қатынастардың осындай субъектілері, ең алдымен дүниеге көзқарастық және адамгершіліктік – этикалық негізде қоғамдық пікір күшімен мемлекеттік билікке әсер етеді, адам санасына апелляциясы, гуманизм және демократия принциптері барысында қалыптасады және қызмет атқарады. «Халықаралық мораль» өзіне орталық элементі ретінде жалпыадамзаттық моральдық құндылықтарды қосады, бай рухани-адамгершілік әртүрлі мәдениет пен өркениет айырмашылығын да біріктіреді. Халықаралық моральдың деректері ретінде, сөзсіз жалпы моральді атаймыз. Жалпы моральдың субъектісі ретінде тұлға және адамдар қоғамдасытығы жатады, ал халықаралық мораль әлемдік саясаттағы әртүрлі халықтық акторлардың қоғамдастығы. Халықаралық моральдың мазұны егеменді мемлекеттердің ұлттық моралінің қарапайым бөлінісі емес. Ол күрделі түсінік, мемлекеттердің эволюциядағы халықаралық қатынастар жүйесінің қарым-қатынасындағы принциптерін, нормаларын, дәстүрлерін ендіреді.

Халықаралық мораль және жалпы мораль арасында айырмашылық белгілері бар.

Біріншісі, жалпы мораль адам тобының дамуындағы төменгі сатыларынан бастап қалыптасқан және жалпы сипатта болған. Халықаралық моральдың тууы адамдардың мінез-құлқы «таныс-бөтен» формуласымен анықталған мемлекетаралық қарым-қатынаста нақты тұрақты мінез-құлық ережесі пайда болған тұста қалыптасты, олардың көбі жеке мораль негіздерінен кірген.

Екіншісі, халықаралық мораль жалпы моральдан айырмашылығы ұзақ уақыт бойы жүйелік мәртебесіне ие болмады. Осы тек қана оның жүйелік негізін құраушы факторлары – халықаралық қатынастардың жалпыға мойындалған құндылықтары, идеалдары, мақсаттары және принциптері қалыптасқанда белгіге айналды.

Үшіншісі, егер жалпы мораль бірқатар жағдайларда құқықтық саламен қатынасқа түспесе, тіпті адамгершілік алаңының жеке секторына ие, ал халықаралық моральға халықаралық нормалардың міндетті байланысы керек емес ол өткенде де және қазір де байланысты құбылыс. Тіптен, халықаралық қатынастарда

шешуші анықтаушы және міндеттеуші құқықтық фактор болады, ал моральдық фактор ұсыныстық және қосалқы мазмұнға ие.

Төртіншісі – жалпы мораль, кәсіби мораль ретінде қалыптастырылмайды, оның міндеттері нақты саладағы кәсіби қызметтің соған қатысты кәсіби моральдылығының қалыптасуына негіз болу. Халықаралық мораль болса өзіне міндетті компонент ретінде халықаралық моральдың кәсіби этика-дипломатиялық, саяси, парламенттік түрлерін зерттеу пәндеріне қосады.

Алтыншысы – жалпы моральдың нормалары мен принциптері дәстүрлі және консервативті келеді, халықаралық моральдың категориялары болса түзетуге, толықтыруға және жаңа элементтердің енуіне негізделеді. Тіпті «өзгермеген принциптер» адамгершілік жүйесінің базалық деңгейі – ол деструктивті факторға айнала алады, егер де олар догматикалық позицияда қолданылса және тарихи өзгерістерді ескермеуге болады.

Жетіншісі, халықаралық мораль рельефті және айырмашылықтанған, жалпы моральға қарағанда ол көпсубъектілі адамгершілік тұрғыда реттеледі (мемлекеттік органдар; халықаралық ұйымдар, жалпы планеталық, аймақтық және ұлттық гуманитарлық құрылымдар, саяси партиялар және қозғалыстар).

Соңғы сегізіншісі, адамгершілік реттеу объектісінің ерекшеліктері: жалпы моральда, ең алдымен тұлға мен ұйым (отбасылық, еңбектік, кәсіби) болса, халықаралық моральда – барлық халықаралық қауымдастық, ондағы ең бірінші орынға тұлғалық-ұйымдық емес, жаһандық адамгершілік реттеу ол саяси және құқықтық факторлармен байланыстарын көрсетеді.

Халықаралық моральдың рөлі жайлы әртүрлі пікірлер бар: оның халықаралық қауымдастықтағы жоғарғы бағасының біржақты болуымен толыққанды жоққа шығаруға дейін орын алады.

Қазіргі әлемдік саясаттағы этикалық бастауларының негізін салушы ретінде И. Кант болды. Оның негізгі тезисі «Жалпы мақсат үшін әріптестік кейінірек те қуатталады және содан кейін осындай мінез-құлық үйреншікті болады». Этикалық абсолютизм теориясының қолдаушылар моральдың мәңгілігі және бірлігі принципіне сүйенеді.

Этикалық релятивизм тұжырымдасына сәйкес адамгершілік нормаларының жиынтығы оның мазмұнынан бөлек қарастыры-

лады, моральдың бірлігі жоққа шығарады, оның тарихи шығу тегі скептикалық тұрғыдан бағаланады. Этикалық релятивистер үшін, адамгершілік нормаларын мәнділік параметрлерін және жалпы қабылданған адамгершілік құндылықтардың жүйесінің орнын елемейтіндер, ең бастысы адамгершілік реттеудің механизмдерін формалды анықтау ғана болып табылады. Осы бағыттың өкілдері жекелей алғанда П.Р. Виотти, М.В. Кауппи кешендік адамзаттық нормалар және құқықтарды жоққа шығарады. Олар моральдық принциптер көбіне мәдениет пен тарихпен түсіндіріледі. Моральдық бағалар сол немесе басқа іс-әрекеттерде белгілі мәдениет контекстінде болуы мүмкін.

«Саяси реалистерде» ең жоғары адамгершілік құндылықтары ретінде мемлекеттердің мықтылығы түсіндіріледі, соның ішінде ол халықаралық қауымдастықтардың басқа субъектілер тарапынан билік үшін күрес болады.

Моральдың әлеуметтік-саяси мәнділігін көрсетуші ретінде бостандық, әділеттілік, гуманизм, бейбітшілікті сүюші, бейбіт ойлау мен мінез-құлықтың агрессияға ұшырауы, төзімділік, жалпы адамзаттық және ұлттық моральдық құндылықтарының бірлігі, ұлттық және интернационалды мүдделер, халықаралық қарым-қатынас субъектілерінің теңділігі және тең құқықтылығы және т.б.

Теоретикалық талдау және тәжірбилік әлеуметтік шынайылықтағы моральдық принциптер соған қатысты құқықтық және саяси принциптермен өзара іс-әрекеттестік жасайды. Осы іс-әрекеттестікте «олар теңдей деңгейде жоғарғы моральдық, саяси және заңи күшке ие», сондықтан да оны көп жағдайда «халықаралық жүйе принциптерімен» атауға негіз бар. Халықаралық моральдың жүйелік құраушы принциптері сыртқы саяси қызмет принциптерімен іс-әрекет етеді, олар басқа шектес саланың элементі бола алады – халықаралық қатынстардың теориялары және тәжірбиесі. Оларға Хельсинкалық үрдіспен бекітілген ережелер жатады:

- а) егеменді мемлекет;
- ә) егемендікке қатысты құқықты құрметтеу;
- б) күш қолданбау немесе күш қаупі;
- в) шекаралардың бұзылмастығы

- г) мемлекеттердің территориялдық тұтастығы;
- ғ) даулардың бейбіт реттелуі;
- д) ішкі істерге араласпау;
- ж) адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеу;
- з) халықтардың өзінің тағдырын таңдауда теңдігі мен құқығы;
- и) мемлекеттер арасындағы әріптестік;
- к) халықаралық құқық бойынша міндеткерлікті ар-ұятты атқару.

«Халықаралық мораль» категориясының мазмұны.

21 ғ. өтер уақытта адамзат халықаралық моралді мынандай элементтер арқылы анықталады олардың қатарына мыналар жағады:

- бейбітшілік үшін күрес;
- әлілетті, демократиялық әлемді қамтамасыз ету;
- халықаралық қатынастардың гуманизм, демократия және әділеттілік принциптері негізінде қайта құруы;
- ұлттық, аймақтық және жаһандық мүдденің сәйкестігі, ұлттық эгоизм, жаһандық рухани экспансияны жоққа шығарады;
- адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау, әсіресе оның бейбітшілік және өмір үшін құқығы;
- егемендік теңдік принциптерін бірге енгізу;
- әлемдік қауымдастық қажеттіліктерін адамгершілікті-саяси құралдарымен орындауы;
- адамгершілікті мінез-құлықта халықаралық қарым-қатынастар субъектілерінде ең алдына агрессивті емес мінез-құлық және ойлау принциптері мен нормаларын қою;
- экологиялық, техногендік, әлеуметтік қауіптерден адамзаттан жоғары болса өткеру;
- адамзат топтарын жердегі өркениеттің биологиялық түрі ретінде сақтау.

Халықаралық моральдың рөлінің өсуі әлемдік саясат – жабық емес, ашық жүйе болады, ондағы мемлекет, халықаралық ұйымдар, трансұлттық құрылымдар кейбір жағдайда нақты тұлғалар – өзінің әртүрлілігімен, түрлі бағыттылығымен, қозғалмалығы және өзгергіштігінің мінез-құлқымен ерекшеленеді олар тек құқықтық нормалардың қызметімен шектеле алмайды. Олар көбінесе адамгершілікті тіректілікті қажет етеді. Одан басқа, өмірдің барлық жағдайына қажет емес, бірақ халықаралық қарым-қатынас құқықтық реттеуші формалары болады.

Халықаралық моральдың қызметтері

Барлық қызметтер өзара тығыз байланысты және ықпал ететін бір объектісі бар ол – сыртқы саясаты саласы. Олардың ішіндегі аса маңыздылары қатарына, ең алдымен халықаралық моральдың танымдық функциясын жатқызамыз. Ол халықаралық өмірге әсер ететін және мәнді этикалық ойлар, идеялар, теориялардың интеллектуалдық фундаментін қамтамасыз етеді. Онымен тығыз байланыста болжалдық функция болады, ол нақтылы халықаралық әлеуметтік құбылыстарды болжауда, әлем құрылысының әртүрлі моделін, соған қатысты немесе басқа әлемдік қоғамдастықтың болашағын жасағанда қолданылады. Осы функция – әлеуметтік-саяси жүйелердің құрастырмалы құралы, әлеуметтік идеалдың моральдық принциптеріне негізделген бейне болып табылады. Болжалдық функцияның күзiреттiлiгiне әртүрлі мүмкін болатын нұсқаларды көрсету және планетааралық адамгершілікті прогрестің жолы да кіреді. Болашаққа байланысты жұмыс істей отырып, болжалдық функция қазіргі өмір сүруші қоғамдастық барысындағы адамгершілік «сабақтарын» алдыңғы саяси тәжірибенің интеллектуалдық және танымдық материалдарын ескереді.

Аса әлеуметтік маңызға ие болып отырған реттеуші функция сыртқы саяси байланыстарға тұрақты және тепе-тең мазмұн көрсетеді. Әлемдік қоғамдастықтағы адамгершілік қатынастарының реттеуші бағалаушы-империативті құралы ретінде, реттеуші функция өркениеттік халықаралық қарым-қатынастың ұйымдасуына бастама болады, осыған байланысты жалпы бекітілген мақсаттар және жалпы мүдделер қамтамасыз етіледі, ал халықаралық қатынастар жүйесі сыртқы саясат субъектілері арасында өзара түсіністіктің жоғары дәрежедегі жемісті, конструктивті қызмет атқаруына жағдай жасайды. Реттеуші функцияға бағалаушы-сыни функция сәйкестенеді, оның тәрбиелік, сыни, танымдық және болжалдық аспектілері бар. Оның мағынасын әлемдік қоғамдастықтағы «әлем мәдениеті» тұжырымдамасын халықаралық өмірдің реттеуші механизмдерінде сыни тұрғыда қайта түсіндіруіне байланысты дәрежесінің өсуіне әкелді.

Коммуникативті-ақпараттық функцияның халықаралық моральда мағынасы өсуде, «компромистің болмауы» және «ба-

сып кіру» «қырғи-қабақ соғыс» уақытына байланысты болды, қазір алдыңғы қатарға гуманистік диалогизацияны алға тартады ол біріккен қарым-қатынасты, қатысушылардың түзетілген диалогын, әлемдік құрылыс жұмысындағы серіктестерге рұқсат береді.

Интегративті функцияда да ерекше маңызды. Моральдық-этикалық идеялар біріктіруші тенденциялардың және бөлінушілік тенденцияларын өткеру, деструктивті көріністердің психологиялық кедергілерінің бұзылуы, мінез-құлық стереотиптерінің күш және зорлық позициясында аса қатты күшею потенциалына ие. Осы функция әлемнің тұтас суреттемесінің жасалуына, планетааралық шынайлықтағы жеке бөлінген фрагменттердің бірыңғай ойлаушы кеңістікке бірігуге, халықаралық оқиғаларға ортақ баға беруді жасауға, қоғамдастық күштердің «кешенді түсінуінің» бірігуіне негіз болады. Ол «адамзаттың моральдық қайта құруының» бағдарламасының жасалуына «интегралды модель» негізінде эмпирикалық зерттеу «мораль жүйесін» әртүрлі этикалық құндылықтармен өзара әсер ететін және өзара байланыста болатын, еуропалық өркениеттің абстрактілі философиялық-мәдени және әлеуметтік тәсілдерімен толықтырылған болып есептеледі. Интегративті функция адамдарды бөлістіру функциясымен бірге өзара әрекет етеді. Шынайы өмірде адамды немесе адам топтарын интеграциялаушы құрылымдардан шектейді. Адамгершілік интеграциясының эффектілігі ол қаншалықты дәрежеде халықаралық моральдың құрылымдық және дүниеге көзқарастық функцияларына тірек боларын көрсетеді. Осы функцияларсыз дүниеге көзқарастық және құндылықты аспектілердің өзара байланысын қамтамасыз ету мүмкін емес және адамдар үшін оны түсіндіру мен бағыттауға болады. Дүниеге көзқарас функциясы халықаралық қатынастардың әлеуметтену үрдісіне әсерін тигізеді.

Халықаралық қатынастар жүйесіндегі моральдың қызмет атқару механизмдері. Халықаралық мораль өзінің әлеуметтік біріктіруші мағынасына ие болуы үшін, қоғамдық қарым-қатынас саласында қызмет ету механизмдері болуы міндет. Осы мағынада атап өту қажет, адамгершілік және құқықтық реттеу механизмін

анықтау үшін барлық адамгершілік жүйесінің орталық деңгейінің қызмет етуі болып табылады.

Осындай механизмнің ядросы болып:

– халықаралық моральдық сана жатады, онда нормалар, принциптер, мейірімділік пен әділеттілік түсініктері, міндет, тыйым салу адамгершілікті немесе адамгершілікті-құқықтық бағалауға ие болады.

– халықаралық моральдық нормаларға өзінің міндетті және ұсыныс білдіретін импульстері ретінде адамгершілік реттеудің мазмұнды жағын қамтамасыз етеді және мемлекеттердің мінез-құлық міндеттілігінің моделінің жасалуына негіздеме болады.

– халықаралық моральдық қарым-қатынастар ол аса кең категориялардың құрамды және бөлінбес бөлігі – «халықаралық қатынастар жүйесі» және «жалпы әлемдік байланыстар жүйесі». Осы қатынастарда бір мезетті қабылданған құқықтық және моральдық реттеушілер және реттеудің міндеттеуші-күштеуші әдістері.

Халықаралық қатынастар жүйесінің барлығына әсер ететін адамгершілік нормалары халықаралық моральдың «механизмдері» оған сол немесе басқа этикалық факторды көрсете отырып, келесідей көрсетуге болады. Нормативті механизм моральды реттеудің моральдық нормалардың қызмет атқарылуына бастама болады. Ол теоретикалық және тәжірибелік маңызы бар, моральдық сана саласын және моральдық тәжірибе саласында қамтиды. Нақты жүзеге асқан теоретикалық және әлеуметтік практикадағы шынайы тексерілген нормаларсыз жүйе және моральдық реттеу механизмдері де жүзеге аспайды. Нормативті базаның қалыптасуы этикалық білімдердің конструктивті және нұсқалық деңгейлерін меңгертуге негіз болады. Нормативтілік адамгершілік реттеуді барлық деңгейлерін қосады, индивидуалдық-тұлғалық, ұлттық-мемлекеттік, жаһандық-планетаралық. Нормативті механизм қосады:

- нормалардың жасалуы;
- функциялардың анықталуы, ондағы нормалар теоретикалық базадан халықаралық қатынастар субъектілерінің мінез-құлықтық саласына трансформацияланады;
- функциялардың орындалу құралдары мен әдістерін таңдау;

– индивидуалды және ұжымдық субъектілер және адамгершілік реттеу қатынастарымен кері байланыс принципінің міндетті түрде болуымен өзара әрекеттестікті реттеу.

Әлеуметтену механизмі – ол сыртқы адамгершілік ортаға бейімделу, өзін-өзі басқара алу, өзінің нақты анықталған құндылықтары мен мақсаттарының қалыптасуы, қоршаған ортадағыларға жағымды әсер ете алу, тәуекелге дайын болу, диалогқа ашықтық пен даярлық, толерантты адамдық қатынастарды құра алуға қабілеттілік.

Мотивациялық механизм өзіне қосады:

– мотивтер, олар бірдей адамгершілік нормаларына спецификалық бояу бере алады;

– құндылықтар, халықаралық қатынастар субъектісінің мүддесі, қажеттіліктері адамгершілік позиция тұсынан аккумуляцияға ұшырайтын болса;

– мотивация тұлғалық жән кәсіби міндеткерліктердегі талаптардың тепе-теңдігін қамтамасыз ететін, қажеттіліктер жалпы алғандағы халықаралық саладағы өзін-өзі реттеудің болуы;

– адамгершілік реттеудің бағалаушы механизмі – жеке диагноз, жеке бағалау, жеке бақылау ол өзара бақылаумен үйлеседі. «Энергетикалық» механизм адамгершілік өзін-өзі реттеуге назар, эмоция, ерік секілді факторларды қосады.

Адамгершілік-этикалық факторлардың алдыңғы қатарға шығуы біздің өркениеттің дамуы уақытында, адам санасына жаңа мүмкіндіктердің өсуі, конфронтациямен әрекеттестіктегі жеңіс мұның барлығы адам санасының гуманизациясы және мінез-құлқына, адамзаттың жаңа мәдени-тарихи эволюция деңгейіне көтерілуіне, адамзатты биологиялық түр ретінде сақтауды қамтамасыз етеді.

Қорытындылай айтқанда, халықаралық қатынастардағы моральдық құндылықтар және нормалар аса қиын және қарама-қайшы мәселелердің бірі. Алайда моральдық құндылықтардың қатыстылық рөлін реттеудегі акторлардың әлем сахнасына өзара іс-әрекеттестігінің болуы, халықаралық қатынастардың әлеуметтенуі, оның рөлін бірқатар аномиядан өсуі байқалады.

1. Халықаралық өнегелік генезисі туралы. Халықтардың рухани мәдениет тарихында мынадай ой бар – адам барлық

нәрселердің ең ежелгі шамасының бірі. Антикалық философияда ол екі мың жылдан астам уақыт бұрын пайда болды, сонымен қатар ол азиаттық халықтар мәдениетінде де бар. Жиырма ғасыр бұрын Конфуций былай деп пайымдады: «жэнь» (өнегелік, адамгершілік) принципі адамдар арасындағы қарым-қатынастар негізіне салынуы тиіс. Сол уақытта Үндістанда мынадай ой туындады: «Барлығы тең дәрежеде жеңімпаз және ешкім жеңіліс таппайтын жеңіс қана нағыз деп санала алады». Халықаралық өнегеліктің туындауы мен дамуы – жалпы адамзаттың өмірдегі түрлі салаларда адамгершілік тәжірибесінің жинақталуы негізінде болды. Егер де өнегеге нақты анықтама беру қиын болып және ол көптеген басқа әлеуметтік құбылыстардан шектетілсе, онда ол біртұтас өнегелік теориясы және қалыптасқан халықаралық қатынастар жүйесі туралы тіпті сөз болмаған кез жағдайында пайда бола бастаған халықаралық өнегеге тіпті байланысты.

Бастапқыда халықаралық өнегенің құрылу процесі аяқасты формада болды, яғни «өмір көрсетіп отырғандай» принципі бойынша. Бұл өнегелік ойша емес, теориялық талдау жолымен шығарылды. Ол әлеуметтік шынайылыққа, қалыптасқан және өзінің формаларын біртіндеп өзгертіп отыратын – басқа тайпалармен, басқа халықтармен бірге өмір сүруге сүйеніп, жеке өнегеге аса басыңқы түрде негізделді. Оның үзінді болуы көбіне өнегелі-эстатистік құбылыстарды қазіргі түсіністік пен ғылыми мәнін ұғынатын өнегелі нормативтік базаның болмауымен түсіндіреді. Шешуші рөлді күнделікті тұрмыстағы тәжірибенің әсерімен туындаған дәстүрлер, этикет нормалары (этикалық нормалардан алыс), пайда болып отырған дәстүрлер ойнады. Ежелгі ғасырлардағы халықтардың бытыраңқылығы мен өшпенділігі түрлі қоныс етуші адамдар арасындағы мінез-құлыққа салмақты із қалдырды, жауынгершілік күш-қуат, агрессивтілік тату көршілік пен бейбітшілікке қарағанда үдемелі түрде өсті. «Адам қолындағы қару-жарақ немесе құрал-сайман» атты дилеммада таңдау көбіне қару-жараққа берілді. Солайша, «соғыс этикасы» пайда болды, ол көптеген ғасырлардан кейін орасан зор ойшылдардың еңбектерінде теориялық негіздеме-лерге ие болды.

Алайда бұл мәселенің бір жағы ғана. Біруақытта халықтар арасында позитивті потенциалдың, халықаралық байланыс

саласында құқықтық бұйрықтардың жоқ болуы жағдайында қатынастарды реттейтін эатистік нормативтердің тосын және қарама-қайшы процесі болды. Бұл кезде халықаралық қатынастар саяси нормалар мен діни этиканың бұйрықтарымен реттелді. Ежелде сауда байланыстары, қоныс аударулар мен колониялар түрлі халықтардың өмірінде «өнегелік өрістің» кеңейтілуіне, түрлі тайпа адамдарының діни жағынан бірге өмір сүруі тәжірибенің алмасуына (примитивті болса да), көңіл аударуға лайықты мәдениет элементтерінің, ағарту, өнегелі-діни ережелердің, жеке және қоғамдық өмірдің адамгершілік негіздерін басқа жерлерге ауысуына әсер етті.

Тарих мынадай фактілерді айқындады, қонақжайлылық кейбір халықтармен адамгершілік міндет ретінде, ал кейбір жағдайларда шетелдіктердің заңды құқығын қамтамасыз ету ретінде қарастырылды. Сыртқы қатынастарға тыйым салатын Ману заңдарының өзінде, қасталық өзгешеліктерді артқы жоспарға жылжытып, бөтен елдің адамына қонақжайлылық таныту туралы тапсырыстар мен ережелерді табуға болады. Гректер муниципалды өмірдің шектелулерін жеңу нәтижесінде, әсіресе персиялық патша Дарийдің шапқыншылығынан кейін халықаралық айырбастың аса кеңейтілуіне барды, ол бастапқыда бұл байланыстарда өнегелік нормалар мен дәстүрлердің рөлі өсуімен, ал кейін уақыт өте келе олардың заңды бекітілуімен тіркелді. Оңашаланғандықтың пайдасыздығын түсіну – бөтен халықтарға деген көршілік пен шыдамдылық танылатын өнегелік тіректерді іздеумен сүйемелденді. Ежелгі Грецияда арнайы сайланушы лауазымды тұлғалар – проксендер институты ұйымдастырылды, олардың басты міндеті шетелдіктердің құқығын қорғау, гректердің территориясындағы шетел мемлекетінің жоғары шенді қонағына қамқорлық көрсету болды.

Халықаралық өнегенің құрылуына стоицизм этикасы да үлкен әсер тигізді, ол бойынша адамның жеке ұмтылыстары мен қажеттіліктері әлемдік мемлекет сияқты, космополит азаматының үлкен адамгершілік мүмкіншіліктерінен қарастырылды. Халықаралық құқықтың болмау кезеңінде өкілдерге қол сұқпаушылық ішкі мемлекеттік құқықпен, өзара кепілдік ережелерімен және діни этикалық нормалармен қамтамасыз етілді. Өнегелік реттеу-

де қарама-қайшылық көптеген ғасырлар бойы мемлекет үшін соғыс ар-намыс ісі болғанына негізделді, индивидуум жақынынды «өлтірме» деген принциптерге жолды қуалады, ал дипломатияның өтірік айту өнері «өтірік айтпа» өсиетімен тату көршілес болды. Қоғамдық қарым-қатынастар әлеуметтенуінің өсіп келе жатқан дәрежесі жалпы мүдде маңыздылығының артуы мен көлемінің ұлғаюында өнегелік фактор рөлінің көтерілуін ынталандырды. Солайша, адамдық тарихтың көп ғасырлар бойы қалыптасқан өнегелі нормалардың, заңдардың, принциптердің жиынтығы халықаралық өнегенің институализациясына алып келді, қазіргі кезде онсыз мемлекетаралық қарым-қатынастар мүмкін емес. Осы прогрессивті және тереңделуші процестің жадында біртіндеп басқа да тенденция – этикалық білімнің «мамандандырылған» салаларының халықаралық өнегеліктен бөліне бастауы және халықаралық өмірдің қоғамдық-саяси, гуманитарлық қызмет және бөлек салаларымен немесе нақты кәсіпқой салаларымен байланысты халықаралық этиканың көптеген түрлерінің әлеуметтік тәжірибедегі қажеттіліктердің ықпалымен құрылуы көріне бастады.

Жаңа уақыт үшін шынайы гуманизмнің дәстүрлі концепциясы қарым-қатынаста «адамгершіліктің жай ғана заңдарымен» тек қана жеке тұлғаларға емес, сонымен қатар халықтарға да оларды басшылыққа алуға қажеттілігін шығарды. Сонымен қатар халықаралық-саяси ойдың «этизацияға» деген тенденциясы бірмағыналы болған жоқ. Әлемде халықаралық қатынастардың өнегелік нормаларынан құтылуға ұмтылған күштер әрқашанда өмір сүрген және әлі күнге дейін өмір сүруде. Аталған тенденцияның қарама-қайшылығы кеше ғана білінген жоқ, оның тарихы ұзаққа созылған. Қалыптасқан дәстүрдің бастапқы мазмұны мынадай констатацияға келеді – этикалық нормалардың екі типі және екі қатары өмір сүріп отыр. Бір тип – бұл жеке индивидтер үшін нормалар. Батыстық теоретиктердің айтуы бойынша, индивид өнегелігінде альтруизм, аяныш, құрбандық, жеке мүддесіне нұқсан келсе де жақындарына риясыз қамқорлық сияқты сезімдердің болуы табиғи. Сонымен қатар, олардың ойынша сыртқы саясатты жүзеге асыра отырып, мемлекеттік қызметкерлер басшылыққа алатын өнегеліктің табиғаты мүлдем

басқа, себебі бұл жерде сентименттер, альтруизм және риясыздық орынды емес. Мемлекеттік қызметкер өз елінің сыртқы саясаты жалпы қабылданған индивидуалды өнегелік нормаларына сәйкес келуін емес, ол «ұлттық мүдденің», барлық ұлттың «қауіпсіздік мүддесінің» қорғалуын қадағалауы тиіс. Қарастырылып отырған тәсілге сәйкес, индивидуалды өнегенің нормалары мен «ұлттық мүддесі» әрқашанғы және татуланбас қақтығыста болады, сондықтан да мемлекеттік қызметкер алдында бағыттталатын өнегелік нормаларын таңдап алу міндеті тұр. Таңдау құқығының қиындығы мынада – мемлекеттік қызметкер, бір жағынан, қарапайым адам, ол үшін индивидуалды өнегелік нормалары міндетті, екінші жағынан, саясаткер ретінде ол басқа «саяси өнегеліктің» нормаларын басшылыққа ала алмайды, себебі олар кейбір жағдайларда қарама-қайшы мазмұнға ие болады. Дегенмен, аралық көзқарас та бар, ол бойынша өнегелік нормалары бір, ал түрлі болатын олардың қолданылуы ғана, мысалы, мемлекетаралық қарым-қатынастар мен жеке адамдардың жеке өмірі тәжірибесінде немесе қалыптасқан жағдайларға байланысты.

Батыстық ғылымда өнегелік пен саясаттың арақатынасы мәселесі бойынша межеленіп бөліну дәстүрлі түрде өмір сүрді. Әдебиеттерде антикалық кездерден бастап өнегелікке саясаттың негізі ретінде қарайтын көзқарас сақталып отыр. Солайша, көптеген антикалық авторлардың пайымдауынша, саясат, ең алдымен, адамгершілік-тәрбиелеуші рөлді орындап, өнегелік нормаларын басшылыққа алуы тиіс. Бұл тәсіл қазіргі заманның өнегелік концепцияларына да тән болады. Ол батысеуропалық классикалық философиясы бірқатар өкілдерінің еңбектерінде нақты байқалады. Оның белгілі өкілдері соғысты адамның өнегелік табиғатымен үйлеспейді деп есептеді. Жаңа заман кезінде де бұл тәсіл көптеген теоретиктер үшін өзінің қызығушылығын түсірмеді. Солайша, АҚШ-та историография мен саясаттануда бұл елдің сыртқы саясатының негізінде өнегелік категориялары жатыр деп пайымдайтын ағым ықпалды болды. Тарихи тұрғыда ол XVIII ғасырдың соңына қарай келеді, бұл кезде Дж. Джефферсон мен А. Гамильтонның арасында жас американдық республиканың революциялық Францияға қатысты

міндеттері туралы талас қызды. Джефферсон француздардың соғыстарына АҚШ-тың көмектесуін талап етті, себебі соғыс барысында солтүстік-американдық штаттардың тәуелсіздігі үшін қол қойылған франко-американдық одақ әлі өз күшінде болды. Оның ойынша, бұл мемлекеттің тікелей мүддесіне қатысты болмаса да, олар келіссөздер бойынша өзінің барлық міндеттерін орындауы тиіс. Басқаша айтқанда, оның өнегелік парызы сондай. Гамильтон керісінше талқылады, мемлекеттік қызметкердің сыртқы саясатта басшылыққа алатын тек бір ғана аргументі болуы тиіс, ол жеке ұлттық мүдде. Этикалық нормалар мен принциптер сыртқы саясат мәселелерінің шешілуі үшін қолданыла алмайды. Айта кететін болсақ, орыстардың қоғамдық ойында да саясатты өнегелік нормалармен негіздейтін дәстүрлі ағымы мықты болды. Солайша, Н.М. Карамзин «В истории государства Российского» атты кітабында: «Өнегелік ережелері мен ізгілер бәрінен де әулие және нағыз саясаттың негізі болып қызмет етеді», – деп жазды.

Қоғамдық ой тарихы өнегелік пен саясаттың арақатынасына деген басқа да тәсілді біледі. Солайша, немістің классикалық философиялық әдебиетінде соғыс пен өнегеліктің үйлесімсіздігі тезисімен қатар, қарама-қарсы ұстаным да болды, ол осы категориялардың толықтай сәйкес келуі туралы. Гегельдің көзқарасына сәйкес, соғыс заңды және қажетті, ол «халықтардың дұрыс өнегелігін сақтайды». Керісінше, аса ұзақ немесе «мәңгілік әлемде» халықтарға өнегелік деградация, іріп-шіру қауіп төнеді. Өнегелік пен соғыстың толықтай сәйкестігіне келетін бұл аргументацияланған көзқарас Ф. Ницшенің шығармаларында белсенді жалғасын тапты. «Генеология өнегелігі» памфлетінде ол адамзат тарихында қаһарман із қалдырған «ізгі расалар» туралы талқылай отырып, олардың негізінде «жыртқыш анды, керемет, ашқарақтана олжа және жеңіс іздеп жүрген акқұсты алаяқты көруге болады», – деп тұжырымдады ол. Бұл бүркемелі негіз кейбір уақыт аралығында босатылуы қажет етеді, яғни аң сыртқа шығады және қайтадан жабайы жазыққа ұмтылады...». Ницшенің ойынша, адамзат тегіне, дәлірек айтқанда, батыс мәдениеті үшін қауіп тұлғаның «ұсақтатылуында» жасырылып тұр, ол андық инстинкттердің жойылып, өзінің эгоистік мүддесіне жету үшін күштеудің

қолданылуына жиіркеніштік танытуынан көрініс табады. Оны күшті өнегелік пен құқықтық нормалармен шектеу тенденциясы ызаландырды. Философ өзінің барлық талантын қоғамда «күштік қарым-қатынастардың» басымдығын реабилитациялау үшін қолдануға тырысты. Ол былай деп жазды: «Күштен ол өзін күш ретінде білдірмеуін, оның жеңу, лақтырып тастау, үстемдік ету, қарсыластардың, қарсыласулардың және табыс болуының қаламайтындығын талап ету, әлсіздіктен ол өзін күш ретінде көрсетуін талап ету сияқты мәнсіз болып табылады».

Өткен ғасырдың соңында Л. Гумплович мынадай ойды алға тартты: «саясат жеке мінез-құлықтардың және сезімдердің жалтақтауларын білмейді». Өнегелік тұрғысынан мемлекеттер бір-бірін қарулы күштеуге, тонауға және соғыстарға ұмтылуының негізінде еш ұяттылық жоқ екенін австриялық элеуметтанушы дәлелдеуге тырысты. Оның позициясының мынадай өзгешелігі аса қызықты: «күш тепе-теңдігі» жүйелерінің құрылуы – өзіндік мақсат және халықаралық аренада қақтығыстардан қашу құралы емес, ол тек күш жинау, жаңа одақтарды құру үшін уақытша тыным алып, «содан кейін бұйырып тұрған олжаны алу үшін». Аталған тезистің алға шығуымен байланысты автор келесіні тағы да ерекшелейді: «жеке өнегелік еш жағдайда бұған қарсы шықпайды», ал жеке өнегеліктің басқа нормаларын ажырататын адамдар қалыптасқан жағдайда «қажетті әрекеттерге мәжбүрленеді». Басқаша сөзбен айтқанда, екі өнегеліктің түрі бар, олардың әрқайсысы тек шектелген салада әрекет етеді – не адамдардың арасындағы тұлғааралық қатынастарда, не мемлекетаралық қатынастарда. Жеке өнегелік тұрғысынан мемлекеттер арасындағы қатынастар аморальді, қылмысты, алайда бұл қателесу болып табылады, себебі мемлекеттер арасындағы одақтарды және соғыстарды, жаулап алушылықтар мен адамдарды жаппай өлтіруді қажет ететін «табиғат заңы» сондай. Л. Гумплович былайша теориялайды: «Аяныш білдіретін адамдар ондай жағдайларды «қылмыс» деп атайды, алайда солайша мындаған адамдар қаза болатын жер сілкінісін де қылмыс деп атауға болады».

Жеке адамдардың және мемлекеттердің қарым-қатынастарында қолданылуы тиіс деген өнегенің «екі еселенген стан-

дарты» туралы тәртібі XIX ғасыр соңында сыртқы саяси экспансиясының ірі неміс идеологы Г. Трейчкенің еңбектерінде кездесті. Ол мемлекеттің басты өнегелік міндеті ретінде «өзін-өзі сақтауды», ал адамның «өзін-өзі құрбан етуін» анықтады. Осындай өнегелік «дуализмінен» ол «соғыс ұлылығын» және оның қарсыластарының көзқарастарын жоққа шығаратын негіздеменің пайдасына аргументтерді жинады, олар соғыстың «қаталдығы» мен «гуманды еместігін» көрсетті. Трейчке былай деп жазды: «Соғыстың ұлылығы дегеніміз – адамдар өзінің елі үшін адамгершіліктің табиғи сезімдерін жеңіп, оларға еш жамандық жасамаған өзінің ағайын-туыстарын өлтіруі». Оның ойынша, өнегелік саясатта «құрылымдық» қызметін орындап, сыртқы саяси мақсаттарға жетуге көмек беруі тиіс. Күш саясатына жәрдемдесуге, оны ақтауға міндетті халықаралық құқық сияқты, «мемлекеттің тәжірибесінде халықаралық өнегенің бірінші міндеті мемлекеттік саясаттың күшейтілуі болуы тиіс». Күшке негізделген халықаралық қатынастардағы өнегелік мемлекеттер арасындағы мінез-құлықты бақылауға және оны жеңілдетуге міндеттелген емес, керісінше, «шынайы және ықтимал қарсыластарға қарсы күресте қуатты қару» болуы тиіс. Өнегеге осындай нигилистік қарым-қатынас дәстүріне Батыстың қазіргі заманғы теориялық ойларының ықпалды консервативтік ағымдары қазір де сүйенуге ұмтылады. Бұл қоғамдық ойдың бағыты әрқашан да қоғамдық танымның «өнегелік абстракцияларының интоксикациясына» қарсы шықты. Қазіргі кез жағдайында бұндай тәсіл соғыста ядролық қаруды қолдану мүмкіндігі, немесе ең дегенде жақын арадағы перспективада «күштік» саясаттың негізделуі туралы тезисіне трансформацияланады.

«Күштік» саясаттың идеологтары анτισоғыстық іс-әрекеттерде топтардың және жеке индивидтердің мобилизациялау ісінде қатысуы үшін өнегеліктің үлкен рөл ойнайтынын жақсы түсінеді. Халық массаларының соғысқа деген инстинктивті жиіркеніштілігін және оны қарапайым адамдардың өнегелік айыптауларын ескере отырып, «күштеу» саясатының идеологтары соғысқа деген қарсыласушылықтың өнегелік базасын шайып жіберуге тырысады. Олардың айтуынша, халықаралық оқиғалардағы өнегеліктің болуына бағасы құндылықтардың

ерекше межесімен жүзеге асырылуы тиіс. Халықаралық саясатқа деген өнегелік қатынастың негізінде саяси мақсаттылық жағуы тиіс (мысалы, «күштік» тежеу, ядролық үркіту және т.б.). Батыстық, әсіресе, американдық саяси ойда бұндай тәсіл Хирасима мен Нагасакиді атомдық бомбалауды өнегелік бағалау сияқты еш жерде нақты көрініс тапқан жоқ. Әскери тұрғыдан Жапонияны атомдық бомбалаудың еш қажеттігі жоқ болғандығы жалпыға мәлім. Алайда Трумэннің өкіметі – тарихшылар бұл фактіні негіздейді. Хирасима мен Нагасакиге атомдық бомбаларды тастауға саяси түсініктердің негізінде шешті. Осы мәселемен арнайы айналысатын белгілі американдық тарихшысы Г. Алпровитцтің қорытындысы бойынша, атомдық бомбаның қолданылуы АҚШ-тың Таяу Шығыста ерекше позицияларды басып алу үшін ғана жасалған жоқ. Жаңа қарумен жапондық қалаларды талқандай отырып, американдық саясатшылар бұл «оғиғаның» Еуропадағы жағдайға да әсерін тигізетініне сенімді болды. Бірақ Хирасима тәжірибесінің басқа да пайымдаулары болды. Олардың объективті мағынасы – өнегелік тұрғысынан бомбалауды толықтай ақтауға әрекет етуі болды. Осыған байланысты келесі аргументтер алға тартылды:

– біріншіден, екінші дүниежүзілік соғыста қолданылған атомдық қарудың қолданылуы қарапайым тұрғындарды жаппай өлтірудің сипатына сапалы түрде ешбір жаңалықты алып келген жоқ. Екі жақ та соғысты қарапайым адамдарға қатысты тең дәрежеде қатал жүргізді. Атомдық қарудың қолданылуы өмір сүріп отырған тәжірибенің жалғасы ғана болды;

– екіншіден, жоюдың техникалық құралдарының даму шамасы бойынша қарудың одан сайын қатал түрлері қолданылуының салдарына адамдардың шыдамдылығы өсіп жатыр. Мысал ретінде жарылғыш заттың тарихын еске алуға болады: ол әскери мақсаттарда алғашқы рет қолданылған кезде көптеген адамдардың өнегелік сезімі қорланды, алайда жарылғыш зат қарапайым қаруға сияқты барлығы тез арада үйреніп алды;

– үшіншіден, атомдық қаруды қолдану туралы шешімдер төтенше жағдайларда, «тоталды соғыстың қызу жағдайында» қабылданды. Және осы мәселе бойынша басқа да альтернативті шешімдер болды ма, жоқ па ол белгісіз, болса да мүмкін олардың

ауыртпалығы төмен болар еді немесе олар «одан да үлкен қасіреттерге» алып келер ме еді ол да белгісіз;

– төртіншіден, саясатты жүзеге асырушылар, олардың мәні «рөлдердің» орындаушысы болу. Олар – заңды тұлғалар, сондықтан да өзінің шешімдеріне нақты мекеменің ережелерімен байланысты. «Рөл» индивидтен өзінің жеке этикасын заңды позициямен байланыстыруды талап етеді, яғни саясаткер әрқашан да өзінің пікірі мен өнегелік нормаларына бағынуға құқығы жоқ. Мысал ретінде корпорация директорының жағдайын келтіруге болады: ол қайырымдылыққа шынайы түрде сенсе де, акционерлердің салымдарын азап шегушілер мен жетімдерге үлестіріп беруге өнегелік құқығы жоқ. Тағы да бір жағдай: саясаткерлердің бір-бірімен қарам-қатынастарында белгілі бір заңдылық бар, ол олардан конформизмді талап етеді. «Жұмсақ көңілділер» басқарушы топтардан ығыстырылып шығады. Солайша олар вьетнамдық соғыстың тәжірибесіне сүйенеді, ол бойынша, этикалық мотивтерге негізделген «жұмсақ» саясаттың болуын қолдағандар үкіметтік ортада ықпалдылығын жоғалтты. Қарастырылып отырған көзқарастың жақтастары конформизм немесе «топтық ойлау» деп аталатын бағыттағы қысым өте үлкен, сондықтан да шешім қабылдайтын топқа қатысты «адалдылық» «жоғарғы өнегелік» ретінде қарастырылады. Аталған типтің сыртқы саяси шешімдерінің көбісі ұжымдық қабылданатындықтан, онда ол «жеке өмірде қатал өнегелік принциптерді ұстанатындардың өнегелік сезімталдығының бәсеңдетілуіне» алып келеді;

– бесіншіден, мемлекеттік қызметшілердің алдында күнделікті туындайтын мәселелердің барлығы «өнегелік мәселелердің кейінде шықпайды». Мысалы, теориялық жоспарда «демократиялық үкімет» үшін «сыртқы саясатты демократиялық принциптерімен сәйкес емес түрде жүзеге асырып отырған» одақты режиммен қолдап отыру аморальді, ал тәжірибе жүзінде мемлекеттік қызметкер өзінің одақтасының ішкі саяси режимінің сипатымен емес, «ең бастысы, қауіпсіздік мәселесімен айналысуы» қажет. Бұл жерде мынадай аналогияны еске алады: сатып алушы бір затты сатып алмас бұрын, ол сатып алайын деп тұрған дүкеншінің жеке өмірінің егжей-тегжейін білумен айналыспайды. Ал «дүкеншінің өнегелігі алып-сату актісіне үлкен қатысы жоқ».

Бұл тәсіл және аргументтеу жүйесі наразылықты тудырды және тудырып жатыр. Оны әлем қоғамдастығының қалың бұқара топтары қабылдаған жоқ. Саясаттан бұл бағыттың және идеологияның қарсыласуы барлық әлемдегі түрлі саяси-идеялық бағыттағы қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдарды біріктірді, сонымен қатар ол талай жағдайда тек өнегелік мотивтер үшін болды. Адамдар инстинкті түрде саясат пен өнегені біртұтас ретінде қарастыруға бейім. Мемлекет өзінің қарым-қатынастарында өнегенің қарапайым жалпы қабылданған нормаларын басшылыққа алып отыруы тиіс деген тезис оларды қанағаттандырады, олар соңғысын «саяси» және «индивидуалды» деп бөлмейді. Әрине, саясат пен өнеге – бұл түрлі нәрселер, алайда мемлекеттік түсінік ақтайтын саяси өнегесіздікке шек бар. Техника мен технологияның дамуымен пайда болған қоғамның проблемалары адамдардан бүкіләлемдік ынтымақтастық орнатуын, әрбір адамның барлық әлем, адамзат үшін жауапкершіліктің өсуін талап етеді.

Белгілі ағылшын жазушы-фантасты Герберт Уэллс «Война миров» романында былай деп жазды: «Мүмкін марсиандардың басып кіруі адамдар үшін пайдасыз болып қалмайды; ол күйзеліске жеңіл алып келетін болашаққа деген тып-тыныш сенімімізді алып қойды, ол біздің ғылымға аса үлкен білім берді, ол адамзаттың бірегей ұйымдасуы туралы идеяның насихатталуына ықпал жасады. Ол оның романының жарыққа шығуынан кейін бірнеше жылдықтар өткен соң адамдардан «болашаққа деген тып-тыныш сенім» марсиандардың басып кіруінсіз-ақ тартып алынатынын болжай алды ма? Бірақ та солай болды. Адамзаттың стихиялық заңдар бойынша дамуының өзі оның аман қалуына деген аса үлкен шамадағы қауіптің туындауына алып келді, ондағы «адамзаттың бірегей ұйымдасуы» туралы идеясы «насихаттау» саласынан біртіндеп саяси тәжірибенің саласына көше бастады. Бірнеше бағыттағы жаппай қару шығаруды кері шығаруды шектейтін құжаттар пайда бола бастады. Әскери, экономикалық, экологиялық және басқа сипаттағы жаһанды апаттардың көлемін түсіну әлемдік қоғамдастықтың халықаралық саясат және халықаралық қатынастардың мәселелеріне тәсілдерді жаңа үлгіге ауысуына мәжбүр етеді. Қазіргі әлемнің біртұтастығы

мен өзара байланыстылығының өсуі оның көптүрлі және көптеген бөліктері мен фракцияларының мүддесі арасындағы қарама-қайшылықтарды шешу мәселесін жаңаша қойып отыр. Әлемнің бірегейлік дәрежесін жете бағаламай, ең алдымен оның қарама-қайшылығын ғана байқады, ал ол олардың үздіксіз қатал жанжалдарға айналуына жол бермейтін, аталған қарама-қайшылықтарды «амортизациялай» алады. «Дұрыс емес амалдарды қажет ететін мақсат, оң мақсат болмауы да мүмкін» туралы ереже іс-әрекетке деген тәжірибелік басшылыққа айналып жатыр.

Қазіргі халықаралық қатынастардың күнделікті тәжірибесі өнегелі-этикалық факторлар салмағының, халықаралық өмірде элементарлы түрде жеке әдептіліктің өсуін айғақтайды. Бұл теориямен бекітілген және сыртқы саясаттың тәжірибешілерімен одан әрі терең түсініліп жатыр. Сыртқы саясаттың өнегелі аспектісі өзіне қазір ерекше көңілді мемлекетаралық түсініспеушілік пен жанжалдарды шешудің саяси құралдарының бағытталуының халықаралық құқыққа шарасыз сүйенуін жорамалдау арқылы да аудартып отыр. Соңғысы, өз кезегінде, қоғамдық өмірдің өнегелік жақтарымен, әлеуметтік әділеттілік туралы елестермен тарихи тұрғыда тығыз байланысты болды.

Концептуалды дербестікке ұмтылатын ғылыми тәсілдемелер келесі негізгі моменттерге негізделеді:

а) әлемдік қауымдастықта өнегелі реттеудің жаһандық параметрлері құрылу тенденцияларының өсуі. Қазіргі кезде адамдардың санасы ұлттық-саяси және мемлекеттік институттардың ықпалынан біртіндеп шығып жатыр. Соңғы кезде саяси ғылымның категориалдық аппаратының «өркениеттердің өзін-өзі тануы» атты жаңа түсінікпен толықтырылуы осының нәтижесі болды. «Өркениеттердің өзін-өзі тануы» және адамдардың санасы халықаралық қатынастар барлық субъектілерінің мінез-құлығына интегралды ықпал етеді. Бұндай тәсіл халықаралық өнеге дамуының магистральды бағыты ретінде әмбебаптану және жалпытанудың шынайы процесін айқындайды. Адамгершіліктік «барлық органикалық қажетті жағдайда «тар» рамкалармен (ру, тайпа, ұлт) қатынасты бұзады және әмбебап болуға тырысады» (Е.Б. Пашуканис). Мәселе, халықаралық өнеге нормаларының

әмбебап болуы және олардың экономикалық қуатына мемлекеттік құрылымның және әлеуметтік-саяси дамудың дәрежесіне қарамастан, барлық мемлекеттер арасындағы қатынастарға тең құқылы түрде таралуы туралы;

ә) халықаралық қатынастар ерекше өнегемен реттеледі деп есептейтін зерттеушілердің позициясы ерекше орын алады, сондықтан да жалпы халықаралық өнеге туралы мәселелер де қозғала алмайды. Индивидтер арасындағы қатынастардың өнегесімен салыстырғанда мемлекетаралық өнегенің спецификасын одан әрі төмен дәрежеде көретін авторлар да бар, олар оның шектелгендігін, төтенше жағдай туындаған кезде оның ережелерін сақтаудан бас тартудың мүмкін екендігін тұжырымдайды. Ал «саяси реализм» мектебінің жақтаушылары жалпы өнеге мемлекетаралық қатынастарға тек шектелген шамада ғана қолданыла алады деп есептейді, себебі мұнда ерекше «саяси этика» қызмет етеді, ол үшін басты критерий өнегелік ережелер емес, саяси салдарлар болады. «Реалистер» мемлекеттердің саясатын жалпы қабылданған өнегелік нормаларынан босатты және оны олардың түсінігіндегі ерекше «саяси этикамен» алмастырды, ал оның мазмұны өнегелік заңдармен арақатынасы шамалы;

б) көптеген зерттеушілер адамдар арасында сияқты мемлекеттер арасындағы қатынастар жалпы қабылданған адамгершіліктік нормаларының бірегей өнегесімен реттелуі деген ойдан шығады. Дәл осы платформада бірқатар талдаушылармен халықаралық өнегені, жаһанды этиканы арнайы өнегелік санасының саласын мойындау құрылып жатыр. Халықаралық өнегенің дербес дәрежесі туралы Г.К. Дмитриева былай деді: «Өнегелік құндылық болып отырған әлемнің өнегелік-саяси моделі халықаралық қоғамдастықтың өнегелік жазылуына, саясатқа өнегенің енуіне ықпал етеді», ... әлемдік саясатта өнегеліктің орнауына барлық адамзаттың тағдырының объективті жалпылығын, жалпыадамзаттық құндылықтардың приматы, гуманизмнің орнығуын мойындау сияқты компоненттер жұмыс істейді;

в) өнегенің «космосаяси» (жаһандық) концепциясы – оның жақтастары халықаралық өнегені мемлекет үсті құқыққа ұқсас бір нәрсеге айналдыруды жақтайды. Олар жаһанды өнегелік

басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласу үшін жол ашуы тиіс деп есептейді. Профессор Ч. Бейцтің ойынша, өнегенің жаһанды теориялары мемлекеттердің өнеге теориясымен бірікпейді, ал мемлекеттік шекаралар өнегенің мәңгі факторы болып табылмайды.

Интеллектуалды және саяси шеңберде БҰҰ және ЮНЕСКО-ның эгидасындағы бірінші ғаламдық этикалық кодекстің жасалуы үшін консультативтік комитеттің құрылуы туралы теология профессоры, Тюбаштағы (Германия) университеттің аясындағы экуменистік зерттеулер институтының директоры Ганс Кюнгтың ұсынысы бір ауыздан мақұлданды. Оның негізгі идеясы – саясаттың жаһандануы этиканың жаһандануынсыз мүмкін емес, ал саяси этика тек қана саяси қызметкерлер мен саяси институттарға тән болмауы тиіс; жергілікті және ұлттық дәрежедегі жеке тұлғалық аспектілермен қоса, жаһанды өлшемге де ие болуы тиіс. ЮНЕСКО-ның бас директоры Ф. Майор өзінің «әлемге адамның құқығы» атты сөзінде «жалпы бағыт-бағдар болып қызмет ететін этикалық принциптердің таралуына жағдай жасауға» шақырды. Осы сөзінде ол келесіні ерекшеледі: «Географиялық, жастық немесе тілдік шекараларынсыз тәрбиелеу – қазіргі кезде білім беру мен білімге жалпы бақылауға бөгет болатын көптеген бөгеттерді жою немесе төмендету арқылы әлемді өзгертуге көмектесуі мүмкін». Әлемдік этиканың ғылыми зерттемесі өзінің көрінісін түрлі әлемдік ұйымдардың қызметінен тапты.

Оған мысал ретінде: 1993 жылы әлемдік діндердің Парламенті әлемдік этика туралы Декларациясын жариялауы; БҰҰ мен ЮНЕСКО-ның қолдауымен мәдениет пен дамудың Әлемдік Комиссиясының жарияланған баяндамасына «жаһанды этика» туралы арнайы бөлімнің қосылуы; Г. Шмидтің төрағалығындағы «Өзара қызмет бойынша Кеңеспен» экс-президенттер мен премьер-министрлерді дайындау, ондағы басқа мәселелермен қатар аталған Кеңес әлемдік этиканың мәселелерімен, сонымен қатар «Жалпы этикалық нормаларды іздеу» атты арнайы баяндаманы дайындаумен айналысты. Баяндама авторлары: «әлемдік этикасыз ең жақсы әлемдік тәртіп болуы мүмкін емес» деп мәлімдеді. Этиканың саясат алдында басымдылығы ескертусіз-

ақ жарияланады. «Этика саясат пен заң алдында басым болуы тиіс, себебі саяси іс-әрекеттер бағаны ескере отырып жасалады».

«Өзара әрекет ету Кеңесі» түрлі діндердің жалпы әлемдік этиканы тануға жағдай жасайтын төрт тұрақты принципті мақұлдады: барлық өмірге деген терең сыйластық пен күштемеу мәдениеті; ынтымақтастық мәдениеті мен әділетті экономикалық құрылым; шыдамдылық мәдениеті мен шындық бойынша өмір сүру; әйелдер мен ер адамдардың арасында тең құқықтық пен серіктестік мәдениеті.

Басқа жағынан – халықаралық өнеге мен халықаралық этика өмір сүруінің фактісіне нигилистік көзқарастар айқын. Олар әртүрлі пайымдаулармен сипатталады: «жеңіл» гипотетистік «тұспалдаулардан» үзілді-кесілді жоққа шығаруларға дейін. «Халықаралық өнеге», «халықаралық (жаһанды) этика» өмір сүруінің өзін жоққа шығаратын көзқарастардың бар болуы пікірлердің плюрализмін ғана емес, осы мәселені ғылыми түрде түсінудегі қатерлі кемшіліктерді айқындайды. Солайша, талдаушылар пікірлерінің көбісі өнегелік фактордың жаһанды, жалпығаламдық шамаларды тануға негізделеді, ол бойынша халықаралық өнеге дербес ғылыми категорияға, қатынастың дербестікке ие, оның өз мазмұны, өз принциптері, нормалары, қызметтері бар. Осыған орай, ең алдымен, «халықаралық өнеге», «мемлекетаралық өнеге», «жалпы өнеге» сияқты түсініктердің мазмұнды шекараларын анықтау қажетті, олар өзара көп ұқсастықтарға ие бола тұра, сол уақытта көптеген арнайы ерекшеліктерге ие. Мемлекетаралық өнеге халықаралық өнегеден «көшбасшылық» құқығының өнеге алдында басым болуымен ерекшеленеді, онда мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарда ресми келісімшарттардың, шарттардың, декларациялардың күші басым болады. Бұл жерде өнегелік фактор, бір жағынан, мемлекетаралық қарым-қатынастарды, әсіресе, құқықтық реттеу аясында, екінші жағынан, түрлі мемлекеттердің ішінде түрліше түсіндірілетін өнегелік өмірдің ерекшеліктеріне өркениетті және сыйластық қатынастардың болуынан көрініс табады.

Мемлекетаралық өнегеге қарағанда халықаралық өнеге көпсубъектілі, оның реттеу аясы – тек мемлекеттер емес, сондай-

ақ халықаралық және аймақтық құрылулары, бітімгерлік, экологиялық және гуманистік іс-әрекеттер, адам құқығы бойынша құрылымдар, мемлекет пен үкіметтің болған басшыларының «клубтары». Көп жағдайда осындай халықаралық қатынастардың субъектілері құрылып және қызмет етуі, ең алдымен, мемлекеттік билікке пікірдің, адамдық санаға апелляцияның, гуманизм мен демократияның күшімен қоғамдық көзқарастың және өнегелік этиканың негізінде әсер етеді. «Халықаралық өнеге» категориясы орталық элемент ретінде жалпыадамзаттың өнегелік құндылықтармен қоса, түрлі мәдениеттер мен өркениеттердің барлық діни-өнегелік бай массивтерінің ерекшеліктерін де өзіне қосады. Халықаралық өнегенің бастамасы жалпы өнеге екені сөзсіз. Жалпы өнегенің бастамасы – жеке тұлға және адамдардың қауымдастығы, ал халықаралық өнегенің бастамасы – әлемдік саясаттың түрлі акторларының қауымдастығы болып табылады. Халықаралық өнегенің мазмұны егеменді, мемлекеттер ұлттық өнегесінің орнығуы емес. Бұл қиын түсінік, ол халықаралық қатынастардың дәстүрлерін, нормаларын, принциптерін өзіне жатқызады.

Халықаралық өнеге өзіндік өнегелік идеяларға, принциптер мен нормаларға ие бола тұра, әлемдік қауымдастықтың басқа әлеуметтік құбылыстарынан бөлек қарастырыла алмайтынын Г.К. Дмитриева әділетті ескеріп қойды. Ол халықаралық өмірдің барлық орталарының өзегінен өтеді және бұл орталарға әруақытта бағынышты. Осыған орай, оның дербестігі біркелкі, оның жалпы өнегеден ығыстырылуы халықаралық қарым-қатынастар жүйесінен бөлінуі сияқты өте қиын іс болып табылады. Мемлекеттер, ұлт үсті және аймақтық құрылымның арасында қатынастардың әмбебап көлемінде әрекет ете отыра халықаралық өнеге, ең алдымен, халықаралық қатынастар жүйесі болып табылатын саяси салада қызмет етеді, сондықтан да өнегелік фактор бұл жағдайда анық көрінетін саяси сипатқа ие.

Басқа жағынан, халықаралық өнеге әлеуметтік құндылық болып табылады, себебі ол сыртқы саясаттан басқа, әлемдік қауымдастық өмірінің барлық салаларында көрініс табады. Халықаралық өнеге қызмет етуінің кең диапазонына байланысты құндылықтар жүйесі және олардың мүдделерін сипаттау арқылы

халықаралық әлеуметтену процесі жүріп жатыр. Халықаралық қатынастар әлеуметтенуінің дәрежесі мен олардың арақатынасы құқық, саясат, қоғамдық пікір арқылы тікелей және жанама түрде мемлекеттердің мінез-құлқы моделіне тән ықпал етеді. Өнегелік нормалардың мазмұны нақты уақыт аралығындағы шыннайы халықаралық қатынастарға және өткен тарихи кезеңдегі халықаралық қауымдастықтың өндірілген өнегелік тәжірибеге байланысты. Нормативті механизмдер мен өзін-өзі реттеу көмегімен халықаралық өнеге барлық әлемдік қауымдастық өмірінің жағдайларына мемлекеттердің өнегелік бейімделуіне, қоғамдық сананың өмір сүруші барлық халықаралық қатынастар жүйесінің бейімделуіне ықпал етеді.

Халықаралық өнеге нормаларының құрылуы әлеуметтік қызмет барысында стихиялық формалармен қатар, жеке мемлекеттердің және барлық әлемдік қауымдастықтың күшімен өнегелік принциптер мен нормалардың саналы түрде қалыптасуының формаларында жүзеге асады. Осы себептерге байланысты халықаралық өнегелік реттеудің әмбебап жүйесінің құрылуы-мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарына кіріп жатқан әлеуметтік, діни, саяси және өнегелік қатынастардағы бірқатар ерекшеліктерді жеңу жағдайында жүріп жатыр. Мемлекеттердің жалпы мүдделері рөлдерінің өсуіне ықпал ететін барлық әлемдік қауымдастық үшін жалпы мақұлданған өнегелік стандарттардың құрылуы еш жағдайда халықаралық қауымдастықтың кез келген мүшесіне ұлттық сананың ерекшеліктері мен ұлттық мәдениеті, адамдар мен халықтардың бірге өмір сүру ережелерін, тарихи дәстүрлерді кемсіту немесе оған қысым жасау арқылы жүзеге аспауы тиіс.

2. Халықаралық өнегенің жүйесі мен құрылымы туралы. Әдістемелік тұрғыда халықаралық өнеге біруақытта жүйешік және өнегелік жүйесі және халықаралық қатынастар жүйесі – осы екі жүйеге тікелей қатысты болуы ерекше болып табылады, ол қатысты автономдылықпен қоса, пәнаралық байланыстарда диалектикалық себептерге де ие болып отыр. Халықаралық өнеге жүйесі – біржола және мәңгілікке құрастырылған қаңқа емес, ол серпінді дамушы қарама-қайшы құбылыс.

Жүйенің өз деңгейлері бар – әмбебап, әлемдік, аймақтық, екі жақты, ұжымдық-топтық (ғаламшарлық және аймақтық көлемде). Бұл деңгейлер өзара байланысқан, өнегелі векторға сол немесе басқа да тон бере отырып, бір-біріне ықпал етеді. Теориялық ұғыну мен әлеуметтік тәжірибеде қоғаммен мойындалған халықаралық құндылықтар, өнегелік идеялары мен идеалдары, сондай-ақ қоғамдастық мүшелерінің көбісінің көзқарастарына қосылатын мақсаттар мен принциптер жүйе құрушы факторлар болып табылады. Жоғарыда айтылған факторларға өнегелік құндылықтардың негізінде құрылған халықаралық қатынастар субъектілері мінез-құлықтарының нормалары мен ережелері түріндегі нормотворчестволық база да жатады.

Әмбебаптылықтың өзіне тән өнегелік стандарттармен үйлесуі халықаралық өнеге жүйесін келесідей қылады:

- халықаралық қатынастардың барлық жүйесін цементтейді;
- оның негізгі ерекшеліктерін бекітеді;
- әлемдік қауымдыстықтың объективті жағдайын көрсетеді;
- өнегелік, құқықтық және саяси реттеудің үйлесуін жүйелік

байланыстармен қамтамасыз етеді.

Тағы да өмір сүріп жатқан ерекшелігі халықаралық қатынастардың құраушысы саясат болғандықтан, халықаралық өнегенің барлық жүйесі «таза» өнегелік түрінде емес, өзінің барлық элементтері саясиланған түрінде алдыға шығады, ал ол оның әлеуметтік-саяси рөлін айқындайды. Халықаралық өнеге жүйесінің ерекше қиындығы – оның байланыстарының басқа жүйелермен қарама-қайшылығы (құқықтық, саяси және т.б.), одан кейін сыртқы саяси салада өнегелік реттеудің мәніне түрлі зерттеушілердің түрлі көзқарастары – осының барлығы «жүйе» категориясын түсіну мен оның арналуына көптеген тәсілдерді туындатты. Күрделі ұйымдастырылған жүйе сияқты халықаралық өнеге де өзінің құраушыларының ретке келтірілгенін қажет етеді және ол оның арнайы тармақталған құрылымымен қамтамасыз етіледі. Принциптер, нормалар, идеялар, идеалдар, ойлар сияқты құрылымдық элементтер әлеуметтік-мінез-құлықты реттейтін құралдардың көп болуымен ерекшеленеді. Оларда міндет болудың түрлі дәрежелері орнаған – нормативтік, өнегелік талап етулер, өнегелік міндеттер, кеңес беруші және белгілеуші

формалар. Құрылымда нормативтік және өнегелік реттеудің элементтері болуы оны заң жүйесімен байланысын қамтамасыз етеді, ал ол өнегенің барлық элементтері құқықпен өзара әрекет етуіне түбегейлі ықпал етеді.

Құрылымның орталық элементі – принциптер, олар объективті түрде қажетті өнегелік жүйенің негізін сипаттайды және бекітеді, олар оның түпкілікті ерекшеліктерін, өнегелік нормалардың әлеуметтік-тарихи мазмұнын анықтап, халықаралық өнегелік қатынастардың бастамасының негізінде сипаттайды. Өнегенің әлеуметтік-саяси мәнін көп дәрежеде сипаттайтын маңызды принциптер болып еркіндік, әділеттілік, гуманизм, бейбітшілік, ойлаудың және мінез-құлықтың агрессивтілігі емес, толеранттылық, жалпыадамдық және ұлттық өнегелік құндылықтардың бірегейлігі, ұлттық және халықаралық мүдделердің үйлесуі, халықаралық қатынастар субъектілерінің теңдігі мен теңқұқылығы және тағы басқалары шығады. Өнегелік принциптер теориялық талдау және тәжірибелік әлеуметтік шынайылық деңгейінде лайықты құқықтық және саяси принциптермен өзара әрекеттеседі. Бұл өзара әрекеттестікте «олар тең жағдайда жоғарғы өнегелік, саяси және заңды күшке ие болады», ал ол оларды көп жағдайда «халықаралық жүйенің принциптері» деп атауға негіз береді (Г.К. Дмитриева). Халықаралық өнегенің жүйені құрушы принциптері сыртқы саяси қызметтің принциптерімен өзара әрекет етеді, ал олар басқа – іргелес ортаның да элементтері болып табылады – халықаралық қатынастардың теориялары мен тәжірибелері. Оларға хельсинктік процеспен бекітілген ережелер жатады:

- а) егеменді теңдік;
- ә) егемендікке тән құқықтарды сыйлау;
- б) шекаралардың беріктігі;
- в) мемлекеттердің территориялды тұтастығы;
- г) таластарды жанжалсыз реттеу;
- ғ) ішкі істерге араласпау, қол сұқпау;
- д) адамдар мен бостандықтың негізгі құқығын сыйлау;
- ж) теңқұқықтық және халықтардың өз тағдырларын өзі шешуі;
- з) мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық;

и) халықаралық құқық бойынша міндеттерді адал ниетпен орындау.

3. Өнегелік жүйенің маңызды құрылымдық элементі өнегелік нормалар болып табылады, олардың көмегімен жалпы принциптер нақтыланып, нақты мінез-құлықтық модельдерге ауысады және тәжірибелік шындықта халықаралық қатынастардың түрлі салаларын реттейді. Өнегелік нормалар принциптерден «шығады», сондықтан да өнегелік жүйеде олардың автономдылығы туралы сөз болуы да мүмкін емес. Нормативті базаның өзі жалпы және нақты нормаларға ие, оларды әлеуметтік тәжірибеде мінез-құлықтың қарапайым ережелері деп атайды. Халықаралық қатынастарда бұл ережелер әрқашан үлкен көлемді алып отыратын, олар мемлекет күшімен де, әлемдік қоғамдық ойдың күшімен де ынталандырылды, сонымен қатар олар тұрақтылық пен тарихи сабақтастықпен ерекшеленеді.

4. Халықаралық қатынастарды өнегелік-этикалық реттеудегі жаңа тәсілдің өзегі, қалай парадоксальді болып естілмесе де, адамның өзімен құрылған өркениеттің өзінен-өзі, өзінің агрессивтілігі мен жауынгершілігінен, ресурстарды асыра пайдаланбаудан, өзінің қоршаған ортасын бұзудан қорғауы болып табылады. Демек, әрбір жеке адамның, соған қоса барлық адамзат өмірін сақтау үшін күрес жүргізу қауіпсіздік түсінігіне жалпыадамдық интегралды жаңа тәсіл екені білінеді. Бүгінгі күнде жеке қауіпсіздікті басқа мемлекеттер мен халықтардың қауіпсіздігін ескермей, қамтамасыз ету мүмкін емес. Сонымен қатар, ұлттық қауіпсіздікті тек әскери тұрғыдан қарастыруға болмайды. Бұл жерде маңызды рөлді экономикалық қауіпсіздік пен индустриалды бәсекеге қабілеттілік ойнайды. Ұлттық және халықаралық қауіпсіздіктің органикалық байланысы одан әрі анық көріне бастап жатыр: мемлекеттердің жеке тұрақтылығы тек жаһанды шегінде ғана нық қамтамасыз етіле алады. Кез келген елдің қауіпсіздігі төмен болуы басқаларға тиімсіз, себебі ол жалпы жағдайдың дестабилизациясына алып келеді. Қауіпсіздік тек өзара тиімді болуы мүмкін, ал халықаралық қатынастарды жалпы алатын болсақ – ол тек жалпы. Халықаралық өнегенің өсуші рөлі қазір әлемдік саясат – жабық емес, ашық болуымен де анықталады, оның субъектілері – мемлекеттер, халықаралық

ұйымдар, трансұлттық құрылымдар, ал кейбір жағдайларда нақты тұлғалар да үлкен алуан түрлілікпен, аралас-құралас жоспарлылықпен, мінез-құлықтық бағыттың құбылмалылығы мен шапшаңдығымен ерекшеленіп, өзінің қызметінде тек құқықтық нормалармен шектеле алмайды. Олар одан сайын өнегелі тіректерді қажет етеді. Сонымен қатар, құқықтық реттеушілер өмірдің барлық жағдайына, халықаралық тілдесудің түрлі формаларына тіршілік етпейді.

5. Біздің өркениет дамуының алдыңғы қатарына өнегелі-этикалық факторлардың шығуы, адам санасының өсуі үшін жаңа мүмкіндіктердің пайда болуы, ынтымақтастықтың конфронтацияны жеңуі – осының барлығы адам санасының ойлауының және мінез-құлқының гуманизациясына, адамзаттың мәдени-тарихи эволюцияның жаңа дәрежесіне өтуіне ықпал етеді, адамзаттың биологиялық түр ретінде сақталуын қамтамасыз етеді. Мұнда халықаралық қатынастардағы құқықтық факторлармен қатар әрекет етіп отырған, этикалық принциптер мен нормалардың тұтас және дұрыс жүйесі түріндегі ең жаңа адамзат тарихының өнімі ретінде халықаралық өнегенің әмбебаптылығы көрініс табады.

6. Халықаралық қатынастардағы өнегелік нормалардың әрекеттілігі. Жоғарыда қойылған сұраққа жауап мүлдем анық емес. Халықаралық өнегенің негізінде құндылықты әмбебаптық ретінде мойындау жатыр – әлеуметтік жалпылықтар мен индивидтердің жалпыадамдық принциптерінің өзара әрекет етуі, сонымен қатар жеке мүдделер де жатыр, олар халықаралық акторлар мінез-құлықтарының салдарларын бағалайды. Басқа сөзбен айтқанда, халықаралық қатынастарда жалпы қоғамдық қатынастарда сияқты тиісті мен нақтының арасында әрқашан дистанция бар, демек, міндет этикасы мен борыш этикасының арасындағы ажырау. Халықаралық қатынастарда өнеге егер де оның критерийлері бұл салада екіжақты сипатқа ие болса, реттеу қызметін атқара алады ма? Осы сұраққа жауап бере отырып, Дж. Розенау айтатын халықаралық қатынастардың әлеуметтену процесі «екі әлемнің» қатар өмір сүруінің шегінен шыққан жоқтығын ескеріп отыру қажет. Бұл мемлекеттердің және акторлардың «егемендіктен тысқары» әлемі. Біріншісі,

халықаралық аренада қатынас сипатына өзінің жалпы әсер ету шамасы бойынша екіншісінен асып түседі. Сондықтан да халықаралық өнегенің принциптер мен нормаларын сыйлау туралы тек нақты әлеуметтік-мәдени жалпылықтың шегінде ғана мәселе қозғала алады. Әлеуметтік-мәдени жалпылықтар арасындағы ажырау терең болған сайын, аталған нормаларды орындамау мүмкіндігі артады. Халықаралық өнегенің нормалары мен мақсаттары нақты. Олар жағдайға байланысты болады: орны – акторлар орналасып отырған әлеуметтік-мәдени орта; уақыты – жалпы қабылданған халықаралық принциптердің осы уақыт үшін сипаты; жағдайлар – нақты саяси, экономикалық, техникалық және басқа құралдардың акторлар қарамағында болатын және өнегелі мақсаттар мен құндылықтардың мүмкіндіктерін жүзеге асыратын.

Халықаралық акторлар өзінің істерінде түрлі өнегелік нормалар мен мақсаттардан шығады. Мысалы, КСРО-ның Қара теңіз флотының тағдыры туралы мәселеде украиндік басшылардың көзқарасы бойынша, бүгінгі күнде жақсылықпен әділеттілік болып табылатыны, ресейлік саясатшылармен басқаша қабылданады. Ал теңізшілер мен Севастополь әкімшілігінің ұстанымдары (аталған мәселе бойынша әлеуметтік-саяси рөлдің тұрақсыздануымен санасуға міндетті) өзіндік ерекшелігі бар. Қарастырылып отырған мәселенің әлеуметтік өлшемі «әлеуметтік мекенжай» дилеммасынан көрініс табады. Әділеттілік кімдер үшін – мемлекеттер үшін бе? Олардың басшылары немесе олардың азаматтары (немесе осы біреуінің азаматтары үшін бе) үшін бе? Аймақтық (немесе әлемдік) қауымдастық үшін бе? Ал саяси өлшем одан әрі қатал дилеммамен кездеседі. Мәселені шешуде қандай ойдан шығу керек: халықаралық өнегенің жалпы қабылданған принциптерінен бе (қолсұқпаушылық, келісімшарттарды орындау, тәртіпті сақтау, адамның құқығы т.б.) немесе ұлттық мүддеден бе? Алайда біріншілерді интерпретациялау әлеуметтік контекстке байланысты, ал екіншілерді айқындау субъективизм мен идеологиядан ешқашан бос бола алмайды. Міне, сондықтан да, ананы да, мынаны да абсолюттендіруге болмайды. Халықаралық-саяси ғылымның үлкен авторитеттерінің айтуы бойынша, нақты әлеуметтік жалпылықтың мәңгі жалпыадамдық өнегелік нор-

малар мен мүдделердің үйлесуі, халықаралық акторлардың мәдени ерекшеліктерін және рационалды мінез-құлықтарын қадағалау қажет, ол халықаралық аренада өзара әрекет ететін ақыл мен абайлағыштықтың барлық резервтерін қолданудағы халықаралық акциялардың мүмкін салдарларын қарастырады. Әрине, зерттеудегі мұндай үйлестік те күрделі мәселелерсіз болмайды. С. Хоффманн халықаралық өнеге үш негізгі элементтерге – мақсаттарға, құралдарға және ұстамдылыққа негізделу керек екенін дәлелдей отыра, сонымен қатар, олардың ешбіреуі немесе барлығын қосса да, олардың ешқайсысы өнегелік саясатқа толықтай кепілдік бере алмайтынын да ескертті.

Халықаралық актордың мақсаттары өнегелі болу керек және бұл халықаралық қатынастар субъектісінің өнегелік позициясына байланысты. Алайда, соңғысы ешқашанда жеңілдетілген болмайды. Біріншіден, мақсаттардың өнегелігін кім қарастырады, немесе олардың қайсысы «жақсы», ал қайсысы «жаман» болып табылатынын қалай анықтауға болады?, – деген сұрақтар ашық болып қалып отыр. Екіншіден, белгіленген мақсаттарға тандалып отырған құралдар да сәйкес болуы керек, соңғылар шамадан тыс болмауы тиіс. Жөндейтін немесе алдын алатын жамандықтан жаман болмауы тиіс. Дұрыс тандалмаған құралдар мақсаттың өзін қирата алады. Халықаралық акторлар олармен тандалған құралдар белгіленген мақсатқа жеткізетініне ешқашан да толықтай сенімді бола алмайды, сондықтан да олар ұстамдылық өнегесін басшылыққа алулары тиіс, себебі, ол, ақыр аяғында, «басқалардың өнегелік талаптарын ескеру қажеттігін» білдіреді (С. Хоффманн). Басқаша айтқанда, халықаралық қатынастардың этикасы өзінің қатысушыларынан мақсаттарды анықтауда салмақтылықты, құралдарды таңдауда үзілді-кесілділіктен бас тартуды, белгілі бір әлеуметтік жалпылық үшін олардың іс-әрекеттерінің мүмкін болар салдарлармен де, олардың жалпыадамдық өнегелік императивтерімен де арақатыстығын белгілеуді; жалпы халықаралық қауымдастықта оның басқа да акторларының мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, өзінің жеке күші мен қауіпсіздігіне деген шектелмеген түсінікпен мүдделерге сүйенуді талап етеді. Халықаралық этикадан бұдан көп нәрсені күтуге болмайды. Халықаралық актордың өнегелік

тәртібі – бұл ол үшін сыртқы берумен мәңгілікке тұжырымдалған белгілі бір ережелердің берік жинағына негізделген іс-әрекеттер емес. Дұрысы, бұл саналы эгоизм негізіндегі іс-әрекеттер, олардың мүмкіндіктері әлеуметтік контекстіге байланысты. Халықаралық өнегенің реттеуші қызметін бағалағанда дәл осы ойдан шығу керек: оны аса бағалауға болмайды, бірақ жоққа шығаруға да болмайды. Өнегелік принциптері мен әділеттілік талаптарын бұзу тек халықаралық құқықтың нормаларына ғана емес, сондай-ақ ол осы принциптер мен талаптарды елемейтіндердің мүдделеріне қарама-қайшы келеді, немесе олардың халықаралық беделін түсіреді, яғни мақсаттарға жету мүмкіндіктерін азайтады немесе олардың таңдауларын шектей отыра, құралдарды қымбаттырақ және қиындау етеді.

Қорытындылай отыра, халықаралық қатынастардағы өнегелік құндылықтардың нормалары мен құндылықтарының мәселесі ең қиын және қарама-қайшы болатынын ескертіп өту қажет. Алайда, әлемдік аренада акторлардың өзара әрекеттілігін реттеуде өнегелік құндылықтар рөлінің қатыстылығын ескере отырып, халықаралық қатынастардың әлеуметтенуінде, оларға тән кейбір аномияларды жеңуде олардың рөлі, сөзсіз, өсуде. Бұл таластарды жеңу құралдарында, ынтымақтастықты қамтамасыз етуде эффективті жолдарды қамтамасыз етуде, халықаралық қатынастардағы мәселелерді реттеуде өнегелі әдістерді қолданушы саясатшылар мен ғалымдарды одан әрі табанды іздестірумен дәлелденеді.

11-дәріс

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

«Халықаралық ынтымақтастық» ұғымы ортақ мүддені жүзеге асыруды бірігіп іздестіруді басымдығы мен қарулы күш қолданылмайтын екі немесе бірнеше акторлардың бірлесіп әрекет етуі үрдісін бейнелейді. Әдеттегі түсінікке қарамастан ынтымақтастық жанжалдың жоқтығы емес, оның ең соңғы, дағдарыстық формаларынан құтылу.

Халықаралық ынтымақтастыққа келесі анықтаманы Ж.П. Дерриенник береді, ол бойынша екі актор ынтымақтастық жағдайында болады, «олардың әрқайсысы екіншісі де қанағаттанған жағдайда ғана қанағаттанады, яғни олардың әрқайсысы екіншісі де жеткен кезде ғана өзінің мақсатына жете алады. Таза кооперативтік қатынастың нәтижесі екі актордың да көңілі толған немесе екі акторда риза емес жағдай болуы мүмкін. Ынтымақтастық қатынасы дәстүрлі түрде өзіне «екі жақты және көп жақты дипломатияны, саяси бағыттардың: мысалы, жанжалдарды бірігіп реттеу мақсатында, ортақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету немесе басқа мәселелерді шешу, барлық қатысушы жақтар үшін ортақ мүддесін көздейтін, өзара үйлесуін қарастыратын түрлі бағыттағы одақтар мен келісімдерді жасауды қамтиды. М. Лебедева ынтымақтастық үрдісінің негізгі мазмұны ретінде келіссөз үрдісін көреді. Мемлекетаралық ынтымақтастық және ынтымақтастықтың басқа түрлерімен қатар халықаралық ынтымақтастықтың бір түрі болып табылады. Ғалымдар халықаралық ынтымақтастықтың әртүрлі топтастыруды ұсынады. Мысалы, П.А. Цыганков ынтымақтастық пен интеграцияның түрлі түрлерін пән бойынша жіктеуді ұсынады – саяси, экономикалық, географиялық принцип

бойынша ғылыми техникалық интеграция жаһандық, аймақтық субрегионалды интеграция.

К. Воронов ынтымақтастық үрдісін үрдістер «кеңінен» жүріп жатыр ма, яғни қатысушыларының саны көбейе ме немесе «терең» сол мүшелерінің арасында интеграциялық үрдістер күшейген кезден шыға отырып жіктеуді ұсынады. Логика халықаралық ынтымақтастықты ынтымақтастық мүшелерінен шығатын мемлекетаралық ынтымақтастық үкіметтік емес ынтымақтастықпен акторлармен топтастыруды да ұсынады. Мемлекеттік емес акторлар арасындағы ынтымақтастықтың түрлі типтерін, мемлекеттер мен мемлекеттік емес акторлар арасындағы аралас ынтымақтастықтың бір типін. Ұсынылған анықтамалардың негізінде халықаралық ынтымақтастық өзара мақсаттар мен пайдаға жетуге бағытталған халықаралық ынтымақтастықтың мүшелері арасындағы нақты бірлескен әрекеттердің жүйесі ретінде анықтала алады.

Халықаралық ынтымақтастықты теоретикалық зерттеуде соңғы он жылдықтарда қол жеткен біршама жетістіктерді ескере отырып, мамандар теорияның екі маңызды жетістігін ерекше бөліп көрсетеді. Біріншіден, пікірталастар бүгінде де жалғасып жатқанына қарамастан, ғылыми қауымдастықта «халықаралық ынтымақтастық» ұғымына қатысты келісімге қол жеткізілді.

Х. Минлер мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың алты себебін көрсетті:

1. Мемлекет басқа мемлекеттермен байланысқа потенциалды қауіп пен қатерлерден қашу үшін барады, яғни мұны экономикалық, саяси, әскери және т.б. қауіпсіздік үшін жасайды.

2. Ынтымақтастық қатысушылар минимумы бар және көзқарастар сәйкестігінің үлкен мүмкіндігі бар жерде болады.

3. Барынша ұзақ уақыт бірлескен мемлекеттің ынтымақтастыққа қол жеткізуге көп мүмкіндігі бар.

4. Мемлекетаралық сипаттағы әртүрлі мәселерді шешу үшін «халықаралық режимдер» жасаушы мемлекеттер біртіндеп ынтымақтастыққа тартылады.

5. Мемлекетаралық бірлестіктерді зерттеуші арнайы институттар бар жерде эксперттер халықаралық қатынастардың тамаша нұсқасы ретінде ынтымақтастықты ұсынады.

6. Белгілі бір аймақтың геосаяси орталығы болып табылатын мемлекет басқа мемлекеттерді қандайда бір мәселелерді бірігіп шешуге, яғни ынтымақтастыққа тарта бастайды.

Халықаралық ынтымақтастық түрлерін анықтаудың потенциалды байланыс категориялары мен элементтері

Акторлар	Объектілер	Қызмет	Билік құрылымы	Ұзақтығы
Мемлекет	Ақпарат	Ақпаратты беру	Экономикалық биліктің элементтері	Уақытша тәртіп
Лидерлері	Алдын ала	Ақпаратты жинау,		Уақыт аралығы
Мемлекеттердің кездесуі	Қорытынды	Түсініктемелер		
	Қосымша		Экономикалық емес биліктің элементтері	
Делдалдар	Анализ жоспарларды тексеру мен бағалау	Шешім қабылдау алдын ала қарастырылған дауыс беру		
Ұлтүстілік	Ерікті міндетті медиация	Медиация жүргізу ерікті міндетті		
Билік	Ұлтүстілік биліктің жарғысы			
	Ұлтүстілік билік туралы	Анализ жүргізу тексеру мен бағалау		
	Келісім	Жоспарлау		
	Ұйымдастырушылық құрылым иерархиялық матрицалық тензорлық	Келіссөздерді жүргізу		
	Жақсы тұрмыс	Басқару		
	Құны			
	Шығын			

Ақпарат көзі: Tinbergen Jan. Alternative Forms of International Cooperation Comparing their Efficiency // International Social Science Journal. Vol 30. 1978. pp. 228.

«Интеграция» терминін алғаш рет ХХ ғасырдың 30-жылдары неміс және швед ғалымдары қолданысқа енгізді. Әлеуметтік өмірде қолданылатын интеграция ұғымы барынша кең мағынадағы анықтама және саяси, мәдени, экономикалық және басқа салалардағы процестер мен құбылыстардың бір тобын қамтиды. Интеграция топтық, әлеуметтік, этникааралық, мемлекетаралық болып бөлінеді. Сосын интеграция әскери-саяси, ғылыми-техникалық, технологиялық болады, яғни қазіргі социумның қызметінің әртүрлі жақтарын қамтиды.

В. Белокрыцкийдің түсінігі бойынша, интеграция – аймақтық-саяси және (немесе) ұлттық-мемлекеттік жүйенің сақталуы мен нығаю процесі.

Интеграциялық процестердің саяси негіздерін зерттеу көбінесе әртүрлі елдердегі болып жатқан ішкі және сыртқы саяси процестермен байланысты. Еларалық интеграциялық процестердегі саяси проблемалардың ерекшелігін көрсету үшін зерттеушілер «саяси интеграция» ұғымын бөліп көрсетеді.

Саяси интеграция мәселесі бойынша әдебиеттің көп болғанына қарамастан, мамандар бұл көп қырлы процестің әртүрлі жақтарын қамтитын тұтас теорияның жоқ екенін атап өтеді.

Барановский интеграцияны жекелеген әртүрлі бөліктердің біртұтасқа байланысты жағдайы, сондай-ақ осы жағдайға әкелетін процесс деп түсінді.

Американ саясаттанушысы М. Капланның көзқарасынша, интеграция – екі немесе бірнеше бөліктердің біртұтас жүйеге бірігуі немесе бір жүйенің екіншісін жұтып қоюы.

Халықаралық қатынастар жүйесіндегі интеграция ең алдымен, жүйелілік сипатындағы қандай да бір тұтастықтың құрылуын түсіндіруі керек. Қазіргі уақытта бұл біртұтастықтың негізгі құраушы элементі мемлекет бола алады.

Интеграциялық процестер – коммуникацияның дамуы негізінде әлемдік нарықтың жаһандануының нәтижесі. Интеграциялық процестер әлемдік жүйенің әртүрлі элементтерінің (мемлекеттердің) өзара тәуелділігінің өсуін дәлелдеді.

Интеграциялық процестер өркениеттің дамуының қазіргі негізгі заңдылықтарының бірі болып табылады. Қазіргі заманда әртүрлі ынтымақтастық пен интеграциялар қалыптасты, олар:

пән бойынша интеграция; географиялық принцип бойынша интеграция; «кеңінен» интеграция; «терең» интеграция.

Осыған байланысты американдық ғалым Б. Белаши интеграцияны екі түрлі талдауды енгізді: процесс және жағдай ретінде. Ең алдымен Б. Белаши «ынтымақтастық» пен «интеграцияны» ажыратып алуды ұсынды. Егер ынтымақтасу процесі әртүрлі дискриминацияны азайтуға бағытталған әрекеттер жасау болса, интеграция процесі дискриминацияның жойылуын ұйғарды.

Белаши бойынша интеграцияның 5 түрі бар:

1) Еркін сауда аймағы – мүше-мемлекеттер арасында сандық шектеулер мен тарифтер алынып тасталған жерде.

2) Кедендік одақ – үшінші елдермен саудада ортақ тариф енгізілген жерде.

3) Ортақ нарық – шектеулер тек саудада ғана емес, өндірістің факторларын (капитал мен жұмыс күші) қозғауға шектеу жойылған жерде.

4) Экономикалық одақ – өндірістің факторлары мен тауарлардың қозғалыс еркіндігі, бұл саясатты сәйкессіздігімен қамтамасыз етілген кемсітушілікті жою үшін ұлттық саясаттың белгілі бір келісімімен толықтырылатын жерде.

5) Толық экономикалық интеграция, ұлттық экономикалық саясат толық үйлестірілген және ұлттық деңгейден жоғары саясат органдары құрылған, яғни саяси одақ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘРТІП: ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ШЫНАЙЫЛЫҚ

«Халықаралық тәртіп» ұғымы әлемдік аренада әрекет ететін түрлі қоғамдық субъектілердің (акторлардың) жиынтығымен құрылған жаһандық әлеуметтік қауымға жатады.

Тарихта бақыланған халықаралық тәртіптің типтері екі классикалық модельдердің арасында ауысып тұрады: «соғыс жағдайындағы» модель мен «сенімсіз бейбітшілік» немесе «бұзылған тәртіп» модельдері. Олардың біріншісіне сәйкес халықаралық қатынастың мәні соғыс немесе оған дайындық. Жалпы нормалар әлсіз, уақытша, оларды қолдаушы күшке пропорционалды, мүдделердің сәйкес келуіне бағынады. Бұл модельді жақтаушылар Фукидид, Макиавелли, Гоббс, Руссо, Кант, Гегель.

Екінші модель, христиан шіркеуі мен рим папасының абсолютті беделінің жоғалуымен, суверендік принципімен ұлттық мемлекеттердің пайда болуына жауап болып табылады.

Халықаралық тәртіп деп мемлекеттер мен басқа да институттардың негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз ететін, олардың өмір сүру, қауіпсіздік және даму жағдайын қамтамасыз ететін халықаралық қатынастардың құрылымы.

Халықаралық тәртіп халықаралық ынтымақтастың тиімді процедураларынсыз орныға алмайды. Ол әлемдік тәртіптің маңызды құрылымдық бөлігі болып табылады.

Егерде халықаралық қатынастарда горизонтальды көпполярлы жүйе қалыптасса, онда халықаралық тәртіпті қамтамасыз ету саяси тепе-теңдік механизмімен жүзеге асырылады. Ал вертикалды екіполярлы жүйеге келсек, ол жерде күштер тепе-теңдігі тәртіпсіздікті орнатудағы негізгі құралы болып табылады. Халықаралық тәртіптің вертикалды өлшемі күшті және әлсіз акторлар арасындағы қарым-қатынаста көрініс табады.

Халықаралық тәртіптің функционалдык өлшемiнiң негiзi болып дипломатия және халықаралық акторлардың әрекет ету стратегиялары, олардың арасындағы экономикалық келiсiмдер, саяси лидерлердiң моральдық және саяси белсендiлiктерi, сонымен қатар халықаралық қатынастардың жеке субъектiлерiнiң (мысалы, iскер адамдардың трансұлттық қоғамы, ғалымдар мен мамандар ассоцияциясы) саяси емес қызметi болып табылады.

Маңыздысы халықарлық тәртіптің барлық өлшемдерінде халықарлық қатынастардың дамуының тарихи дамуының әртүрлі сатыларында оны қаматамасыз ету құралы болып күш болып табылды, яғни атап айтатын болсақ, әскери күш болды. Мұндай жағдай тек 20 ғасырдың соңында ғана өзгеріс таба бастады. Сондықтан да осы өзгерістердің мән-мағынасын біліп алу мақсатында халықаралық тәртіптің тарихи формаларын жүйелі түрде қарастыруымыз қажет.

Халықаралық қатынастар туралы ғылымда қазіргі халықаралық тәртіп пен халықаралық қатынастар жүйесінің дамуы Батыс Еуропадағы «Отыз жылдық соғыстың» бітуімен 1648 жылы Вестфаль бейбіт келісіміне қол қоюдан басталады. Осы кезден бастап халықаралық жүйеде мемлекеттер арасында жалпы мақсат-мүдделерге қол жеткізу үшін халықаралық тәртіпті ұстап отыру көзделіп отырды.

Вестфаль келісімі соғыстың нәтижесі бойынша орныққан күштер тепе-теңдігін сақтауды мақсат етті. Яғни, оның мәні халықаралық ынтымақтастықты сақтап қалу үшін мемлекеттер арасында өзара шекараның қалыптасуын болдырмау болды. Бұл жүйе өз қызметінің үдерісінде халықаралық қатынастар акторларының өздерінің экспансиялық бағыттарын шектеуге мәжбүр етеді. Осы кезде халықаралық жүйеде коалициялар пайда бола бастады. Антанта мен Үштік Одақ.

Тепе-теңдік идеясы халықаралық қатынастар мен халықаралық құқықтың принципі ретінде 1815 жылға дейін өмір сүрді. Нәтижесінде халықаралық тәртіптің үш өлшем қатарына идеологиялық өлшем кірді. Бірақ оның пайда болуы халықаралық қатынастардың реттелуін қаматамасыз ете алмады. Оның дәлелі екінші дүниежүзілік соғыс болып табылады.

Халықаралық тәртіптің үш моделінің қалыптасуы: «соғыс жағдайы», «қолайсыз жағдайдағы бейбітшілік», «бұзылатын тәртіп».

Екінші д.ж. соғыстан кейін нақты екі жағдаймен ерекшеленетін халықаралық тәртіп орнай бастады.

Біріншіден, әлемнің өзара қауіп пен қарулану, сондай-ақ бір-бірімен перманентті «қырғи-қабақ соғыс» жағдайында тұрған екі әлеуметтік-саяси жүйеге бөлінуі. НАТО және Варшава шарты ұйымы.

Екіншіден, халықаралық қатынасты реттеу мен халықаралық құқықты дамыту мақсатында БҰҰ мен оның арнайы бөлімшелерінің құрылуы.

Әлемдік тәртіптің өзгеруі мен сақтауға жауапты сверхдержавалар болып табылады. Сверхдержаваны жай мемлекеттен қалай ажыратуға болады? Танымал американ зерттеушісі Роберт Кохейн мемлекетті типтеудің келесі тәсілін ұсынады:

Сверхдержава лидерлерінің ойынша, халықаралық жүйеге жалғыз өзі кең, мүмкін шешуші ықпал жасай алатын мемлекет.

Орташа держава лидерлерінің ойынша, жалғыз өзі тиімді қызмет ете алатын, бірақ кіші топтардың құрамында немесе халықаралық институттар арқылы жүйелі ықпал жасауға қабілетті мемлекет.

Кіші держава лидерлерінің ойынша, ол жалғыз өзі немесе кіші топта ешқашан жүйеге елеулі ықпал ете алмайтын мемлекет.

Әлемнің Вестфаль моделі

Еуропалық концентрант

ХҚ Версаль-Вашингтон жүйесі

ХҚ Ялта-Потсдам жүйесі

ХҚ қазіргі жүйесі

1648 жылдан кейінгі ХҚ тарихи тәсілі бойынша ХҚ 8 жүйесі бар:

1 Вестфаль (1648 ж. – XVIII ғ. басында).

2 Утрехт (1714-1789).

3 Тильзит (1807-1812).

4 Вена (1815-1871).

5 Постфранкфурт (1871-1914).

6 Версаль-Вашингтон (1919-1939).

7 Ялта-Потсдам (1945-1991).

8 Қазіргі жүйе (1991 ж. қазіргі күнге дейін).

Халықаралық тәртіптің мәселесі – бұл халықаралық қатынастар ғылымындағы ең бастысының бірі. Онда әлемдік аренада өзара әрекет ететін әлеуметтік жалпылықтар – «халықаралық қоғамның» құраушы бөліктері, бірегей социумның элементтері ретінде туралы ой тұжырымдалған. «Халықаралық қоғам» элементтері арасындағы қатынастар сипаты белгілі бір сол немесе басқа мемлекеттердің ішіндегі қатынастарды одан әрі еске салады. Ерекше ерекшеліктердің сақталуына (орталық биліктің болмауы, егемендіктердің плюрализмі, территориалдық бөлінгендік т.б.), «күштінің құқығы» рудименттеріне, таластар мен соғыстарға қарамастан, қазіргі кезде халықаралық қатынастар «табиғи күйіндегі» түріндегідей ұсыныла алмайды, ондағы күшті істегісі келгенінің барлығын істейді, ал әлсіз – тек істей алатынын ғана. Әрине, халықаралық қауымдастық жалпы заңдардың негізінде бірыңғай үкіметпен басқарылатын бірегей әлеуметтік-саяси ұйым ретінде өмір сүреді. Көз жетерлік болашақта бұндай болуы мүмкін екенін тұжырымдау аса қиын. Алайда, бүгінде әлемдік экономиканың бірегей тізбегімен байланысқан біздің ғаламшарымыздың мемлекеттері мен халықтары көбіне салыстырмалы идеалдар мен құндылықтарды ортақтайтынын жоққа шығаруға болмайды, олар ортақ саяси және басқа да құрылымдарда ұсынылған және олар жалпы қатерлер мен мәселерге тап болады. Яғни, бүгін халықаралық қоғамның өмір сүруі – айқын шындық екені туралы айтуға мүмкіндік беретін бірлік пен ұйымдасқандықтың минимумы бар екені белгілі. Демек, халықаралық тәртіп те шынайы болып табылады.

Халықаралық тәртіп мәселесінің талдауы бірқатар сұрақтардың анықтауын қажет етеді. Біріншіден, «халықаралық тәртіп» деген не, осы түсініктің мазмұнына не кіреді. Екіншіден, адамзат қоғамының тарихында халықаралық тәртіптің қандай астарлары болды. Үшіншіден, халықаралық тәртіптің соғыстан кейінгі қандай өзіне тән ерекшеліктері болды. Және, төртіншіден, қазіргі халықаралық тәртіптің ерекшеліктері және сапалы жаңа әлемдік тәртіпті құруда қандай мүмкіндіктер мен жолдар қандай.

1. Халықаралық тәртіптің түсінігі. Халықаралық тәртіпке анықтама бере отырып, әлеуметтік немесе қоғамдық

(социеталдық) тәртіптің сипаты ойынан шығу керек. Қоғамдық тәртіп – бұл анархияға қарама-қарасы әлеуметтік өмірдің ұйымдасуы, ол бір әлеуметтік қоғамдастықтардың басқаларға деген қандай да бір билігін жоққа шығарады, тұлғаның ештеңемен шектелмеген бостандығы мен кез келген басшылыққа бағынбауды насихаттайды. Қоғамдық тәртіп – бұл белгілі бір нормалар мен жалпы құндылықтардың негізінде қоғам өмірінің реттелуі жүзеге асатын ұйымдасу болып табылады. Кей кезде мұндай ұйымдасудың астарында шынайы өмір сүруші ақиқаттылық түсініледі, себебі адамдық қоғамда кез келген қатынастар қалай болса да ұйымдасқан. Бұл жағдайда мәселе эмпирикалық тәртіп туралы. Ал басқа жағдайларда әлеуметтік қатынастарды ұйымдастырудың астарында, олардың адамдардың ойында орын алатын, яғни әлдебір міндеттейтін күйі түсініледі. Олай болса мәселе құқықтық тәртіп туралы. Бұл нақты және міндетті тәртіптің екі жағын да бөліп қарастыру өте оңай емес.

«Тәртіп» түсінігінің құрылымын қарастыратын болсақ, көрініс одан әрі қиындатылады. Қоғамдық қатынастар ұйымдасуының дербес элементтері экономикалық, ақпараттық, құқықтық, экологиялық және т.б. болып табылады. Сәйкесінше, экономикалық, ақпараттық және басқа да тәртіп туралы айтуға болады. Алайда ең маңызды саяси тәртіп болып қалады, себебі ол басқа қоғамдық тәртіп элементтеріне аз бағынышты, ал олар оған бағынышты. Оның қауіпті ыңғайлылығы кез келген тәртіпсіздіктің болмауында немесе оны жоққа шығаруында. Жоғарыда айтылғандар «халықаралық тәртіп» терминінің мағынасына да байланысты. «Халықаралық тәртіп» түсінігі әлемдік аренада әрекет ететін түрлі қоғамдық субъектілердің (акторардың) жиынтығымен құрылған жаһанды әлеуметтік жалпылыққа жатады. Бірегей орталық биліктің болмауымен, өзара келіспейтін құндылықтардың көптүрлілігімен, сонымен қатар халықаралық қатынастар қатысушылары іс-әрекеттерінің заңдылығы немесе заңсыздығын анықтайтын жоғары органның болмауымен сипатталатын халықаралық қатынастар саласында қоғамдық тәртіп болуы мүмкін бе деген сұрақ туындайды. Себебі жалпы құндылықтар халықаралық қатынастарда аса үлкен бір рөл

ойнамайды, ал халықаралық құқықтың нормалары да міндетті емес сипатта болады.

Қойылған сұраққа жауап беруге тырыса отырып, келесіні ойдан шығармау керек, халықаралық қатынастар тарихының басынан бастап адамзатқа оларды саналы реттеуге ұмтылуы тән болды, оның негізінде қатысушылардың қауіпсіздік пен аман қалуға деген жалпы қажеттілігі жатты. Халықаралық қатынастардың жетілу дәрежесінің өсу шамасы бойынша бұл ұмтылыс халықаралық құқықтың одан әрі интенсивті дамуында көрініс тапты; халықаралық ұйымдар мен институттардың құрылуы мен нығыйтылуы; халықаралық өмірді тұрақтандыруда олардың рөлдерін күшейту; және, ақыр соңында, бұл жолда тұтас жаһанды халықаралық жүйені біртіндеп құру. Солайша, халықаралық тәртіп – бұл мемлекеттер мен басқа институттардың негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз етуге, олардың өмір сүру, қауіпсіздік және даму жағдайларын құру мен қолдауға бейімделген халықаралық (ең бастысы, мемлекетаралық) қатынастардың құрылысы.

Халықаралық қатынастарды талдауға арналған әдебиеттерде халықаралық тәртіптің бірегей, жалпы қабылданған түсінігі жоқ. Кейбір зерттеушілер оны заңды нормалардың жиынтығына түйістіруге әуес, сонымен қатар оны халықаралық құқықпен ұқсастырады. Басқалар негізінен халықаралық тұрақтылыққа сүйенеді. Үшіншілер, халықаралық тәртіпті халықаралық аренада мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарда белгілі бір статус-квоның сақталуымен байланыстырады. Мысалы, американдық автор Т. Франктың көзқарасы бойынша, халықаралық тәртіптің негізін заңдылық құрайды – жалпы қабылданған заңды тәртіптердің құрылуы барысындағы ережелердің жиынтығы, олар айқындылықпен, өзара байланыстылықпен сипатталады. Алайда халықаралық қоғам өмір сүруінің позициясынан қарастыратын болсақ, мұндай көзқарас өте тар болып келеді, себебі халықаралық тәртіптің мемлекетаралық қатынастар мәселесін тек түйістіріп қана қоймай, мемлекетаралық қатынастардың өзін тек бір өлшемде қарастырады.

Халықаралық қатынастардың мәні түрлі теориялық мектептер мен саяси бағыттардың өкілдерімен түрліше түсініледі,

сондықтан да халықаралық тәртіптің мәселелерін түсінудегі қиыншылықтар екі еселенеді. Шынында да, халықаралық қатынастардың негізі мемлекеттердің эгоистік ойындары болып саналатынын есептесек, ал олардың әрқайсысы өзінің ұлттық мүддесін қорғайды, онда біз шынайы және мемлекетаралық тәртіппен істес боламыз. Халықаралық қатынастар нормалармен, процедуралармен, трансұлттық немесе ұлт үсті сипаттағы институттармен немесе құрылымдарымен реттелетінін ескере отырып, халықаралық құқықтық тәртіп туралы айтуға болады. Егер де халықаралық қатынастардың орталық акторлары ретінде мемлекеттер басқа ұлттық-мемлекеттік шекаралардан тәуелсіз әрекет етуші қатысушылармен тарих алаңынан одан сайын ығыстырылып жатқанын есептесек, онда мәселе трансұлттық тәртіп туралы болып жатқанда.

«Халықаралық тәртіп» түсінігін, оның мазмұны дәстүрлі түрде мемлекетаралық қатынастармен байланысты, «әлемдік тәртіп» түсінігінен ажырату керек. Бұл көзқарас тұрғысынан халықаралық (нақтырақ айтқанда, мемлекетаралық) тәртіп әлемдік тәртіпсіз-ақ өмір сүре алады. Мысал ретінде өзара қатынастардың арасында сыйластығы бар, және сол уақытта бір-бірінің ішкі істеріне толықтай бейтараптығы бар мемлекеттерді келтіруге болады, ал ол екеуінің біреуінде халық негізгі массасының геноциді немесе экономикалық эксплуатацияны мүмкін ете алады. Әлемдік тәртіп ерекше халықаралық тәртіпті жорамалдайтын эффективті мемлекетаралық ынтымақтастық тәртібінің құрылмауынсыз мүмкін емес, ал ол жалпы негізгі мақсаттар мен олардың азаматтарының құндылықтарына сай келеді. Заңды терминдерде мәселе мемлекеттер (егемендікті өзара сыйлау) мен адамдардың арасындағы құқықтардың айырмашылығы туралы.

Қарастырылып отырған түсініктердің арасындағы айырмашылық төмендегіге негізделеді: егер де халықаралық тәртіп қоғамдық жағдайлардың мүмкіндіктерін айқындайтын халықаралық қатынастардың оптималды құрылымы ретінде мемлекетаралық қатынастар тарихының барлық кезеңдерінде өмір сүрсе, ал әлемдік тәртіп туралы оны айтуға болмайды. XX ғасырдағы ең беделді неміс философтарының бірі К. Ясперс әлемдік тәртіпті «әрқайсысының абсолютті егемендіктен бас

тартуы нәтижесінде пайда болып, бәрімен де қабылданған құрылым», жалпыадамдық құндылықтар мен заңды нормалар, «саяси форма мен этностардың барлығын басқару арқылы әлемнің құқықтық құрылымы» ретінде түсінді. Әлемдік тәртіп осы уақытқа дейін осыған ұқсас құрылымды білген де жоқ. Алайда, бұл әлемдік тәртіп тіпті мүмкін еместігін білдірмейді. Керісінше, ғылыми-техникалық алға басумен және жаһанды мәселелердің шиеленісуімен ынталандырылып отырғандығы халықаралық қатынастар қатысушылары шегінің кеңейтілуімен, сонымен қатар әлемнің өзара байланыстылығының күшеюімен адамдық өмірдің жалпыәлемдік құрылымына деген тенденция одан сайын нақты бола түсті, әсіресе, біздің кезімізде нақты көрініс таба бастады.

Солайша, халықаралық тәртіп – бұл әлемдік тәртіптің негізгі құраушы бөлігі, оның өзегі, алайда әлемдік тәртіптің барлық мазмұны оған сәйкес келмейді. Сондықтан да қатал, академиялық тәсілдің тұрғысынан әлемдік және халықаралық тәртіптерді теңдестіріп керек емес, бірақ та олардың айырмашылықтарын да абсолюттендіру де дұрыс емес. Олардың ортақ тамырлары, ортақ негіздері бар, олар адамдық қоғамның бірегейлігін цементтейді және оның тұтастығын қамтамасыз етеді. Жалпы негіздердің санына халықаралық экономикалық айырбастар жатады, олардың өсіп жатқан мәні бірегей әлемдік нарықтың құрылуында көрініс табады: ғылыми-техникалық жетістіктер (әсіресе, коммуникациялық жүйелердің, байланыс пен ақпарат құралдарының салаларында); саяси құрылымдар мен мүдделер; әлеуметтік-мәдени құндылықтар. Әлемдік тәртіпті құру мен қолдауда олар бірдей емес рөлді ойнайды: тарихи дамудың түрлі кезеңдерінде біреулері алдыңғы қатарға шығады, ал басқаларының мәні төмендейді. Құрылымда болып жатқан өзгерістер де, мысалы, сол немесе басқа да бір халықаралық тәртіп типінің саяси негіздері әлемдік экономикадағы немесе халықаралық акторлардың құндылықты бағыттарының автоматты түрдегі өзгерістеріне әсер етсе де, әкелмейді. Сонда да халықаралық тәртіптің мәні мен мәселесінің маңызын дұрыс түсіну тек оның құрылу мен қызмет етуінің негіздерін кешенді қарастырғанда ғана мүмкін болады. Осы әдістемелік талапты ескере отыра, С. Хоффманн халықаралық тәртіптің негізгі өлшемдері

мәселесі – халықаралық тәртіпті зерттеу әдістерін құру мен қолдап отыру түйінделіп, эмпирикалық мәліметтерді сипаттайтын мінездемелерді өз талдауының бастамасы етіп алады.

Халықаралық тәртіптің ең зерделенген бөлігі оның акторларының арасындағы байланыстар мен өзара іс-әрекеттер болып табылады. Егер де құрылымдық қатынаста халықаралық жүйе көпжүйелі сипатқа ие болса, онда ішіндегі тәртіпті сақтау саяси тепе-теңдік механизмінің көмегімен жүзеге асырылады. Ал биполярлы жүйелерді қарастыратын болсақ, онда күш балансы тәртіпсіздікке жылжып түсудің басты құралы болып табылады. Халықаралық тәртіптің вертикалды шамасы күшті және әлсіз акторлардың арасындағы қатынастармен сипатталады. Халықаралық қатынастарды иерархиялық және қатты ұйымдастыру мен халықаралық тәртіптегі халықаралық жүйедегі вертикалды шаманың доминантты болуының әдеттегі мысалы болып табылатын империялардың шегіндегі өзара әрекеттестікті реттеу күшінің триумфы кепілдік бола алады. Бұл жерде күштеу – басты, бірақ империяны сақтаушы бір ғана құрал емес. Тарих былайша көрсетіп отыр, империя құлау қауісіне күш оның тек бір ғана сүйенісіне айналған кезде ғана ұшырайды, ал қалған басқа құралдар – «вертикалды дипломатия», империялық бюрократияның арнайы органдары мен құқықтық жүйелері, сонымен қатар ниеті түзу вассалдар үшін экономикалық компенсациялар – сол немесе басқа да бір себептерге байланысты әрекет етулерін тоқтатады. Осы саладағы істердің жағдайы тек XX ғасырдың соңғы онжылдықтарында ғана өзгере бастады. Осы саладағы істердің жағдайы тек XX ғасырдың соңғы онжылдықтарында ғана өзгере бастады. Осы шамалардың егжей-тегжейлерін нақтылау халықаралық тәртіптің тарихи типтері туралы сұрақты толықтай қарастыруды талап етеді.

2. Халықаралық тәртіптің тарихи типтері. Халықаралық қатынастардың ғылымында мынадай келісім бар, қазіргі халықаралық тәртіп және мемлекетаралық қатынастардың қазіргі жүйесі 1648 жылдан бастау алады, себебі ол кезде Вестфальдік бейбіт келісімшарттары Батыс Еуропадағы Он үш жылдық соғысты аяқтады және Әулие Римдік империяның тұрақты 355 мемлекеттерге ыдырауын санкциялады. Дәл осы уақыттан бастап, қоғамды

саяси ұйымдастырудың негізгі формасы ретінде ұлттық мемлекет жаппай бекітілді (батыс терминологиясында – «мемлекет-ұлт»), ал халықаралық қатынастардың доминантты принципі болып ұлттық (мемлекеттік) егемендік принципі бола бастады. Соңғы ғасырдың белгілі заңгер-халықаралықшысы Ф. Мартенс былайша тұжырымдады: осы уақытқа дейін халықаралық қатынастар олардың қатысушыларының бытыраңқылығымен, халықаралық өзара әрекеттердің жүйесіз болуымен сипатталды, олардың басты көрінісі болып қысқа мерзімді қаруланған таластар немесе ұзақ уақытты соғыстар шықты.

Фестфальдік келісімшарттардың мақсаты соғыс барысында қалыптасқан күштердің арақатынасын бекіту және ұлттық мемлекеттердің шекараларын белгілеп, осы мемлекеттер бір-бірлерінің территориясына өзінің үстемдігін орнату ұмтылысына қарсы әрекет құру болды. Солайша, мемлекет-ұлтпен және ұлттық-мемлекеттік егемендікті құқықтық бекітумен бірге халықаралық қатынастарда саяси тепе-теңдіктің жүйесі құрылып жатыр. Оның негізгі мағынасы – бұл егемендік принципі мен жалпы мүдденің принципі арасындағы компромисс. Осы жүйе өзінің қызмет ету процесінде акторлардың әрқайсысын оған бұндай шектеу басқалармен мәжбүрленген жағдайға түспес үшін, өзіндік экспансионистік ұмтылыстарын шектеуге мәжбүрлейді. Тепе-теңдікті сақтау басты құралдарының бірі коалицияның сол немесе басқа бір түрі болып табылады: не «барлығының біреуге қарсы» бірігуі, не осы «біреу» өзін мұқиятты түрде одақтастарымен қоршады – оқшаулану коалициясы, оған қалыптасқан күштердің арақатынастығын сақтағысы келетіндер кіреді. Коалиция белгілі бір саяси тепе-теңдікті бұзушы потенциалды мемлекетті қорқыту үшін бағытталған. Егерде қорқыту оған әсер етпесе, мұндай мемлекетті тоқтату құралы ретінде коалиция шектелген мақсаттарға байланысты жергілікті соғысты қолданады. Солайша, саяси тепе-теңдік жүйесінде күшті біржақты қолдану тәртіпсіздікті құру факторы болып табылады, ал оның ұжымдық қолданылуы тәртіп сақтаудың құралы ретінде қарастырылады.

Уақыт өте келе, саяси тепе-теңдіктің түсінігі одан сайын кең мәнге ие болып, келесіні білдіре бастады:

а) күшті түрліше бөлу;

ә) басқа мемлекеттің шамадан тыс амбициялары осы амбициялардың құрбаны болуға тәуекелділердің келісілген оппозициясының көмегімен тоқтатылуға тиісті бағытталған кез келген мемлекеттің немесе мемлекеттер тобының саясатын;

б) көпполярлы жиынтықты, оған өздерінің бір шамадан тыс амбицияларын азайту мақсатында сверхдержавалар мезгіл-мезгіл бірігеді.

Тепе-теңдік идеясы халықаралық қатынастардың және халықаралық құқықтың принципі ретінде 1815 жылға дейін өмір сүрді, ол кезде Наполеонның жеңіліс табуы мен Еуропада монархиялық реставрациялардың уақытша жеңістері Вен конгресінде «легитимизм» принципі ретінде бекітілді. Осы жағдайда ол жеңімпаздардың феодалдық тәртіптерді қалпына келтіруді білдірді. Бұл тепе-теңдік механизмі әрі қарай тәртіпті сақтау үшін қолданылмайтынын білдірмейді. Керісінше, кең мағынада ол әмбебап құралы бола жаздайды, себебі ол осы күнге дейін қолданыста бар. «Легитимизм» феодалдық тәртіптерді орнату мақсатында еуропалық монархиялар әскери интервенцияларының ақтауы ретінде ұзақ уақыт бойы сақтала алмады. XIX ғасырдың екінші жартысында-ақ Вен конгресінің нәтижесінде құрылған Әулие одақ ыдырады, ал жүзжылдықтың соңына қарай Еуропада екі негізгі әскери-саяси топтардың құрылуы болды – Үштік одағы мен Антанта, олар XX ғасырдың басында бірінші дүниежүзілік соғысты ашты. Оның нәтижесі Еуропаның және жалпы әлемнің бөлінуі болды, Қазан революциясы және КСРО-ның пайда болуы. С. Хоффманн пайымдаған халықаралық тәртіптің үш шамасына төртінші – идеологиялық шама қосылды. Оның пайда болуы халықаралық қатынастарды тұрақтандыра алмады, оның дәлелі болып екінші дүниежүзілік соғыс шықты.

Осы соғыстың нәтижесінде Еуропа мен әлемнің бөлінуі тереңдеді, я бір-біріне қарсы тұрушы екі лагерь, қарама-қайшы идеологияларды білдіретін екі қоғамдық-саяси жүйелер құрылды. Олардың арасындағы аумалы тұрақсыздық «қауырт соғыс» пен өзара қорқытудың көмегімен қамтамасыз етілді, сонымен қатар ол екі жақтың да ядролық арсеналының өсуімен

нығайтылып, тоқтаусыз қаруланған жарысқа апарды, ал ол олардың экономикаларына және жалпы әлемдік экономика үшін ауыртпалық бола бастады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі құрылған халықаралық тәртіп құрылымдық қатынаста айқын би-полярлы құрылым ретінде шығады, ол барлық шамалар бойынша жағдайлардың бірқатарымен қиындатылады. Сонымен қатар, соғыстан кейінгі халықаралық қатынастардың қалыптасқан және 1980 жылдардың соңына дейін сақталған жағдайды халықаралық тәртіптің екі жүйесінің – капиталистік және социалистік қатар өмір сүруі ретінде қарастыру заңды бола қаймас. Негізінен, жүйелердің әрқайсысы бір ғана схема бойынша қызмет етті, ол бойынша держава-гегемон өзінің мүддесіне жүйе ішінде де, оның шегінен тысқары да өзінің «клиенттерін» бағындыра алды.

Тарихта қарастырылып отырған халықаралық тәртіптің типтері екі классикалық модельдің аясында ауытқып тұр: «соғыс күйінің» моделі мен «сенімсіз әлемнің» моделі, немесе «бұзылған тәртіп». Осылардың біріншісіне сәйкес, халықаралық қатынастардың мәні соғыс пен оған дайындық болып табылады. Жалпы нормалар осал, уақытша, олар оларды қолдайтын күшке пропорционалды және мүдделердің өтпелі ұқсауларына бағынышты. Осы модельді жақтаушылардың көзқарастары (Фукидидтің, Макиавеллидің, Гоббстың, Руссоның, Канттың, Гегельдің) келесі ойда іспеттес: халықаралық қатынастарда әрбір актордың амбицияларын азайтатын жалпы сана жоқ, тек қана институционалды рационалдылық, ерекше мақсаттар үшін ең жақсы құралдарды іздестіру, гегемондылыққа емес, ал таластарға алып келетін күштерді есептеу ғана бар. Сонымен қатар олар осындай халықаралық тәртіптің бағамында ерекшеленеді, демек, оны жеңіс жолдарымен одан әрі жетілдірілген жаңамен алмастырады. Мысалы, Гоббс соғыс жағдайын шығарлық күй деп санады, сонымен қатар ол адам табиғатына байланысты «барлығының барлығына қарсы» индивидуалды соғыс пен әрбір адамның өмір сүруіне қауіп төндіруге міндетті емес мемлекеттер арасындағы, әсіресе мәселе күшті мемлекеттер жайында болатын соғысты ажыратты. Осыдан келіп ол адамдардың индивидуалды бостандығынан бас тартып Левиафан-мемлекетінің пайдасына үндеу жасады. Гегель соғыста қажеттілік пен қолайлылықты көрді, бірақ ол

оны азаматтық қоғам құлдырауына қарсы қатал құрал, ақыр соңында өркениетті қоғамдар арасындағы жанжалдар олардың қауіпсіздігіне қауіп төндірмейтін белгілі бір ритуалға трансформацияланады деп санады. Осыған қарама-қарсы Канттың тәсілі болды, ол соғысты төзбестік құбылыс ретінде қарастырды. Қоғамның мінсіз жағдайы ретінде ол табиғи жағдайдағы жеке тұлғалар мен мемлекеттер арасындағы бейбітшілікті санады. Алайда, оның көзқарасы бойынша, мәңгілік бейбітшілік тек алыс болашақта ғана орнай алады.

«Сенімсіз әлем» моделін қарастыратын болсақ, ол егемендік принципі бар ұлт-мемлекеттердің пайда болуына және христиандық шіркеу мен Рим Папасының өзінің толықтай беделін жоғалтуына байланысты реакция болып табылады. Халықаралық қатынастар онда тек минимум тәртіпке кепіл бере алатын күш ортасы ретінде қарастырылады. Бұндай күштер ортақ мүдделердің негізінде бірігетін мемлекеттерден құралады, ал олар оларды жалпы құқықтық нормаларды құруға алып келеді. Локктың көзқарасы бойынша әлемдік саясат соғыс жағдайын білдірмейді. Гоббсқа қарама-қарсы, ол адамның табиғи күйі «барлығының барлығына қарсы соғысын» емес, адамдардың жеке бостандығы мен теңдігін, оған қоса бірегей одақ пен жалпы егемендіктің болмауын білдіреді. Соңғы жағдай қиянат жасау мүмкіндігін құрады, сондықтан да мемлекет табиғи құқықтың принциптерін сақтау мен қорғауға және оларға қиянат жасаудан қоршауға міндетті. Мемлекеттер үшін өзара міндеттерді қабылдау, бір-бірін сыйлау және өзара көмек көрсету «табиғи» болып табылады; ал соғыс – егемендікке қиянат көрсететін өнім, ол жалпы зиянкестікті жасайды. Сонда да соғыстардан құтылу мүмкін емес, сондықтан да халықаралық тәртіп әрқашанда сенімсіз болады.

Қарастырылған модельдердің әрқайсысы өз заманының шындығының бір бөлігін көрсетті. Белгілі бір шамада бұл біздің күндердегі модельдер үшін де дұрыс болып отыр, алайда соңғы онжылдықтар халықаралық тәртіпке айтарлықтай өзгерістерді алып келгенін айтып өту қажет. Бүгін соғыстан кейінгі халықаралық құрылымның сапалы түрде екі түрлі кезеңді нақты ажыратуға болады: «қауырт соғыс» кезеңі мен қазіргі кезең,

оның бастамасы болып біздің еліміздегі және Шығыс Еуропа елдеріндегі өзгерістер болды және оларды өтпелі кезең ретінде сипаттау қажет.

3. Соғыстан кейінгі әлемдік тәртіп. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық тәртіп екі негізгі ерекшеліктермен көрініс тапқан болатын:

– Біріншіден, әлемдік жүйенің әлеуметтік саяси деп екіге бөлінуі, олардың бір-бірімен перманентті “қырғи-қабақ соғыс” пен өзара қатер мен қарулану жарысы жағдайында тұрған болатын. Бұл АҚШ пен КСРО сияқты екі сверхдержаваның бір-бірімен әскери-саяси (НАТО мен ОВД) қарсыласуы және саяси-экономикалық (ЕАС және СЭВ) одақтар арасындағы күресте тек “орталықты” емес, сонымен қоса, әлемдік периферияны да жаулауы әскери күштерінің күшеюіне әкелген болатын.

– Екіншіден, Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы және оның салалық мекемелері мен барлық халықаралық қатынастар мен халықаралық тәртіпті жүзеге асыру үшін көптеген талпыныстар жасалды. Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы халықаралық тәртіпті басқарудағы нақты қажеттіліктерге жауап беретін және басқарушысы ретінде халықаралық қоғамдастықтың құрылуының бастамасы болды. БҰҰ өзінің құзыреттілігінің шектеулігіне байланысты халық арасында бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, халықаралық тұрақтылық пен ықпалдастықты қолдауды жүзеге асыра алмады. Нәтижесінде орын алған әлемдік тәртіп өзінің негізгі өлшемдерінде қарама-қайшы және тұрақсыз болып, әлемдік қоғамдық пікірге алаңдатушылықты тудыртады.

С. Хоффманның сараптамасына сүйенсек, соғыстан кейінгі әлемдік тәртіптің негізгі өлшемдерін қарастыруға болады. Осындай жағдайда оның горизонтальды срезі келесі ерекшеліктерін айтуға болады:

1. Халықтың орталықсыздануы (бірақ азаю емес). Тұрақтылық орталық және жаһандық деңгейде сверхдержавалардың бір-бірін өзара қолдау, аймақтық және субаймақтық деңгейдегі (аймақтық қақтығыстар, “үшінші елдер” арасындағы жергілікті соғыстар, бір сверхдержавалардың қатысуымен болатын ашық соғыстар) тұрақсыздықты тудыртып отырды;

2. Халықаралық жүйе мен аймақтық жүйешіктердің жаһандық фрагментациясы, тараптардың жұмыстары бір жақтан, қақтығыстан шығу әрдайым конфликтерге қатысушыларға қатысты стратегиялық ядролық тепе-теңдікке емес, аймақтағы күш теңдігіне және ішкі факторларға тәуелді болады.

3. Сверхдержавалардың арасындағы тікелей әскери қақтығыстардың болу мүмкін еместігі. Дегенмен, олардың орнын «дағдарыстар» басады (1962 жылдағы Кариб дағдарысы), оның өмірлік мүдделерін көрсететін зона ретінде аймақтардың бірі, немесе арасында аймақтық соғыстар (1973 жылдың Таяу шығыс дағдарысы) «үшінші елдермен», оларды стратегиялық маңызды держава ретінде қарастыратын болды.

Жоғарыда аталып өткендей, қарсыласушы жақтардың жанжалдық өзара әрекеттесуі географиялық шектеулі аумақтарда жүзеге асады. Шекаралық жанжалдарда мысалы, шекараға іргелес аудандар, аумақтық жанжалдарда даулы аймақтар, ұлтаралық жанжалдарда халықтың белгілі бір ұлттық топтары ықшамды тұрып жатқан аймақтар. Алайда жанжалға қатысқан елдің барлық аумағына қарсыласушы жақтардың әрекеттері таралатын сияқты ерекшеліктер болуы мүмкін. Мұндай ерекшеліктер әскери жанжалда қатысушылардың біреуінің (немесе екеуі де) аумағының аз болуымен, сонымен қатар, әскери күресте қару қолдану мүмкіндігімен шарттасуы мүмкін. Жергіліктілік жанжалдың өзге де белгілері жиынтығында әскери жанжалды тануға және алғашқы жақындықта оны соғыстан айыруға мүмкіндік беретін белгі ретінде көрінеді.

Келесі белгі – жанжалда қарсы тұрушы жақтардың жеке, аймақты жағдайлық мақсаттарының шектеулілігі. Біз жеке, аймақтық шектелген мақсаттар жайлы айтқанда, мемлекетаралық өзара әрекеттестік субъектілерінің өз дамуы үшін олардың өмір сүру фактісімен түсінуімен және мойындауымен үйлесетін көршілерімен салыстырғанда тиімді жағдайларды қамтамасыз етуге ұмтылуын айтамыз. Бұл сәт әскери жанжалды анықтау үшін аса маңызды.

Әскери жанжал таласқа қатысушы екі жақтың да белсенді әрекетін білдіреді. Егер, қақтығысқа қатысушы жақтың біреуі

қолданатын күш екінші жақтың тарапынан әскери күштік қарсылық тудырмаса, онда әскери жанжалдың өзі де жоқ, бұл тек қана біржақты әскери акция ғана бар. Дәл осында әскери жанжал мен соғыстың ортақтығы анықталады. Бұл жайлы өткен ғасырдың белгілі әскери теоретигі К. Клаузевиц соғыс бір жақтың абсолютті бәсеңдігінде мүлдем мәнсіз деп жазған болатын. Сонымен қатар, мұндай қорытынды әскери жанжал мен барлық мүмкін біржақты акциялар арасында айырмашылықтың болуына негіз жасайды. Ал бұл халықаралық құқық ережелері негізінде мемлекетаралық қатынастарды реттеуде айтарлықтай практикалық мәні бар.

Әскери жанжалдың келесі басты айырмашылығы, жоғарыда айтылғандай, күресуші жақтардың күш және мәжбүрлеу құралдарын салыстырмалы шектеулі қолдануында. Дәл осындай жағдайда «әскери күштеу» терминін қолдану «қарулы күштеу» термині (баспада өте жиі қолданылатын) өзі сипаттауға қолданылатын шынайы жағдайларды дәл көрсетуге қабілетсіз болуымен негізделеді.

Жалпы алғанда, қарастырылған белгілерді әскери жанжалды талдауға және соғысты бағалауға қолданса, онда олар белгілі бір деңгейде соғысқа да тән деген шешімге келуге болады. К. Клаузевицтің ізін баса отырып, әскери жанжалды анықтауға керектінің, қажеттінің барлығы теориядан жиі ауытқып отыратынын айтуға болады. Алайда, мұндай теориялық абстракциялардан анағұрлым оңайырақ шешім табуға болады. Ол әскери жанжалды әлі жетіле қоймаған соғыс деп қарастырудан тұрады. Егер де аналогияны қолданатын болсақ, жанжал мен соғыс арасындағы айырмашылық бала мен ересек арасындағы айырмашылықтан екендігін айтуға болады. Бала да, ересек те жалпы «адамзат» деген түсінікке кіреді. Дегенмен де, олардың арасындағы айырмашылық айқын. Бала ересектен тек қана сыртқы бейнесінен ғана ерекшеленбейді, ол өзіндік физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне ие. Дәл осылай әскери жанжал соғыспен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктерін анықтайды.

Әскери жанжалды бірегейлендіру үшін қолданылуы мүмкін белгілер арасында дау-дамай қатысушылары арасындағы жанжалды қатынастардың дамуын салыстырмалы басқарылушылық белгісі де аталды. Бұл белгі аса маңызды белгілердің бірі бо-

лып табылады. Аталып өткен белгілер жиынтығында ол әскери жанжалды алғашқы бірегейлендіру нәтижелерін нақтылауға мүмкіндік береді және соғыс пен әскери жанжал арасындағы айырмашылықты анықтауға берік негіз алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Жанжалды үрдісті басқарылушылық оларға ақпарат алмасуын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін таласушы жақтар арасында коммуникативтік каналдардың болуын білдіреді. Басқаша айтқанда, жанжалда әрқашан «кері байланыс» механизмі бар. Бұл механизм жанжалды реттеу мен алдын алу мақсатында жанжалға шынайы немесе потенциалды қатысушылардың екі жақты шараларды жүзеге асырылу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Егер де жанжалды үрдіс қатысушылары арасында ақпарат алмасуы тоқталса, онда жанжал басқарылудан қалады. Бұл жағдайда эскалация күшін жинақтайтын өзге механизмдер «қосыла» бастайды. Эскалациялық үрдістер әскери жанжалды соғысқа өсуіне әкелуі мүмкін.

Жанжал абсолютті барлық мәселелер бойынша конфронтацияны аңғартпайды. Мұнда оның аса маңызды басты айырмашылықты сипаты жатыр. Жанжалдағы қарсы тұрулар қарсылас жақтардың өздерін тек қана бақталастар ретінде ғана емес, алайда, өзара тәуелді серіктестер ретінде де сезінуі мүмкін. Мұндай сезінулер жанжалға қатысушыларға жанжалдық қатынастардың эскалациясы механизмдерін шектеуге бағытталған конструктивті екі жақты шаралардың барлық маңыздылығы мен пайдалылығын сезінуге мүмкіндік береді. Ал соғыс, егер ол басталса, бақылаудан шыққан үрдісті білдіреді. Қарсыласты құрту немесе оған белгілі бір шарттар мен талаптарды міндеттеу мақсатында өз әскери күшін барынша тиімді қолдану (қарсыласқа қарағанда) бұл үрдісті бақылауда ұстауға мүмкіндік беретін жалғыз құрал ғана. Бірақ бұл құрал да айтарлықтай сенімді емес, себебі, соғыста қарама-қарсы күресуші жақтар барынша максимумды әрекет етуге ұмтылады. Бұл ұмтылыстар өз кезегінде, әскери күш пен құралдарды қолдануға қандай да бір шектеулерді бірте-бірте қысқартатын (кейде мүлдем жоққа шығарады) күш эскалациясы әрекетін тудырады. Осылайша, әскери қақтығыстың қатысушыларының жанжалды қатынастарының салыстырмалы

басқарылуы әскери жанжалды бірегейлендірудегі тұрақты белгі ретінде көрінуі мүмкін.

Жалпы алғанда, әскери жанжалды зерттеу мәселесі айтарлықтай күрделі екендігін атап өту керек. Жоғарыда қарастырылған теориялық және әдіснамалық ориентирлер соңғы инстанциядағы шындыққа иек артпайды. Алайда, олар әскери жанжалды әлеуметтік құбылыс ретінде зерттеуді жалғастыруда пайдалы болуы мүмкін. Ғылыми әдебиеттерде әрқайсысы жалпылай алғанда, әлеуметтік жанжалдарды, жекелей алғанда, әскери саяси жанжалдарды шешудің өзіндік, жекелеген рецептерін көрсететін көптеген гипотезалар мен концепциялар бар. Иллюстрация есебінде әлеуметтік экологияның Гетеберг институтында (Швеция) жүзеге асырылған айтарлықтай қызықты зерттемелерді келтіруге болады. Оның авторлары жанжалдың даму үрдісін баспалдақтан төмен түсуімен салыстырады, онда үш кезеңді бөліп келтіреді. Біріншісін олар «үміттен қорқынышқа дейін» деп аталды және үш сатыдан тұрады.

Бірінші – “Дискуссия және аргументтер”, мұнда, шведтік зерттеушілердің айтулары бойынша, қарсылас жақтар өздерінің жекелеген стереотиптерімен ғана шектеле түседі. Екінші саты «таластар және оларды ақырғы шекке дейін жеткізу», мұнда жақтар қарсыластың дұрыс еместігін көрсету үшін ғана «ереже бойынша ойнайды». Таласқа қатысушылардың ойлауы біржақты, қарсыластың бағдарын түсінуге қабілетсіз бола түседі. Үшінші саты «айтып қана қоюдың емес, әрекет етудің уақыты». Қарсыластар өз бағдарларының нақтылығын көрсетеді. Ойлау енді ешқандай да реңкке ие емес. Барлығы қара, ақ түрінде қабылданады. Вербальды сипаттағы байланыстар тоқтатылады. Бірінші кезекке қарсыластың мінез-құлқын түсіндіру мәселесі шығады.

Екінші кезең «Қорқыныштан бейнені жоғалтуға дейін». Ол да үш сатыны біріктіреді. Төртінші саты «жалған бейнелер». Бір-бірі жайлы түсініктер стереотиптерге айналады. Күрес басталады. Бесінші саты «бейнені жоғалту». Атмосфера барынша қатулы, жақтардың бір-біріне шабуылы да барынша қаһарлы бола түседі. Барлық әрекеттер үдей түседі. Алтыншы саты – «Қауіптер және билік». Бұл сатыда қарсыластар өз жолынан күндестерін

жою үшін барлық билігін қолдануға дайын болады. Жанжалдың қатысушыларының әрекеттері бақылаудың шегінде болады.

Жанжалдық үрдістің үшінші кезеңін шведтік ғалымдар «еркінен айрылу күштеуге жол». Бұл кезең шеңберінде қарсыластар кез келген құралдарды пайдаланады. Соңғы сатыда қарсыластарды тіпті өзінің жойылу қаупі де тоқтатпайды. Бұл кезең, алдындағы екі кезең сияқты, үш сатыдан құралады. Алтыншы саты «шектелген ойран мен күштеу». Қарсылас жақтардың ақылы дәрменсіз халде болады. Оларды тек қана бір бастама алға жылжытады – қарсыласқа зиян келтіру және оны кейін шегінуге мәжбүрлеу. Сегізінші саты «жүйке орталығын бұзу». Бұл сатыда ойрандау мен күштеу, зорлық зомбылық күшейе түседі. Олар «қарсыластың жүйке орталығына» бағытталған (шешім қабылдау жүйесі немесе басқарушы жүйе). Тоғызыншы саты «өзін-өзі жоюды да қосатын жаппай ойрандау». Бұл сатыда қарсыластар өзінің барлық күшін пайдаланады. Тәуекелге барынша бел буады.

Шведтік авторлар соңында жанжалдың эскалациясы аурудың өршуін аңғартады және өз алдына ажалды үрдісті білдіреді деген қорытындыға келеді. Олардың ойынша, өлімнің күші әлі де бейкүнәлі формада болса да, бірінші саты жұмыс жасауын бастайды. Егер, жанжалдық қатынастардың диагностикасын жасамаса және жедел түрде «терапиялық» шаралар жасалмаса, жанжалдық дамудың бастапқы сатыларындағы аса мардымсыз болған қауіп қарсыластарды опат болуына әкелуі мүмкін. Гетеборгдың оқымыстылары жүзеге асырған жанжалдық үрдістің диагностикасы танымдық тараптан қызықты ғана емес, жанжалдық қатынастардың өзгеруі туралы бағалауға мүмкіндік беретін түрлі индикаторларды анықтау тарапы жағынан да практикалық маңызды. Сонымен қатар, ғайыпқа қарай, төменге бастайтын тоғыз саты халықаралық дауылдың «тоғыз валын» еске түсіреді, яғни, егер, оның өкілдері халықаралық істерде күш пен күштеуді қолдануды бақылау мен бағыттауды үйренбесе, барлық адамзатты жоюға әкелуі мүмкін.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАР

Дипломатия сыртқы саясатты жүргізудің негізгі саяси құралы ретінде үкіметтер арасындағы тура байланыстарды көбіне-көп келіссөздер мен кеңес беру түрінде түсіндіреді. «Дипломатия бұл негізгі саяси технология, себебі ол өзіне тура үкіметаралық өзара екі жақты қатынасты енгізеді. Сонда да ол ынтымақтастықпен теңдестіріле алмайды, себебі дипломатия – бұл саясаттың міндеті мен мақсатын жүзеге асыру құралы немесе тетігі; екіншіден, ынтымақтастық шарт ретінде әрекет етуші акторлар арасындағы ортақ мүдденің болуын болжайды, дипломатияның алдын ала ешқандай шектеулері жоқ. Жоғарыда айтылғандай, кейбір ғалымдар дипломатияны халықаралық ынтымақтастықтың бір түріне жатқызады: дәстүрлі түрдегі ынтымақтастық қарым-қатынас екі жақты және көп жақты дипломатияны, өзара саяси бағыттарды үйлестіруді қарастыратын түрлі одақтар мен келісімдер жасауды қамтиды.

Бәрінен бұрын бұл дипломатияның негізгі қызметтерінің ішінде мемлекетаралық ынтымақтастыққа да тән қызметтер кездесетіндіктен шығар:

- 1) жанжалдарды шешу мен басқару;
- 2) екі немесе одан да көп мемлекеттердің үкіметтерінің алдында тұрған мәселелерді шешу;
- 3) жан-жақты мәселелер бойынша кросс-мәдени қатынасты үлкейту мен жеңілдету;
- 4) арнайы мәселелер, келісімшарттар, бойынша келіссөздер жүргізу.

Кез келген жағдайда, «ынтымақтастықты жүргізу келіссөздерсіз мүмкін емес. Келіссөздер арқылы жақтар өздерінің болашақтағы біріккен қызметінің мазмұнын құрады.

«Дипломатия» ұғымы көбіне түрлі мәнде қолданылады, тіпті кейде осы сөздің шын мәнінен де алшақтау болып көрінуі мүмкін. Көрнекті ағылшын дипломаты Гарольд Никольсон айтқандай: «сөйлеу мәнерінде «дипломатия» сөзі түрліше мәндегі ойды білдіруде де қолданыла береді. Тіпті, кейде ол сыртқы саясаттың синонимі ретінде де айтылады. Басқа бір кездерде ол келісімдер мен келіссөздерді де білдіреді. Сонымен қатар, сыртқы істер министрлігінің мемлекеттен тысқары бөлігін сипаттауға да қолданылады. Ақыр соңында, бұл көп мәнді сөз жақсы мағынасында, халықаралық келіссөздерді жүргізу барысында көрінетін ерекше қабілеттілікті, ал кері мағынасында – осыған мәндес істерде білінетін айлалылықты білдіреді». Осы көрсетілген түсініктердің өзінде ұғымдардың ұқсастығы мен айырмашылығы олардың қоғамдық, мемлекеттік өмірдегі шынайы рөлі мен маңыздылығы арқылы айрықшаланып тұрады.

Ағылшын тілінің Оксфордтық сөздігіне сүйене келе Г. Никольсон: «дипломатия дегеніміз бұл – халықаралық істерді келіссөздер арқылы жүргізу...» дейді. Сонан соң барып, бұл анықтамаға мынадай түсінік береді: «Бұл қатынастар елшілер мен уәкілдер арқылы жүргізілетін және реттелініп отыратын, әдіс...». Тағы бір ағылшындық дипломат – ғалым Э. Сатоу «дипломатия» ұғымын келесідей талдайды: «дипломатия дегеніміз – тәуелсіз мемлекеттердің өкіметтерінің арасындағы ресми қатынастарын жүргізудегі парасат пен тактің қолданылуы» дейді.

Францияда XIX ғасырдың басында басылып шыққан: «дипломатияның толық курсы» атты еңбегінде Г. Гарден бұл түсінікті былайша анықтайды: «Дипломатия бұл сөздің толық мәнінде сыртқы қатынастар немесе шетелдік істер туралы ғылым болып табылады, ал нақтырақ – келіссөздер өнері немесе сол туралы ғылым».

ТМД кеңістігіндегі ғылыми академиялық топтың өкілдері болса: «дипломатия – бұл сөздің кең мәнінде, мемлекеттің шетел істері бойынша немесе сыртқы қатынастары туралы ғылым, нақтырақ анықтамасында – бұл ғылым немесе келіссөздер өнері» деген анықтама береді. «Қазіргі заманғы алдыңғы қатарлы Оксфордтық Түсіндірме Сөздігінде» «дипломатия» ұғымына келесідей түсіндірме берілген: «Дипломатия елдер арасындағы

қарым-қатынастарды басқару, әсіресе белгілі бір елдердегі шекарадан тысқары өкілдіктер арқылы; бұл қабілеттіліктің белгісі өз құрамында: халықаралық мәселелерді соғыссыз келіссөз, дипломатия арқылы шешуді қарастырады. 2 адамдар арасындағы білінетін қабілеттілік (такт) мәнері немесе өнер».

Неміс заңгері, ғалым Г. Мартенс «дипломатия» ұғымына келесідей анықтама берген: дипломатия – сыртқы қатынастар немесе мемлекеттің шетелдік істер туралы ғылым, ал дәлірек мазмұнында – келіссөздер өнері немесе сол туралы ғылым.

Жоғарыда «дипломатия» ұғымына келтірілген анықтамалар тізбегін қортындылай отырып, осы ғалымдармен берілген дипломатияның сипаттамалырының келесідей саяси айрықшалық белгілерін бөліп көрсетуге болады:

– халықаралық қатынастар немесе мемлекеттер арасындағы сыртқы қатынастарды меңзеу – бұл белгі айтылған авторлардың барлығымен көрсетіледі;

– осы қатынастардың жүргізілуіндегі негізгі әдіс ретінде – келіссөздердің басым түрде айтылуы бұл да келтірілген анықтамалардың барлығында кездеседі;

– мемлекеттің лауазымды тұлғаларымен (елшілер мен уәкілдер) келіссөздердің жүргізілуі туралы сілтеме бұл – тек ұсынылған оқымыстылардың ішінде Г. Никольсонның дипломатиялық анықтамасының белгілерінде айтылады.

Көрсетілген түсініктемелерді жинақтай келе, дипломатия ұғымын анықтасақ: дипломатия – түрлі әдіс амалдар арқылы өзара тиімді шешімді іздестіруді зерттейтін ғылым немесе адамдардың бойындағы келісім мен іскерлікті жүргізудегі ерекше қабілеттілік мәнері.

Бұнымен бірге, кең ұғым болып табылатын дипломатия – мемлекеттің сыртқы саяси курсына жүзеге асыру құралы, шешілетін тапсырмаларды әскери емес тәсілдер мен әдіс амалдар арқылы нақты шешуді қарастыратан жүйелер жиынтығы: мемлекет басшыларының, Үкіметтерінің, сыртқы істер министрлерінің, шетелдердегі дипломатиялық өкілдіктердің, халықаралық аренадағы ұлттық және мемлекеттік мүдделерді қозғайтын және қорғайтын делегациялардың ресми іскерлігі. Дипломатия ұғымымен, сонымен бірге, конфликттерді реттеу-

де, қарастыруда, алдын алуда, компромисті іздейтін және халықаралық әріптестікті енгізетін және кеңейтетін өнерді байланыстырады. Қазіргі уақытта мемлекеттердің өзара байланысы күрделі тығыз сипатқа ие болған заманда, мемлекет өзінің ұлттық мүдделерін қорғауда осы дипломатияға сүйенетіні белгілі.

Ал енді дипломатиялық қызмет ұғымына анықтама берсек В.А. Зорин өзінің «Дипломатиялық қызмет негіздері» деген еңбегінде бұл ұғымға мынадай анықтама береді: «Дипломатиялық қызмет нақты бір мемлекеттік органдар мен лауазымдық тұлғалардың қызметтік іскерлігінің шегіндегі ерекше қызметтің түрі», «Дипломатиялық қызмет – дипломатиялық кадрлардың орталық аппарат пен мемлекеттік дипломатиялық тапсырмаларды орындау бойынша мемлекеттен тысқары жерлерде қызмет атқару жүйесі». Ағылшындық дипломат Г. Никольсонның «дипломатиялық қызмет» ұғымына берген анықтамасынан үзінді келтірсек: «мемлекеттердің арасындағы қатынастар мен байланыстардың дамуы мен артуы арқасында сол қарым-қатынастарды белгілі-бір тәртіптер шегінде жүргізу тапсырылған (жүктелінген) кәсіби келіссөз жүргізушілерден тұратын, әрдайымғы тұрақты аппарат болуы керек екендігі белгілі. Енді сол аппарат дипломатиялық қызмет немесе шетелдік қызмет деп аталынады», – дейді.

«Дипломатиялық қызмет – шетелдерде қызмет бабымен немесе өзіне жүктелген ресми қызметтер шегіндегі елшілердің қызметтік міндеттерді атқаруына қатысты министрлікпен басқарылатын қызмет түрі».

«Қазіргі заманғы алдыңғы қатарлы Оксфордтық Түсіндірме Сөздігінде» «дипломатиялық қызмет» ұғымына келесідей түсіндірме берілген: «дипломатиялық қызмет (Британша) елдің тысқары шекаралық өкілдіктеріне қатысты көпбунақтыланған (көпсатыланған) мемлекеттік қызметтің түрі».

Дипломатиялық қызметке қатысты жоғарыда айтылған пікірлерді есепке ала отырып, бұл ұғымға мынадай анықтама беруге болады: дипломатиялық қызмет – мемлекеттер арасындағы түрлі байланыстарды орнату және дамытуды жолға қою бойынша жүзеге асатын кәсіби қызмет, арнайы ресми лауазым мен өкілеттілік берілген тұлғалар арқылы шетелдермен қатынас

орнатудағы көптармақталған тек мемлекеттік болып табылатын қызмет түрі.

Дипломатия ұғымы туралы айтқанда, сыртқы саясатты назардан тыс қалдыру мүлде мүмкін емес. Осы екі ұғым көбіне синоним ретінде қарастырылуы да мүмкін дегенмен, екеуінің арасындағы айырмашылықтар да айтарлықтай болып табылады. Сыртқы саясат мемлекеттердің өзге мемлекеттермен қатынасқа түсуіндегі басты ұлттық курс немесе бағыты болса, дипломатия сыртқы саясатты жүзеге асырудың түрлі әдіс амалдары, жүргізілуі тәсілдері немесе сыртқы саясаттың тәжірибелік (практикалық) бағыты. Дипломатия мен дипломатиялық қызметке қатысты ұғымдар мен түсініктерге дәрістің соңына таман келесі беттерде кеңірек тоқталатын боламыз.

15-дәріс

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН

Мемлекеттің саясаты біртұтас әлеуметтік жүйені көрсетеді және өздігінен ұйымдасу ерекшелігіне ие, жоғары күрделіктегі жүйе қатарына кіреді. Жүйенің өздігінен ұйымдасуы деп, құрылымдық және функционалдық қатынастарын бір жүйеге келтіру нәтижесіндегі тұрақтандыру қабілеті түсіндіріледі.

Сыртқы саясаттың өзіндік жүйелік жағдайын сақтай алуы, оның құрылымының беріктілігімен, яғни оның элементтері арасындағы қатынаспен анықталады. Сыртқы саясат барлық мемлекет саясатының жүйе астары, халықаралық сахнадағы мемлекеттің ұлттық мүдделерді іске асыруындағы міндеті, болып табылады. Оның дамуы мен қызмет етуі осы жүйенің заңдылықтарына байланысты.

Сыртқы саясаттың негізгі құрылымдық элементтері мыналар болып табылады:

- сыртқы саяси идеялар мен көзқарастар;
- әлеуметтік-саяси институттар;
- сыртқы саяси қатынастар;
- сыртқы саяси қызмет.

Бұл сыртқы құрылымының элементтері, мемлекеттің саясатының құрылымдық элементі болып табылады.

Сол себептен, мемлекеттік саясат, сыртқы саясаттың барлық жүйесіне және оның элементтеріне ықпал етеді.

Бірақ та, халықаралық қатынас жүйесінің ерекшелігі мен сыртқы саясаттағы ықпалының өзіндік ерекшелігі, мемлекеттің сыртқы саясатының қызмет ету сипатына өз белгісін қалдырады.

Жүйені талдау, әр жүйенің (оның ішінде сыртқы саяси) екі сәті бар екенін көрсетеді:

- консервативті және динамикалық;
- тұрақтылық және даму.

Сол себептен, сыртқы саясат жүйесінің табиғатын ғана түсіндіру триадасы жеткіліксіз: кіру-шығу жағдайын, статисти-кадағы жүйені бейнелейтін.

Динамикалық дамып жатқан жүйені қарастыру (оның ішінде ішкі саяси), берілген схеманы қайта байланыс элементіменен толықтыруды қажет етеді. Сыртқы саясат жүйесіндегі қайта байланыс екі қызметті іске асырады:

- бағалап-реттеуші;
- себепті-қозғалысты.

Қызметіне байланысты қайта байланыстың мынадай түрлерін бөледі: жағымды және жағымсыз.

Жүйенің әрекет етуінің негізгі заңы, оның динамикалық тепе-теңдігін, тұрақтылықты ұстап тұруда. Жағамсыз қайта байланыс саясаттағы консерватизмге әкелуі мүмкін, ал жағымды қайта байланыс жағдайы оның динамикалық тепе-теңдігі мен тұрақтылығын ұстап тұруда.

Сыртқы саясат құрылымы мыналардан тұрады:

- сыртқы саясат субъектілерінен (мемлекет, мемлекеттің билік органдары, арнайы мемлекеттік және қоғамдық инсти-туттар, мемлекеттер тобы, басқа мемлекеттер ішіндегі бөлек әлеуметтік институттар);

- сыртқы саяси мақсатқа жету құралы (мемлекеттің саясатты жүргізу үшін өзіндік құралдары);

- сыртқы саясаттың мақсаттары (оның субъектілері арқылы анықталатын);

- сыртқы саяси қызмет жүзеге асырылатын жағдай (яғни, халықаралық жағдай, ол сыртқы саясат құрамына кірмейді, бірақ та оның әрекет етуіне ықпал етеді).

Осы жоғарыда айтылғандарға орай, мемлекеттің сыртқы саясаты, сыртқы саяси көзқарастар жүйесін, сыртқы саяси қатынастар және сыртқы саяси қызметті көрсетеді, мемлекет пен қоғамның әлеуметтік-саяси институттарымен жүзеге асырыла-ды. Бұл жүйедегі негізгілер болып, сыртқы саяси (халықаралық) қатынастар тұрады. Олар: саяси, экономикалық, дипломатиялық, әскери, мәдени, ғылыми-техникалық байланыстар мен халықтар,

мемлекеттер және біріккен мемлекеттер арасындағы өзара қарым-қатынастарды көрсетеді.

Мемлекеттің сыртқы саясатының көп деңгейлілігі сыртқы саяси қағида түрінде іске асады. Екінші, сыртқы саяси стратегиялар және сыртқы тактика. Бұл берілген категориялар саяси ғылымда жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Бұл бір категорияны, екінші бір категориямен ауыстыруды жиілетуде.

Ең жоғарғы, жалпы деңгейге сыртқы саяси доктрина (қағида) ие көптеген анықтамалық басылымдарда доктринаға мынандай анықтамалар беріледі:

Көзқарастар жүйесі, ғылыми және философиялық теория, ілім, ғылыми немесе философиялық теория, жүйе, басты теория немесе саяси принцип.

Жүйеленген саяси, идеологиялық, философиялық ілім, принциптер жиынтығы (қысқаша энциклопедиялық сөздік. – М., 1994. – 142-бет).

Ілім, ғылыми немесе философиялық теория, саяси жүйе.

Сыртқы саясаттың мынандай категориялары бар. Сыртқы саяси доктрина – саяси басшылық көзқарасындағы жүйені көрсетеді:

Мемлекеттің саясатындағы рөлі мен орнына.

Ұлттық – мемлекеттік мүдделерді жүзеге асыру мақсатының пайдаланылу сипатына.

Осымен бірге басқа елдермен ұзақ келешектегі тарихи мерзімдегі қатынастарының жүзеге асыру түрлері мен тәсілдеріне де ықпал етеді.

Басқаша айтқанда мемлекеттің сыртқы саяси доктринасы мыналарды бейнелейді:

- оның сыртқы саясатының теориялық – әдістемелік деңгейі;
- негізгі сыртқы саяси басымдықтардың теориялық негізделуінің рөлі ретінде;
- сыртқы саясаттың ең қажетті, өмір сүріп тұрған ұлттық-мемлекеттік мүдделеріне нұқсан келтірмейтіндей ету бағытын айқындау шеңберін анықтайды.

Осы жоғарыдағы айтылғандарға байланысты, сыртқы саяси доктрина мемлекеттің сыртқы саясатының теориялық-әдістемелік деңгейін бейнелеуде, жалпы саясат жүйесіндегі мемлекеттің сыртқы саясатының ұзақ мерзімді тарихи кезеңдегі орнына байланысты негізгі жағдайларын анықтайды. Сыртқы саяси док-

тринаның (қағиданың) өзгеруі ұлттық-мемлекеттік мүдделер жүйесіндегі ауқымды трансформацияларға байланысты, мемлекеттің ішіндегі немесе халықаралық сахнадағы саяси қатынастар жүйесіндегі түбегейлі өзгерістерге байланысты болады.

Халықаралық қатынас пен сыртқы саясат теориясы мен тәжірбиесіндегі жиі қолданылатын категорияның тағы іріктеу сыртқы саясат тактикасы болып табылады.

Саясаттану сөздігінде сыртқы саяси тактикасына мынандай анықтама берілген. Сыртқы саяси тактика дегеніміз – бұл белгілі бір кездерде қалыптасып жатқан әлеуметтік-саяси жағдайлардағы тәсілдер, тәжірбиелік іс-әрекеттер болып табылады, стратегиялық желіні жүзеге асыруды қамтамасыз ететін. Сыртқы саяси тактика тұтасымен барлық қозғалыс мақсатында жасап шығарылмайды, ал белгілі бір кезеңдерде, белгілі бір ағымдық міндеттерді орындау үшін жасап шығарылады.

Сыртқы саяси тактика халықаралық сахнадаға белгілі бір сыртқы іс-шараларды жүзеге асыруды негіздеу мен дайындау үшін жасалады, мақсаттарға, тәсілдерге, сыртқы саясат объектілеріне байланысты келісімпаздықты қамтамасыз ететін және сыртқы саяси, халықаралық жағдайларды ескере отырып саяси басшылық қойған мақсаттардан шыға отырып жасалатын.

Тактикалық жоспардағы сыртқы саяси міндеттердің сәтті шешілуінің классикалық үлгісі ретінде – АҚШ-ты айтуға болады. «Шөлдегі дауыл» – атты әскери-саяси акциясын, осымен бірге Ирактағы соғыстан кейінгі әрекеттерді өткізуді келтіруге болады.

Американдық басшылық таза әскери міндеттерді ғана шешіп қойған жоқ, сонымен бірге АҚШ жөніндегі халықаралық сахнада және өз ішінде жалпы пікірді қалыптастыруға ұмтылды. Осының нәтижесінде Ирак басшылығы халықаралық сөгіске ие болды, елге қарсы саяси, экономикалық, әскери санкциялар қолданылады, ал бұл алдын ала жүргізілетін операцияның нәтижелігін анықтады. Яғни, мемлекеттің сыртқы саяси тактикасы, белгілі бір сыртқы әрекетпен байланысты және оған қызмет етуге арналған.

Енді, *сыртқы саяси стратегия дегеніміз* не екенін қарастырайық. Сыртқы саяси стратегия көптеген сөздіктерде былай анықталады:

– қоғамдық-саяси процестерді басқару өнері, басшылықтың жалпы жоспары ретінде;

– дұрыс және ұзақ мерзімді бағдарламаларға негізделген, бір нәрсені басқару өнері ретінде;

– саясаттану сөздігіне сәйкес, «саяси стратегия» ірі көлемді міндеттерді қарастырады, олар өз алдына саясаттың субъектілері және қоятын тарихи немесе жақын кездегі перспективаларға байланысты болады.

Мұнда, оған жетудің мақсаттары, құралдары қалыптасады, одақтастар мен қарама-қарсы күштер арасындағы да саяси күшті орнықтыратын.

Сыртқы саяси стратегия мынандай белгілеріне байланысты ерекшеленеді:

– мемлекетте бар болатын күштер мен тәсілдердің уақыт пен кеңістіктегі өзара ойластырылған концепциясы қатынасымен;

– негізгі мақсаттардағы институттарының басты кезеңдерінің анықталуымен;

– әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін, жетістіктері мен кемшіліктерін түсінумен.

В.И. Гантманның редакциясымен шығарылған «Капиталистік мемлекеттердегі сыртқы саясаттың жүзеге асырылуы мен қалыптасуы процесі» монографияда, оның авторлары, сыртқы саяси стратегиялар мыналарды анықтайды деп жазылған:

– халықаралық қатынастағы түбегейлі, ұзақ мерзімді, ғаламдық және аймақтық сұрақтар бойынша, ең алдымен соғыс және бейбітшілік проблемасына байланысты мемлекеттің принципіалдық позициясымен;

– оның сыртқы қызметінің жалпы, ұзақ мерзімді жоспарлары;

– сыртқы саясаттың негізгі бағыттары мен олардың арасындағы өзара қатынас.

Негізінен ішкі стратегия, алдыңғы қатарлы мемлекеттермен қарым-қатынастың даму жолын айқындайды.

Осыған байланысты, бұл анықтамалардың бірін талдау арқылы мынандай тұжырым жасауға болады. Яғни, сыртқы саяси стратегия, елдің басшылығы қабылдайтын, ұзақ мерзімге, тарихи перспективаларға арналатын, халықаралық қатынас саласындағы

ұлттық-мемлекеттік мүдделерді қамтамасыз ететін ірі көлемді саяси шешімдер жүйесі болып табылады.

Сыртқы стратегия, сыртқы саяси бағыттағы, құндылықтар жүйесін, олардың жүзеге асуының мақсаттарын, құралдарын, түрлері мен тәсілдерінің бағыттарын, сыртқы саяси бағыт әрекетінің мерзімдік-кеңістік аясын анықтайды. Сыртқы стратегия, саяси шешімді қабылдау нәтижесінде қалыптасады, яғни сыртқы стратегияны заңды түрде рәсімдейді, өзінің азаматтары мен әлемдік қауымдастыққа, сыртқы саясаттың мақсаттары мен міндеттері туралы ақпарат береді.

Тарих ауқымында қарастыратын болсақ, мемлекеттің сыртқы саясатындағы әр маңызды өзгеріс мыналармен қосарлана жүрген:

- жаңа сыртқы саяси бағытқа өтумен;
- қажетті сыртқы саяси стратегияны жасап шығарумен.

Мәселен, соғыстан кейінгі кезеңдегі КСРО-ның сыртқы саясатында АҚШ-пен және оның Одақтастарымен өте күрделі бақталастық болғанын көруге болады, немесе екі жақты бейбіт өмір сүру саясатына өту кезеңдерімен.

КСРО-ның сыртқы стратегиясы 1980 жж. ортасындағы негізінде:

- 1) «жаңа саяси ойлау» концепциясы жатқан болатын;
- 2) соғыстан кейінгі кезеңде АҚШ саяси бағыты да, оның сыртқы стратегиясы да өзгеріске ұшырады. Бір саяси курстан екіншіге өту процесі ішкі стратегиядағы «шынайы қорқыту», «оңтайлы көңіл бөлумен», «тоқталумен» және т.б. өзгерістермен қатар жүрді.

Сыртқы саяси стратегия көп кезде ресми рәсімдейді де, ал кей жағдайда ол тұжырымдалмайды да. Бұл көбіне елдегі саяси басшылықтың елдегі немесе әлемдегі өзгерістерді толығымен түсінбеуіне байланысты болады, бірақ олар осымен бірге сыртқы саяси басымдықтар жүйесіндегі өзгерістердің қажеттігін түсінеді.

1991 жылы КСРО ыдыраған соң, ТМД-ның біршама мемлекеттері өздерінің дұрыс сыртқы саясатын тұжырымдай алмады. Бұл:

- Еуропалық интеграцияға байланысты басшылықтың дұрыс тәсілді қолданбауы нәтижесінде Ресейдің халықаралық беделіне;
- Шығыс Еуропа елдерінің келешегіне;
- Кавказ елдеріндегі интеграциялық қатынасына нұқсан келді.

Бірқатар жағдайларда ресми жарияланған сыртқы саяси стратегиялар, көзқарастар мен саяси шешімдер стратегияның мәнін бейнелемейді. Мұндай жағдай «құпия дипломатия» деп аталады. Яғни, сыртқы саяси стратегия халықтан құпия түрде жасалады.

Бәрімізге белгілі, 1917 жылы Жалпыресейлік кеңестер съезінде «Бейбітшілік жөніндегі» декрет қабылданған болатын, осыған байланысты Патшалық және Уақытша үкімет арасындағы барлық құпия келісімдер халыққа жария етілген болатын, ал РСФСР үкіметі бұрынғы Ресей саясатымен өзінің байланысын үзетіні жөнінде мәлімдеген еді. Бірақ та, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, сыртқы саясат толығымен ашық бола алмайды. Мысалы: КСРО қол қойған бірнеше келісім құжаттар, атап айтар болсам, Риббентроп пен Молотов арасындағы келісім және т.б.

Осыған орай, мемлекеттің саяси шешім ретінде тұжырымдалған сыртқы саяси стратегиясы кейбір жағдайларда қоғамдастықтың, әлеуметтік қауымдастықтың игілігі бола бермейді және болуға міндетті де емес. Негізінен, басылым беттерінде, мемлекеттің сыртқы саясатының стратегиялары туралы жалпы мәліметтер ғана жарық көреді.

Халықаралық қатынастар жүйесіндегі болып жатқан өзгерістер сыртқы саясаттың барлық құрылымдық элементтеріне ықпал етеді, бұл элементтердің барлығының және тұтастай жүйенің дамуына әкеледі. Халықаралық жағдайдың өзгеруі мемлекеттің сыртқы саяси курсының бөлек элементтерінің (мақсаттар, құралдар, ықпал ету объектілері) қайта құрылуына, осымен бірге сыртқы саяси курстың өзінің өзгеруіне әкеледі.

Елдің саяси элитасы, саяси басшылығы таңдалған сыртқы саяси курстан бас тартса, бірақ та белгілі бір мақсаттарға жеткісі келгенде, әртүрлі мүмкіндіктерді басынан өткереді. Олар: экономикалық, саяси, идеологиялық, қысым, әскери-күш ықпалы, мысалға, АҚШ-тың Вьетнамдағы соғысы. Соғыс компаниясының жетістікке жетпеуі, АҚШ-тың Вьетнамдағы әскери жеңілісі, «қырғи қабақ соғыстан» бас тартуға байланысты халықаралық жағдайдың толық өзгеруі – Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қарулы күшті пайдалануды жоққа шығарып, жаңа сыртқы саясаттың қалыптасуын талап етті.

Сыртқы саяси қызмет. Сыртқы саяси қызмет арқылы мемлекет өзінің қажеттіліктерін, мүдделерін, мақсаттарын, стратегиясы мен тактикасын жүзеге асырады.

Мемлекеттің сыртқы саяси қызметі бірқатар міндеттерді қамтамасыз етеді:

Басқа елдермен және мемлекетаралық екіжақты, аймақтық және ғаламдық деңгейдегі қатынастар жүйесімен халықаралық сахнада өзара әрекет етуде мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыздандыру.

Халықаралық сахнада ұлттық-мемлекеттік мүдделерді жүзеге асыру, елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени-білімдік деңгейдегі дамуы үшін жақсы халықаралық жағдайлар жасау.

Халықаралық қатынастағы өзгеріп жатқан жағдайларға байланысты, мемлекеттің сыртқы саяси стратегиясы мен ішкі бағытына түзетулер енгізу.

Жоғарыда айтылғандардан, мемлекет сыртқы қызмет көмегімен, сыртқы саясатының барлық негізгі элементтерін жүзеге асыратындығын көреміз.

1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Жоғарғы Кеңесі тәуелсіздік туралы резолюцияны қабылдап, ҚР егемендікке ие болды. Қазақстан әлемнің саяси картасында тәуелсіз субъект ретінде пайда болды. Осымен бір кезеңде саяси-дипломатиялық тану процесі мен Қазақстанның халықаралық қауымдастыққа кіруі басталды.

Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметі, саяси-құқықтық рәсімделіп, сыртқы саяси концепция жасала бастады, ҚР шетелдік іс жөніндегі Министрлігі ұйымдастырылды. Мұның бәрі Қазақстан Республикасының басты бағыттары бойынша белсенді сыртқы саясат жүргізуіне, ұлттық-мемлекеттік мүдделерді орындауына мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңдегі сыртқы саясатының ерекшелігі көп салалық пен тепе-теңділіктік болып табылады. Ол:

– сыртқы саяси бағытты жүргізгендегі жүріс-тұрысына деген әріптестікке қатаң тәуелділіктің болмауына;

– белгілі бір аймақтағы немесе басқа аймақтағы даму жағдайын ескеруді;

– көрші мемлекеттермен және басқа елдермен екі жақты тиімді келісімдерді жүргізу, яғни, біріншіден тмд мемлекеттерімен, екіншіден батыс, үшіншіден Азия, төртіншіден Таяу Шығыс елдерімен.

Қазақстанның сыртқы саясатының бірқатар стратегиялық міндеттері мен мақсаттары бар.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 40 бабының, 1-бөлігінде ҚР Президенті – мемлекет басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстан атынан өкілдік ететін «ең жоғары лауазымды тұлға» деп жазылған.

Елдің сыртқы саясатының стратегиялық мақсаттарын, міндеттерін және бағыттарының басымдығын анықтау, ел президентінің ғана прерогативасы (ерекше құзырлығы) болып табылады.

Сыртқы саясатымыздың концепция, мақсаттары, міндеттері, принциптері және т.б. Н.Ә. Назарбаевтың еңбектерінде көрініс тапқан. Мәселен: «Қазақстан республикасы егеменді мемлекет болып қалыптасуы мен дамуының стратегиясы», «Ғасырлар тоғысында», «Қазақстан-2030», қазақстандықтардың өсіп-өркендеуінің, қауіпсіздігінің ұлғаюының және дамуының негізі және т.б.

Егеменді мемлекет ретіндегі Қазақстанның стратегиялық қалыптасуында былай деп айтылады. Яғни, «Қазақстанның сыртқы саяси бағыты, басқа да мемлекеттердегі сияқты, ұлттық-мемлекеттік мүдделерді айқындайтын өзіндік логикамен дамиды».

Қазақстан бейбіт сүйгіш сыртқы саясат жүргізуде.

Басқа бірде-бір мемлекетте территориялық талабы жоқ.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының стратегиялық мақсатының басты басымдығы ретінде бейбітшілікті сақтауды таниды.

Соғыс және әскери күш қатерінен бас тартады.

Ядролық қарусыз мемлекет статусын қабылдады.

Жаппай қырып-жою қаруын бірінші болып қолданбау принципін ұстанды.

Шекаралардың бұзылмайтындығы принципі мен басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау.

Әлемдік ұжымдық қауіпсіздік жүйесіне Қазақстан Республикасының қатысуы.

Жанжалдық жағдайларды тек ғана бейбіт жолымен шешу, халықаралық құқық аясында келісімдер өткізу арқылы.

Жер шарындағы қарулануға ұмтылудың тоқтатылуын және оның ғарышта жүргізілмеуін күшті талап етеді.

Жаппай қырып-жою қаруларының барлық түрлерінің жасап шығарылуы мен сыналуын қысқартуды.

Химиялық және биологиялық қарудың жойылуын.

Әскери-саяси одақтардың, жаңа ұжымдық және халықаралық қауіпсіздік жүйесін жан-жақты қамтитын одақтар болып қайта өзгертілуіне күш салады.

Қазақстанның сыртқы саясатының *негізгі принциптері* деп, оның мәні мен өзіндік сипатын айқындайтын жалпы нормалар түсініледі.

Семинар сабақтары үшін сұрақтар мен тапсырмалар

1-семинар. Халықаралық қатынастар теориясының негіздері

- 1.1 ХҚТ объектісі мен пәні.
- 1.2 Халықаралық қатынастарды зерттеудегі теориялардың рөлі.
- 1.3 Әлеуметтік-гуманитарлық құрылымдағы халықаралық қатынастар теориясы.
- 1.4 Халықаралық қатынастарды зерттеудегі әдістер.

2-семинар. ХҚТ зерттеудегі концептуалды әдістер

- 2.1 Саяси шынайылық парадигмасының түрлері мен негізгі қағидалары.
- 2.2 Либералдық-идеалистік парадигманың түрлері мен негізгі қағидалары.
- 2.3 Радикализм парадигманың түрлері мен негізгі қағидалары.
- 2.4 ХҚТ дамуындағы негізгі бағыттары.

3-семинар. ХҚТ дамуы мен табиғаты, құрылымы

- 3.1 Халықаралық қатынастардағы жекелген теориялардың жалпыдан айырмашылығы.
- 3.2 ХҚТ «жалпы» теориялардың айырмашылығы.
- 3.3 Халықаралық қатынастар саласындағы заңдардың сипаты.
- 3.4 ХҚ заңдылықтар мазмұны.
- 3.5 ХҚ универсалды заңдылықтар.

4-семинар. Халықаралық қатынастарды талдаудағы ерекшеліктер мен жүйелі тәсілдің негізгі бағыттары

- 4.1 Халықаралық жүйе типтері мен құрылымы.
- 4.2 Халықаралық жүйелердің қалыптасу заңдылықтары мен ауысуы.
- 4.3 Халықаралық қатынастардың жүйесінің ортасының ерекшеліктері.

5-семинар. Халықаралық қатынастардағы жекелеген теориялардың мысалдары

- 5.1 Қауіп балансы теориясының негізгі ережелері.
- 5.2 Шынайы шабуыл теориясының негізгі ережелері.
- 5.3 Гуманитарлық қол сұғу теориясының негізгі ережелері.
- 5.4 Демократиялық бейбітшілік теориясының негізгі ережелері.
- 5.5 Халықаралық режимдер теориясының негізгі ережелері.

6-семинар. Халықаралық қатынастардың қатысушысы ретіндегі мемлекеттің мәні мен рөлі

6.1 Халықаралық қатынастар – мемлекеттің маңызды функциясы.

6.2 Сыртқы саяси қызметтің заңдылықтары мен бытыраңқылықтары.

7-семинар. Халықаралық қатынастарға қатысушылардың құралдары мен мақсаттары

7.1 Халықаралық қатынастардағы әскери күштің рөлі.

7.2 Халықаралық қатынастардағы әскери күштің құрал ретіндегі ерекшеліктері.

8-семинар. Тарихтағы халықаралық қатынастарды құқықтық реттеу формалары

8.1 Халықаралық құқықтың реттеуші рөлінің ерекшеліктері мен тарихи формалары.

8.2 Халықаралық қатынастарды құқықтық реттеудегі мәселелер.

8.3 Халықаралық құқықтың негізгі принциптері.

8.4 Халықаралық қатынастардағы құқық пен моральдың өзара байланысы.

9-семинар. Халықаралық және ұлттық қауіпсіздік

9.1 Қауіпсіздік ғылыми категория ретінде.

9.2 Қауіп пен қатер.

9.3 Мүдде мен қауіпсіздік.

9.4 Қауіпсіздікті қамтамасыз ету субъектілері.

9.5 Қауіпсіздіктің түрлері.

9.6 Қауіпсіздіктің саясаты мен стратегиясы.

10-семинар. Халықаралық моральдың негізгі императивтері

10.1 Халықаралық моральдың тұжырымдаудың сан алуандығы.

10.2 Халықаралық қатынастардағы моральдық нормалардың өміршеңдігі.

11-семинар. Халықаралық қатынастардағы ынтымақтастық

11.1 Халықаралық ынтымақтастықтың мазмұны мен түрлері.

11.2 Халықаралық қатынастардағы ынтымақтастық пен қарама-қайшылық.

12-семинар. Халықаралық тәртіп қазіргі кезеңдерінің ерекшеліктері

- 12.1 Халықаралық тәртіп ұғымы.
- 12.2 Халықаралық тәртіптің тарихи формалары.
- 12.3 Соғыстан кейінгі халықаралық тәртіп.

13-семинар. Халықаралық қатынастардағы жанжалдар

- 13.1 Халықаралық жанжалдарды зерттеу объектісі ретінде.
- 13.2 Жанжалдың құрамдас бөліктері.
- 13.3 Халықаралық жанжалдарды зерттеу.

14-семинар. Халықаралық қатынастардағы дипломатиялық құралдар

- 14.1 Халықаралық құқықтың субъектілерінің дипломатиялық қатынастарының принциптері.
- 14.2 Дипломатиялық қызмет органдары.
- 14.3 Дипломатиялық қатынастардың сипатының өзгеруі.

15-семинар. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының негізгі басымдықтары

- 15.1 Әлемдегі қазіргі күш қатынастары жағдайындағы Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері, ұлттық қауіпсіздігі.
- 15.2 Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясаты.
- 15.3 Қазақстанның ТМД елдерімен өзара байланысы.

Тапсырмалар:

- 1 ХҚТ-ның ғылыми пән ретінде негізгі сипаттамалары қандай?
- 2 Халықаралық зерттеулердегі әдіс мәселесі неде? «ХҚТ-ның әдіснамасы» тақырыбына глоссарий құрастыру.
- 3 Халықаралық мәселеге қатысты түрлі бағыттағы екі-үш газет мақаласын контент анализ көмегімен талдаңыз. Әрбір газеттің ерекшелігін анықтаңыз.
- 4 Аналитикалық обзорды құрастыру (Қандай да бір саяси қайраткердің, оның ішінде саяси ұйымдар немесе партиялардың сыртқы саяси мәселе немесе бағдарламалық сыртқы саяси құжаттар бойынша сөйлеген сөзін халықаралық қатынастарға қандай теориялық тәсілдер онда бейнеленгендігі тұрғысынан талдаңыз).
- 5 Саясаттың «күш» концепциясының мәні неде?
- 6 Жаһандану процестерін түсіндіруде қандай тәсілдер бар?
- 7 Интернет-ресурстарды пайдалана отырып, түрлі мемлекеттер мен аймақтардағы телекоммуникациялық және ақпараттық жүйелердің дамуындағы өзгешеліктерді көрсетіңіз?
- 8 Реализмнің негізгі ережелері қандай?
- 9 Либерализмнің мәні неде?
- 10 Басқаларына қарағанда бір мектептер жақсы түсіндіретін оқиғаларды мысалға келтіріңіз. Қарама-қарсы мысалдарды табыңыз.
- 11 Постмодернизмнің көрнісінің қандай себептері бар (оның негізгі бағыттарын атаңыз)?
- 12 Әлемдік сахнадағы трансұлттық корпорациялардың рөлі қандай?
- 13 Халықаралық зерттеулердегі жекелеген теориялар деген не?
- 14 Халықаралық қатынастардың жалпы теориялары жақсы түсіндірілетін оқиғаларға мысал келтіріңіз.
- 15 Халықаралық актор ретіндегі үкіметаралық ұйымдардың рөлі қандай?
- 16 Халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың және әлемдік сахнадағы ішкі мемлекеттік аймақтардың рөлі қандай?
- 17 Халықаралық құқықта қандай мәселелер пайда болады (оларды шешудегі мүмкін тәсілдер қандай)?
- 18 Халықаралық құқықта қандай мәселелер бар (оларды шешудің мүмкін тәсілдері қандай)?
- 19 Адам құқығы мәселесімен байланысты мысалды келтіріңіз. Талдау үшін мысал ретінде кез келген жағдайды таңдаңыз. Жақтардың әрекетінің заңдылығына қатысты қорытынды жасаңыз. Іс жүзінде қабылданған шешімдермен салыстырыңыз.

- 20 Ұлттық қауіпсіздік мәселесі тарихтың қай кезеңінде пайда болды?
- 21 Ұлттық қауіпсіздік дегеніміз не? Қауіпсіздіктің қандай түрлері бар?
- 22 Ұлттық мүдделер және ұлттық құндылықтар дегеніміз не?
- 23 Мемлекеттерді ынтымақтастыққа итермелейтін себептер қандай?
- 24 Функционализм мен неофункционализм мектебінің негізгі сипаттамалары, федерализм мектебі мен транснационализм мектебі (немесе «плюрализм мектебі»).
- 25 Әлемнің жаңа саяси құрылымының қалыптасуының қандай сценарийлері бар?
- 26 Қазіргі әлемнің трансұлттық акторларының көптүрлілігі нені білдіреді?
- 27 Әлемнің қазіргі саяси жүйесінің ерекшеліктері ретінде не көрінеді?
- 28 XX ғасырдың басындағы жанжалдардың бірін келесі параметрлерді ескере отырып талдаңыз: а) Қатысушылардың сипаты қандай (қозғалыс, мемлекет және т.б.)? ә) Қақтығыстарды реттеуде үшінші жақ (жақтар) ретінде кім көрінді? б) Оны реттеудің қандай әдістері мен процедуралар пайдаланылады? в) Жанжалға араласу қаншалықты тиімді болды?
- 29 Халықаралық қатынастардың дамуының негізгі кезеңдерінің басты сипаттамаларын қалай түсіндіруге болады?
- 30 Халықаралық қатынастардың ғылыми зерттеу объектісі, субъектісі және пәніне анықтама беріңіздер.
- 31 Халықаралық қатынастар, әлемдік саясат, халықаралық саясат ұғымдарының басты ұқсастықтары мен ерекшеліктері неде деп ойлайсыздар?
- 32 Қазіргі әлемдегі халықаралық саясаттың өзекті мәселелерін қалайша сипаттауға болады?
- 33 Дипломатияға тән болып табылатын саяси сипаттамаларды атаңыздар және олардың мәні мен мазмұнын ашып түсіндіріңіздер.
- 34 Дипломатия мен дипломатиялық қызметтің негізгі айырмашылықтары мен саяси құраушы элементтері.
- 35 Мемлекеттің сыртқы саясаты оның ішкі саясатының негізгі құрамдас бөлігі деген пікірмен келісесіз бе?
- 36 Шығыс пен Батыс елдерінің сыртқы саяси бағыттарының ұқсас тұстары мен ерекшеліктерін түсіндіріңіз.
- 37 Саясаттанудағы сыртқы саясат категорияларын қандай көрсеткіштер көмегімен анықтауға болады?

38 Сыртқы саясат жүйесіндегі қайта байланыс қызметімен нені түсіндіреміз?

39 Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясатының қалыптасуының өзектілігін талдаңыз.

40 ЕҚЫҰ (OSCE) аясындағы ҚР сыртқы саясатының басымдықтарын атаңыз.

41 Мемлекеттің сыртқы саясаты оның ішкі саясатының негізгі құрамдас бөлігі деген пікірмен келісесіз бе?

42 Шығыс пен Батыс елдерінің сыртқы саяси бағыттарының ұқсас тұстары мен ерекшеліктерін түсіндіріңіз.

43 Саясаттанудағы сыртқы саясат категорияларын қандай көрсеткіштер көмегімен анықтауға болады?

44 Сыртқы саясат жүйесіндегі қайта байланыс қызметімен нені түсіндіреміз?

45 Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясатының қалыптасуының өзектілігін талдаңыз.

46 Моральдық нормалар универсалды ма немесе мәдени-тарихи ерекшеліктерін көрсетеді ме?

47 Соғыс іс-қимылдары қатынасында қандай моральдық тәсілдер бар?

48 Халықаралық құқықта қандай мәселелер туындайды (оны шешудің негізгі мүмкін болатын шешімдері) қандай?

49 Адам құқықтарының бұзылу мәселесіне мысал келтіріңіз.

50 Қорытындысында жақтардың жасалған іс-әрекеттерінің құқықтығының қатыстылығын анықтаңыз. Шынайы түрде қабылдаған шешімдермен салыстырыңыз.

51 20 ғ. басындағы болған конфликтілердің біреуін келесі параметрлер бойынша талдаңыз: 1. Қатысушылардың сипаты (қозғалыс, мемлекет т.б.) 2. Үшінші жақ ретінде кім қатысты? 3. Конфликтіні реттеуде қандай процедуралар мен әдістер қолданылды? 4. Конфликтіге араласу қаншалықты тиімді болды?

Рефераттардың үлгі тақырыптары:

1 «Халықаралық қатынастар» мен «халықаралық саясаттың» өзара арақатынасы жайында.

2 Халықаралық қатынастардың жетілуінің ғылыми кезеңдері мен олардың ерекшеліктері.

3 Қазіргі әлемдегі халықаралық қатынастардағы дипломатияның орны.

4 Әлемдік дипломатия және ұлттық дипломатия.

5 Дүниежүзіндегі дипломатиялық қызметтің үлгілері мен жасақтау тәсілдері.

6 Соғыс пен бейбітшілік: халықаралық қақтығыстарды шешудегі бітімгершілік күш ретіндегі халықаралық дипломатияның немесе БҰҰ рөлі.

7 Сыртқы саясат және сыртқы саяси қызметтің мемлекет өміріндегі алар орны мен маңызы.

8 Әлем елдерімен теңқұқықты байланыс орнатудың Қазақстандық үлгісі немесе отандық сыртқы саясаттың жетістіктері жөнінде.

